«QazaqGaz» ҰК» АҚ
Директорлар кеңесінің
(2024 жылғы 29
мамырдағы № 03/23
хаттама) шешімімен
бекітілген

«QAZAQGAZ» ҰК» АҚ-ның
2023 ЖЫЛҒЫ ИНТЕГРАЦИЯЛАНҒАН ЖЫЛДЫҚ ЕСЕБІ

Мазмұны

ГЛОССАРИЙ 4
2-БӨЛІМ 16
МҮМКІНДІКТЕР ШЕКАРАСЫН КЕҢЕЙТУ 16
КОМПАНИЯ ТУРАЛЫ 16
4-БӨЛІМ 39
ӨНІМДІЛІКТІ КӨРСЕТУ 39
2023 ЖЫЛДЫҢ ҚОРЫТЫНДЫЛАРЫ БОЙЫНША ДИВИДЕНДТЕР ТӨЛЕУ ТУРАЛЫ.49
2024 ЖЫЛҒА АРНАЛҒАН БОЛЖАМДЫ КӨРСЕТКІШТЕР 49
6-БӨЛІМ 69
ЭКОЛОГИЯЛЫҚ АСПЕКТІНІ ИНТЕГРАЦИЯЛАУ (E) 69
2024 ЖЫЛҒА ЖӘНЕ ОРТА МЕРЗІМДІ ПЕРСПЕКТИВАҒА АРНАЛҒАН ЖОСПАРЛАР ...80
БИОАЛУАНТҮРЛІЛІК 81
БАСҚАРУ ТӘСІЛІ 81
КЛИМАТТЫҢ ӨЗГЕРУІ 83
7-БӨЛІМ 100
ӘЛЕУМЕТТІК АСПЕКТ ИНТЕГРАЦИЯСЫ (S) 100
КЕМСІТУШІЛІККЕ ҚАРСЫ ТҰРУ ЖӘНЕ ТЕҢ МҮМКІНДІКТЕР 146
БАСҚАРУ ТӘСІЛІ 146
8-БӨЛІМ 154
КОРПОРАТИВТІК АСПЕКТІНІ ИНТЕГРАЦИЯЛАУ (G) 154
СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚҚА ҚАРСЫ ІС-ҚИМЫЛ 155
САТЫП АЛУДЫ БАСҚАРУ 172
9-БӨЛІМ 178
КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ ҚҰРЫЛЫМЫ 180
ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІ 181
БАСҚАРМА 198
СЫЙАҚЫ 199
2-ҚОСЫМША. ЕСЕПТЕГІ GRI СТАНДАРТТАРЫН АШУ СІЛТЕМЕСІ 218
3-ҚОСЫМША. ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІК 225
4-ҚОСЫМША. БАЙЛАНЫС АҚПАРАТЫ 240

5-ҚОСЫМША. 2023 ЖЫЛҒЫ «QAZAQGAZ» ҰК» АҚ КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ КОДЕКСІНІҢ ҚАҒИДАТТАРЫ МЕН ЕРЕЖЕЛЕРІН САҚТАУ/САҚТАМАУ ТУРАЛЫ ЕСЕП 241

6-ҚОСЫМША. ШЕКТЕУЛІ СЕНІМДІЛІКТІ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТЕТІН ТӘУЕЛСІЗ ТЕКСЕРУ НӘТИЖЕЛЕРІ ТУРАЛЫ ЕСЕП. 248

ГЛОССАРИЙ

Қысқарту	Ашып жазу
АГТКС	Автомобиль газ толтыру компрессорлық станциялары
АГТС	Автоматтандырылған газ тарату станциясы
АҚ	Акционерлік қоғам
QazaqGaz, Қоғам	«QazaqGaz» ұлттық компаниясы» акционерлік қоғамы
«Самұрық-Қазына» АҚ, Қор	«Самұрық-Қазына» ұлттық әл-ауқат қоры» акционерлік қоғамы
ЖЭК	Жаңартылатын энергия көздері
КМ	Көлденең мониторинг
ГАА	Газ айдау агрегаты
ГӨЗ	Газ өңдеу зауыты
ЕТҰ	Еншілес және тәуелді ұйымдар
Компания, Топ	QazaqGaz компаниялар тобы
ИТО	Инженерлік-техникалық орталық
ҚНК	Қызметтің негізгі көрсеткіші
КС	Компрессорлық станция
КБ	Корпоративтік басқару
ТБКЖ	Тәуекелдерді басқарудың корпоративтік жүйесі
ЖӨБ	Желілік өндірістік басқару
МГҚ	Магистральдық газ құбыры
ЖАО	Жергілікті атқарушы органдар
ХТҚО	Халықаралық табиғатты қорғау одағы
ҒЗТКЖ	Ғылыми-зерттеу және тәжірибелік-конструкторлық жұмыстар
ҚОҚ	Қоршаған ортаны қорғау
ЕҚ, ӨҚ және ҚОҚ	Еңбекті қорғау, өнеркәсіптік қауіпсіздік және қоршаған ортаны қорғау
ГРБП	Газ реттегіш блокты пункт

ЖСҚ	Жобалау-сметалық құжаттама
ЖГҚ	Жерасты газ қоймасы
ҚР	Қазақстан Республикасы
РФ	Ресей Федерациясы
ІАҚ	Ішкі аудит қызметі
ІБЖ	Ішкі бақылау жүйесі
БАҚ	Бұқаралық ақпарат құралдары
ҚМЖ	Құрылыс-монтаж жұмыстары
ХӘОТ	Халықтың әлеуметтік осал топтары
ЖШС	Жауапкершілігі шектеулі серіктестік
ГКДҚ	Газды кешенді дайындау қондырғысы
МГҚБ	Магистральдық газ құбырлары басқармасы
БҰҰ ТДМ	Біріккен Ұлттар Ұйымының Тұрақты даму мақсаттары
ТЖ	Төтенше жағдай
CDP	Carbon Disclosure Project
IEBITDA	Earnings before interest, taxes, depreciation and amortization
ESG	Environmental, social, and governance
GRI Standards	Тұрақты даму саласындағы қаржылық емес есептілік бойынша GRI (Global Reporting Initiative) стандарттары
IPO	Initial Public Offering
ISO	International Organization for Standardization
LTIFR	Lost Time Injury Frequency Rate
TCFD	Task Force on Climate-related Financial Disclosures

1-бөлім

ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІ ТӨРАҒАСЫНЫҢ ҮНДЕУІ

Құрметті QazaqGaz әріптестері, акционерлері мен серіктестері!

GRI 2-22

Сіздердің назарларыңызға компанияның қаржылық-экономикалық қызметінің көрсеткіштері, оның есепті кезеңдегі жетістіктері, сондай-ақ оның стратегиялық басымдықтары мен даму перспективалары туралы негізгі ақпаратты ашатын QazaqGaz интеграцияланған жылдық есебін ұсынуға қуаныштымын.

Өткен жылдың нәтижелері бойынша Компания өзінің операциялық және қаржылық көрсеткіштерін едәуір жақсартты, 2032 жылға дейінгі Даму стратегиясын әзірледі және іске асырды.

Компания 2030 жылға дейінгі кезеңдегі БҰҰ-ның жаһандық шарты қағидаттарына және БҰҰ-ның Тұрақты даму саласындағы мақсаттарына, сондай-ақ тұрақты даму саласындағы халықаралық стандарттар мен бастамалардың ережелеріне бейілділігін білдіре отырып, тұрақты даму мәселелеріне мақсатты түрде назар аударуды жалғастыруда.

Осы бағыт бойынша жүргізілген жұмыстың нәтижелілігінің басты дәлелі: Sustainalytics (Morningstar) халықаралық рейтингтік агенттігінің нұсқасы бойынша газ компаниялары арасында әлемде 7-орын (19,2) рейтингінде жоғары позиция беру болып табылады. QazaqGaz-дың ESG тәуекелдерге төмен ұшырауын бағалау ұлттық қана емес, сонымен қатар халықаралық ауқымдағы газ индустриясының көшбасшысы ретінде бизнесті жауапты жүргізудің жоғары стандарттарын растайды.

Компания үшін 2023 жыл бірқатар маңызды оқиғалармен ерекшеленді. Солардың бірі ел өңірлерін газдандыруға бағытталған ірі инфрақұрылымдық жобаларды іске асыру болды. Жекелеп алғанда, бұл «Бейнеу – Жаңаөзен» магистральдық газ құбырының екінші желісін іске қосу, «Мақат – Солтүстік Кавказ» магистральдық газ құбырының өткізу қабілетін кеңейту, Алматы ЖЭО-2 және ЖЭО-3 газдандыру үшін инфрақұрылым салу. Жобаларды табысты іске асыру QazaqGaz-дың елдің энергетикалық қауіпсіздігін және халықтың өмір сүру сапасын арттыруды қамтамасыз ететін газ өнеркәсібінің флагманы ретіндегі беделін тағы да растады.

Геосаяси және экономикалық жағдайдың құбылмалылығына қарамастан, компания негізгі қаржылық және операциялық көрсеткіштер бойынша оң үрдісті көрсете алды. Алғаш рет компания акционерлеріне 22,8 млрд теңге сомасында дивидендтер төленді. Бұл – компанияның стейкхолдерлердің стратегиялық міндеттеріне, құндылықтары мен мүдделеріне бағытталғандығының басты дәлелі.

Газ саласын дамытудың үлкен әлеуетін және QazaqGaz-дың Қазақстанның әлеуметтік-экономикалық дамуы үшін маңыздылығын ескере отырып, бірлескен

күш-жігермен біз оның тиімділігін арттыру үшін жағдай жасауды жалғастырамыз.

Директорлар кеңесі атынан компанияның топ-менеджментіне және оның жұмыскерлеріне жемісті ынтымақтастығымыз үшін алғыс айтамын. Мен газ саласындағы өңірлік көшбасшы ретінде QazaqGaz қызметінің жоғары нәтижелеріне сенімдімін.

БАСҚАРМА ТӨРАҒАСЫНЫҢ ҮНДЕУІ

GRI 2-22

2023 жыл Қазақстанның газ саласы үшін жаңа мүмкіндіктер туғызды. Елдің жоғары басшылығының, Үкіметтің, Энергетика министрлігінің және «Самұрық-Қазына» АҚ қолдауымен QazaqGaz оң өзгерістерді іске асыруды жалғастыруда: қаржы-экономикалық қызмет көрсеткіштері жақсаруда, ESG-қағидаттарын сақтау есебінен компанияның тұрақтылығы қамтамасыз етілуде.

Жүргізілген кешенді жұмыс өз нәтижелерін көрсетеді: тарихта алғаш рет «Самұрық-Қазына» АҚ-ға 22,8 млрд теңге сомасына дивидендтер төленді. Компания өз қаражаты есебінен газ тасымалдау жүйесін жаңғыртып, елдің энергия қауіпсіздігін қамтамасыз ететін және газ саласын одан әрі дамыту үшін іргетас құратын жүйелі инфрақұрылымдық жобалар салды.

Компания үшін 2023 жыл келесі негізгі нәтижелерге қол жеткізумен сипатталды:

- Қазақстанның газ саласының инвестициялық тартымдылығын барынша арттыруға және оның газ әлеуетін ашуға бағытталған QazaqGaz-дың 2032 жылға дейінгі Даму стратегиясы әзірленді және бекітілді. Стратегияны іске асыру елдің энергетикалық қауіпсіздігін нығайтуға, газды үнемді жеткізуді тұрақтандыру арқылы халықтың өмір сүру сапасын арттыруға жағдай жасайды.
- Оңтайлы ESG-рейтингінің алынғанын атап өту қажет (19,2): біз Morningstar Sustainalytics халықаралық рейтинг агенттігінің нұсқасы бойынша Қазақстанның өндірістік компаниялары арасында бірінші орынды және әлемдегі газ компаниялары арасында 7-ші орынды иелендік.
- 2023 жылы Компанияның Интеграцияланған жылдық есебінде ұсынылған, Тұрақты даму саласындағы 2022 жылғы көрсеткіштерді тәуелсіз растау рәсімі жүргізілді.
- PwC Kazakhstan нұсқасы бойынша QazaqGaz алғаш рет ESG ақпаратын ашу бойынша ТОП 3 рейтингіне кірді. Мұның бәрі Компанияның жауапты бизнесті жүргізудің жоғары стандарттарына және тұрақты даму саласындағы төмен тәуекелдерге сәйкестігін көрсетеді.
- Стратегияны іске асыру шеңберінде, компания жалпы әлеуеті 1 трлн $м^3$ болатын жаңа барлау жобаларын енгізу есебінен газдың ресурстық базасын кеңейтуге бағытталған. Жамбыл облысы Мойынқұм ауданында «Анабай» жаңа

газ кен орны пайдалануға берілді; GEO-Jade Petroleum Corporation компаниясымен Придорожное және Придорожное Оңтүстік кен орындарын бірлесіп игеру туралы келісімге қол қойылды.

- Жаңа ЖГҚ құру арқылы елдің стратегиялық газ резервтерін кеңейту, оны үздіксіз жеткізуді қамтамасыз ету үшін, әсіресе ең жоғары тұтыну маусымдарында газды сақтау және алу көлемін ұлғайту бойынша жұмыс жүргізілуде.
- Жыл сайын өсіп келе жатқан тұтыну газ тасымалдау инфрақұрылымының тұрақты кеңеюіне әкеледі. Мәселен, «Мақат-Солтүстік Кавказ» магистральдық газ құбыры лупингінің құрылысы аяқталды; Маңғыстау облысында «Бейнеу-Жаңаөзен» екінші желісі іске қосылды; Алматы энергокешені үшін газ инфрақұрылымы құрылысының бірінші кезеңі аяқталды.
- Компания өзін газ нарығының жоғары тиімді және әлеуметтік жауапты қатысушысы ретінде көрсетеді. 2023 жылы біз нақты жобалармен ел экономикасына 400 млрд теңгеден астам сомаға инвестиция салдық. Атап айтқанда, Ақтау қаласының оңтүстік бөлігінде және Маңғыстау облысының Қарақия ауданында, Каспий теңізінің бойында орналасқан Сарша жеріне дейін жеткізілетін «Жылы жағажай» курорттық аймағының газ тарату желілері қайта жаңартылды.
- Тауарлық газға баға белгілеу жүйесін әлеуметтік-әділ реформалау бойынша жұмыс жалғасуда, ол газ саласын дамытуды әртараптандыруды қамтамасыз етеді. Жекелеп алғанда, жер қойнауын пайдаланушылардан газдың жаңа көлемдерін сатып алу бағасының ынталандырушы формуласы қабылданды, ішкі нарықтағы тауарлық газдың 2023 жылғы 1 шілдеден бастап 2028 жылғы 30 маусымға дейінгі 5 жылдық кезеңге арналған шекті көтерме бағасы, сондай-ақ 2023 жылғы шілде - 2024 жылғы 30 маусым кезеңіне ірі коммерциялық тұтынушылар мен цифрлық майнингті жүзеге асыратын тұлғалар үшін тауарлық газдың шекті көтерме бағасы «өзіндік құн + 20%» формуласы бойынша бекітілді.
- QazaqGaz, CNPC және Gazprom ВНИИГАЗ ғылыми-техникалық орталықтары арасындағы серіктестік қатынастарды дамытуда жаңа вектор орнатылды. Ынтымақтастық периметрі жобалау-инжинирингтік, ғылыми-зерттеу жұмыстарын, сондай-ақ газ саласындағы техникалық стандарттарды дамытуды қамтиды.
- Компания отандық газ саласы үшін жас мамандарды даярлауға ерекше көңіл бөледі. Биыл алғаш рет бакалавриат студенттері үшін ең беделді стипендия болып табылатын, еліміздің техникалық жоғары оқу орындарының үздік студенттері – болашақ газшыларға арналған стипендия белгіленді.

Қаржы-шаруашылық қызметінің көрсеткіштері:

- магистральдық газ құбырлары арқылы тасымалдау 79 442 682 мың м3 құрады, оның ішінде халықаралық транзит 45 748 477 мың м3;
- газды өткізу 6%-ға өсіп, 24 134 млн м3 құрады;
- ЖГҚ-ға газды айдау және алу белгіленген техникалық режимге сәйкес жүзеге асырылады. Газ айдау көлемі 3195 296 мың м3 құрап, 31,4%-ға өсті, ал газ шығару көлемі 2 779 181 мың $м^3$ құрап, 18,7%-ға өсті.
- табиғи газ өндіру 6%-ға өсіп, 294 млн м3 құрады, газ конденсатын өндіру 14,3 мың тоннаға жетті, өсім 0,3% құрады;
- 2023 жылғы желтоқсанда QazaqGaz компаниясына мемлекеттік жер қойнауы қорын басқару бағдарламасының тізбесінде бекітілген 3 учаске бойынша «carry-қаржыландыру» қағидаты бойынша геологиялық барлау жұмыстарын іске асыру үшін стратегиялық әріптестермен (инвесторлармен) ынтымақтастық туралы келісімдерге қол қойылды. 4 учаске бойынша «carry-қаржыландыру» қағидаты бойынша геологиялық барлау жұмыстарын бірлесіп жүргізуге әлеуетті серіктес-инвесторлардың мүдделілігі туралы растау алынды.

Осы оң өзгерістердің барлығы біздің компаниямыздың және Қазақстанның барлық газ өнеркәсібінің игілігі үшін күн сайын жұмыс істейтін адамдарсыз мүмкін болмас еді! Команданың күші жоғары кәсіби құндылықтарға және біздің бірлігімізге берілгендікте!

Үкімет пен «Самұрық-Қазына» АҚ тарапынан бірлескен күш-жігер мен қолдаудың арқасында, біз ел халқының ұлттық әл-ауқатын қамтамасыз ететін тұрақты газ нарығын қалыптастыруды жалғастырамыз.

1-кесте. **КОМПАНИЯ ТАРИХЫ**

1993	Газ саласын дамыту шеңберінде жаңа кәсіпорын — «Қазақгаз» газ-химия кешені («Қазақгаз» ГХК) құрылды.
2000	Елдің барлық газ тасымалдау жүйесі «ҚазТрансГаз» АҚ құрылымына берілді.
2003	Жамбыл облысында Амангелді газ конденсаты кен орны пайдалануға берілді
2003	«ҚазТрансГаз» және «Газпром» арасында Қазақстан аумағы арқылы түрікмен және өзбек газының транзиті жөніндегі келісімшартқа қол қойылды
2004	«ҚазТрансГаз» жабық акционерлік қоғамы «ҚазТрансГаз» акционерлік қоғамы деп қайта аталды.
2008	«Орта Азия – Орталық» МГҚ-ның «Опорная» КС-те турбокомпрессорлық цех пайдалануға берілді
2009	«Қазақстан-Қытай» МГҚ-ның бірінші желісіне («А» желісі) іске қосылды
2010	«Қазақстан-Қытай» МГҚ-ның екінші желісі («В» желісі) іске қосылды
2012	Компания газ және газбен жабдықтау саласындағы ұлттық оператор болып айқындалды
2013	Компанияның елде өндірілетін барлық газды айрықша сатуына келісім жасалды
2013	«Бейнеу-Бозой-Шымкент» МГҚ-ны газбен толтыруды бастаудың ресми рәсімі өткізілді

2013	«ҚазТрансГаз Аймақ» түпкілікті тұтынушыларға газ жеткізу нарығындағы бірыңғай операторға айналды және еліміздің барлық өңірлерінде газ тарату желілерін біріктіру кезеңін аяқтады.
2014	Қазақстан Республикасын газдандырудың 2015-2030 жылдарға арналған бас схемасы, сондай-ақ Қазақстан Республикасының газ секторын дамытудың 2030 жылға дейінгі тұжырымдамасы бекітілді
2015	Ұзындығы 1 305 км «Қазақстан-Қытай» МГҚ үшінші желісін («С» желісі) пайдалану басталды
2016	Елімізде «Қазақстан – Қытай» МГҚ-да №4 және №8 заманауи КС ашылды және Ақтөбеде АГТС 300 құрылысы аяқталды
2017	Айналыс мерзімі 10 жыл болатын еурооблигациялар сәтті орналастырылды және рейтингтік агенттіктер шетелдік және ұлттық валютадағы эмитенттің ұзақ мерзімді дефолт рейтингтерін (ЭДР) BB-ден BBB-ге дейін көтерді
2017	ҚХР–да «Қазақстан-Қытай» МГҚ бойынша қазақстандық газ экспорты басталды
2017	Қожасай кен орнынан «Бұхара-Орал» МГҚ-ның КС-12 дейін магистральдық газ құбырын пайдалануға беру
2018	Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысына сәйкес, «ҚазТрансГаз» АҚ компаниялар тобының бөлігі болып табылатын «Интергаз Орталық Азия» АҚ-ға Магистральдық газ құбырлары бойынша ұлттық оператор өкілеттігі берілді.
2018	Компанияның кредиттік рейтингі BB-ға дейін көтерілді
2018	«Бейнеу–Бозой–Шымкент» газ құбырының өткізу қабілетін жылына 10 млрд м³-тен жылына 15 млрд м³-ке дейін ұлғайту жөніндегі инвестициялық жоба шеңберінде «Түркістан» КС құрылысы жүзеге асырылды.
2019	Ұлттық оператор «ҚазТрансГаз» АҚ Қазақстанның ең ірі компаниялары арасында іргелі (экологиялық-энергетикалық) тиімділік рейтингінде екінші орын алды.
2019	«Қорқыт Ата» компрессорлық станциясы пайдалануға берілді
2020	Қазақстан Республикасының Үкіметі «ҚазТрансГаз» АҚ-ны жылына 1 млрд м³ көлемінде Қашаған кен орнынан шикі ілеспе табиғи газды мемлекет меншігіне алуға уәкілетті тұлға етіп тағайындады (бірінші кезең).
2020	Сондай–ақ, Ақтөбе облысының Байғанин ауданында «Бейнеу–Бозой-Шымкент» магистральдық газ құбырының 155 шақырымында орналасқан «1А» компрессорлық станциясы пайдалануға берілді.
2021	Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысымен «ҚазТрансГаз» АҚ-ға Ұлттық компания мәртебесі берілді.
2021	«ҚазТрансГаз» АҚ акцияларының 100%-ын «Самұрық-Қазына» ұлттық әл-ауқат қоры» акционерлік қоғамына беру бойынша мәміле жасалды.
2021	Ұлттық Компания жаңа газ кен орындарында жер қойнауын пайдалану құқығын алды.
2022	Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімі бойынша «ҚазТрансГаз» ұлттық газ компаниясы QazaqGaz деп қайта аталды.

2023	Жамбыл облысының Мойынқұм ауданында жаңа «Анабай» газ кен орны пайдалануға берілді. Газ тасымалдау инфрақұрылымы кеңейтілді: «Мақат-Солтүстік Кавказ» магистральдық газ құбыры лупингінің құрылысы аяқталды; Маңғыстау облысында «Бейнеу-Жаңаөзен» екінші желісі іске қосылды; Алматы энергия кешені үшін газ инфрақұрылымы құрылысының бірінші кезеңі аяқталды. Жер қойнауын пайдаланушылардан газдың жаңа көлемін сатып алу бағасының ынталандырушы формуласы қабылданды, ішкі нарықта тауарлық газдың шекті көтерме бағасы бекітілді. Газдандыру деңгейі 60%-ға дейін өсті. Газбен жабдықтау жүйесіне 112 елді мекен қосылды, бұл 213 мың адамға газға қолжетімділікті арттырды. Ғылыми-техникалық әлеуетті, персоналдың құзыретін дамытуға және Компанияның технологиялық проблемаларын кешенді шешуге бағытталған алғашқы салалық ғылыми-техникалық орталық құрылды.

2-кесте. КОМПАНИЯ ЦИФРЛАРМЕН

Операциялық көрсеткіштер		
Газды магистральдық тасымалдау, млн м^3	2021	95 422
	2022	83 744
	2023	79 443
Газды ішкі тасымалдау, млн м^3	2021	21 146
	2022	21 956
	2023	22 663
Газды экспортқа тасымалдау, млн м^3	2021	14 209
	2022	9 275
	2023	11 031
Халықаралық транзит, млн м^3	2021	60 067
	2022	52 513
	2023	45 748
Газды өткізу көлемі, млн м^3	2021	23 644
	2022	22 751
	2023	24 134
Қаржылық көрсеткіштер		
Жалпы пайда, млн теңге	2021	191 928
	2022	145 626
	2023	58 116
Таза пайда, млн теңге	2021	400 193
	2022	386 628
	2023	325 854
EBITDA	2021	552 184
	2022	495 249
	2023	379 395
Әлеуметтік және экологиялық көрсеткіштер		
Персонал саны, адам	2021	12 118
	2022	12 710

	2023	12 800
Парниктік газдар шығарындыларының көлемі (Қамту 1,2) млн. т CO_2-экв	2021	7,47
	2022	5,2
	2023	6,23
Ағым коэффициенті, %	2021	6,1
	2022	6,7
	2023	5,28

Наградалар мен рейтингтер

2023 жылдың қорытындысы бойынша QazaqGaz Қордың компаниялар тобы арасында бірінші орынды және Morningstar Sustainalytics халықаралық рейтинг агенттігінің нұсқасы бойынша әлемдегі газ компаниялары (gas utilities) арасында 7-ші орынды иеленіп, ESG-рейтингін 19,2 деңгейінде алды.

PWC Kazakhstan нұсқасы бойынша, жылдық есептер конкурсында QazaqGaz алғаш рет ESG ақпаратын ашу бойынша ТОП 3 рейтингіне кірді.

2023 жылы QazaqGaz компаниялар тобының 660 жұмыскері Қазақстан Республикасының мемлекеттік наградаларымен, Қордың төсбелгілерімен, құрмет грамоталарымен, Мұнай-газ кешені жұмыскерлері күніне, Қазақстан Республикасы күніне және Қазақстан Республикасының Тәуелсіздік күніне орай QazaqGaz басшылығының Алғыс хаттарымен және медальдарымен марапатталды.

QazaqGaz 2023 жылы сенімді жұмыс беруші ретінде «Үздік әлеуметтік серіктес» сыйлығын алды.

3-кесте. **2023 жылдың НЕГІЗГІ ОҚИҒАЛАРЫ**

08 ақпан 2023	QazaqGaz компаниялар тобының өндірістік қауіпсіздігі шеңберінде «Stop ЖКО» акциясы өткізілді
07 сәуір 2023	QazaqGaz және Шымкент қаласының әкімдігі арасында Газ және газ моторлы отын саласындағы ынтымақтастық туралы меморандумға қол қойылды.
3 мамыр 2023	Әлеуметтік мақсаттағы объектілер пайдалануға берілді: Жамбыл облысының Ойық, Бөлтірік шешен, Сейілбек және Ұланбел ауылдарында балалардың ойын, воркаут, баскетбол алаңдары мен футбол алаңдары пайдалануға берілді
12 мамыр 2023	Ұзындығы 60 шақырым болатын жоғары қысымды жерасты газ құбыры салынды. Ол Құрық ауылын Сарша жерімен және Ақтау маңындағы курорттық аймақпен байланыстырды. Жаңа магистраль Ақтауға қосымша газ көлемін ұлғайтуға мүмкіндік береді.
15 мамыр 2023	Газ сатып алу бағасының жаңа формуласы презентацияланды. Бағаның жаңа формуласы тауарлық газдың қосымша қорларын құруға түрткі болады, бұл жақын арада газ ресурстық базасының айтарлықтай кеңеюіне әкеледі.

30 мамыр 2023	«Мақат-Солтүстік Кавказ» магистральдық газ құбырының екінші желісі іске қосылды. Жалпы құны 86 млрд теңгеге жуық лупинг салу Ұлттық компания «Самұрық-Қазына» қорымен бірлесіп жалпы Қазақстан бойынша іске асырып жатқан инвестициялық жобалардың бірі болып табылады.
6 маусым 2023	2023 жылғы 1 шілде - 2028 жылғы 30 маусым кезеңінде ішкі нарықтағы тауарлық газдың шекті көтерме бағалары бекітілді (ҚР Энергетика министрінің № 210 бұйрығы).
23 маусым 2023	QazaqGaz компаниялар тобының жұмыскерлері арасында жазғы Спартакиада өткізілді, оған Қазақстанның түрлі облыстарынан және компанияның өндірістік филиалдарынан газшылар қатысты.
30 маусым 2023	Ірі коммерциялық тұтынушылар мен цифрлық майнингті жүзеге асыратын тұлғалар үшін 2023 жылғы 1 шілде - 2024 жылғы 30 маусым кезеңіне тауарлық газдың шекті көтерме бағалары бекітілді (ҚР Энергетика министрінің № 246 бұйрығы).
19 шілде 2023	CNPC басшылығымен кездесу өткізілді, онда Қытаймен жаңа экспорттық келісімшарт мәселелері, сондай-ақ кен орындарын бірлесіп барлау және игеру, Қазақстан аумағындағы жер қойнауының перспективалық учаскелерінде геологиялық барлау жұмыстарын зерттеу және жүргізу перспективалары қаралды.
27 шілде 2023	Түркістан облысының елді мекендері, Келес ауданының Бәйтерек және Жамбыл-2 елді мекендері табиғи газға қосылды.
09 тамыз 2023	Қазақстанның газ саласының инвестициялық тартымдылығын барынша арттыруға және оның газ әлеуетін ашуға бағытталған QazaqGaz-дың 2032 жылға дейінгі Даму стратегиясы бекітілді.
23 тамыз 2023	Түркістан облысын газдандыру шеңберінде Ибата ауылының 8 мыңнан астам тұрғыны газға қол жеткізді.
25 тамыз 2023	QazaqGaz-дың 2022 жылғы Интеграцияланған жылдық есебінде ұсынылған, тұрақты даму саласындағы көрсеткіштерді тәуелсіз растау рәсімі жүргізілді.
28 тамыз 2023	Компания техникалық қазақстандық жоғары оқу орындарының үздік студенттеріне: ҚБТУ және Қ.И. Сәтбаев атындағы ҚазҰТУ-ға атаулы стипендиялар тағайындады.
29 тамыз 2023	«Орал» компрессорлық станциясына газ саласының еңбек сіңірген қайраткері Е. Әзербаевтың есімі берілді.
08 қыркүйек 2023	Тараз қаласында Қазақстанның газ саласының тарихына арналған интерактивті экспозиция ұйымдастырылды. Бұрыш Мойынқұмның жер қойнауын игеру тарихын және оның 1960 жылдардан бастап біздің уақытқа дейінгі дамуын көрсетеді.
22 қыркүйек 2023	Алматы қаласында «Түрікменстан – Өзбекстан – Қазақстан – Қытай» газ құбырын пайдалану жөніндегі үйлестіру комитетінің 29-отырысы өтті
02 қазан 2023	QazaqGaz Газ Экспорттаушы Елдер форумымен ынтымақтастық орнатуда. Ұйым қатысушыларының үлесіне дәлелденген қорлардың 72%-ы және әлемдік газ экспортының 56%-ы тиесілі. ГЭЕФ-пен

	ынтымақтастық Қазақстанның газ саласын дамыту үшін маңызды қадам болмақ.
07 қазан 2023	«Газпром» ЖАҚ және «ИОА» АҚ арасында Ресейлік газдың Өзбекстанға реверстік транзиті туралы шартқа қол қойылды, үш елдің (РФ, ҚР және ӨР) Президенттерінің қатысуымен бастама берілді.
11 қазан 2023	«QazaqGaz барлау және өндіру» ЖШС жыл сайын 350 млн $м^3$ газ өндіретін Амангелді кен орнының 20 жылдығын атап өтті.
11 қазан 2023	Egov.kz сайты арқылы тұрғын үйлер мен объектілерді газдандыру үшін техникалық шарттарды алу жөніндегі қызмет автоматтандырылды
17 қазан 2023	Бейжің қаласында «Бір белдеу, бір жол» халықаралық ынтымақтастықтың 3-ші форумы шеңберінде ҚХР-ға қазақстандық газ жеткізу жөніндегі шартқа қол қойылды.
17 қазан 2023	QazaqGaz және PetroChina International арасында 2023-2026 жылдарға арналған газ экспорты бойынша жаңа келісімшартқа қол қойылды. Шарт компанияларға қазақстандық газды Қытайға экспорттау жөніндегі ынтымақтастықты жаңа тиімді деңгейге шығаруға мүмкіндік береді.
18 қазан 2023	QazaqGaz-дың Geo-Jade компаниясымен Қазақстандағы Придорожное газ кен орнын бірлесіп игеру бойынша келісіміне қол қойылды.
23 қазан 2023	Маңғыстауда «Бейнеу-Жаңаөзен» магистральдық газ құбырының екінші желісі іске қосылды. Екінші желіні іске қосудың арқасында елді мекендерде, ірі өнеркәсіптік объектілерде, сондай-ақ жылу және электр энергиясын өндіретін МАЭК кәсіпорнында тұрақты газбен жабдықтау қамтамасыз етіледі.
01 қараша 2023	Газпромым ВНИИГАЗ-бен Ғылыми және инновациялық қызмет мәселелерінің кешені жөніндегі ынтымақтастық туралы меморандумға қол қойылды
02 қараша 2023	Түркістан облысының Байқоныс, С.Сейфуллин, Әл-Фараби және Жетісай ауданының Отан елді мекендері табиғи газға қосылды.
3 қараша 2023	Жамбыл облысы Мойынқұм ауданындағы Анабай кен орны пайдалануға берілді.
16 қараша 2023	«Алматы-Байсерке-Талғар» және «Қазақстан-Қытай» магистральдық газ құбырлары арасында екі автоматты газ тарату станциясы мен ТІР-04 жалғастырғыш газ құбырының құрылысы аяқталды
22 қараша 2023	Төле би ауданының Қасқасу, Жоғарғы Қасқасу, Керегетас және Кенесарық елді мекендері табиғи газға қосылды.Табиғи газбен қамтамасыз етілген елді мекендердің үлесі 100%-ды құрады.
23 қараша 2023	Бейжіңде QazaqGaz және CNPC ғылыми-техникалық орталықтарының ынтымақтастығы туралы негіздемелік келісімге қол қойылды.
02 желтоқсан 2023	QazaqGaz және Presight (G42) арасында газ саласын цифрлық трансформациялау саласындағы ынтымақтастық туралы газды

	есепке алудың транспаренттілігін арттыру және газ жүйесіндегі шығындарды тиімді басқару және азайту үшін уағдаластықтарға қол жеткізілді

Пайымы:

QazaqGaz – Қазақстанның газ саласының инвестициялық тартымдылығын барынша арттыруға және әлеуметтік әл-ауқатты дамыту үшін елдің газ әлеуетін ашуға ықпал ететін тұрақты газ нарығының жоғары тиімді қатысушысы

Миссия:

Қазақстан Республикасы экономикасының тұрақты дамуы мақсатында халықтың өмір сүру сапасын арттыру, энергетикалық қауіпсіздікті және энергетикалық ауысуды күшейту үшін рентабельді газ жеткізілімдерін тұрақты қамтамасыз ету.

QazaqGaz миссиясы мен көзқарасын жүзеге асыру компанияның қайта құрылуына, оның тиімділігін арттыруға және газ саласындағы жағдайды жақсартуға әкеледі.

ҚЫЗМЕТ БАҒЫТТАРЫ

Қызмет бағыттары

Компанияның стратегиясы 12 вектор бойынша дамуды қамтиды.

1. Тұрақты газ нарығын құру және үнемді тұтыну мәдениеті
2. ГБЖ және Өндіру
3. Қайта өңдеу (ГӨЗ)
4. Сауда операциялары
5. ГТЖ және ЖГҚ
6. ГТС және соңғы миля
7. Даунстрим
8. Операциялық және инвестициялық қызметті жетілдіру
9. Газ саласындағы құзыреттерді дамыту және жоғары құзыретті ұйым құру (ҒТО қоса алғанда)
10. Цифрлық құралдарды қолдану арқылы ұйымның тиімділігін арттыру
11. Компанияны сәтті IPO-ға дайындау
12. Компанияның ESG-профилін, оның ішінде QazaqGaz-ды көміртексіздендіруді дамытудың басым бағыттары

Аталған мақсаттарды іске асыру тұрақты газ нарығын қалыптастыруға және QazaqGaz акцияларын табысты бастапқы орналастыруға (IPO) дайындауға ықпал ететін болады.

БИЗНЕС-МОДЕЛЬ

QazaqGaz — тігінен интеграцияланған бизнес моделі бойынша жұмыс істейтін газ энергетикасы және газ тасымалдау саласындағы негізгі компания. Оның қызметі тұрақты газ нарығын қалыптастыруға, өндірістік тізбектің барлық кезеңдерінде құнын арттыруға және компания жұмысының тиімділігін арттыруға бағытталған стратегиялық міндеттерге негізделген.



Кіріс, млн теңге	1081,2
Газ құбырларының жалпы ұзындығы, мың км	21,2
Персонал саны, адам	12 800
Әлеуметтік тұрақтылық рейтингі	68%

2-бөлім
МҮМКІНДІКТЕР ШЕКАРАСЫН КЕҢЕЙТУ
Компания туралы
GRI 2-1

QazaqGaz — бұл өз қызметін өндірістік тізбектің барлық кезеңдерінде: геологиялық барлау мен өндіруден бастап түпкілікті өнімді сатуға дейін жүзеге

асыратын, Қазақстан Республикасының тігінен интеграцияланған ұлттық газ компаниясы.

Компанияның тарихы «ҚазТрансГаз» жабық акционерлік қоғамы құрылған Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 жылғы 5 ақпандағы №173 қаулысынан басталады. Кейіннен (2004 жылғы 9 маусым) компания «ҚазТрансГаз» акционерлік қоғамы болып қайта құрылды.

2021 жылғы 30 қарашада Қазақстан Республикасы Үкіметінің № 852 қаулысымен «ҚазТрансГаз» АҚ-ға Ұлттық компания мәртебесі берілді.

2021 жылғы 31 желтоқсанда компания Қазақстан Республикасы Үкіметінің 982 нөмірлі қаулысымен QazaqGaz деп қайта аталды.

Қазіргі сәтте QazaqGaz жылдық өткізу қабілеті 240 млрд м³ болатын, жалпы ұзындығы 20,6 мың км-ден асатын магистральдық газ құбырларының (оның ішінде бұрма газ құбырлары 2 793 км-ді құрайды), сондай-ақ ұзындығы 59 мың км-ден асатын газ тарату желілерінің ірі желісінің басқарушы орталығы болып табылады.

Компания халықаралық транзитті қамтамасыз етеді және ішкі және сыртқы нарықтарда газ сатумен айналысады, құбырлар мен газ қоймаларын әзірлейді, қаржыландырады, салады және пайдаланады.

Активтердің құрылымы

QazaqGaz оның жалғыз акционері Қазақстан Республикасының Үкіметі болып табылатын «Самұрық-Қазына» ұлттық әл-ауқат қоры» акционерлік қоғамының (бұдан әрі – «Самұрық-Қазына» АҚ, Қор) портфельдік компаниясы болып табылады.

2023 жылы QazaqGaz компаниялар тобына келесі бизнес-бағыттарда жұмыс істейтін 13 еншілес және бірлесіп бақыланатын компаниялар кірді:

— барлау және өндіру;
— магистральдық тасымалдау;
— өңдеу, бөлу және өткізу;

— сервистік компаниялар.



Компания қызметінің периметрі және бағыттарының географиясы

GRI 2-1

Компания өз қызметін Қазақстанның 14 өңірінде (Ақмола, Ақтөбе, Алматы, Атырау, Шығыс Қазақстан, Жамбыл облыстары, Жетісу облысы, Батыс Қазақстан, Қарағанды, Қостанай, Қызылорда, Маңғыстау, Түркістан облысы және Ұлытау облысы) және республикалық маңызы бар үш қалада (Астана, Алматы және Шымкент) жүзеге асырады.

Компанияның ел аумағында болу ауқымы оның энергетикалық қауіпсіздікті нығайтудағы, тұрақты газ нарығын қалыптастырудағы және халықтың өмір сүру сапасын арттырудағы маңызды рөлн куәландырады.

Сонымен қатар, оның газдандырылмаған облыстарда — Абай, Павлодар және Солтүстік Қазақстан облыстарында географиялық қатысуын кеңейтуге деген ұмтылысы — компанияның өзінің «Бірыңғай газ тасымалдау жүйесін құру» және «Халықтың газбен жабдықтау қажеттілігін толық қамтамасыз ету» деген стратегиялық мақсаттарына адалдығын растайды.

БАҒЫТ: БАРЛАУ ЖӘНЕ ӨНДІРУ

«QazaqGaz барлау және өндіру» ЖШС

Құрылған жылы	2003
Орналасқан жері (Орталық аппарат)	Қазақстан Республикасы, Астана қ.
Меншік құрылымы	QazaqGaz-дың 100% еншілес ұйымы

Қызметі	«QazaqGaz барлау және өндіру» ЖШС – негізгі қызмет түрлері газ және газ конденсатын өндіру, геологиялық барлау және іздестіру, компанияның өндірістік объектілерінде барлап бұрғылау және табиғи газдың көтерме саудасы болып табылатын газ өндіруші компания.
Көрсеткіштер	
59 ұңғыма	**15,8 млрд м^3** өндіру тобы (құрғақ газдың алынатын қалдық қорлары)

«QazaqGaz барлау және өндіру» ЖШС-нің 2023 жылғы негізгі оқиғалары

1. Анабай кен орнын пайдалануға беру
2. Амангелді кен орнының №141 ұңғымасын бұрғылауды аяқтау
3. Амангелді кен орнының 20 жылдығы
4. Кейіннен ЖМК-ға өте отырып (салықтық преференциялар), Амангелді, Жарқұм, Анабай к/о көмірсутектерін өндірудің үлгілік келісімшартына өту
5. Барханная к/о көмірсутектерін өндіруге арналған үлгілік келісімшартқа қол қою
6. GEO-Jade-мен Придорожное к/о бойынша ынтымақтастық туралы келісімге қол қою
7. ГКДҚ жаңғыртуды жобалауды бастау
16. МЕАЖ (конденсат) жүйесіне қосылу

<u>БАҒЫТЫ: МАГИСТРАЛЬДЫҚ ТАСЫМАЛДАУ</u>

Анықтама үшін: Магистральды газ құбырлары QazaqGaz компанияларының келесі тобын қамтиды: «Интергаз Орталық Азия» АҚ, «Азиялық Газ құбыры» ЖШС, «Бейнеу-Шымкент Газ құбыры» ЖШС (1-сурет КАРТА).

1-сурет – Магистральдық газ құбырларының картасы



«Интергаз Орталық Азия» АҚ

«ИОА» АҚ бизнес-моделіндегі негізгі табыс көзі табиғи газды халықаралық тасымалдау болып табылады. Компанияның құрамына компрессорлық станцияларға (КС), газ тарату станцияларына (ГТС), жерасты газ сақтау қоймаларына (ЖГҚ), магистральдық газ құбырларының желілік бөлігі мен бұрма газ құбырларына қызмет көрсету жөніндегі бірегей салалық диагностикалық орталық болып табылатын инженерлік-техникалық орталық кіреді.

ИОА қызметінің негізгі түрі:

- техникалық диагностика;
- тауарлық газбен жабдықтаудың бірыңғай жүйесіне кіретін техникалық құрылғыларды, жабдықтар мен құрылыстарды жөндеу;
- біліктілік дағдылардың мониторингі;
- магистральдық газ құбырлары және экология объектілерінің техникалық жағдайын бақылау;
- көлік, газды жерасты сақтау және тарату объектілеріндегі профилактикалық, сынау және іске қосу-баптау жұмыстары болып табылады.

Құрылған жылы	**1997 ж.**
Орналасқан жері (Орталық аппарат)	Қазақстан Республикасы, Астана қ.
Иелік ету құрылымы	QazaqGaz-дың 100% еншілес ұйымы
Қызметі	табиғи газды магистральдық газ құбырлары жүйесі бойынша тасымалдау, газды жерасты

	қоймаларында сақтау, магистральдық және тарату газ құбырларын пайдалану және оларға техникалық қызмет көрсету

«Интергаз Орталық Азия» АҚ негізгі сипаттамалары

33 КС Компрессорлық станциялардың жұмысы	**250 ГТС** Газ тарату станцияларын пайдалану
10 МГҚБ Магистральдық газ құбырлары басқармалары - өңірлердегі өндірістік филиалдар	**319 ГАА** Газ айдау агрегаттары
21 200 км. Магистральдық газ құбырларының ұзындығы (оның ішінде 7 007 км – бөгде МГҚ)	**63 253 км.** 11 облыста және Республикалық маңызы бар 3 қалада қызмет көрсетілетін тарату желілерінің ұзақтығы (ҚТГА, ЖАО)
203, 5 млрд м^3 Өткізу қабілеті	**57–1 420 мм** Құбыр диаметрі
3–9,81 Мпа Жұмыс қысымы	**11 ГӨС** Газ өлшеу станциялары
3 ЖГҚ Жерасты газ қоймалары: «Бозой» – 4 млрд м^3 «Полторацкое» – 0,35 млрд м^3 «Ақыртөбе» – 0,3 млрд м^3	**8 660 адам** Жұмыскерлердің жалпы саны

«Интергаз Орталық Азия» АҚ мынадай магистральдық газ құбырларын пайдалануды жүзеге асырады:

«Орта Азия-Орталық» МГҚ;
«Мақат – Солтүстік Кавказ» МГҚ;
«Лупинг Мақат – Солтүстік Кавказ» МГҚ;
«Бұхара - Орал» МГҚ;
«Союз» МГҚ;
«Орынбор - Новопсков» МГҚ;
«Қарашығанақ - Орал» МГҚ;
«Окарем-Бейнеу» МГҚ;
«Бейнеу-Жаңаөзен» МГҚ;
«Жаңажол-Октябрьск-Ақтөбе» МГҚ;
«Қарталы-Рудный-Қостанай» МГҚ;
«Жаңажол-КС-13» МГҚ;
«Бұхара газды ауданы - Ташкент-Бішкек-Алматы» МГҚ;
«Газли-Шымкент» МГҚ;
«Амангелді - КС-5» МГҚ;
«Ақшабұлақ-Қызылорда» МГҚ;

«Бейнеу-Бозой-Шымкент» МГҚ;
«Қазақстан-Қытай» МГҚ;
«Өзен-Жетібай-Ақтау» МГҚ;
«Қожасай-КС-12» МГҚ;
«Алматы-Байсерке-Талғар» МГҚ;
«Байсерке-Қапшағай» МГҚ;
«Алматы-Талдықорған» МГҚ;
«Сарыарқа» МГҚ.

«Интергаз Орталық Азия» АҚ-ның 2023 жылғы негізгі оқиғалары:

6 инфрақұрылымдық жоба аяқталды:

1. «Мақат - Солтүстік Кавказ» МГҚ-да лупинг салу

Қуаты - жылына 13 млрд м^3.

03.08.2023 жылы пайдалануға берілді.

Әсері: Атырау қаласы мен Атырау облысының халқын және ірі өнеркәсіптік кәсіпорындарын газбен жабдықтау сенімділігін арттыру, сондай-ақ тұтастай алғанда елдің энергия қауіпсіздігін қамтамасыз ету.

2. Маңғыстау облысының газ тасымалдау жүйесін қайта жаңарту және «Жаңаөзен-Жетібай-Ақтау» МГҚ 3 желісін күрделі жөндеу: Ду530 мм 150 құбыр, Ду720 мм 96 құбыр ауыстырылды, сондай-ақ Ду720 мм 4 кран торабы орнатылды

Қуаты жылына 5,8 млрд м^3

Ресми ашылуы 23.10.2023 ж

Әсері: Маңғыстау облысының елді мекендері мен ірі кәсіпорындарын тұрақты газбен жабдықтауды қамтамасыз ету, «МАЭК-Қазатомөнеркәсіп» ЖШС

3. ЖЭО-2 үшін АГТС және ЖЭО-3 үшін АГТС ТІР-04 жалғастырғышын салу жобасы

ТІР-04 жалғастырғышын салу,

Қуаты – сағатына 1 000 мың м^3.

Ресми ашылуы 16.11.2023 ж

ЖЭО-2 үшін АГТС салу

Қуаты – сағатына 250 мың м^3.

Ресми ашылуы 16.11.2023 ж.

ЖЭО-3 үшін АГТС салу

Қуаты - сағатына150 мың м^3.

Ресми ашылуы 22.12.2023 ж.

Әсері: Алматы қаласындағы ЖЭО-2 және ЖЭО-3 үшін газбен жабдықтаудың сенімділігін қамтамасыз ету. Қаланың экологиялық жағдайын жақсарту

4. «Көлік және коммуникациялар ғылыми-зерттеу институты» ЖШС «Ақтөбе облысындағы КС-14-тен МГҚ құрылысы» ТЭН-ін әзірлеу бойынша 27.10.2023 жылғы № 947 ҚРҮҚ алынды.

Әсері: Қостанай және Ақтөбе облыстарының перспективалық тұтыну көлемін қамтамасыз ету.

5. «ИОА» АҚ 0-ші жарақаттанудың «Vision Zero» халықаралық тұжырымдамасына қосылды

«Азиялық Газ құбыры» ЖШС

Құрылған жылы	2008
Орналасқан жері (Орталық аппарат)	Қазақстан Республикасы, Алматы қаласы
Иелік ету құрылымы	«Азиялық Газ құбыры» ЖШС тең үлестік негізде құрылған бірлескен компания болып табылады. Серіктестіктің қатысушылары QazaqGaz (Қазақстан Республикасы) және Trans-Asia Gas Pipeline Company Limited (Қытай Халық Республикасы) болып табылады.
Қызметі	«Азиялық Газ құбыры» ЖШС «Қазақстан – Қытай» Халықаралық газ құбырын салу және пайдалану жобасының операторы болып табылады. Ол Түркіменстан мен Өзбекстаннан Қытай нарығына, сондай-ақ Қазақстанның ішкі нарығына, оның ішінде оңтүстік облыстарға тұтынуға және Қытай Халық Республикасына экспортқа табиғи газ жеткізуді қамтамасыз етуге бағытталған. Ел аумағындағы газ құбырының жалпы ұзындығы 3 915 километрді құрайды (үш желіні ескере отырып: A, B және C). Газ құбырының тас жолы төрт облыс арқылы өтеді: Түркістан, Жамбыл, Алматы және Жетісу.

«Азиялық Газ құбыры» ЖШС негізгі сипаттамалары

13 КС Компрессорлық станциялардың жұмысы	3 Газ өлшеу станциясы
184 торап Кран тораптарының жұмысы	2 торап Газ шығынын өлшеу тораптары
17 торап тазарту құрылғылары	42 ГПА Газ айдау қондырғылары
3 915,5 км Ұзақтығы	Құбыр диаметрі 1 067 / 1 219 мм
Жылына 55 млрд м^3 Өткізу қабілеті	Жұмыс қысымы 9,81 Мпа
	Жұмыскерлердің жалпы саны 1 316 адам

«Азиялық Газ құбыры» ЖШС-нің 2023 жылғы негізгі оқиғалары:

1. 2023 жылы табиғи газды тасымалдаудың жалпы көлемі 43,97 млрд м^3 құрады, оның ішінде:

ҚХР-ға транзит - 35,67 млрд м^3 (33,37 млрд м^3 – түрікмен газы және 2,3 млрд м^3– өзбек газы),

ҚХР-ға экспорт - 5,56 млрд м^3 (қазақстандық газ),

ҚР ішкі нарығы - 2,74 млрд м^3 (тауарлық газ).

2. QazaqGaz тарапынан қазақстандық газды жеткізуді ұлғайту есебінен газ экспорты ұлғайтылды.

«Бейнеу–Шымкент Газ құбыры» ЖШС

Құрылған жылы	2011
Орналасқан жері (Орталық аппарат)	Қазақстан Республикасы, Алматы қаласы
Иелік ету құрылымы	БШГҚ - тең үлестік негізде құрылған бірлескен компания болып табылады. Серіктестіктің қатысушылары QazaqGaz (Қазақстан Республикасы) және Trans-Asia Gas Pipeline Company Limited (Қытай Халық Республикасы) болып табылады.
Қызметі	«Бейнеу–Бозой–Шымкент» газ құбыры тәуелсіз Қазақстан тарихындағы ең ауқымды құбыр жобасы болып табылады. Бұл газ құбыры мұнай мен табиғи газ өндірілетін батыс өңірлерін елдің оңтүстік облыстарымен, сондай – ақ «Бұхара газды аймағы–Ташкент–Бішкек–Алматы» және «Газли – Шымкент» магистральдық газ құбырларымен, сондай-ақ «Орталық Азия–Қытай» газ құбырының «С» желісімен байланыстырады. Табиғи газды Қазақстанның солтүстік және батыс бөліктерінен елдің оңтүстік және шығыс өңірлеріне тасымалдау негізгі мақсат болып табылады. «Бейнеу–Бозой–Шымкент» газ құбыры республиканың оңтүстік облыстарын табиғи газбен қамтамасыз етеді, қазақстандық газдың экспорттық жеткізілімдерін әртараптандыруға ықпал етеді, елдің энергетикалық қауіпсіздігін қамтамасыз етеді және бірыңғай газ тасымалдау жүйесін құрады.

«Бейнеу–Шымкент Газ құбыры» ЖШС-нің негізгі сипаттамалары	
6 КС Компрессорлық станциялардың жұмысы	**3 ГӨС** Газ өлшеу станцияларының жұмысы
59 торап Кран тораптарының жұмысы	**47 торап** Желілік кран тораптары
12 торап Қорғау кран тораптары	**20 ГАА** Газ айдау агрегаттары
1 449,503 км. Ұзындығы	**Жылына 15 млрд м^3 дейін** Өткізу қабілеті
1 067 мм Құбыр диаметрі	**7,5–9,81 Мпа** Жұмыс қысымы
	208 адам Жұмыскерлердің жалпы саны

«Бейнеу–Шымкент Газ құбыры» ЖШС-нің 2023 жылғы негізгі оқиғалары:

1. Газ тасымалдаудың 15,3 млрд м^3 деңгейіндегі жобалық көлеміне қол жеткізілді

2. «Бозой КС кеңейту» шеңберінде әрқайсысының қуаты 17,24 МВт болатын үш ГАА пайдалануға берілді;

3. Жалпы сомасы 211 млн АҚШ доллар құрайтын 3 мерзімінен бұрын өтеу жүргізілді;

4. «Бейнеу ГӨС кеңейту» жобасы бойынша ЖСҚ әзірлеу жөніндегі жұмыстар аяқталды;

5. Бейнеу, РЭУ, ВТП ГӨС кеңейту құрылысы аяқталды;

6. Бейнеу-Бозой-Шымкент магистральдық газ құбырының II желісін салу жобасы бойынша ТЭН әзірлеу аяқталды.

БАҒЫТЫ: ӨҢДЕУ, ТАРАТУ ЖӘНЕ ӨТКІЗУ
«ҚазТрансГаз Аймақ» АҚ

«ҚазТрансГаз Аймақ» АҚ Қазақстанның елді мекендерін газдандырумен айналысады.

«ҚазТрансГаз Аймақ» АҚ іске асыратын газдандыру жөніндегі жобалар:

«Алматы облысының Еңбекшіқазақ ауданы, Қайнар, Саймасай кенттерінде жоғары қысымды газ құбыры мен газ тарату желілерін салу» (1 және 2 ӨК);

«Алматы қаласының АГТС-тен ЖЭО-2 және ЖЭО-3-ке дейін жоғары қысымды газ құбырларын салу»;

«2 БГП орната отырып Құрық ауылы маңындағы АГТС-тан бастап «Жылы жағажай» курорт аймағындағы «Сарша» жері мен «Rixos Aktau» қонақ үйіне дейін жоғары қысымды газ құбырын салу»;

«Тараз қаласының газ тарату желісін жаңғырту».

Құрылған жылы	2002
Орналасқан жері (Орталық аппарат)	Қазақстан Республикасы, Астана қаласы
Иелік ету құрылымы	QazaqGaz-дың 100% еншілес ұйымы
Қызметі	Кәсіпорынның негізгі мақсаттарына табиғи газды жеткізуді ұйымдастыру, оны тарату желілері арқылы тасымалдау және өңірлердегі газ тарату активтерін басқару кіреді.

«ҚазТрансГаз Аймақ» АҚ негізгі сипаттамалары	
14 ӨФ Өндірістік филиалдардың саны	**63 253 км.** Газ құбырларының жалпы ұзындығы
12 642 км. СБШ бойынша газқұбырлары	**33 195 км.** Меншікті тарату желілері
14 642 км. Өзге де газ құбырлары	**3,9 мың.** Өнеркәсіптік кәсіпорындар

11,6 млн адам (59,00%) Газдандыру деңгейі	**2,2 млн абонент** Тұтынушылар саны
	1 974 адам Жұмыскерлердің жалпы саны

«ҚазТрансГаз Аймақ» АҚ-ның 2023 жылғы негізгі оқиғалары:

1. 107 елді мекен газдандырылды (Жетісу – 3, Жамбыл – 7, Батыс Қазақстан – 14, Атырау – 2, Қызылорда – 5, Түркістан – 57, Ақтөбе – 8, Қостанай – 1, Қарағанды – 2, Ұлытау – 1 облыстары және Шымкент – 7)

Әсері: 91 мың абонентке тұтынушылар санының өсуі

2. Астана қаласының барлық ЖЭО-лары жаңадан іске қосылған қуаттарды - ЖЭО-3, Оңтүстік-Шығыс қазандығын және Тұран қазандығын қоса алғанда, газға ауыстырылды.

Әсері: елордадағы экологиялық жағдайды жақсарту

3. ЖАО балансындағы 481 объект ММЖК-дан Қорға, кейіннен олар QazaqGaz арқылы «ИОА» АҚ-ға және «ҚТГ» АҚ-ға берілді.

Әсері: объектілер пайдаланушы ұйымдардың балансына берілді.

4. ҚР Табиғи монополиялар саласындағы қолданыстағы заңнамаға берілетін техникалық шарттар және 2023 жылғы 30 тамыздан бастап күшіне енген объектілерді қосу бөлігінде өзгерістер енгізуге бастамашылық етілді.

Әсері: көлем резервін босату – 300 мың м3/сағ астам, бұл елді одан әрі газдандыруды дамытуға мүмкіндік береді, сондай-ақ техникалық шарттарды беру және объектілерді қосу үлгерімі бойынша айыппұлдар санын азайтады.

5. 14 газдандырылған өңірде 91 мыңнан астам техникалық шарттар дайындалып, берілді, оның 625-і «E-gov» порталы арқылы пысықталды.

«ҚазРосГаз» ЖШС

Құрылған жылы	2001
Орналасқан жері (Орталық аппарат)	Қазақстан Республикасы, Алматы қаласы
Иелік ету құрылымы	«ҚазРосГаз» ЖШС-ны – «ҚазМұнайГаз» ҰК» АҚ ұлттық компаниясы және «Газпром» ЖАҚ тепе-тең негізде құрды. «ҚазРосГаз» ЖШС QazaqGaz-дың сенімгерлік басқаруында.
Қызметі	«ҚазРосГаз» ЖШС Қазақстаннан табиғи газды және оның өнімдерін ішкі және халықаралық нарықтарда маркетингпен, өңдеумен, тасымалдаумен және сатумен айналысады. Компания қызметінің негізгі мақсаты оның активтерінің құнын арттыру үшін жаңа мүмкіндіктерді пайдалану негізінде экономикалық құндылықты барынша арттыруға бағытталған. 2002 жылдан бастап «ҚазРосГаз» ЖШС Қазақстанның ішкі нарығына газ жеткізеді және артық газ

	экспортын жүзеге асырады. Өңделген құрғақ газдың негізгі көлемі, ең алдымен, қазақстандық тұтынушылардың қажеттіліктерін қанағаттандыру үшін ішкі нарыққа жеткізіледі.

23 644 млн м^3 Тауарлық газды өткізу көлемі	**17 600 млн м^3** Ішкі нарық
10,9% Ішкі нарықтағы тұтыну	**6 044 млн м^3** Экспорттық көлемдер

«ҚазТрансГаз Аймақ» АҚ-ның 2023 жылғы негізгі оқиғалары:

1. 2023 жылға арналған өндірістік бағдарлама келесі бөлігінде асыра орындалды:

- Орынбор ГӨЗ-де шикі газды қабылдау және өңдеу көлемі 1% -ға асыра орындалды, 8 805 млн м3 құрады;
- ҚР ішкі нарығына тауарлық газды жеткізу 1%-ға асыра орындалды, көлемі 7 591 млн м3 құрады.

2. Салық заңнамасына сәйкес жүргізілетін кезекті санаттау нәтижелері бойынша «0» - ге тең көрсеткіші бар тәуекелдің төмен дәрежесі берілді.

БАҒЫТЫ: СЕРВИСТІК КОМПАНИЯЛАР

«QazaqGaz Onimderi» ЖШС

Құрылған жылы	2001
Орналасқан жері (Орталық аппарат)	Қазақстан Республикасы, Астана қаласы
Иелік ету құрылымы	QazaqGaz-дың 100% еншілес ұйымы
Қызметі	«QazaqGaz Onimderi» ЖШС-нің негізгі қызметі көлік қызметтерін көрсету, құрылыс-монтаждау жұмыстары, сығымдалған табиғи газды сату болып табылады. Серіктестік метанмен жұмыс істейтін газ моторлы отын нарығының дамуына ықпал етеді. CNG (сығылған табиғи газ) және LNG (сұйытылған табиғи газ) технологиясы мен артықшылықтары.

1 768 техника бірлігі	1 939 жұмыскер
7 АГТКС (автомобильные газонаполнительные компрессорные станции)	

«ҚазРосГаз» ЖШС-нің 2023 жылғы негізгі оқиғалары:

1. «ИОА» АҚ үшін көлік қызметтерін көрсету бойынша жұмыстар көлемі 2022 жылмен салыстырғанда 15%-ға өсті.

2. QGO тобы бойынша СТГ өткізу көлемі 2023 жылғы жоспардан 9%-ға өсті.

3. «QazaqGaz БӨ» ЖШС-мен шарт бойынша «Жарқұм-Анабай» кәсіпаралық жолын 901 млн теңге сомасына жайластыру жұмыстары аяқталды.

4. 4,5 млрд теңге сомасына 134 бірлік АТиСТ жеткізілді.

«QazaqGaz FTO» ЖШС

QazaqGaz даму стратегиясын іске асыру шеңберінде алғашқы салалық ғылыми-техникалық орталық құрылды. Оның мақсаты — газ саласының тиімді жұмыс істеуі үшін ғылыми-техникалық әлеуетті дамыту, QazaqGaz персоналының білімі мен құзыреттілігінің деңгейін арттыру, сондай-ақ Компанияның нақты және технологиялық күрделі міндеттерін кешенді шешу.

Құрылған жылы	2023 жыл (QazaqGaz Qurylys қайта ұйымдастырылуы)
Орналасқан жері (Орталық аппарат)	Қазақстан Республикасы, Астана қаласы
Иелік ету құрылымы	QazaqGaz-дың 100% еншілес ұйымы
Қызметі	«QazaqGaz FTO» ЖШС (бұрынғы – «QazaqGaz Qurylys» ЖШС) негізгі қызметі: Материалдар мен бұйымдардың физикалық және пайдалану сипаттамаларын сынау; Инженерлік-техникалық жобалау; Геофизикалық, геологиялық және сейсмикалық зерттеулер; Қоғамдық және гуманитарлық ғылымдар саласындағы қолданбалы зерттеулер; Газ саласының бейінді мамандарының біліктілігін арттыру; Бейінді мамандардың біліктілігін растау; Қолданбалы бағдарламалық қамтамасыз етуді сүйемелдеу; Компьютерлік кодтардың құрылымы мен мазмұнын әзірлеу және (немесе) компьютерлік кодтарды жазу; Ақпараттық жүйелерді жоспарлау, әзірлеу және дамыту; Серверде ақпараттық ресурстарды орналастыру және деректерге қол жеткізу үшін инфрақұрылыммен қамтамасыз ету;

	Компьютерлік және периферияльық жабдықтарды жалға беру болып табылады.

«QazaqGaz ҒТО» ЖШС-нің 2023 жылғы негізгі оқиғалары:

1. QazaqGaz ҒТО экономикалық қызмет түрлері кеңейтілді.
2. QazaqGaz ҒТО Газпром ВНИИГАЗ-бен ғылыми және инновациялық қызмет мәселелері жөніндегі ынтымақтастық туралы меморандумға қол қойды. Өзара іс-қимыл жөніндегі жол картасы бекітілді.
3. QazaqGaz ғылыми-техникалық орталықтарының CNPC мұнай барлау және игеру ҒЗИ-мен (RIPED CNPC) ынтымақтастығы туралы негіздемелік келісімге қол қойылды. Өзара іс-қимыл жөніндегі жол картасы бекітілді.
4. Ұйымның газды бөлек есепке алу әдістемесі бойынша бірінші стандарты әзірленді.

QazaqGaz даму стратегиясы

Елдің энергетикалық қауіпсіздігін нығайтуға және газдың рентабельді жеткізілімдерін тұрақтандыру арқылы халықтың өмір сүру сапасын арттыруға бағытталған QazaqGaz-дың 2032 жылға дейінгі кешенді даму стратегиясын әзірлеу және бекіту2023 жылдың басты оқиғаларының бірі болып табылады.

Газ саласының инвестициялық тартымдылығын барынша арттыруды және оның әлеуетін ашуды қамтамасыз ету жөніндегі іс-шаралар кешенін іске асыру 2029 жылға қарай ЖІӨ-нің өсуіне елеулі үлес қосуға және компанияны Қазақстандық және/немесе шетелдік қор нарығында бастапқы жария орналастыруды (IPO) жүргізуге дайындауға мүмкіндік береді.

2023 жылдың нәтижелері бойынша Компания дамуының барлық бағыттары бойынша нақты нәтижелерге қол жеткізілді:

1-блок - ТҰРАҚТЫ ГАЗ НАРЫҒЫН ҚҰРУ ЖӘНЕ СҰРАНЫСТЫ БАСҚАРУ

1-бағыт. Үнемді тұтыну мәдениетін дамыту үшін өзгерістерді ынталандыру

Міндеті: Халық үшін газға баға белгілеудің, тұтынудың нормативтік деңгейлерін енгізетін жаңа тетігін құру.

Іске асыру: 2023 жылғы 19 қазанда Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысымен ҚР Энергетика министрлігі Компания мамандарымен бірлесіп әзірлеген Энергия тиімділігінің және газды үнемді тұтынудың 2023 – 2025 жылдарға арналған жоспары бекітілді.

Жоспарды іске асыру шеңберінде, сондай-ақ халықтың хабардарлық деңгейін арттыру үшін, «ҚазТрансГаз Аймақ» АҚ жұмыскерлері

тұтынушылармен 2023 жыл ішінде газды ұтымды пайдалану бойынша түсіндіру жұмыстарын жүргізді.

«Газды үнемді тұтыну» тетіктерін қолдану әдістемесінің 3 тұжырымдамалық нұсқасы әзірленді.

Нәтижесі: 2023 жылдың соңында әдістеме бекітілді. 2024 жылы «Газ және газбен жабдықтау туралы» Заңға өзгерістер енгізу жоспарлануда.

Міндеті: ГТС салу функциясын жергілікті атқарушы органдардан QazaqGaz-ға беру.

Іске асыру: «QazaqGaz ҒТО» ЖШС заңнамалық актілерге өзгерістер енгізу рәсімін ұйымдастыру бойынша жұмыс жүргізеді.

ЖАО функцияларын QazaqGaz-ға ішінара беру схемасын, бюджет қаражатын жұмсау тетігін (бюджет заңнамасын өзгертпестен), сондай-ақ төрт заңнамалық актіге («Газ және газбен жабдықтау туралы», «Табиғи монополиялар туралы», «Мемлекеттік сатып алу туралы», «Мемлекеттік мүлік туралы» Қазақстан Республикасының Заңдары) ұсынылатын өзгерістер мен толықтырулар бойынша салыстырмалы кестені қамтитын құжаттардың толық пакеті ҚР ЭМ-ге ұсынылды. Құжаттар топтамасы уәкілетті мемлекеттік органдармен келісілді.

Бұдан басқа, уәкілетті құрылымдық бөлімшелерді әзірленген тетіктермен таныстыру мақсатында, ЖАО-мен жұмыс жүргізілді.

2-бағыт. Газ нарығын кезең-кезеңімен либерализациялауға әкелетін, газ саласының дамуын және энергия тиімділігі мен құрылымдық өзгерістерді ынталандыратын әділ тарифтер мен бағалар.

Міндеті: Көтерме бағаларды түзету бойынша жұмыстар жүргізу – ірі коммерциялық өндірушілер (ІКӨ) мен өндіруші компаниялар үшін экспорттық нетбэк деңгейінде енгізілген жаңа бағаны ілгерілету (2023–2024 жж.).

Нәтижесі: Министрдің № 210 бұйрығымен 2023 жылғы 1 шілде - 2028 жылғы 30 маусым кезеңіне тауарлық газдың шекті көтерме бағасы бекітілді.

ЭМ-нің 2023 жылғы 30 маусымдағы №246 бұйрығымен 01.07.2023 жылдан бастап тұтынушылардың жаңа топтары үшін бөлшек саудада сату бағасы бекітілді. Жекелеп алғанда:

- тауарлық газдың 5 жыл ұзақ мерзімді кезеңге арналған көтерме бағасы жыл сайынғы түзету мүмкіндігімен бекітілді;
- тауарлық газдың көтерме бағасы 12,2 %-ға көтерілді;
- газ тұтынушыларының 2 жаңа санаты енгізілді: ірі коммерциялық тұтынушылар мен майнерлер;
- жер қойнауын пайдаланушылардан газдың жаңа көлемін сатып алу бағасының ынталандырушы формуласы бекітілді;

- Электр станцияларының тізбесіне енгізілген тұтынушылар үшін тауарлық газға бағаны бекітудің тетігі 10 жылдық мерзімге баға белгілеуден 5 жылдыққа өзгертілді;
- мүлікті балансқа немесе сенімгерлік басқаруға қабылдау кезінде, тауарлық газды тасымалдауға тарифтерді бекітуге рұқсат етіледі.

Міндеті: Газды көтерме саудада өткізудің нақты бағасын кезең-кезеңімен түзету бағдарламасын іске асыру (2023–2029 жж.).

Іске асыру: 2023 жылғы 1 шілдеден бастап 2028 жылғы 30 маусымға дейінгі кезеңде шекті көтерме бағалар ҚР бойынша орташа есеппен 12,2%-ға, 2024 жылы 9,1%-ға, 2025 жылы 10,8%-ға және 2026 жылы 11%-ға көтерілді.

Көрсетілген мөлшерде көтерме бағалардың өсуі 2026 жылға қарай газдың шығынсыз өткізілуіне қол жеткізуге мүмкіндік бермейді, бұл газ тапшылығына әкеледі.

Қазіргі уақытта QazaqGaz мемлекеттік органдармен белгіленген 15%-дық шектеуді өзгерту және көтерме бағаны 2024 жылғы 1 шілдеден бастап республика бойынша орта есеппен 30%-ға арттыру бойынша жұмыс жүргізуде.

Міндеті: Желілердің дербес дамуын қамтамасыз ететін тасымалдау мен бөлуге әділ тарифтерді енгізу. Ол үшін ГТасЖ және ГТарЖ операторының барлық шығындарын тасымалдау тарифіне (2026–2030 жж.) енгізуді пысықтау қажет.

Іске асыру: «Табиғи монополиялар туралы» Заңға және заңға тәуелді НҚА-ға өзгерістер енгізілді. 2023 жылғы 28 наурызда тарифтерді қалыптастыру қағидаларына өзгерістер қолданысқа енгізілді.

Нәтижесі: 2023 жылдың соңына қарай «ҚазТрансГаз Аймақ» АҚ-ның үш филиалында сенімгерлік басқарудағы газ құбырларына қызмет көрсетуге арналған шығыстар қосыла отырып, тарифтер өзгертілді.

Міндеті: жеке, тәуелсіз ГТҰ үшін бөлшек сауда бағасы мен ішкі газ тасымалдау тарифін реттеу туралы ұсыныс енгізу (2023 жылдан бастап)

Іске асыру: БҚДА-да 2023 жылғы 6 маусымда өткен кеңесте Қор басшылығымен бірлесіп QazaqGaz-дың реттеу туралы ұсынысын мемлекеттік органдар қолдады. ҚР ЭМ-ге 2023 жылғы мамырда барлық ГТҰ-лардың тауарлық газының бөлшек сауда бағаларын мемлекеттік реттеуді енгізу бөлігінде салыстырмалы кесте жолданды.

Міндеті: Ресурстық базаны ынталандыру — кен орындарының барлық түрлері, соның ішінде газды кен орындары үшін экспортқа бағдарланған бағаны ілгерілету (2023–2024 жж.).

Нәтижесі: Кейіннен ЖМК-ға өте отырып (салықтық преференциялар), Амангелді, Жарқұм, Анабай к/о көмірсутектерді өндірудің үлгілік келісімшартына өту.

Барханная к/о көмірсутектерді өндіруге арналған үлгілік келісімшартқа қол қойылды.

2-блок – Тізбектің барлық элементтері бойынша құндылықты максимизациялау

Бағыт 3. ГБЖ және Өндіру – ресурстық базаның өсуі мен диверсификациясын қамтамасыз ету.

Міндеті: Амангелді газ кен орындары тобын игеру бойынша жұмысты жалғастыру.

Нәтижесі: Жамбыл облысының Мойынқұм ауданында жаңа Анабай газ кен орны пайдалануға берілді (қорлары – 3,2 млрд м3, инвестициялар сомасы – 22 млрд теңге).

4 - бағыт. Өңдеу (ГӨЗ).

Міндеті: газ өңдеудің негізгі жобаларының қуаттарын уақтылы кеңейтуді қамтамасыз ету.

Нәтижесі: Технологиялық өзгерістерге байланысты, 2023 жылы Қашаған кен орнындағы газ өңдеу зауытын пайдалануға беру жөніндегі жобаның ЖСҚ-ны түзету қажеттілігі туындады (1-кезең), оған «Мемсараптама» РМК-дан 12.04.2023 жылғы оң қорытынды алынды.

Түзетілген ЖСҚ-ның сметалық бөлігіне «П» сатысында «Мемсараптама» РМК-нің оң қорытындысы 2024 жылғы 9 қаңтарда алынды.

2024 жылғы 23 қаңтарда НКОК және QazaqGaz арасында ілеспе шикі табиғи газды алу бойынша қызметтер көрсету туралы қосымша келісімге қол қойылды.

ГӨЗ енгізу мерзімі 2023 жылдан 2025 жылға ауыстырылды.

Инертті материалдарды жеткізуді қамтамасыз ету үшін, алғашқы іске қосу кешенінің теміржол жолдарын жүргізу аяқталды.

«GPC Investment» ЖШС жұмыскерлері үшін вахталық кенттің құрылысы басталды.

5-бағыт. Сауда операциялары - елдегі газ балансын оңтайлы бағамен қамтамасыз ету.

Міндеті: Газ транзиті, кері экспорты және импорты бойынша уағдаластықтарға қол жеткізу

Нәтижесі:

1. PetroChina International компаниясымен 2023-2026 жылдарға арналған жаңа экспорттық келісімшартқа қол қойылды:

- баға белгілеу принциптері сақталды;
- жазғы кезеңде газды үлкен көлемде қабылдау туралы уағдаластықтарға қол жеткізілді;

- газдың толық жеткізілмеуі мен сапасының нашарлауы үшін жеңілдіктер төмендетілді;
- ішкі тұтынушыларға газ беруді қысқартпай, жаңа шарт шеңберінде 2023 жылы газ экспорты бойынша келісімшарттық міндеттемелердің толық орындалуы (көлемі асыра орындалды) қамтамасыз етілді;
- Түрікменстан-Өзбекстан-Қазақстан-Қытай МГҚ-дан газды рұқсатсыз алудың алды алынды (Мемлекет басшысының тапсырмасы).
- «Газпром» ЖАҚ-мен газ транзиті, кері экспорты және импорты бойынша уағдаластыққа қол жеткізілді:
- ресейлік газдың Қазақстан аумағы арқылы Өзбекстанға «САЦ-4»/ «САЦ-5» МГҚ (көлемі 3 млрд м3 дейін) бойынша транзиті алғаш рет басталды;
- ҚХР-ға QazaqGaz экспорттық көлемін ұлғайту үшін ресейлік газды жеткізу жүзеге асырылды;
- 2024 жылы ҚХР-ға газды экспорттық жеткізуді ұлғайтуды қамтамасыз ететін келісімшартқа қол қойылды;
- 2023-2024 жылдары ҚҚК-нің тұрақты өтуі үшін «спот» келісімшартына қол қойылды;
- Орынбор ГӨЗ-де жоспардан тыс жөндеу кезінде ресейлік газдың өтемдік жеткізілуін көздейтін келісімшартқа қол қойылды. Қарашығанақ газын Орынбор ГӨЗ-ға қабылдау тұрақтандырылды;
- Өзбекстанға транзитті 11-22 млрд м^3 дейін ұлғайту шеңберінде «САЦ-4» МГҚ желілік бөлігіне және компрессорлық станцияларға техникалық аудит жүргізілді.

Міндеті: Жергілікті атқарушы органдармен газ-моторлы отын нарығын ынталандыру үшін, газ-моторлы отынмен жүретін автобус паркін кеңейту жөнінде келіссөздер жүргізу.

Нәтижесі:

1. Үкіметтің табиғи газды мотор отыны ретінде пайдалануды кеңейту туралы тапсырмасын орындау шеңберінде, QazaqGaz және Алматы қаласының әкімдігі арасындағы меморандумға қол қойды. Қол қойылған құжатқа сәйкес, ұлттық компания үш АГТКС салады және сығылған табиғи газды (СТГ) үздіксіз жеткізуді қамтамасыз етеді. Өз тарапынан Алматы әкімдігі автобус паркін 1200 бірлікке дейін кеңейтуді жоспарлап отыр.

2. QazaqGaz және Шымкент қаласының әкімдігі арасында Газ және газ моторлы отын саласындағы ынтымақтастық туралы меморандумға қол қойылды. Қол қойылған құжат тараптарға жаңа жобаларды іске асыру бөлігінде тиімді ынтымақтасуға мүмкіндік береді. Олардың қатарында автомобильдік газ толтыру компрессорлық станцияларын (АГТКС) салу және пайдалануға беру, қалалық газ

тарату жүйесінің өткізу қабілетін ұлғайту, сондай-ақ газбен үздіксіз жабдықтауды және тұрғындардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету бар.

6 - бағыт. Газ тасымалдау жүйесі және жерасты газ қоймалары

Міндеті: Үздіксіз жеткізуді қамтамасыз ету және елдің экспорттық-транзиттік әлеуетін барынша арттыру.

Нәтижесі:

1. «Мақат-Солтүстік Кавказ» магистральдық газ құбыры лупингінің құрылысы аяқталды; Маңғыстау облысында «Бейнеу-Жаңаөзен» екінші желісі іске қосылды; Алматы энергия кешені үшін газ инфрақұрылымын салудың бірінші кезеңі аяқталды.

2. Экспортқа газды өткізу көлемі 5 564 млн м3 құрады және 7% - ға асыра орындалды. Өткен жылдың ұқсас кезеңінің нақты көрсеткішімен салыстырғанда, газды өткізудің өсуі ресурстық базаның ұлғаюына байланысты.

3. Газдың ішкі тасымалы 3%-ға артып, өткен кезеңмен салыстырғанда 22 663 млн м^3 құрады. Магистральдық тасымалдаудың жалпы көлемі 79 443 млн м^3 құрады, оның ішінде халықаралық транзиттің көлемі 45 748 млн м^3 құрады.

4. ЖГҚ-ға газды айдау және алу көлемі ұлғайтылды. Жекелеп алғанда, газ айдау көлемі 31,4%-ға артып, 3 195 296 мың м3 құрады. Газ алу көлемі 18,7%-ға артып, 2 779 181 мың м3 құрады.

7-бағыт. Газ тарату жүйесі және «Соңғы миль[1]»

Міндеті: ҚНжЕ газ шығынын азайту бойынша пилоттық жоба шеңберінде, Шымкенттегі тұрғындарға ақылды есептегіштер орнату.

Нәтижесі:

1. ҚсӨФ, АӨФ, МӨФ, ЖӨФ, АлӨФ, ШӨФ-дағы 31 300 км ГТС олардағы құрылыстарымен цифрландырылды.

2. ҚР ЭМ ҚР ҰЭМ және QazaqGaz-бен бірлесіп Тұтынушыларға тауарлық газды өткізу кезінде, оны есепке алуды автоматтандыру жөніндегі 2028 жылға дейінгі жол картасы бекітілді.

8-бағыт. Даунстрим

Міндеті: газ-химия саласының ықтимал болашақ жобаларын шикізатпен (газбен) қамтамасыз ету.

Іске асыру: метан негізіндегі газ-химия өндірістерін дамыту әлеуеті бар. Газдың профициті жағдайында ғана бұл бағытты одан әрі дамытуға мүмкін болады. Ішкі нарықты қамтамасыз ету жөніндегі бірінші кезектегі міндеттерді ескере отырып, бұл бағытты іске асыру ұзақ мерзімді жоспарлау көкжиегінде жоспарланған.

1 газ құбырын қосудың соңғы учаскесі.

3-блок - Ұйымның тиімділігін арттыру және компанияны IPO-ға сәтті шығуға дайындау

9-бағыт. Операциялық және инвестициялық қызметті жетілдіру

Міндеті: Корпоративтік сүйемелдеу функцияларын орталықтандыру.

Іске асыру:

QazaqGaz даму стратегиясын имплементациялау шеңберінде жобаларды басқару жөніндегі офис (PMO) құрылды және бастамаларды іске асыру процесін қадағалау үшін мониторинг және бақылау құралдары енгізілді.

Нәтижесі:

Жобаларды, бастамаларды және ҚНК орындаудың ең жоғары пайызы (91%).

Міндеті: Industrial relations стандарттарын енгізу.

Іске асыру:

1. sk-ir.checkoffice.ru платформасында өндірістік персоналдың әлеуметтік-тұрмыстық жағдайларына IR-скринингтер жүргізілді;

2. Түзету іс-шаралары жүргізілді (қайталанатындар алып тасталды, өткізілгендерге түзетулер енгізілді);

3. Еңбек даулары бойынша семинарлар ұйымдастырылып, онда келісім комиссиясының мүшелері оқудан өтті.

4. IR мамандары арасында қысымның алдын алу және түрлері туралы тренинг өткізілді.

5. Еңбек ұжымдарында жанжалдарды болдырмау туралы заң блогының мамандары «Жұмыс орындарындағы қысым мен қысымның алдын алу» тақырыбындағы оқудан өтті.

Нәтижесі:

1. Жұмыскерлердің сауалнамасының нәтижелері бойынша (Samruk Research services платформасы шеңберінде) QazaqGaz әлеуметтік тұрақтылық рейтингі 2023 жылы 68% құрады.

2. 2023 жылдың қорытындысы бойынша QazaqGaz «Сенімді жұмыс беруші» номинациясы бойынша «Үздік әлеуметтік серіктес» сыйлығын алды.

10-бағыт. Газ саласындағы құзыреттерді дамыту және жоғары құзыретті ұйым құру (ҒТО-ны қоса алғанда)

Міндеті: Газ саласының тиімді жұмыс істеуі үшін ғылыми-техникалық орталық құру

Нәтижесі:

1. Газ саласының тиімді жұмыс істеуі үшін ғылыми-техникалық әлеуетті дамытуға, QazaqGaz персоналының білімі мен құзыреттілігінің деңгейін жетілдіруге, сондай-ақ Компанияның нақты технологиялық қиын міндеттерін кешенді шешуге бағытталған «QazaqGaz ҒТО» бірінші салалық ғылыми-техникалық орталығы құрылды.

Міндеті: Жоғары оқу орындарымен әріптестік, студенттердің тағылымдамалары мен практикаларын ұйымдастыру

1. Алғаш рет еліміздің озық техникалық жоғары оқу орындарында: KBTU және Қ.И. Сәтбаев атындағы ҚазҰТУ-да оқитын үздік газшы студенттерге арналған Стипендия тағайындалды.

11-бағыт. Цифрлық құралдарды қолдану арқылы ұйымның тиімділігін арттыру

Міндеті: Өндірістік қызметтің жүйелері мен процестерін жедел және тиімді бақылау үшін активтерді басқарудың аналитикалық жүйесінің жобасын кезең-кезеңімен іске асыру.

Нәтижесі: «Тарату желілеріндегі газды тұтынуды талдау» активтерді басқарудың аналитикалық жүйесі жобасының бірінші кезеңі аяқталды. Осы жоба шеңберінде интеграциялық шина ашылды, деректерді енгізу нысандары әзірленді және газды есепке алу мен түпкілікті тұтынушыларға (халық және бизнес) өткізу бойынша бытыраңқы көздерден Компания деректерін жинақтау үшін бірыңғай қойма құрылды.

Бұдан басқа, магистральдық газ құбырынан газдың түсуін есепке алудың дәлдігін арттыру, газды абоненттерге бөлу және газ теңгерімсіздігі мен газды есепке алудағы ауытқуларды жедел анықтау мақсатында, 34 дешборд әзірленді.

12-бағыт. Компанияны табысты IPO-ға дайындау (соның ішінде ESG рейтингінің мақсатты деңгейіне шығу).

Тапсырма: оңтайлы ESG рейтингін алу.

Нәтижесі:

1. ESG оң рейтингі 19,2 деңгейінде алынды, бұл Қазақстандағы ең жоғары рейтинг болып табылады (Morningstar Sustainalytics әдіснамасына сәйкес).

Міндеті: Есептіліктің транспаренттілігін қамтамасыз ету және корпоративтік басқару жүйесін жетілдіру.

Іске асыру: Компанияның 2022 жылғы Интеграцияланған жылдық есебінде ұсынылған, Тұрақты даму саласындағы көрсеткіштерді тәуелсіз куәландыру рәсімі жүргізілді.

Нәтижесі:

1. QazaqGaz алғаш рет PwC Kazakhstan нұсқасы бойынша ESG – ақпаратты ашу бойынша ТОП – 3 рейтингіне енді. Мұның бәрі Компанияның жауапты бизнесті жүргізудің жоғары стандарттарына және орнықты даму саласындағы төмен тәуекелдерге сәйкестігін көрсетеді.

Тиімділіктің негізгі көрсеткіштерінің жүйесі

Тиімділікті бағалау жүйесі Компанияны стратегиялық және жедел басқару құралдарының бірі болып табылады және ішкі бизнес-процестердің Компанияның стратегиялық мақсаттарымен үйлесімділігін қамтамасыз етеді.

Негізгі көрсеткіштер жүйесі негізгі қағидаттарға қатаң сәйкестікте жұмыс істейді:

- ҚНК теңгерімдеу қағидаты өндірістік және қаржылық-экономикалық көрсеткіштердің, сондай-ақ тұрақты даму саласындағы көрсеткіштердің (корпоративтік басқару, әлеуметтік және экологиялық сала) болуын көздейді.
- Декомпозияция қағидаты ҚНК-ны «жоғарыдан төменге» орнатуды көздейді, бұл стратегиялық ҚНК-ларды ұйымдық құрылым мен қызмет түрлері бойынша каскадтауды білдіреді.
- Жауапкершілік қағидаты бекітілген параметрлерге сәйкес ҚНК уақтылығы мен орындалу сапасы үшін дербес жауапкершілікті білдіреді.

Корпоративтік стандарт нормаларына сәйкес, QazaqGaz Басқарма мүшелерінің корпоративтік және уәждемелік ҚНК тізбесін бекітуді жыл сайын Директорлар кеңесі «шек», «мақсат» және «сын-тегеурін» мәндерін белгілей отырып жүзеге асырады.

Корпоративтік ҚНК қызметтің негізгі салаларын қамтиды және есепті кезеңде Компанияның басымдықтарын ескере отырып қалыптастырылады. Мәселен, 2023 жылы QazaqGaz қызметінің тиімділігі қаржылық және өндірістік көрсеткіштерге қол жеткізу призмасы арқылы айқындалды:

- Газды өткізу көлемі;
- Басым инвестициялық жобаларды іске асыру;
- EBITDA margin;
- Мемлекет басшысының және жоғары тұрған органдардың тапсырмаларын орындау;
- Еңбек қабілеттілігінен айырылумен жарақаттарының жиілік коэффициенті (LTIF).

2023 жылдың қорытындысы бойынша корпоративтік ҚНК-ніорындау бойынша оң динамика байқалатынын атап өту қажет, жекелеп алғанда:

- Өндірістік көрсеткіштердің нақты орындалуы «шек» және «мақсат» мәндерінің арасында тіркелген;
- Инвестициялық жобалар 100 пайызға орындалды;
- «EBITDA margin» қаржылық көрсеткіші шекті мәннен асып түсті.
- Мемлекет басшысының және Қазақстан Республикасы Үкіметінің тапсырмалары 90%-ға іске асырылды.
- Еңбекке қабілеттілігін жоғалтумен жарақат алу коэффициенті 0,18 - ден 0,12-ге дейін қысқарды.

3-бөлім
ТРАНСФОРМАЦИЯ

Елдің энергетикалық секторын дамытуды қамтамасыз ету үшін, QazaqGaz операциялық процестерді оңтайландыруға және қызмет тиімділігін арттыруға бағытталған трансформациялық өзгерістерге ұшырауда.

Реформалар Компанияның жұмысын үнемі жақсарту үшін әртүрлі қызмет салаларында процестік тәсілді (BPM) және үнемді өндіріс принциптерін (LEAN) енгізуге негізделген.

Елдің энергетикалық секторын дамытуды қамтамасыз ету үшін, QazaqGaz қызметінің тиімділігін арттыру мақсатында операциялық процестерді жетілдіруге бағытталған трансформациялық өзгерістерге ұшырауда.

Активтер портфелін кеңейту

2023 жыл бойы активтер портфелінің құрылымын трансформациялау жүзеге асырылды. Өзгерістер келесі бизнес-бағыттар бойынша орын алды:

1. «Барлау және өндіру» бағыты бойынша «Маңғышлақ-Мұнай» ЖШС («QazaqGaz барлау және өндіру» ЖШС мен «Тегіс Мұнай» ЖШС арасындағы сенімгерлік басқару шарты бойынша) енгізілді.

2. «Магистральдық тасымалдау» бағыты бойынша «АстанаГаз ҚМГ» ЖШС (сенімгерлік басқару шарты бойынша Қордан 50% QazaqGaz, 50% - «Baiterek Ventures Fund»АҚ) енгізілді.

3. «Өңдеу, бөлу және өткізу» бағыты бойынша «GPC Investment» ЖШС (Қордан сенімгерлік басқару шарты бойынша 100%) енгізілді.

4. «Сервистік компаниялар» бағыты бойынша «ҚазМұнайГаз-Сервис NS» АҚ енгізілді (100% QazaqGaz-дың қатысу үлесі).

Компанияның қызметіне цифрлық құралдарды енгізу

2023 жылы QazaqGaz активтерді басқарудың аналитикалық жүйесін енгізуді қоса алғанда, цифрландыру бойынша ауқымды мультижобаны іске асыруға кірісті.

Жүйе өндірістік процестердің қызметіне жедел және тиімді бақылауды қамтамасыз етуге бағытталған және жедел басқару шешімдерінің тиімділігін, ашықтығы мен сапасын арттыруға мүмкіндік береді.

Барлық негізгі өндірістік деректерді бірыңғай массивке жинақтау кезінде, талдау және неғұрлым негізделген жедел іс-қимылдарды қабылдау үшін кең мүмкіндіктер ашылады.

2023 жылдың соңында QazaqGaz магистральдық газ құбырлары мен газ тарату желілері бойынша газ балансын цифрландырудың пилоттық жобасы бойынша Presight (цифрландыру саласындағы әлемдік көшбасшы) компаниясымен ынтымақтастық туралы келісім жасасты. Бұл келісім газ саласын цифрлық трансформациялау үшінжаңа мүмкіндіктерді ашады және неғұрлым тиімді басқаруды қамтамасыз етеді.

GRI 418-1

2023 жылы QazaqGaz компаниялар тобында құпиялылықтың бұзылуына және деректердің жоғалуына негізделген шағымдар тіркелген жоқ.

Интеграцияланған менеджмент жүйесі

Тұрақты дамуды қамтамасыз ету және инвестициялық тартымдылық деңгейін арттыру үшін компанияда интеграцияланған менеджмент жүйесі енгізіліп, табысты жұмыс істейді.

Компанияда 2023 жылғы 26 мамырда жүргізілген сертификаттау аудитінің нәтижелері сапаға адалдықтың дәлелі болып табылады. Оның қорытындысы бойынша компания келесі стандарттар бойынша TÜV Rheinland Kazakhstan сертификаттарын алды:

ISO 9001: 2015 «Сапа менеджменті жүйесі»;

ISO 14001: 2015 «Экологиялық менеджмент жүйесі»;

ISO 45001: 2018 «Еңбек қауіпсіздігі және денсаулық сақтау менеджменті жүйесі».

Сертификаттармен компанияның https://qazaqgaz.kz/korporativnye-dokumenty сайтындағы сілтеме бойынша танысуға болады.

4-бөлім

ӨНІМДІЛІКТІ КӨРСЕТУ

Қаржылық және өндірістік көрсеткіштердің нәтижелілігін жақсарту мақсатында, Компания қызметтің тұрақтылығына елеулі әсер ететін әсер ету факторларының мониторингін жүйелі негізде жүзеге асырады. Олардың ішіндегі ең маңыздылары:

- тауарлық газ балансындағы өзгерістер;
- баға / тарифтік өзгерістер;
- инвестициялық факторлар;
- валюта бағамдарының өзгеруінің әсері;
- санкциялық факторлар;
- компаниялар тобының құрылымындағы өзгерістер.

Қаржылық және операциялық көрсеткіштер

QazaqGaz түпкі тұтынушыларды тауарлық газбен қамтамасыз етуде шешуші рөл атқарады. Магистральдық газ құбырлары мен газ тарату желілері арқылы газ тасымалдау бойынша орталықтандырылған инфрақұрылымды басқара отырып, халықаралық транзитті қамтамасыз етеді және ішкі және сыртқы нарықтарда газ сатумен айналысады.

Өндірістік көрсеткіштер бойынша (газды өткізу және өндіру) 2022 жылдың ұқсас кезеңімен салыстырғанда оң үрдіс байқалады. Мәселен, 2023 жылы газды сату ішкі нарықта тұтынудың өсуі есебінен 6% - ға ұлғайды.

Осыған ұқсас өсім Жамбыл облысы Мойынқұм ауданындағы Анабай кен орнын пайдалануға беру есебінен газ өндіру көрсеткіші бойынша байқалады: 2022 жылы 277,555 млн м^3 тен есепті кезеңдегі 294,254 млн м^3-ке дейін.

4-кесте. QazaqGaz-дың негізгі өндірістік көрсеткіштері, бірлік.

Көрсеткіш	**2021**	**2022**	**2023**
Газды өткізу, млн м^3 оның ішінде.	*23 644*	*22 751*	*24 34*
- *экспорт*	*6 044*	*4 333*	*5 564*
- *ішкі нарық*	*17 600*	*18 419*	*18 570*
Магистральдық тасымалдау, млн м^3 оның ішінде	*95 422*	*83 744*	*79 443*
- газды ішкі тасымалдау	*21 146*	*21 956*	*22 663*
- халықаралық транзит	*60 067*	*52 513*	*45 748*
- газды экспортқа тасымалдау	*14 209*	*9 275*	*11 031*
Тауар-көлік жұмысы, млрд м^3 * км	*55 927*	*48 661*	*46 478*
Газ өндіру, млн м^3	*278,182*	*277,555*	*294,254*

Магистральдық газ құбырлары арқылы газ тасымалдау көлемі 79 443 млн м3 құрады, ондағы ең көп үлес халықаралық транзитке тиесілі (58%).

***5-кесте.* Компаниялар тобы бойынша магистральдық тасымалдау QazaqGaz, млн м3**

Көрсеткіш	**2022**	**2023**
Газды ішкі тасымалдау	***21 956***	***22 663***
«Интергаз Орталық Азия» АҚ	*16 835*	*16 515*
«Азиялық Газ құбыры» ЖШС	*1 361*	*1 370*
«ҚазТрансГаз Аймақ» АҚ	-	-
«Бейнеу–Шымкент Газ құбыры» ЖШС	*3 761*	*4 778*
Халықаралық транзит	***52 513***	***45 748***
«Интергаз Орталық Азия» АҚ	*32 887*	*27 718*
«Азиялық Газ құбыры» ЖШС	*19 440*	*17 836*
«Бейнеу–Шымкент Газ құбыры» ЖШС	*186*	*195*
Газды экспортқа тасымалдау	***9 275***	***11 031***

«Интергаз Орталық Азия» АҚ	*4 942*	*5 564*
«Азиялық Газ құбыры» ЖШС	*2 166*	*2 782*
«Бейнеу–Шымкент Газ құбыры» ЖШС	2 167	*2 684*

Магистральдық тасымалдаудың құрамдас бөліктері бөлінісінде 2023 жылы мынадай өзгерістер байқалады:

- алдыңғы есепті кезеңмен салыстырғанда, газды ішкі тасымалдау көлемінің Қазақстан Республикасының ішкі нарығында газды тұтынудың ұлғаюымен байланысты өсуі.
- Қытайға газ тасымалдау экспортының ұлғаюына байланысты газ тасымалдау көлемінің өсуі.

6-кесте. **QazaqGaz қаржылық көрсеткіштері, млн теңге**

Көрсеткіш	**2021**	**2022**	**2023**	**Өзгеріс (%)**
Өнімді өткізуден және қызмет көрсетуден түскен табыс	*896 255*	*952 283*	*1 081 209*	*21*
Өзіндік құны	*704 327*	*806 657*	*1 023 093*	*45*
Жалпы пайда	*191 928*	*145 626*	*58 116*	*-69*
Қорытынды пайда	*400 193*	*386 628*	*325 854*	*-19*
Салынған капиталға пайда (ROACE)	*20,3%*	*16,3%*	*12,04%*	*-41*
Пайызды, салықты, тозу және есептелген амортизация бойынша шығыстар шегерілгенге дейінгі пайда көлемі (EBITDA)	*552 185*	*495 249*	*379 395*	*-31*
Кірістер	*938 510*	*1 042 126*	*1 142 153*	*22*
Шығыстар	*790 048*	*955 984*	*1 152 826*	*46*
Жалғасатын қызметтен кезең ішіндегі пайда (шығын)	*400 193*	*386 628*	*325 854*	*-19*

Есепті кезеңде газды өткізумен байланысты негізгі қызметтен түскен табыс 2021 жылдың ұқсас кезеңімен салыстырғанда, 21%-ға өсті. Өсім жаңа тұтынушылар есебінен газды өткізу көлемінің ұлғаюына және халық арасында тұтынудың өсуіне, сондай-ақ экспортқа газ көлемінің ұлғаюына байланысты.

2021-2023 жылдар кезеңінде EBITDA трендінің өзгеруі газ сатып алу бағасының өсуімен байланысты.

Компания тобының жалғасып жатқан қызметінен 2021 – 2023 жылдар кезеңіндегі пайданың (шығынның) өзгеруі газға сатып алу бағасының ұлғаюымен байланысты. Бұдан басқа, 2023 жылғы 1 қаңтардағы ҚР Салық кодексінің 241-бабындағы салық төлеушілердің жылдық жиынтық табысынан дивидендтерді алып тастауға қатысты өзгерістерге байланысты, КТС бойынша шығыстар есебінен Топ бірлескен кәсіпорынға инвестициялар бөлігінде 26 329 572 мың теңге сомасына кейінге қалдырылған салық міндеттемелеріндегі тиісті өзгерісті көрсетті.

Инвестициялық бағдарламаларға шолу

Компанияның даму стратегиясымен және ұзақ мерзімді Инвестициялық бағдарламамен белгіленген стратегиялық міндеттерді іске асыру шеңберінде, QazaqGaz соңғы жылдар ішінде мынадай басымдықтарды іске асыруға бағытталған:

- жаңа газ кен орындарын пайдалануға беру есебінен ресурстық базаны кеңейту;
- еліміздің елді мекендерін газдандыру;
- газды түпкілікті тұтынушыларға үздіксіз қамтамасыз ету;
- өндірістік және технологиялық әлеуетті оңтайландыру;
- магистральдық газ құбырлары жүйесін жаңғырту;
- Қазақстан Республикасының транзиттік және экспорттық әлеуетін дамыту.
- газ химиясының бәсекеге қабілетті саласын құру.

Соңғы жылдары энергетикалық қауіпсіздікті қамтамасыз етуге және халықтың әл-ауқатының деңгейін арттыруға бағытталған инвестициялық жобаларға күрделі салымдардың едәуір ұлғаюы байқалады.

2-сурет. Жаңа инвестициялық жобаларға 2013-2023 жылдардағы күрделі салымдар*, ҚҚС-сыз млн теңге



** бірлескен бақыланатын ұйымдардың жобаларын есепке алмағанда - АГҚ және БШГҚ*

Мәселен, өткен есепті кезеңмен салыстырғанда, QazaqGaz және оның еншілес ұйымдарының инвестициялық жобаларын іске асыруға салынған күрделі салымдар көлемінің 2 есе өсуі байқалады. Бұл көрсеткіш 330 282 млн теңгені құрады. Инвестициялардың өсуі газ тасымалдау жүйесінің кеңеюіне байланысты. Жекелеп алғанда, Қашаған кен орнында «Бейнеу-Жаңаөзен» магистральдық газ құбырының екінші желісін және Алматы энергия кешенінің газ инфрақұрылымы мен ГӨЗ салу.

***7-кесте.* Инвестициялық салымдар туралы ақпарат, бірлік [2]**

Жобалар	**Құны, ҚҚС-сыз млн теңге**	**Іске асыру мерзімі, жж.**
Магистралдық тасымалдау		
Алматы қаласының АГТС-тен ЖЭО-2 және ЖЭО-3-ке дейін жоғары қысымды газ құбырларын салу	80 778	2021–2024
«Бейнеу-Бозой-Шымкент» МГҚ екінші желісін салуға» арналған ТЭН	1 599	2023-2024
«Бейнеу–Бозой–Шымкент» газ құбырын салу	882 560	2011–2024
«Ақтөбе» МГҚБ Краснооктябрьск ЖӨБ жаңа КС-14 және жаңа «КС-14-Қостанай» МГҚ салу	489 172	2023-2026

[2] Жобалардың құны инвестициялау валютасына байланысты өзгереді.

КС-10 компрессорлық станциясын салу	246 941	2023-2026
«Қашаған» ГКДҚ–дан компрессорлық станциясы бар «Мақат-Солтүстік Кавказ» МГҚ-ға дейін МГҚ салу	77 301	2020–2023
Маңғыстау облысының газ тасымалдау жүйесін қайта жаңарту	203 862	2021–2024
«Мақат-Солтүстік Кавказ» МГҚ-да лупинг салу	93 047	2021–2023
Өңірлік тасымалдау		
Қостанай облысының 3 елді мекенін (Жітіқара қаласы, Тобыл кенті, Большая Чураковка ауылы) газдандыру	2 872	2021–2023
2 БГП орната отырып АГТС-тан бастап «Сарша» жеріне дейін жоғары қысымды газ құбырын салу [3]	7 411	2021–2023
Алматы қ. АГТС-тен ЖЭО-2 және ЖЭО-3-ке дейін газ құбырларын салу	9 786,7	2022–2023
Газ өндіру		
«Амангелді газ кен орындары тобын игеру» жобасының өндіру тобы	81 405	2012–2027
«Придорожное» кен орны	108 684	2023–2032
Газ өңдеу		
«Қашаған» кен орнында газ өңдеу зауытын салу	439 239	2021–2026
Газ моторлы инфрақұрылым		
Алматы қаласында 2 АГТКС салу	1 039	2022–2025

Салық саясаты

Салық міндеттемелерін орындау тәсілі

GRI 207-1

Бизнесті жауапты жүргізудің жоғары стандарттарын декларациялай отырып, QazaqGaz Республикамыздың қолданыстағы салық заңнамасының нормаларын сақтауға ерекше мән береді.

Компанияның салықтық есепке алу саясаты оның тиісті орындалуын бақылауды Компания басшылығы қамтамасыз ететін, салық есебін жүргізу тәртібін айқындайды. Ол салық міндеттемелерін уақтылы төлеудің бұзылуына әкелетін тәуекелдерді сәйкестендіруді, алдын алуды және митигациялауды көздейтін тәсілдер мен шаралар кешенін имплементациялау арқылы іске асырылады.

QazaqGaz салық аударымдарын жүргізе отырып, өңірлердің әлеуметтік-экономикалық дамуына және халықтың әл-ауқатының өсуін қамтамасыз етуге елеулі үлес қосады. Компания салық дауларының туындау тәуекелдерін барынша

азайту мақсатында, салық органдарымен, тәуелсіз қауымдастықтармен диалог жүргізудің ашықтығы мен айқындылығы қағидаттарын сақтауда үздік халықаралық тәжірибелерді ұстанады.

Бюджетке 2020-2023 жж. бөлінісіндегі салық төлемдері (мың теңге)

2020	**2021**	**2022**	**2023**
63 694 253	52 666 316	106 409 050	69 770 372

2022 жылмен салыстырғанда, бюджетке салық төлемдерінің мөлшері 34%-ға қысқарып, 69,8 млрд теңгені құрады. Төмендеу 1) ресейлік газ импортының көлемінің ұлғаюына байланысты, импортқа қосылған құн салығының 1,6 есеге (2023 жылы 3,5 млрд теңгеден 5,8 млрд теңгеге дейін) ұлғаюына байланысты, 2) міндетті төлемдер (әлеуметтік аударымдар, МЗЖ және ЖТС) сияқты бірқатар төлемдер мөлшерінің ұлғаюына байланысты. Сонымен қатар, салық төлемдерінің төмендеуі 2022 жылы КТС артық төлеу есебінен 9 млрд теңгеге жуық болғанын атап өту қажет.

Салық тәуекелдерін басқару және бақылау

GRI 207-2

QazaqGaz-да «Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы» Қазақстан Республикасы Кодексінің талаптарына сәйкес іске асырылатын салықтық есепке алу саласындағы тиімді басқару мен бақылау қолданылады.

Салық тәуекелдерін басқару және төлем міндеттемелерін бақылау компанияның бизнес-процестеріне әсер ететін заңнамалық өзгерістерді қадағалауда, сондай-ақ салық тәуекелдерін сәйкестендіру мен бекітілген тізілімді өзектендіруде жүйелі жұмысты көздейді.

Олар анықталған жағдайда, уәкілетті құрылымдық бөлімше тоқсан сайынғы негізде ұсынатын қаржылық есептілікте олар бойынша ақпаратты ашу көзделген.

Салық мәселелері бойынша дербес жауапкершілік Басқарма Төрағасының экономика және қаржы жөніндегі орынбасарына бекітілген, ол күн сайын туындайтын салықтар бөлігіндегі мәселелерді шешу жөніндегі міндеттерді Орталық бухгалтерияның Салық есептілігі секторына жүктейді.

Салық есептілігі секторы салық есебін жүргізуге, салық тәуекелдерін бақылауға және басқаруға жауапты және оларды бақылау үшін тиісті процестер мен жүйелердің болуын қамтамасыз етеді.

Қоғамның Орталық бухгалтериясы және компаниялар тобының бухгалтериялары ықтимал тәуекелдерді жедел анықтау және оларға ден қою мақсатында, салық органдарымен тығыз өзара іс-қимыл жасайды. QazaqGaz

басшылығы деңгейінде шешуді талап ететін мәселелер туындаған жағдайда, ЕТҰ Қоғамның Орталық бухгалтериясына хабардар етіп, олар қабылдаған шешімдерді басшылыққа алады.

Қоғамға және оның ЕТҰ/ББҰ-ға қолданылатын бастамашыл ақпараттандыру желісі («жедел желі») Қоғамда жұмыс істейді, оған тәуелсіз оператор қызмет көрсетеді. Салық салу саласындағы бұзушылықтар анықталған жағдайда, Компания жұмыскерлерінің осы мәселе бойынша осы опция арқылы жүгіну мүмкіндігі бар.

Салық салуға қатысты кез-келген ақпаратты сыртқы аудиторлар компанияның қаржылық есептілігінің аудиті кезінде үнемі тексеріп отырады.

2023 жылы салық төлеушілерді санаттау нәтижелері бойынша, ҚР ҚМ Мемлекеттік кірістер комитеті QazaqGaz-ға төмен тәуекел дәрежесін берді. Бұл операциялық, экономикалық және беделдік факторларды ескере отырып, қолданыстағы заңнамалық талаптарға сәйкес салық тәуекелдері мен төлемдерін тиімді басқару туралы куәландырады.

Салық салу саласындағы мүдделі тараптармен өзара іс-қимыл
GRI 207-3

QazaqGaz салық салу саласындағы стейкхолдерлердің үздіксіз өзара іс-қимылына бағытталған салық органдарының түрлі пилоттық жобаларының белсенді қатысушысы болып табылады.

Салық заңнамасындағы өзгерістер туралы өзекті ақпарат алу, сондай-ақ құзыреттерді дамыту мақсатында, Орталық бухгалтерия жұмыскерлері жүйелі негізде мемлекеттік органдар мен қауымдастықтар өткізетін семинарлар мен тренингтерге, жұмыс топтарына, дөңгелек үстелдерге, жұмыс кездесулеріне қатысады.

2023 жылы QazaqGaz және Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік кірістер комитеті арасындағы өзара іс-қимыл туралы келісім шеңберінде іске асырылатын көлденең мониторинг жөніндегі пилоттық жобаның енгізілуі мүдделі тараптармен өзара іс-қимылдың көрсеткіштік нәтижелерінің бірі болып табылады.

Бизнес-процестерді, ақпараттық жүйелерді және салық тәуекелдерін басқару бойынша ішкі бақылау жүйесін диагностикалау оны жүргізудің мақсаты болып

табылады. КМ 2023 жылы өткізу бойынша бекітілген Жол картасы шеңберінде мынадай іс-шаралар іске асырылды:

1) МКК мен Қоғамның КМ бойынша пилоттық жоба жөніндегі ақпараттық өзара іс-қимыл регламенті 31.01.2023 жылы келісілді және бекітілді;

2) тиісті департаменттердің жұмыскерлерімен КМ жөніндегі жұмыс тобының құрамы Қоғамның Басқарма Төрағасы міндетін атқарушының 05.05.2023 жылғы № 58 бұйрығымен бекітілді;

3) Қоғамның бизнес-процестерін автоматтандыру деңгейін және бақылау функцияларын айқындау жөніндегі сауалнама МКК-ға жіберілді;

4) МКК жұмыскерлерімен құпиялылық туралы шартқа қол қоя отырып, тестілеу үшін МКК-мен келісілген форматта Қоғамның есепке алу жүйелеріне қорғалған арна арқылы қашықтан қол жеткізу ұсынылды;

5) 2023 жылғы желтоқсанда Қоғам «Көлденең мониторинг платформасы» ақпараттық жүйесіне арналған лицензия сатып алды.

6) МКК-ға қаржы-шаруашылық қызмет, ағымдағы бизнес-процестер, қаржы-экономикалық көрсеткіштер, есепке алу жүйелері және ішкі бақылау жүйелері бойынша ішкі құжаттар пакеті жіберіледі.

Болжам бойынша, бұл жобаға қатысу салық тәуекелдерін төмендетуді, Компанияның іскерлік беделін және инвестициялық тартымдылығын арттыруды қамтамасыз етеді.

2024 жылға және орта мерзімді перспективаға арналған жоспарлар

- Көлденең мониторингтің ақпараттық жүйесін енгізу және интеграциялау жөніндегі жұмыстарды сатып алу.

Қаржылық міндеттемелер

2023 жылы Fitch Ratings халықаралық агенттігі QazaqGaz-дың ішкі нарықтағы әртараптандырылған бизнес профилі бар мықты ойыншы ретіндегі ұстанымын тағы да растады.

Негізгі критерийлерді бағалау шеңберінде Fitch Ratings энергоқауіпсіздік саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыруда ҚР Үкіметі тарапынан QazaqGaz

бастамаларын жүйелі қолдауды білдіретін фактор ретінде мемлекетпен берік байланыстарды атап өтеді.

Бұдан басқа, басқару стратегиясына, жалпы жоспарлауға және бизнес-жоспарларды әзірлеуге тиімді біріктірілген стратегиялық және операциялық ынталандырулар жоғары деңгейде бағаланады.

Рейтинг агенттігі	**Рейтингті растау / өзгерту күні**	**Рейтинг**	**Болжам**
Standard & Poor's	25.04.2023	BB+	Тұрақты
FitchRatings	14.02.2023	BBB-	Тұрақты
Moody's	19.12.2022	Baa2	Тұрақты

2023 жылы QazaqGaz компаниялар тобының кредиттік құжаттамасы бойынша қаржыландыру шарттарын жақсарту бойынша жұмыс жүргізілді, атап айтқанда:

- 2023 жылғы наурызда «Азиялық Газ құбыры» ЖШС 528,5 млн АҚШ доллар сомасына China Development Bank және Bank of China алдындағы қарызды толық мерзімінен бұрын өтеуді жүргізді;

- 2023 жылғы қарашада QazaqGaz «ВТБ Банк» ЖАҚ алдындағы 14,245 млрд ресейлік рубль сомасына (73,6 млрд теңгеге тең) негізгі қарызды толығымен өтеді. ;

- 2023 жыл ішінде «Бейнеу-Шымкент Газ құбыры» ЖШС Bank of China алдындағы қарыз бойынша 311 млн АҚШ долларын, оның ішінде мерзімінен бұрын 211 млн АҚШ долларын, кесте бойынша 100 млн АҚШ долларын өтеді, нәтижесінде қарызды өтеу мерзімі 2029 жылдан 2027 жылға дейін қысқарды, ал борыш 2023 жылы соңында 364 млн АҚШ долларын құрады;

- 2023 жыл ішінде «Интергаз Орталық Азия» АҚ және «ҚазТрансГаз Аймақ» АҚ Еуропалық қайта құру және даму банкі, «Қазақстанның Даму Банкі» АҚ және «Қазақстан Халық Банкі» АҚ алдындағы төлем кестесіне сәйкес 18,36 млрд теңге сомасына қарыздар бойынша өтеуді жүргізді.

8-кесте. **2023 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша QazaqGaz шоғырландырылған борышының жалпы көлемі**

Қарыз, млн теңге	**2020**	**2021**	**2022**	**2023**
Жалпы қарыз	611 368	683 940	606 110	471 896
Ақша қаражаты және олардың баламалары	246 300	382 704	577 128	66 771
Таза қарыз	365 069	301 235	28 981	4055

9-кесте. **QazaqGaz қаржылық ковенанттары**

Ковенантар[3]	2020	2021	2022	2023
Debt/Equity ≤1,4	0,44	0,38	0,28	0,19
Долг/EBITDA ≤3,8	1,74	1,24	1,21	1,24
EBITDA/ Пайыздық сыйақы бойынша шығыстар ≥3,0	9,54	13,06	7,96	6,28

2023 жылдың қорытындылары бойынша дивидендтер төлеу туралы

2024 жылғы 18 сәуірде Қоғамның Жалғыз акционерінің шешімімен жылдық қаржылық есептілік бекітілді және QazaqGaz-дың 2023 жылғы 22 809 826 806 (жиырма екі миллиард сегіз жүз тоғыз миллион сегіз жүз жиырма алты мың сегіз жүз алты) теңге мөлшеріндегі шоғырландырылған таза табысының 7% мөлшерінде 2023 жыл бойынша қарапайым акциялар бойынша дивидендтер төлеу мақұлданды.

2024 жылға арналған болжамды көрсеткіштер

QazaqGaz-дың газ саласындағы макроэкономикалық көрсеткіштер болжамына сәйкес 2024 жылы табиғи газды өндіру көлемі 306 млн.м3, ал табиғи газды өткізу көлемі 23 667 млн м3 деңгейінде күтілуде.

2024 жылға және орта мерзімді перспективаға арналған жоспарлар

- Еліміздегі тауарлық газдың өңдеу қуаттары мен ресурстық базасын ұлғайту мақсатында, Қашаған кен орнында заманауи газ өңдеу зауытын салу үшін инвестициялар тарту.

-Ақтөбе және Қостанай облыстарында «КС-14» жаңа компрессорлық станциясы мен «КС-14 – Қостанай» магистральдық газ құбырын салу үшін инвестициялар тарту. Жоба стратегиялық маңызға ие және Қостанай облысындағы елді мекендермен қатар, ірі инвестициялық жобаларды да газдандыруға бағытталған.

- Қазақстанның оңтүстік және орталық өңірлерін газбен қамтамасыз ететін маңызды газ артериясы болып табылатын «Бейнеу-Бозой-Шымкент» магистральдық газ құбырының екінші желісін салу үшін инвестициялар тарту.

5-бөлім
ТҰРАҚТЫ ДАМУДЫ БАСҚАРУ
Тұрақты дамуды басқару тәсілі

GRI 3-3, GRI 2-24

QazaqGaz өз қызметінің барлық кезеңдерінде тұрақты даму қағидаттарына бейілділікті сақтайды және бизнесті жауапты жүргізу практикасын таратуға ықпал етеді.

[3] Коэффициенттер «Самұрық-Қазына» АҚ-ның қарыз бен қаржылық тұрақтылықты басқару саясатына сәйкес есептелген

ESG-қағидаттары Компанияның Даму стратегиясына интеграцияланған және оның ұйымдастырушылық мәдениеті мен QazaqGaz корпоративтік құндылықтарының негізін құрайды.

Компанияның тұрақты даму бағыттарына: экологиялық жауапкершілік, қауіпсіз жұмыс жағдайларын қамтамасыз ету, адами ресурстарды дамыту және іскерлік этиканы қолдау жатады. Бұл бағыттар БҰҰ Жаһандық шартының қағидаттарымен, Тұрақты даму саласындағы мақсаттармен және басқа да халықаралық стандарттардың ережелерімен толық корреляцияланады.

2023 жыл тұрақты даму аспектілерін реттейтін ішкі саясаттарды әзірлеу және іске асыру арқылы корпоративтік тұрақтылықты басқаруда айтарлықтай ілгерілеумен ерекшеленеді. Тиісті бизнес-процестерді регламенттеу мынадай нәтижелерге қол жеткізуді қамтамасыз етті:

- Компания алғаш рет Morningstar Sustainalytics рейтинг агенттігінен ESG рейтингін алды, бұл компанияның ESG тәуекелдеріне ұшырауының төмен деңгейін сипаттайды. QazaqGaz Қазақстанда 1 орынды және әлемдік газ тасымалдау компаниялары арасында жетінші орынды иеленді. Рейтинг агенттігінің есебі негізінде Компанияның тұрақты даму жүйесін жақсарту бойынша Түзету іс-қимылдарының жоспары әзірленіп, енгізілді.
- 2023 жылы осы ИЖЕ-да ұсынылған тұрақты даму саласындағы 29 қаржылық емес көрсеткішті тәуелсіз куәландыру рәсімі жүргізілді.
- QazaqGaz PwC Kazakhstan нұсқасы бойынша ESG ақпаратын ашу бойынша алғаш рет ТОП-3 рейтингке енді. Мұның бәрі Компанияның жауапты бизнесті жүргізудің жоғары стандарттарына және тұрақты даму саласындағы төмен тәуекелдерге сәйкестігін көрсетеді.
- Негізгі ішкі нормативтік құжаттар әзірленді және бекітілді[4]: Тұрақты даму саласындағы саясат, Адам құқықтарын қорғау саясаты, Жергілікті қауымдастықтармен өзара іс-қимыл саясаты, Сапа саласындағы саясат, Кемсітушілік пен харассментке қарсы саясат, Әртүрлілік пен инклюзивтілік жөніндегі саясат, Бірлестіктер бостандығы саясаты, Климаттың өзгеруі саласындағы саясаты.
- Тұрақты даму жөніндегі жобалық кеңсе шеңберінде, Тұрақты даму аспектілерін басқаруға байланысты мәселелерді талқылау жөніндегі отырыстар өткізілді.
- Компанияның тұрақты даму тәсілдері қайта қаралды, бұл тұрақты тәжірибелерді қызметтің барлық аспектілеріне тиімдірек интеграциялауға мүмкіндік берді.

4 Жоғарыда аталған құжаттармен Компанияның сайтында танысуға болады

Компанияның тұрақты даму саласындағы ішкі нормативтік құжаттары

GRI 2-23

2023 жыл бойы QazaqGaz осы саладағы тәжірибелерді жетілдіру және саясатты іске асыру рәсімдерін ресімдеу арқылы ESG-трансформацияны жүргізу жөніндегіжұмысты жалғастырды.

Ең алдымен, іс-шаралар еңбекті қорғау, өнеркәсіптік қауіпсіздік, қоршаған ортаны қорғау, персоналды басқару, жергілікті жұртшылықты тарту және т.б. мәселелер бойынша бизнес-процестерді реттейтін жаңа ішкі саясаттар мен стандарттарды бекітумен және енгізумен байланысты болды.

Есепті жылы Компанияның ESG бағыттары шеңберіндегі қызметі келесі корпоративтік құжаттармен регламенттелді:

- Корпоративтік басқару кодексі;
- Іскерлік этика кодексі;
- Өндірістік қауіпсіздікті басқару жөніндегі корпоративтік стандарт;
- Тұрақты даму саласындағы саясат;
- Адам құқықтарын қорғау саясаты;
- Дискриминация мен харассментке қарсы саясат;
- Әртүрлілік және инклюзивтілік саясаты;
- Жергілікті жұртшылықпен өзара іс-қимыл саясаты;
- Кадр саясаты;
- Экологиялық Саясат;
- Сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясат;
- Бірлестіктер бостандығы саясаты;
- Компания жұмыскерлері мен лауазымды тұлғаларының мүдделер қақтығысын реттеу саясаты;
- Персоналды оқыту және дамыту саласындағы саясат;
- Денсаулық сақтау, еңбек және өндірістік қауіпсіздік саласындағы саясат;
- Еңбекті қорғау, өнеркәсіптік қауіпсіздік және қоршаған ортаны қорғау саласындағы менеджмент жүйесін дамыту саясаты;
- Ақпараттық қауіпсіздік саясаты;
- Компанияның тәуекелдерді басқарудың корпоративтік жүйесі жөніндегі саясат және т.б.
- Еңбекақы төлеу туралы ереже;
- Контрагенттердің сенімділігін тексеру қағидалары;
- Жұмыскерлерді оқыту және дамыту қағидалары;
- Кадр резервін қалыптастыру және даярлау қағидалары;
- Басқарушы және әкімшілік персоналдың еңбегіне ақы төлеу қағидалары;
- Жас мамандарды даярлау қағидалары;
- Персоналды іздестіру және іріктеу қағидалары;

- Ұжымдық шарт;
- Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарт.

2024 жылға және орта мерзімді перспективаға арналған жоспарлар

Компания әртүрлі экологиялық және әлеуметтік бағдарламаларды әзірлеуді және бекітуді жоспарлап отыр, соның ішінде:

- QazaqGaz-дың төмен көміртекті даму бағдарламасы;
- Биоалуантүрлілікті сақтау бағдарламасы;
- Климаттық тәуекелдерді басқару бағдарламасы;
- Қауіпті қалдықтарды басқару бағдарламасы;
- Су ресурстарын басқару бағдарламасы;
- Адами капиталды дамыту жоспары;
- Үнемді тұтынуды енгізу жоспары;
- Сыбайлас жемқорлыққа қарсы шаралар бойынша тренинг бағдарламалары.

Тұрақты дамуды басқару құрылымы

GRI 2-9, GRI 2-12, GRI 2-13, GRI 2-14

QazaqGaz тұрақты дамуды басқарудағы өз тәсілдерін үздіксіз жетілдіріп отырады, өйткені оның қағидаттары мен құндылықтары басқарудың барлық деңгейлерінде қызметті ұйымдастыру кезінде негіз қалаушы болып табылады.

Стратегиялық деңгейде тұрақты даму мәселелері Директорлар кеңесінің құзыретіне жатады. Оның Комитеттері негізгі қағидаттардың іске асырылуын, оның ішінде QazaqGaz-дың осы саладағы негізгі жетістіктер бойынша Интеграцияланған жылдық есебі шеңберіндегі есептілікті қарау арқылы бақылайды.

2023 жылы Директорлар кеңесі Компанияның 2032 жылға дейінгі даму стратегиясын, сондай-ақ осы бағытты реттейтін негізгі ішкі нормативтік құжаттарды бекітті. Бұдан басқа, ДК жанындағы жұмыс істеп отырған Комитеттердің тұрақты даму саласындағы қағидаттар мен стратегиялық міндеттерді олардың функционалына интеграциялау бөлігіндегі ережелері өзектендірілді.

Басқарушылық деңгейде Басқарма мүшелері мынадай бағыттар бойынша қызметті бақылауды жүзеге асырады:

- УР басқару жүйесін жетілдіру;
- мүдделі тараптармен өзара іс-қимыл;
- ESG-бағыттар шеңберінде іс-шаралар мен бағдарламаларды орындау;
- тұрақты даму саласындағы мақсаттар мен тиімділіктің орындалуын мониторингтеу;

- QazaqGaz-дың қаржылық емес есептілігін дайындау шеңберіндегі елеулі тақырыптарды бекіту.

Операциялық деңгей тұрақты даму саласындағы мақсаттарға, міндеттерге және ҚНК-ға қол жеткізу үшін бастамалар мен іс-шараларды іске асыруды көздейді. Құрылымдық бөлімшелердің жауапкершілік аймағында ESG нақты аспектілері бойынша операциялық басқару. Жекелеп алғанда, нақты міндеттерді шешу бойынша жауапкершілік аймағына орталық аппарат деңгейінде мынадай құрылымдық бөлімшелер енгізілді:

- Стратегия және тұрақты даму департаменті тұрақты даму мәселелеріне жетекшілік етеді. Департамент ішкі нормативтік құжаттарды, ішкі бақылау тәжірибелері мен жүйесін жүйелі түрде талдайды, сондай-ақ жақсарту үшін салаларды уақтылы өзектендіру мен анықтау үшін Компанияның тұрақты даму принциптерін енгізуге және орындауға ықпал етеді.

- HSE (Health, Safety & Environment) қызметі қоршаған ортаны қорғау, еңбекті қорғау және өнеркәсіптік қауіпсіздікті басқаруға жауапты.

- Адам ресурстарын басқару және еңбекақы төлеу департаменті әлеуметтік мәселелер мен персоналды басқару функцияларын орындайды.

- Комплаенс қызметі және корпоративтік хатшы қызметі корпоративтік басқаруға жауапты.

Орталық аппарат пен ЕТҰ деңгейіндегі әрбір құрылымдық бөлімше өз өкілеттіктері шеңберінде тұрақты даму практикасын басқаруды үйлестіруде, сондай-ақ Компанияның БҰҰ ТДМ-ға қол жеткізуге қосқан үлесін жүзеге асыруда маңызды рөл атқарады.

Есепті кезеңдегі оқиғалар

GRI 2-17

Бірінші ESG рейтингін алу

Morningstar Sustainalytics халықаралық рейтингтік агенттігі алғаш рет QazaqGaz компаниялар тобы қызметінің тұрақтылығын бағалады. Алынған 19,2 деңгейіндегі ESG рейтингі Компанияның тұрақты даму саласындағы төмен тәуекелдерін және жауапты бизнесті жүргізудің жоғары стандарттарын растайды. Sustainalytics рейтингінде Компания әлемдегі халықаралық газ компаниялары арасында жетінші орынға ие болды.

CDP Климаттық бағдарламасы

QazaqGaz 2023 жылы CDP (Carbon Disclosure Project) Климаттық бағдарламасы шеңберінде алғаш рет 2022 жылдың қорытындысы бойынша Климаттық сауалнама жариялады. Сауалнама QazaqGaz барлық активтері бойынша парниктік газдардың тікелей және жанама шығарындылары туралы деректерді қамтиды, бұл компанияның климаттық әсер ету мәселелеріндегі ашықтық пен жауапкершілікке бейілділігін көрсетеді.

Жылдық есеп көрсеткіштерін тәуелсіз растау

2023 жылы QazaqGaz-дың 2022 жылғы Интеграцияланған жылдық есебінде ұсынылған, тұрақты даму саласындағы көрсеткіштерді тәуелсіз растау рәсімі алғаш рет өткізілді.

Елеулі тақырыптар

2023 жылғы желтоқсанда QazaqGaz Басқармасы компанияның 2023 жылғы интеграцияланған жылдық есебінде ашу үшін маңызды тақырыптарды бекітті. Бұл тақырыптар GRI Standards 2021 және GRI 11: Oil and Gas Sector 2021 салалық стандартына сәйкес айқындалды.

Корпоративтік басқару диагностикасы

2023 жылы Компанияның Ішкі аудит қызметі корпоративтік басқарудың жұмыс істеу жүйесін бақылау мен транспаренттілігін қамтамасыз ету мақсатында, оның диагностикасы жүргізді.

«Самұрық-Қазына» АҚ Корпоративтік басқару диагностикасының әдістемесіне сәйкес, талдау бес негізгі бөлім бойынша жүргізілді:

1. Директорлар кеңесі мен атқарушы органның тиімділігі: Директорлар кеңесі мен атқарушы органның жұмысын, олардың өзара іс-қимылын және стратегиялық шешімдер қабылдауын бағалау.

2. Тәуекелдерді басқару: Тәуекелдерді басқару жүйесін, оның тәуекелдерді анықтау мен барынша азайтудағы барабарлығы мен тиімділігін талдау:

3. Ішкі бақылау және аудит: Ішкі бақылау және ішкі аудит жүйелерін, олардың қаржылық есептіліктің сенімділігін және нормативтік талаптардың сақталуын қамтамасыз ету қабілетін бағалау.

4. Тұрақты даму: Экологиялық, әлеуметтік және басқарушылық аспектілерді қоса алғанда, компанияның тұрақты даму саясаты мен тәжірибесін бағалау.

5. Акционерлердің құқықтары мен айқындылық: Акционерлердің құқықтарын қорғауды және Компания қызметінің айқындылық деңгейін, оның ішінде ақпаратты ашу мен корпоративтік есептілікті талдау.

Жүргізілген диагностика нәтижелері бойынша Компания корпоративтік басқару жүйесін жетілдіру бойынша түзету іс-қимылдарының жоспарын әзірледі.

2024 жылға және орта мерзімді перспективаға арналған жоспарлар

Компания тұрақты даму саласындағы мынадай іс-шараларды жүзеге асыруға бағытталған:

- Carbon Disclosure Project (CDP) халықаралық климаттық рейтингін алу;
- «Low risk» деңгейінде ESG-рейтингін растау;

- ESG жүйесін жақсарту бойынша түзету іс-қимыл жоспарын іске асыру;
- Компаниялар Тобының жұмыскерлері үшін ESG қағидаттарын ұстану және хабардарлығын арттыру бойынша іс-шаралар өткізу;
- UN Global Compact мүшелігіне кіру;
- QazaqGaz төмен көміртекті даму бағдарламасын әзірлеу;
- көміртексіздендіру саласындағы стратегия мен жол картасын әзірлеу;
- тұрақты даму саласындағы, оның ішінде халықаралық рейтингтік агенттіктердің талаптарына сәйкес ішкі нормативтік құжаттарды әзірлеу және енгізу;
- 2024-2025 жылдар кезеңінде TCFD климатының өзгеруіне байланысты, Қаржылық ақпаратты ашу мәселелері жөніндегі жұмыс тобының ұсыныстары шеңберінде ESG-тәуекелдері мен мүмкіндіктерді бағалау тәжірибесін енгізу;
- Компанияның корпоративтік басқару жүйесінің ішкі аудитінің нәтижелері бойынша ұсынымдарды орындау.

Компанияның есептілігі

Осы QazaqGaz-дың 2023 жылғы интеграцияланған жылдық есебі газ өндіру және тасымалдау саласындағы қаржы-шаруашылық, операциялық қызмет туралы ақпаратты, сондай-ақ Компанияның тұрақты дамуды басқару саласындағы нәтижелері туралы деректерді ашады.

Құжат Global Reporting Initiative (GRI) және International Integrated Reporting Framework есептілік стандарттарына, сондай-ақ GRI 11: Oil and Gas Sector Disclosures салалық стандарттарына сәйкес әзірленді.

2023 жылғы есепті әзірлеу шеңберінде жаңартылған GRI әдіснамасына сәйкес маңызды тақырыптардың тізбесі айқындалды және оны Компания Басқармасы бекітті. Бұдан басқа, 29 GRI көрсеткіші бойынша верификация жүргізілді. «KPMG» ЖШС тәуелсіз аудиторы верификациялық рәсімдерін аяқтау туралы оң қорытынды берді.

Есепті жариялау компанияның ресми сайтында 2013 жылдан бастап жүргізіледі және корпоративтік басқарудың үздік тәжірибелеріне, Компанияның ақпараттық саясаты туралы ережеге, сондай-ақ тұрақты даму саласындағы есеп беру стандарттарына сәйкес келеді.

БҰҰ тұрақты дамуының басым мақсаттары

Тұрақты даму саласындағы қызметтің басым бағыттарын айқындау кезінде QazaqGaz БҰҰ-ның Жаһандық шарты мен БҰҰ ТДМ қағидаттарына бейілділігін, сондай-ақ осы саладағы өзге де халықаралық стандарттар мен бастамалардың ережелеріне сәйкестігін декларациялайды.

Компания қызметінің ерекшелігін: Компанияның бизнес-профилі және стратегиялық мақсаттарын ескере отырып, QazaqGaz жеті басым ТДМ бойынша елеулі үлес қосады.

10-кесте. **БҰҰ ТДМ және QazaqGaz АҚ-дағы тұрақты даму саласындағы маңызды тақырыптар**

ТДМ	**Елеулі тақырып**	**ТДМ міндеттері**	**Мақсаттар, жобалар және нәтижелер**
Е: Экологиялық аспект			
ТДМ 13. Климаттың өзгеруіне және оның салдарына қарсы шұғыл шаралар қабылдау	Ластаушы заттардың шығарындылары	- 13.3 Климаттың өзгеруінің ауырлығын төмендету және салдарын жеңілдету, оларға бейімделу және ерте алдын алу бойынша адамдардың және мекемелердің білімін, ақпарат тарату мүмкіндіктерін жақсарту; 13.5 Аз дамыған елдерде және шағын аралдық дамушы мемлекеттерде климаттың өзгеруіне байланысты жоспарлау және басқару мүмкіндіктерін нығайту тетіктерін құруға ықпал ету, атап айтқанда әйелдерге, жастарға, сондай-ақ жергілікті және маргиналды қауымдастықтарға көбірек көңіл бөлу.	- ластаушы заттардың шығарындыларын құрғақ басу жүйесінің (SoLoNOx) жұмыс істеуі; - QazaqGaz компаниялар тобында газ айдау агрегаттары және құрғақ шығарындыларды басу жүйесі бар компрессорлық станцияларды пайдалану; - атмосфераға шығарындылар деңгейі төмен жану жүйесі бар агрегаттардың жұмыс істеуі; - еншілес ұйымдардың әкімшілік және өндірістік үй-жайларында түнгі уақытта, демалыс және мереке күндері қазандық агрегаттарының жұмыс режимдерін реттеу.

ТДМ 7. Барлығына арзан, сенімді, тұрақты және заманауи энергия көздеріне жалпыға бірдей қол жетімділікті қамтамасыз ету	Энергия менеджменті	- 7.2 2030 жылға қарай әлемдік энергетикалық теңгерімдегі жаңартылатын көздерден алынатын энергия үлесін едәуір ұлғайту; - 7.a 2030 жылға қарай жаңартылатын энергетиканы, энергия тиімділігін арттыруды және қазба отындарын пайдаланудың озық және неғұрлым таза технологияларын қоса алғанда, экологиялық таза энергетика саласындағы зерттеулер мен технологияларға қол жеткізуді жеңілдету мақсатында, халықаралық ынтымақтастықты жандандыру, сондай-ақ энергетикалық инфрақұрылым мен экологиялық таза энергетика технологияларына инвестицияларды қолдау; - 7.b 2030 жылға қарай барлық дамушы елдерде, атап айтқанда ең аз дамыған елдерде, шағын аралдық дамушы елдерде және теңізге шыға алмайтын дамушы елдерде олардың тиісті қолдау бағдарламаларын ескере отырып, инфрақұрылымды кеңейту және заманауи және тұрақты энергиямен жабдықтау технологияларын жаңғырту.	- жалпы энергия тұтынудағы ЖЭК үлесін ұлғайту; - өз қажеттіліктері үшін ЖЭК-тен жылу және электр энергиясын өндіру; - магистральдық газ құбырлары объектілеріндегі жаңа буын станциясындағы катодты қорғаудың тиімсіз станцияларын ауыстыру; - өнеркәсіптік алаңның қолданыстағы сыртқы жарықтандыру шамдарын компрессорлық станциялардағы энергия тиімді жарықдиодты аналогтармен ауыстыру.
S: Әлеуметтік аспект			
ТДМ 3. Салауатты өмір салтын қамтамасыз ету және	Еңбекті қорғау, өнеркәсіптік	- 3.12 Дамушы елдерде, әсіресе аз дамыған елдерде және шағын аралдық дамушы мемлекеттерде денсаулық сақтауды	0, 12 еңбекке жарамсыздығы бар жарақат көрсеткіші (LTIFR);

Scope 1 және 2 парниктік газдардың ағымдағы шығарындыларын талдау нәтижелері бойынша мынадай үрдіс байқалады:

- Есепті кезеңде парниктік газдар шығарындыларының жалпы өсіміне қарамастан, атап айтқанда жекелеген ЕТҰ-ларда энергия үнемдеу және энергия тиімділігін арттыру жөніндегі іс-шаралар жоспарын іске асыруға, сондай-ақ жаңартылған әдістемеге және ПГ шығарындыларын есептеу кезінде қолданылатын коэффициенттердің өзгеруіне байланысты, 1-қамтудың парниктік газдар шығарындыларының тікелей көлемдерінің төмендеуі тіркелді:

  - «Интергаз Орталық Азия» АҚ - 52%-ға төмендеу;
  - «ҚазТрансГаз Аймақ» АҚ - 13%-ға төмендеу;
  - «QazaqGaz барлау және өндіру» ЖШС - 7%-ға төмендеу;

- «Азиялық Газ құбыры» ЖШС-де парниктік газдар шығарындыларының 1,4% - ға шамалы өсуі байқалады.

«Бейнеу-Шымкент Газ құбыры» ЖШС шеңберінде мынадай динамика байқалады: есепті жылы желілік бөлікте ақаулы арматураны ауыстыру бойынша жүргізілген жөндеу жұмыстарына байланысты, үрлеп тазалау және тасымалдау процесінде метанның қосымша шығарындылары пайда болды. Осылайша, компанияның операциялық қызметі ұлғайған жағдайда, сондай-ақ 18.03.2024 жылы Парниктік газдар шығарындылары мен сіңірулерін есептеу әдістемесіне енгізілген өзгерістер мен толықтыруларға, (Қазақстан

Республикасы Экология және табиғи ресурстар министрінің 2023 жылғы 17 қаңтардағы № 9 бұйрығымен бекітілген), атап айтқанда метан шығарындыларын есептеу үшін қолданылатын жаһандық жылыну коэффициентін ұлғайтуға байланысты, «ГБШ» ЖШС бойынша 1-қамтудың парниктік газдарының тікелей шығарындылары өткен жылмен салыстырғанда 3 есеге ұлғайтылды, бұл компаниялар тобы бойынша жалпы статистиканың өсуіне әкелді.

Парниктік газдардың жалпы және үлестік шығарындылары Компанияның климаттық тәуекелдерді басқару және көміртексіздендіру бағдарламасындағы мақсаттар болып табылады. Бұл көрсеткіштер Компанияның климатты басқару мәселелеріндегі үлесі мен рөлін бағалауға және салыстыруға мүмкіндік береді.

ПГ шығарындыларын азайту бойынша мақсаттарды қалыптастыру үшін, Компания көміртексіздендірудің үш сценарийін қарастыруды жоспарлап отыр: «Әдеттегідей Бизнес», «Көміртексіздендіру» және «Терең көміртексіздендіру».

***22-кесте*. Көміртексіздендіру сценарийлері**

«Әдеттегідей» сценарийі	«Көміртексіздендіру» сценарийі	«Терең көміртексіздендіру» сценарийі
төмен көміртекті дамуға бағдарланбай ағымдағы үрдістерді жалғастыру. Бұл сценарий мемлекеттік саясат, технологиялық өзгерістер және әлеуметтік қалаулар бұрынғы деңгейде дамиды деген болжамға негізделген.	энергия тиімділігін арттыру, газдың ағуы мен жануын азайту және жаңартылатын көздерден төмен көміртекті энергияны пайдалану бағдарламаларын енгізу есебінен активтердің ағымдағы құрылымын сақтай отырып, парниктік газдар шығарындыларын азайту. Бұл сценарий қазіргі көміртектерге арналған бағаларды ескере отырып, 2031 жылға дейін ең перспективалы болып саналады.	Биометан мен сутегі өндірісін, көміртекті ұстап алу мен сақтауды және климаттық жобаларды белсенді дамытуды қоса алғанда, көміртексіздендіру сценарийінің шараларына негізделген. Бұдан басқа, бұл сценарий көміртегі шығарындыларын одан әрі азайту үшін жабдықты жаңартуды қарастырады. CO2 шығарындыларын 2019 жылғы деңгеймен салыстырғанда, 12%-ға төмендетуге қол жеткізу жоспарлануда.

Нысаналы көрсеткіштерге қол жеткізудің негізгі құралдары ретінде, Компания айқындаған, көміртексіздендіру бағыттары бойынша парниктік газдар шығарындыларын азайтуға бағытталған іс-шаралар қолданылады.

Компанияның парниктік газдар шығарындыларын азайту мақсатында жүзеге асырылатын іс-шараларды үш топқа жіктеуге болады: техникалық/технологиялық, ұйымдастырушылық және өтемдік.

Техникалық/технологиялық іс-шаралар жабдықты жетілдіру және өндірістік процестердің техникалық сипаттамаларын жақсарту арқылы Компания қызметінің операциялық тиімділігін арттыруға бағытталған. Мұндай іс-шаралар жабдықты ауыстыруды немесе оны жаңартуды, жаңа технологияларды, отын түрлерін енгізуді, қолданыстағы технологияларды жетілдіруді, автоматтандыруды және т.б. қамтуы мүмкін.

Ұйымдастырушылық іс-шаралар белгілі бір әдістер мен тәсілдерді қолдана отырып, процестер мен жұмыскерлердің жұмысын ұйымдастыру арқылы Компанияның ПГ шығарындыларын басқару қызметін жоспарлау, үйлестіру және бақылау процесін жақсартуға бағытталған. Мұндай іс-шараларға қойылған көрсеткіштерге қол жеткізуді қадағалау, жұмыс процестерін құрылымдау, персоналды оқыту, ресурстарды/энергияны үнемдеуге бағытталған жүйелер мен тәжірибелерді енгізу, мониторинг,

сандық бағалау әдістемелерін талдау/өзектендіру/нақтылау және т.б. жатқызылуы мүмкін.

Өтемдік іс-шаралар Компанияның периметрінен тыс жүзеге асырылған парниктік газдар шығарындыларын азайту жобалары арқылы теріс әсерден зардап шеккендерге келтірілген зиянды өтеуге немесе жағдайды жақсартуға бағытталған. Мұндай іс-шараларға көміртекті офсеттер, сертификаттар мен көміртегі бірліктерін сатып алу кіруі мүмкін.

Жалпы есепті кезеңде QazaqGaz компаниялар тобы бойынша парниктік газдар шығарындыларының өсуі байқалатындықтан, іс-шаралар нәтижесінде парниктік газдар шығарындыларының қысқаруында жекелеген ЕТҰ – «Интергаз Орталық Азия» АҚ-ны атап өтуге болады.

23-кесте. **Іс-шаралар нәтижесінде парниктік газдар шығарындыларын азайту, т CO_2-экв**

GRI 305-5

Көрсеткіш	**2021**	**2022**	**2023**	**Өзгеріс, %**
1-қамту (тікелей)	15 766	16 990	19 300	13,6
2-қамту (жанама энергетикалық)	-	0	4 111	
ПГ шығарындыларының жалпы төмендеуі	15 766	16 990	23 411	37,8

*Ескертпе: CO_2 шығарындыларының азаю көлемі бойынша деректер «ИОА» АҚ ЕТҰ бойынша көрсетілген.

24-кесте. **«Интергаз Орталық Азия» АҚ ЕТҰ бойынша жекелеп алғанда, іс-шаралар бойынша бөліністе CO_2 көміртегі диоксиді шығарындыларын азайту көлемі, т CO_2**

GRI 305-5

Парниктік газдар шығарындыларын қысқарту жөніндегі іс-шара	**Қысқартылған шығарындылар көлемі, т CO_2**
«Тараз» МГҚ КС-5 (электр жетегі бар) жүктелуін оңтайландыру	3 082,023
Опорное КС конденсаторлық қондырғыларын ауыстыру (реактивті қуатты компенсациялау)	49,324167
Жаңа Өзен КС конденсаторлық қондырғыларын ауыстыру (реактивті қуатты компенсациялау)	7,858755
«Ақтау», «Атырау», «Тараз», «Алматы» МГҚБ бойынша жаңа буындағы станцияларындағы катодты қорғаудың тиімсіз станцияларын ауыстыру (1 дана - 18,6 мың кВт*сағ үнемдеу).	473,5746
«Ақшабұлақ-Қызылорда» МГҚБ үшін АГТС-1 өнеркәсіптік алаңдары мен Операторлар үйінің қолданыстағы сыртқы	3,442824

жарықтандыру шамдарын энергия тиімді жарықдиодты аналогтарына ауыстыру	
«Ақшабұлақ-Қызылорда» МГҚБ аумақтарын сыртқы жарықтандыруды басқаруды автоматтандыру жөніндегі іс-шара	11,4885
Сыртқы жарықтандыруды жарықдиодты аналогтарға ауыстыру (БЖӨБ, ЖЖӨБ, ОЖӨБ)	85,08942
Ішкі жарықтандыруды жарықдиодты аналогтармен ауыстыру (БЖӨБ, ЖЖӨБ, ОЖӨБ)	174,0663

GRI 305-1 Парниктік газдардың тікелей шығарындылары (1-қамту саласы)

Шығарындылар	2021, тонн	2022, тонн	2023, тонн
CO_2	2,59	2, 24	2,2
N_20	0,018	0,011	0,013
CH_4	4,58	2,89	3,96
Барлығы (т-CO_2 экв)	7,2	5,14	6,17

Метанның ағып кетуі

QazaqGaz метан шығарындыларын азайтуға ерекше назар аударады. Компания объектілерінде атмосфераға метан шығарындыларын азайту мақсатында жүйелі бақылау, диагностика, мониторинг, ақпаратты жинау және өңдеу тұрақты негізде жүргізіледі, метанның ағып кетуін анықтау және жою, сондай-ақ жалпы метан шығарындылары бойынша статистиканы жақсарту жөніндегі іс-шараларды енгізу мүмкіндігін қарау жоспарлануда.

Ықтимал ағып кетулерді анықтау бойынша зерттеулер әртүрлі тәсілдермен жүргізіледі: ауаны тексеру, автокөлікпен тексеру және жаяу жүріп тексеру әдісі.

Әуе нұсқасында Ми-8 тікұшағы пайдаланылады, оның технологиялық люкінде ДЛС-ПЕРГАМ-ALMA қашықтықтан лазерлік метан детекторының оптикалық блогы орнатылады. Құрылғының жұмыс принципі диод-лазерлік спектроскопияға негізделген. Автокөлікпен анықтау нұсқасында OMD оптикалық метан детекторы көлік құралының алдыңғы жағына бекітіледі, ол қозғалған кезде ауада метанның болуын анықтайды. Құрылғының әрекеті метанның инфрақызыл (ИҚ) сәулеленуді сіңіру қасиетіне негізделген. Құрылғы газдың ағып кетуін миллионға 1 үлеске (PPM) дейін анықтауға мүмкіндік береді.

Кран тораптарындағы ағып кету орнын нақтылау немесе басқа нұсқалармен анықтау мүмкін болмаған жағдайдағы ағып кетуді анықтау үшін метанның қашықтағы лазерлік детекторы қолданылады.

Газдың ағып кету қарқындылығын анықтау үшін арнайы тасымалданатын сынама алғыш қолданылады. Құрылғы магистральдық желілерде, қоймаларда және компрессорлық станцияларда әртүрлі құбыр арматурасынан, золотникті тығыздағыштардан және компрессорлық тығыздағыштардан сынама алуға мүмкіндік береді. Ағып кетудің қарқындылығы тексеру объектісінен ағып жатқан барлық газды ұстап қалу үшін жоғары жылдамдықпен сынама алу арқылы өлшенеді.

QazaqGaz жұмыс тобының мүшесі болып табылады және Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігінің USAID-пен ҚР-ның Метан жөніндегі жаһандық міндеттемеге қосылуы мәселесі бойынша жұмыс кеңестеріне қатысады, соның нәтижесінде метан шығарындыларын бағалау және Қазақстан Республикасының мұнай-газ секторының деректерін талдау бойынша жалпы жұмыс жүргізілді.

Мәселен, Қазақстан Республикасының Метан жөніндегі жаһандық міндеттемеге қосылуы және 2023 жылғы қарашада Дубай қаласында өткен COP-28 Жаһандық климаттық саммитінде елдің позициясын ұсыну мәселесіне қатысты Энергетика министрлігі жұмыс тобының ұсынымдары негізінде осы міндетті іске асыру жөніндегі 2023-2024 жылдарға арналған бірлескен жұмыс жоспары осы бастамаға қосылу бойынша ұстаным мен міндеттемелерді дайындаумен әзірленіп, келісілді. QazaqGaz Қазақстанның мұнай-газ секторындағы метан шығарындыларын азайтуға бағытталған 2023-2024 жылдарға арналған келісілген жұмыс жоспарын ұстанады.

Сондай-ақ, 2023 жылғы желтоқсанда Компанияда GGGI Метан шығарындыларын оңтайландыру жөніндегі жаһандық жасыл өсім институтының өкілдерімен сапар өтті, қазіргі уақытта QazaqGaz үшін осы бағытта одан әрі жұмыс істеу үшін жол картасы әзірленуде.

Ел Президентінің Global Methane Pledge-ке қосылу жөніндегі бастамасын қолдау шеңберінде QazaqGaz норвегиялық Carbon limits компаниясымен метан шығарындыларын азайтуға бағытталған ынтымақтастыққа кірісті.

Бұдан басқа, 2023 жылғы 27 қыркүйекте «ҚазТрансГаз Айма» АҚ мен Climate Compass LLC арасында «Құпиялылық туралы шартқа» қол қойылды, мұнда процестің бірінші қадамы - газдың ағып кетуін анықтау үшін жерүсті және жербеті газ құбырлары мен құрылыстарын кешенді тексеруді жүзеге асыру және екінші қадамы - оларды жөндеу болып табылады. Осы кезеңде «ҚазТрансГаз Аймақ» АҚ объектілерін зерттеу бойынша Climate Compass жұмыстары жүргізілуде, зерттеу нәтижелерін ұсынғаннан кейін компания кешенді жобалық ұсыныс әзірлеп, метанның ағып кетуін анықтау жөніндегі жұмыстың одан әрі барысын айқындайтын болады.

2024 жылға және орта мерзімді перспективаға арналған жоспарлар

Компания климаттың өзгеруіне қарсы күрес бөлігінде мынадай іс-шараларды орындауды жоспарлап отыр:

- Carbon limits-пен ынтымақтастық шеңберінде БҰҰ Қоршаған орта жөніндегі бағдарламасының (ЮНЕП) қолдауымен «Мұнай – газ секторындағы метан шығарындылары» оқыту тренингін өткізу түрінде, метан шығарындыларын басқару мәселелерінде QazaqGaz мамандарының хабардарлық деңгейін арттыру жөніндегі іс-шаралар жоспарлануда;

- жаңа заманауи MIST бағдарламалық қамтамасыз етудің көмегімен метан шығарындыларын түгендеу;

- метан шығарындыларын азайту стратегиясын әзірлеу;

- OGMP 2.0, OGCI сияқты халықаралық бастамалар бойынша өзара іс-қимыл және ынтымақтастық.

- ҚР Экология және табиғи ресурстар министрлігімен Метан жөніндегі жаһандық міндеттемеге қосылуды іске асыру мәселелерін талқылау бойынша жұмыс топтарына қатысу;

- метан шығарындыларын оңтайландыру бойынша Жол картасын іске асыру үшін gggi жаһандық жасыл өсім институтымен ынтымақтастық;

- QazaqGaz үшін Төмен көміртекті даму бағдарламасын әзірлеу;

- ЕТҰ көміртегі ізінің тұрақты мониторингін жүргізу және жыл сайынғы негізде парниктік газдар шығарындыларын сандық бағалауды жүргізу;

- QazaqGaz компаниялар тобы бойынша 1, 2, 3-қамтулар бойынша парниктік газдар шығарындыларын түгендеу;

- Carbon Disclosure Project (CDP) Климаттық анкетасын толтыру және ағымдағы жылы рейтинг алу;

- Global Methane Pledge бастамасы шеңберінде метан шығарындыларын азайту жөніндегі жол картасын әзірлеу және енгізу.

Энергия менеджменті

QazaqGaz компаниялар тобы энергия ресурстарын жауапты басқаруға қызығушылық танытады және экономикалық пайдасын ескере отырып, Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңдары мен нормативтеріне сәйкес энергияны сақтауға және энергия тиімділігін арттыруға бағытталған озық технологиялар мен әкімшілік шешімдерді енгізуге ұмтылады.

Басқару тәсілі

GRI 3-3

QazaqGaz-да газ тасымалдау жүйесінің объектілерінде электр және жылу энергиясын нақты тұтынуды жинауды, талдауды және бақылауды қамтитын энергия ресурстарын тұтынуды мониторингтеудің кешенді жүйесі жұмыс істейді.

Бұл жүйе отын-энергетикалық ресурстарды (ОЭР) тиімді пайдалануды және Қазақстан Республикасының қолданыстағы нормативтік-техникалық құжаттарының талаптарына сәйкестігін қамтамасыз ету мақсатында ұйымдастырылған.

Энергия ресурстарын тұтыну мониторингі мынадай негізгі процестерді қамтиды:

Деректерді жинау: Компрессорлық станциялар объектілеріндегі және басқа да өндірістік объектілердегі есептегіштердің көрсеткіштерін мемлекеттік энергиямен және сумен жабдықтау қызметтері (ЭСЖ) үнемі алып отырады және одан әрі өңдеу үшін жібереді.

Есептілік: Әрбір өндірістік кәсіпорын есептегіштердің көрсеткіштері негізінде есептер жасайды. Бұл есептер жергілікті органдармен қатар, QazaqGaz орталық аппаратына да ұсынылады.

Тұтынуды талдау: ай сайынғы негізде есепке алу құралдары бойынша ОЭР тұтынуды есепке алу және талдау жүргізіледі. Энергия ресурстарын тұтыну актілері қалыптастырылады және тұтыну туралы жиынтық ақпарат дайындалады, ол компанияның орталық кеңсесіне жіберіледі.

Бақылау көрсеткіштері: ОЭР тұтынуды есепке алу энергия ресурстарының мынадай түрлері бойынша жүргізіледі:

- Табиғи газ;
- Электр энергиясы;
- Жылу энергиясы;
- Су;
- Жанармай;
- Дизель отыны.

Нормативтерге сәйкестік: ОЭР-ді есепке алу мен мониторингтеудің барлық процестері Қазақстан Республикасының қолданыстағы нормативтік-техникалық құжаттарының талаптарына сәйкес орындалады, бұл деректердің сенімділігі мен дәлдігін қамтамасыз етеді. Осылайша, QazaqGaz -дағы энергия ресурстарын мониторингтеу жүйесі энергия тұтынуды басқарудың барлық деңгейлерінде айқындылық пен бақылауды қамтамасыз ете отырып, энергетикалық тиімділікті және ресурстарды орнықты пайдалануды арттыруға бағытталған.

Барлық еншілес кәсіпорындар деңгейінде энергия менеджменті энергия ресурстарын тұтынуды есепке алу әдістемесін, энергия тиімді технологияларды енгізуді және персоналды энергия үнемдеуге ынталандыру жүйесін белгілейтін ішкі құжаттармен реттеледі.

«Азиялық газ құбыры» ЖШС-де ISO 9001:2015, ISO 14001:2015, ISO 45001:2018, ISO 50001:2018 стандарттары бойынша менеджменттің интеграцияланған жүйесі енгізілді. Жыл сайынғы негізде «Менеджменттің интеграцияланған жүйесін басқару бағдарламасы», «Серіктестіктің энергия үнемдеу және энергия тиімділігін арттыру жөніндегі 2023-2027 жылдарға арналған іс-шаралар жоспары» әзірленеді және бекітіледі.

«Интергаз Орталық Азия» АҚ-да энергия тиімділігі саласындағы саясат қолданылады, ол энергия үнемдеу әлеуетін анықтау және энергия тиімділігін арттыру үшін тұрақты энергетикалық зерттеулер жүргізуге, энергия тиімділігі

индикаторларын белгілеуге, энергетикалық көрсеткіштерді жақсарту жөніндегі жоспарларды мониторингтеуге және іске асыруға бағытталған.

Энергия ресурстарын тұтыну

QazaqGaz компаниялар тобының негізгі қызметі табиғи газды тасымалдау болып табылады. Бұл процесс жұмыс режимі газ жеткізу жоспарымен айқындалатын компрессорлық станциялардың (КС) жұмысын қамтиды. Бұл ретте, негізгі жабдықтарға энергия ресурстарын генерациялау және жұмсау жүреді:

1. Электр жетектері мен сорғылары: май сорғылары, сору және шығару желдеткіштері, сумен жабдықтау және жылумен жабдықтау жүйелерінің сорғы станциялары, сондай-ақ объектілерді сыртқы және ішкі жарықтандыру үшін қолданылады.

2. Электр жетекті газ айдау қондырғылары: бұл қондырғылар газдың құбырлар арқылы қозғалуын қамтамасыз етеді.

3. Табиғи газды салқындату: компрессорлық станцияларда ауаны салқындату аппараттарының көмегімен жүзеге асырылады.

Компрессорлық станцияларда технологиялық жабдыққа, электрохимиялық қорғау құралдарына және басқа да қажеттіліктерге қажетті электр және жылу энергиясын өндіру үшін табиғи газбен жұмыс істейтін қазандық агрегаттары мен резервтік электр станциялары да пайдаланылады. Энергия ресурстарының едәуір бөлігі жерасты құбырларын электр химиялық қорғау құралдарымен коррозиядан қорғауды қамтамасыз етуге жұмсалады.

Дәстүрлі энергия көздерінен басқа, компания пайдалануға берілген жаңартылатын энергия көздерін тиімді пайдаланады:

1. DLE (Dry low emission) шығарындыларының деңгейі төмен жану жүйесі бар ГАА.

2. Монокристалды күн панельдері: Күн батареяларының қондырғылары қосымша электр қуатымен қамтамасыз етеді.

3. Термоэлектрогенераторлар (Closed cycle vapor turbogenerator): тұрақты энергиямен қамтамасыз ете отырып, автономды режимде жұмыс істейді.

4. Энергия ресурстарын есепке алудың кешенді автоматты жүйесі (ЭЕКАЖ): энергияны тұтынуды дәл есепке алуды және талдауды қамтамасыз етеді.

Өндірістің энергия тиімділігін арттыру үшін QazaqGaz жыл сайын энергия үнемдеу және энергия тиімділігін арттыру жөніндегі іс-шараларды әзірлейді және іске асырады, мысалы:

- Сыртқы және ішкі жарықтандыру құрылғыларын жарықдиодты аналогтармен ауыстыру: бұл электр энергиясын тұтынуды айтарлықтай азайтуға мүмкіндік береді.

- Жүктеме коэффициенті төмен трансформаторларды нақты қуат трансформаторларына ауыстыру: бұл электр энергиясының тиімділігін жақсартады.
- Ескірген қазандықтарды заманауи энергияны үнемдейтін қазандықтарға ауыстыру: отынға арналған шығындарды азайту және жылыту тиімділігін арттыру.
- Оқшауланбаған құбырларды ауыстыру және газ қысымын реттегіштерді орнату: Жылу мен газдың шығындарын азайту.
- Газ турбиналы қозғалтқышты күрделі жөндеу: Жабдықтың жұмыс тиімділігін арттыру.
- Жылу энергиясын есепке алудың ультрадыбыстық аспаптарын сатып алу: тұтынылатын жылу энергиясын дәл есепке алуды қамтамасыз ету.
- Ескірген катодты қорғаныс станцияларын ҚКК жоғары жаңа станцияларға ауыстыру: Құбырларды коррозиядан қорғаудың тиімділігін арттыру.

Бұл іс-шаралар энергия шығындарының төмендеуіне ғана емес, сонымен қатар компанияның тұрақты дамуының маңызды құрамдас бөлігі болып табылатын қоршаған ортаға әсердің төмендеуіне ықпал етеді.

Есепті жылы Компанияның энергия тұтынуы 47 326 205 ГДж құрады, сонымен қатар жаңартылатын көздерден алынған энергия үлесі 3 076 ГДж құрады.

25-кесте. **Отын түрлері бойынша жаңартылмайтын көздерден отынды тұтыну, ГДж**

GRI 302-1

Көрсеткіш	**2023**
Отынның жалпы тұтынылуы, оның ішінде:	47 323 129
Табиғи газ	45 623 812
Дизель отыны	198 877
Жанармай	130 900
Жылу энергиясы	787 545
Электр энергиясы	581 995

26-кесте. Энергия түрлері бойынша жаңартылатын көздерден энергия тұтыну, ГДж

GRI 302-1

Көрсеткіш	2023
ЖЭК-тен энергияны тұтыну, оның ішінде:	3 076,22
Электр энергиясы	456,12
Жылу энергиясы	2620,1

27-кесте. Компанияның энергия тұтынуы, ГДж

GRI 302-1

Көрсеткіш	2023
Жалпы энергия тұтыну, оның ішінде:	47 326 205
Табиғи газ	45 623 812
Жылу энергиясы	790 165
Электр энергиясы	582 451
Жанармай	130 900
Дизель	198 877

2024 жылға арналған жоспарлар және перспективалық міндеттер

- Компанияның энергия тұтынуды оңтайландыруға және энергия тиімділігін арттыруға бағытталған энергетика саласындағы саясатын әзірлеу және енгізу.
- Энергия тұтынуды одан әрі төмендету үшін энергия тиімді іс-шараларды енгізу жөніндегі жобаларды әзірлеу және іске асыру.
- Энергия тұтынуды азайту және энергия тиімділігін арттыру бойынша нақты мақсаттар қою.
- Өндірістік процестерде энергия тиімділігі мен энергия үнемдеуді арттыру үшін жаңа технологияларды енгізу, оның ішінде компанияның қажеттіліктерін қамтамасыз ету үшін жаңартылатын көздерден жылу және электр энергиясын өндіру.
- Жалпы энергия тұтынуда жаңартылатын энергия көздерін пайдалану үлесін арттыру.

***28-кесте.* GRI 302-1 (а) Ұйым ішіндегі энергияны тұтыну**

Ресурстарды тұтыну және энергия тиімділігі	Өлшем бірлігі	**2022**	**2023**

Ресурстарды тұтыну	мың ГДж	**55 157**	**47 326,205**
Электр энергиясы мен жылу энергиясын жиынтық тұтыну, оның ішінде	мың ГДж	1224,142	1554,945
ЖЭК	мың ГДж	3,076	3,076
Сатып алынатын электр энергиясы мен жылу энергиясының сомасы	мың ГДж	234,322	431,718
Электр энергиясы, оның ішінде	мың ГДж	520,398	582,34
Сатып алынатын электр энергиясы, оның ішінде	мың ГДж	234,322	238,559
ЖЭК	мың ГДж	0	0
Электр энергиясының меншікті өндірісі, оның ішінде	мың ГДж	286,076	343,326
ЖЭК	мың ГДж	0,456	0,456
Жылу энергиясы, оның ішінде	мың ГДж	703,744	790,11
Сатып алынатын жылу энергиясы, оның ішінде	мың ГДж	0	12,88
ЖЭК	тыс. ГДж	2,620	2,620
Жылу энергиясының меншікті өндірісі, оның ішінде	тыс. ГДж	703,744	774,661
ЖЭК	тыс. ГДж		
Көмір	тыс. ГДж		
Газ, соның ішінде	тыс. ГДж		
табиғи газ	тыс. ГДж	53870,767	45 623,812
сұйытылған газ	тыс. ГДж		
Сұйық отын, соның ішінде	тыс. ГДж		
жанармай	тыс. ГДж	52,828	130,900
дизель отыны	тыс. ГДж	9,639	198,877
Мазутты қоса алғанда, қазандық отыны	тыс. ГДж		

29-кесте. GRI 302-3 энергия сыйымдылығы

Көрсеткіш	**Өлшем бірлігі**	**2022**	**2023**
Тасымалдауға арналған отын-энергетикалық ресурстарды тұтыну	Тыс. ГДж	55 157	47 326,207
Шикізатты тасымалдау*	тонн	34 889 937	31 047 304

GRI 302-4 Энергия тұтынуды қысқарту

2023 жылға арналған негізгі көрсеткіштер	Елеулі тақырыптар
- Персонал саны - 12 800 адам. - Кадрлардың ауысым коэффициенті-5,28 %; – Бір әйел қызметкерге шаққандағы оқу сағаттарының орташа жылдық саны - 8,6, ер адамдарға - 17,3; - Еңбекті қорғау және өнеркәсіптік қауіпсіздікті басқару жүйесімен қамтылған жұмыскерлер саны - 13 114 адам. - 0,12 - еңбекке жарамсыздыққа әкелген жарақат көрсеткіші (LTIFR); - Мансапты дамытуға байланысты нәтижелілікті тұрақты бағалау бағдарламаларымен қамтылған жұмыскерлердің үлесі - 34,5%	- Еңбекті қорғау, өнеркәсіптік қауіпсіздік және ТЖ-ға дайындық; - Персоналды басқару; - Кемсітушілікке қарсы іс-қимыл және тең мүмкіндіктер; - Жергілікті қауымдастықтар
Релевантты БҰҰ ТДМ	**GRI көрсеткіштері**
- №3 ТДМ: денсаулық пен әл-ауқат; - №5 ТДМ: гендерлік теңдік; - №8 ТДМ: лайықты жұмыс және экономикалық өсім.	GRI 2-7, GRI 2-8, GRI 2-26, GRI 2-30, GRI 202-2, GRI 203-1, GRI 203-2, GRI 401-1, GRI 401-2, GRI 401-3, GRI 402-1, GRI 403-1, GRI 403-2, GRI 403-3, GRI 403-4, GRI 403-5, GRI 403-6, GRI 403-7, GRI 403-8, GRI 403-9, GRI 403-10, GRI 404-1, GRI 404-2, GRI 405-1, GRI 405-2, GRI 406-1, GRI 413-1, GRI 413-2

Көрсеткіш	Өлшем бірлігі	2022	2023
Тиімділікті сақтау және арттыру жөніндегі бастамалар нәтижесінде қол жеткізілген энергия тұтынуды қысқарту көлемі	Тыс.ГДж	336	352

7-бөлім

ӘЛЕУМЕТТІК АСПЕКТ ИНТЕГРАЦИЯСЫ (S)

Еңбекті қорғау және өнеркәсіптік қауіпсіздік

GRI 3-3

Қоғам компаниялары тобының қызметі еңбекті қорғау және өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы тәуекелдердің жоғары деңгейі бар жұмыстарды орындаумен сипатталады. Компаниялардың осы тобының қызметкерлері үшін халықаралық стандарттарға сәйкес еңбек қауіпсіздігін қамтамасыз ету басымдық болып табылады. Қоғамның Корпоративтік орталығы жұмыс

орындарында қауіпсіз еңбек жағдайларын қамтамасыз ете отырып, барлық жұмыскерлердің денсаулығы мен қауіпсіздігіне көп көңіл бөледі

Жұмыскерлер арасында қауіпсіздік мәдениетін жақсарту және еңбекті қорғау мен өнеркәсіптік қауіпсіздік мәселелері бойынша басшылардың құзыретін арттыру Қоғамның Корпоративтік орталығы үшін негізгі міндеттер болып табылады. Бұл басымдықтар көлік және өндірістік қауіпсіздік салаларында, сондай-ақ еңбекті қорғау, өнеркәсіптік қауіпсіздік және қоршаған ортаны қорғау саласындағы басқару жүйесінде іске асырылады.

2023 жылы Қоғамның еншілес ұйымдары QazaqGaz-дың Өндірістік қауіпсіздікті басқару жөніндегі корпоративтік стандартына негізделген еңбекті қорғау және өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы стандарттарды іске асыруды жалғастырды. Осы стандарттарға сәйкес олардың жұмысын қалыптастыру HSE саласындағы бизнес-процестерді реттейтін ішкі нормативтік құжаттарды әзірлеу, өзектендіру және енгізу бойынша жүйелі жұмысты қамтиды.

3-сурет. «QazaqGaz» ҰК» АҚ-ның ЕҚ, ӨҚ бағыты бойынша 2023 жылғы мақсаттары



Ішкі құжаттарды қайта қарау және өзектендіру ДП-02 «Құжаттаманы басқару» құжатталған рәсімінің талаптарына сәйкес жүзеге асырылады.

Есепті кезеңде мынадай ішкі құжаттар әзірленді және өзектендірілді:

1. Қауіпті зиянды өндірістік факторларды сәйкестендіру, тәуекелдерді бағалау және QazaqGaz басқару шараларын белгілеу құжатталған рәсімі;
2. QazaqGaz арнайы киімімен, арнайы аяқ киімімен, жеке қорғаныс құралдарымен қамтамасыз ету жөніндегі бірыңғай корпоративтік стандарт;
3. QazaqGaz өндірістік қауіпсіздігін басқару жөніндегі корпоративтік стандарт;
4. QazaqGaz өндірістік объектілерінде еңбекті қорғау, өнеркәсіптік қауіпсіздік және қоршаған ортаны қорғау саласында аудит және тексерулер жүргізу тәртібі туралы ереже;
5. «QazaqGaz жазатайым оқиғаларын, жол-көлік оқиғаларын және инциденттерін тіркеу, тергеу және талдау» құжатталған рәсімі;

6. «QazaqGaz экологиялық аспектілерін сәйкестендіру» құжатталған рәсімі;

7. «QazaqGaz денсаулық сақтау және еңбек қауіпсіздігі мен қоршаған ортаны қорғауды қамтамасыз ету саласындағы белгіленген талаптарға сәйкестігін мониторингтеу және бағалау» құжатталған рәсімі;

8. QazaqGaz Денсаулық сақтау, еңбек және өндірістік қауіпсіздік саласындағы саясат;

9. QazaqGaz «Қауіпсіздік бойынша мінез-құлық аудитін» жүргізу әдістемесі;

10. QazaqGaz HSE Комитетінің ережесі;

11. QazaqGaz-да нөлдік жарақаттануға 12 қадам қағидалары.

2023 жылы Компанияда еңбек қауіпсіздігі мәдениетінің 12 элементі бойыншаөЗін-өзі бағалау жоспарланып, орындалды, ол қазіргі уақытта үздік әлемдік тәжірибелер шеңберінде қолданылады, онда табысқа жетудің оң динамикасы және қауіпсіздік саласы атап өтілді, бұл қауіпсіздікті басқару жүйесін жақсартуға жедел шаралар қабылдау бойынша өзіне мұқият назар аударуды талап етеді. Осының нәтижесінде қауіпсіздікті басқару саласындағы интеграциялық процесті әзірлеу және іске қосу туралы шешім қабылданды.

Жұмыскерлердің тиімді қарым-қатынасы мен біліктілік деңгейін арттыру үшін: «Қауіпсіздіктің мінез-құлық аудиті», «Қауіпті, зиянды өндірістік факторларды сәйкестендіру» және «Тәуекелдерді бағалаудың 5 қадамы» тақырыбы бойынша дербес оқыту үдерісіне кіріскен ішкі жаттықтырушыларды даярлау ұйымдастырылды, олардың соңғысы жұмысшыларға арналған.

«Самұрық-Қазына» АҚ бастамасы бойынша 2023 жылы еңбек қауіпсіздігі мәдениеті курсы бойынша 51 адам оқытылды, олар осы курс бойынша Қоғам компаниясы тобының 100% қызметкерін оқытты. Бұл ретте, жарақаттануды азайту мақсатында, Өндірістік еңбек мәдениеті бағдарламасын өзектендіру бойынша жұмыс жүргізілді.

Бұдан басқа, осы жұмыс шеңберінде «ішкі» жаттықтырушылар келесі пәндер бойынша 100% өндірістік персоналды оқыту жөніндегі жұмысты жалғастыратын болады:

1.«Қауіпсіздіктің мінез-құлық аудиті»;

2. «Қауіпті, зиянды өндірістік факторларды сәйкестендіру»;

3. «Тәуекелдерді бағалаудың 5 қадамы».

Басқару құрылымы мен құралдары

Қоғамның Корпоративтік орталығында Қоғамның Басқарма Төрағасына бағынатын Health, Safety & Environment (HSE Қызметі) қызметі құрылымдық бөлімшесі жұмыс істейді.

Еңбекті қорғау, өнеркәсіптік қауіпсіздік және қоршаған ортаны қорғау саласындағы процестер мен міндеттердің орындалуына HSE қызметінің басшысы және олардың өкілеттіктеріне сәйкес осы салаларға жауапты құрылымдық бөлімшелердің қызметкерлері жауапты болады. Жұмыскерлердің лауазымдық нұсқаулықтарына сәйкес еңбекті қорғау, өнеркәсіптік қауіпсіздік және қоршаған ортаны қорғау саласындағы талаптарды сақтағаны үшін жеке жауапкершілігі көзделген.

GRI 403-4

Еңбекті қорғау және өнеркәсіптік қауіпсіздік жөніндегі орындалатын іс-шараларды ұйымдастыру мен басқаруды бақылау үшін Қоғамның Корпоративтік орталығында QazaqGaz Басқармасы жанынан HSE жөніндегі Басқарушы Комитет құрылды.

Комитеттің қызметін ұйымдастыруды QazaqGaz және ЕТҰ жұмыскерлерінің қатарынан КҚБ жанындағы жұмыс топтарын олармен ЕҚ, ӨҚ және ҚОҚ менеджмент жүйесін әзірлеу, енгізу және жетілдіру кезінде консультациялар жүргізу үшін құратын КҚБ Төрағасы жүзеге асырады.

Ішкі құжаттарға сәйкес Басқарушы Комитеттің негізгі функциялары:

- QazaqGaz ЕҚ, ӨБ және ҚОҚ корпоративтік менеджмент жүйесінің тиімділігін талдау және бағалау, жақсарту бойынша ұсыныстар беру;
- Саясаттың қысқа мерзімді және ұзақ мерзімді мақсаттары мен міндеттерін, сондай-ақ ЕҚ, ӨҚ және ҚОҚ саласындағы нысаналы көрсеткіштерді әзірлеу және өзектендіру;
- жұмыскерлерді жұмыстарды қауіпсіз жүргізуге ынталандыру тетіктерін енгізу және Компанияда қауіпсіз мінез-құлық мәдениетін арттыру бойынша ұсыныстарды қарау және келісу;
- ISO 14001 және ISO 45001 қоса алғанда, халықаралық стандарттардың талаптарына сәйкес әзірленген QazaqGaz ЕҚ, ӨБ және ҚОҚ саласындағы корпоративтік регламенттеу құжаттарын қарастыру және келісу;
- Компанияда ЕҚ, ӨҚ және ҚОҚ саласындағы жетістіктер мен үздік тәжірибелер туралы ақпарат алмасуды қамтамасыз ету болып табылады.

QazaqGaz HSE саласындағы тәжірибені жүйелі негізде жетілдіреді. Мысалы, жұмыс орындарында қауіпсіз еңбек жағдайларын жасау мақсатында, жыл сайын «Көтермелеу және салдарды басқару бағдарламасы» орындалады. Оның мәні жазатайым оқиғаларды барынша азайтуды қамтамасыз еткен жұмыскер (дәрігерге дейінгі медициналық көмек көрсету, HSE мәселелерін жақсарту бойынша тиімді идеяларды ұсыну) материалдық сыйақылар мен көтермелеулерге үміткер болуға құқылы болуында. Алайда, Қоғамның HSE саласындағы іргелі қағидаттары бұзылған жағдайда, бұзушылыққа жол берген жұмыскерге Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне сәйкес тәртіптік жаза қолданылады.

Осы бағдарламаны іске асыру нәтижелері бойынша 2023 жылы 1,2 млрд теңгеден астам қаражат төленді. Төлемдер үшін негіз:

- Өндіріске байланысты, жазатайым оқиғаларсыз жұмыс істеген 1 000 000 адам-сағат (LTI Free) тарихи жетістігіне жету;
- Өндіріске байланысты, жазатайым оқиғаларсыз жұмыс істеген 10 000 000 адам-сағат LTI Free тарихи жетістігіне қол жеткізу;
- LTI Free 1 жыл ішінде өндіріске байланысты, жазатайым оқиғаларсыз жұмыс істеген адам-сағат тарихи жетістігіне қол жеткізу (әрбір жазатайым оқиғаларсыз қол жеткізілген жыл);
- LTI Free 5/ 10/ 15 және т.б. жыл ішінде өндіріске байланысты, жазатайым оқиғаларсыз жұмыс істеген адам-сағат тарихи жетістігіне қол жеткізу;
- Қоғамның немесе еншілес және тәуелді ұйым жұмыскерінің (медициналық қызмет көрсететін, яғни тікелей міндеттеріне білікті медициналық көмек көрсету кіретін қызметкерлерді қоспағанда) өндіріске байланысты жазатайым оқиға кезінде зардап шегушіге дәрігерге дейінгі медициналық көмек көрсетуі;
- Өнеркәсіптік қауіпсіздік, еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау және қоршаған ортаны қорғауға арналған конкурстарға, бастамаларға қатысу;
- Сапалы бақылаулармен және түзету әрекеттерімен мінез-құлық аудит карталарында тіркелген еңбек қауіпсіздігі бойынша мінез-құлық аудиттеріне белсенді және тұрақты қатысу (айына бір рет әрбір ӨФ/ МГҚБ/ ГТБ/ КС/ РЭУ/ ГӨС/ ЖГҚ/ ТБ/ ОА /УКК /ИТО) болып табылады

QazaqGaz тарихында алғаш рет өндірістік объектіде қауіпсіз жұмыс істеген 365 күн үшін сыйлықақы төленді.

«LTI Free 1 жыл ішінде өндіріске байланысты, жазатайым оқиғаларсыз жұмыс істеген адам-сағат тарихи жетістігіне қол жеткізу (әрбір жазатайым оқиғаларсыз қол жеткізілген жыл)» сыйлықақысын төлеу күнтізбелік 2023 жылдың соңында орындалды.

Өкінішке орай, 2023 жылы еңбек қызметімен байланысты 3 жазатайым оқиғасы тіркелді.

3 адам QazaqGaz және Қордың «Қоғамның немесе еншілес және тәуелді ұйым жұмыскерінің өндіріске байланысты жазатайым оқиға кезінде зардап шегушіге дәрігерге дейінгі медициналық көмек көрсетуі» номинациясы бойынша Құрмет грамоталарымен марапатталды.

• «ӨБ және ҚТ бойынша бағдарламаларға белсенді және тұрақты қатысу» номинациясында бірнеше адам, оның ішінде ЕТҰ басшыларының құрмет грамоталарымен және алғыс хаттарымен марапатталды.

- QazaqGaz қауіпсіз еңбек мәдениетін қолдауда оң көтермелеуді ілгерілетеді және одан әрі жалғастырады. ЕТҰ мен филиалдар жұмыскерлерді өздерінің және әріптестерінің қауіпсіздігіне дұрыс көзқарасты

қалыптастырғаны өз үлестерін қосқаны үшін көтермелеуі және атап өтуі қажет.

- Медальдің артқы жағы да бар екенін атап өткен жөн. Біз дұрыс әрекет үшін ынталандырамыз, ал Қағидалар мен талаптарды бұзғаны үшін жауапкершілікті де жүктейміз. Сондықтан 7 Алтын қағиданы, 9 өмірлік маңызды қағиданы және басқа да нұсқаулықтарды бұзғаны үшін Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне сәйкес тәртіптік жазалар қолданылатын болады.

QazaqGaz-да ЕҚ, ӨҚ және ҚОҚ жүйесін дамыту

2023 жыл бойы еңбекті қорғау, өнеркәсіптік қауіпсіздік және қоршаған ортаны қорғау саласындағы тәжірибелерді дамытудың негізгі бағыты болып табылатын «Жоспарла – Жаса – Тексер – Әрекет ет» тұжырымдамасын іске асыру жалғастырылды.

Осы Тұжырымдамаға сәйкес, еңбекті қорғау, өнеркәсіптік қауіпсіздік және қоршаған ортаны қорғау жөніндегі құрылымдық бөлімшенің әрбір басшысы өзінің басқару деңгейінде өндірістік процестердің ішкі және сыртқы аудиттерінің жүргізілуіне бақылауды жүзеге асырады.

QazaqGaz компаниялар тобы бойынша техникалық инспекторлар мен Кәсіподақтың барлық мүшелерінен тұратын, Орталық аппарат базасындағы кеңесті қоса алғанда, еңбекті қорғау жөніндегі 11 өндірістік Кеңес жұмыс істейді.

Еңбекті қорғау жөніндегі кеңестердің құзыреті жұмыскерлердің еңбек қызметі кезінде олардың өмірі мен денсаулығын қорғауға конституциялық құқығын қамтамасыз ету, қауіпсіз және салауатты еңбек жағдайларын жасау, компания қызметкерлерінің өндірістік жарақаттары мен кәсіптік ауруларының алдын алу үшін шешімдер әзірлеу және т.б. болып табылады.

ЕҚ, ӨҚ және ҚОҚ жүйесін дамыту көшпелі ішкі аудиторлық тексерулер жүргізуді көздейді. Мәселен, 2023 жылы «Самұрық-Қазына» АҚ басшылығымен бекітілген жоспар-кестеге сәйкес Жамбыл облысының өндірістік объектілері бойынша көшпелі аудиттер жүзеге асырылды. Шығу нәтижелері бойынша ЕҚ, ӨҚ және ҚОҚ жүйесін жетілдіру бойынша ұсынымдар әзірленді.

Есепті кезеңде QazaqGaz компаниялар тобы бойынша сыртқы аудит жүргізілген жоқ.

Басқару жүйесінің халықаралық стандарттарға сәйкестігі

GRI 403-1

Қоршаған ортаны қорғау және денсаулық пен еңбек қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөніндегі басқару жүйесін дамыту – ұлттық және халықаралық деңгейдегі стандарттардың негізгі талабы болып табылады.

QazaqGaz ұлттық және халықаралық стандарттарға сәйкестігін растай отырып, бизнес-процестерді басқару жүйесін үнемі жетілдіріп отырады. Атап айтқанда, 2023 жылы QazaqGaz компаниясы басқару жүйесінің ISO 4500 халықаралық стандартының баламасы болып табылатын және оның еңбекті қорғау және денсаулық саласындағы талаптарына сәйкес келетін «Қазақстан Республикасының СТ ISO 45001-2018» Қазақстан Республикасының Ұлттық стандартына сәйкестігін растады.

ИМЖ тиімділігін арттыру мынадай сертификаттарды алумен расталады:

– ISO 9001:2015 «Сапа менеджменті жүйесі» - 26.05.2023 жылдан бастап қолданылу мерзімі 25.05.2026 жылға дейін.;

– ISO 14001: 2015 «Экологиялық менеджмент жүйесі» - 26.05.2023 жылдан бастап 25.05.2026 жылға дейін қолданылады.

QazaqGaz сапа менеджменті жүйесін жақсартуға бағытталған басқару принциптеріне мыналар жатады:

- бизнес-процестерді талдау, мониторинг, автоматтандыру және реинжиниринг арқылы операцияларды үнемі жақсарту;
- объективті деректер және акционерлер мен қоғам үшін пайда негізінде басқарушылық шешімдер қабылдау;
- тәуекелдерді бақылау және басқару жүйелерін жақсарту арқылы проблемалардың жою үшін превентивті шаралар;
- нарықты талдау және клиенттердің қажеттіліктерін қанағаттандыру үшін маркетингтік зерттеулер;
- еркін идеялар алмасу жүйесі, қызметкерлерді сапаны жақсартуға және инновацияларға ынталандыру;
- жеткізушілерге сапа және стандарттарға сәйкестігі саласындағы қойылатын талаптар;
- қызметкерлердің біліктілігін арттыру және олардың процестерді жақсартуға белсенді қатысуы;
- мүдделі тараптар алдындағы ақпараттық ашықтық. Компания осы принциптерді ұстануға және сапаны басқару жүйесін жақсарту үшін ресурстар бөлуге міндеттенеді.

Тәуекелдерді бағалау

GRI 403-2, GRI 403-3

QazaqGaz өз қызметін мұқият талдайды және жұмыс орнындағы қауіпсіздік пен өнеркәсіптік қауіпсіздікке байланысты ықтимал қауіптерді түсінеді. Біз «Қазақстан Республикасының СТ ISO 45001:2019» және МЕМСТ 12.0.003–2015 «Еңбек қауіпсіздігі жөніндегі стандарттар жүйесі Қауіпті және зиянды өндірістік факторлар. Жіктеу» сияқты ұлттық, салалық және халықаралық қауіпсіздік стандарттарының талаптарын қатаң сақтаймыз. Бұдан басқа, біз тәуекелдерді басқару жөніндегі іс-әрекеттерімізді реттейтін «Қауіпті және зиянды өндірістік факторларды анықтау, тәуекелдерді бағалау

және басқару шараларын белгілеу» (ДП-09) деп аталатын құжатталған әзірледік әзірледік және қолданамыз.

Қазақстан Республикасының СТ 1.56-2005 «Тәуекелдерді басқару. Сенімділікті басқару жүйесі. Технологиялық жүйелердің тәуекелін талдау» стандартына сәйкес, тәуекелдерді басқару процесі қауіпті өндірістік процестерді анықтау, операциялық тәуекелдерді талдау және бағалау, сондай-ақ тәуекелді азайту немесе оны жою жөніндегі ұсыныстар арқылы жүзеге асырылады.

«Құжаттаманы басқару» (ДП-02) деп аталатын құжатталған рәсімнің талаптарына сәйкес тәуекелдерді басқару жауапкершілігі келесідей бөлінеді: өзгерістер мен толықтырулар енгізу үшін HSE қызметі, ал бақылауды жүзеге асыру үшін Бизнес-процестерді басқару департаменті жауап береді.

Еңбекті қорғау, өнеркәсіптік қауіпсіздік және қоршаған ортаны қорғау саласында елеулі өзгерістер енгізу кезінде, Компаниялар тобында қауіптерді анықтау және өндірістік тәуекелдерді бағалау процесі жүреді. Бұл процесс келесі факторларға негізделеді:

- нормативтік құжаттамадағы және Қазақстан Республикасының заңнамасындағы өзгерістер;
- болған жазатайым оқиғаларды талдау нәтижелері;
- ішкі немесе сыртқы аудиттерді жүргізу кезінде анықталған сәйкессіздіктер
- жабдықты жаңарту немесе ауыстыру
- төтенше жағдайларды талдау нәтижелері.

Қауіптер мен өндірістік тәуекелдерді талдаудың алынған нәтижелерін QazaqGaz басшылығы басқарушылық шешімдер қабылдау үшін талдауы тиіс. Кәсіптік тәуекелдерді басқару жүйесінде кәсіптік қауіпсіздікке төнетін қатерлерді болдырмау үшін, жедел бақылау құралдары қолданылады. Мұндай жедел бақылау құралдарына:

- қауіптің туындауын болдырмау немесе оны жою үшін жабдықтың немесе технологияның конструкциясындағы өзгерістер;
- қауіптің бар екендігі туралы дабыл құралдарын пайдалану;
- басқару бойынша ұйымдастыру және оқыту шараларын қолдану;
- жеке қорғаныс құралдарын пайдалану жатады.

QazaqGaz-да анықталған жобалық тәуекелдер негізінде анықталған жобалық тәуекелдерді азайту немесе жою жөніндегі шаралар ұсынылады. «Қауіпті және зиянды өндірістік факторлардың әсер ету тәуекелдерінің жиынтық тізбесі» құжатында көзделген нұсқалар мен түзету шараларын талдау негізінде тәуекелдерді азайту, алдын алу және жою мақсатынд,а тәуекелдерді басқару жөніндегі іс-шаралар тізбесі жыл сайын қайта қаралады.

Қауіпті және зиянды өндірістік факторларды сәйкестендіру және бағалау кезінде, жұмысшылардың жұмыстарды орындау аймағындағы күнделікті

қызметі, технологиялық процестердің сипаттамалары, жабдықтардың жай-күйі, ықтимал төтенше жағдайлар және адам факторы ескеріледі. Сондай-ақ, жұмыстарды орындау аймағынан тыс жерде анықталған ықтимал қауіп төндіретін сыртқы факторлар қарастырылады.

30-кесте. **Жұмыс орнындағы еңбекті қорғау және қауіпсіздік мәселелерін басқару жүйесімен қамтылған Компания жұмыскерлері[5]*, адам**

GRI 403-8

Көрсеткіш	2023	
	Барлығы, адам	жұмыскерлердің жалпы санынан %
Еңбекті қорғау және өнеркәсіптік қауіпсіздік жүйесімен қамтылған адамдардың саны (штаттағы жұмыскерлер)	12 800	100
Ішкі аудит рәсімінен өткен еңбекті қорғау және өнеркәсіптік қауіпсіздік жүйесімен қамтылған адамдардың саны (штаттағы жұмыскерлер)	12 604	98
Еңбекті қорғау және өнеркәсіптік қауіпсіздік жүйесімен қамтылған адамдардың саны (штаттан тыс жұмыскерлер)	314	100
Ішкі аудит рәсімінен өткен, еңбекті қорғау және өнеркәсіптік қауіпсіздік жүйесімен қамтылған адамдардың саны (штаттан тыс жұмыскерлер)	199	63

** Есепті кезеңде еңбекті қорғау және өнеркәсіптік қауіпсіздік жүйесі үшінші тараптың тәуелсіз аудиті рәсімінен өтпеген.*

Өнеркәсіптік қауіпсіздік

QazaqGaz корпоративтік орталығы ЕТҰ өндірістік объектілерінде өнеркәсіптік қауіпсіздікті басқару саласындағы барлық талаптарды қатаң сақтайды. Тоқсан сайын және одан да жиірек ЕТҰ жоғары және орта буын басшылығының барлық деңгейлерінде жұмыс орнында еңбекті қорғау мен

[5] Аталған деректер жұмыскерлер болып табылмайтын адамдардың 100% -ын қамтиды. Жұмыскерлер болып табылмайтын адамдардың ешқандай санаты осы статистикадан шығарылған жоқ.

өнеркәсіптік қауіпсіздікті қамтамасыз ету мәселелері бойынша кеңейтілген кеңестер өткізіледі.

Өндірістік қауіпсіздікті сақтаудың барлық кезеңдері Денсаулық сақтау, еңбек және өндірістік қауіпсіздік саласындағы белгіленген саясатқа сәйкес қатаң сақталады.

2023 жылы өндірістегі қауіпсіздік мәдениетін жақсарту үшін, QazaqGaz компаниялар тобы шеңберінде мынадай іс шаралар өткізілді:

- өндірістік персонал үшін «Қауіпсіз еңбек мәдениеті» курсы бойынша оқыту ұйымдастырылды, QazaqGaz компаниялар тобының оқудан өткен жұмыскерлерін қамту 98% құрады;
- Қоғамның компаниялар тобында «NEBOSH» курсы бойынша - 12 адам және «IOSH» курсы бойынша – 46 адам және «Оқиғаны тергеу» курсы бойынша - 88 адам оқу ұйымдастырылды;
- Компанияның жоғары басшылығы мен Компаниялар тобы өкілдерінің қатысуымен ЕТҰ басшыларының бірінші II HSE форумы өткізілді;
- тоқсан сайынғы негізде (тоқсанына 2 рет) Басқарма мүшелерінің қатысуымен еңбекті қорғау және өнеркәсіптік қауіпсіздік мәселелері бойынша кеңейтілген кеңестер өткізілді.

Жұмыскерлердің денсаулығы

GRI 403–6, GRI 403–7, GRI 403–8

Қызметкерлердің денсаулығын сақтау - QazaqGaz үшін аса маңызды басымдық. Қазақстан Республикасы еңбек заңнамасының талаптарына сәйкес жұмыскерлерге арнайы киімді, жазатайым оқиғалардан сақтандыруды, медициналық тексерулерді, шұғыл медициналық көмекті және дене денсаулығын қолдау бағдарламаларын қамтитын әлеуметтік пакет ұсынылады.

Қосымша әлеуметтік пакет (кепілдік берілген көлемнен басқа) кәсіподақ мүшелері болып табылатын және Ұжымдық шартқа қол қойған жұмыскерлерге беріледі. Бұдан басқа, Ұжымдық шарттың нормалары аутсорсинг талаптарымен тартылған жұмыскерлерге қолданылады.

Кәсіподақта тұрмайтын жұмыскерлерге Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес әлеуметтік пакетке кепілдік беріледі.

Қажет болған жағдайда медициналық көмек көрсететін медицина жұмыскері QazaqGaz-да тұрақты негізде болады. Компания объектілерінде жұмыс істейтін және қауіптілігі жоғары мердігерлік ұйымдардың жұмыскерлері үшін ауысым алдында және одан кейін міндетті медициналық тексеруден өту көзделген.

Компанияда жұмыскерлерді жазатайым оқиғалардан 100% сақтандыру қарастырылған.

Жұмыскерлерді оқыту және нұсқау беру

GRI 403-4, GRI 403-5

Персоналды оқыту QazaqGaz басқару жүйесінің еңбекті қорғау және қауіпсіздік саласындағы ұлттық, салалық және халықаралық стандарттарға сәйкестігін қамтамасыз ету жөніндегі қызметінің негізгі аспектілерінің бірі болып табылады.

Негізгі мақсаты - жұмыскерлердің жетекші халықаралық стандарттар мен практикаларға сәйкес келетін, еңбекті қорғау және өнеркәсіптік қауіпсіздік талаптарын сақтау саласындағы білімі мен кәсіби дағдыларының деңгейін арттыру болып табылады.

Оқудан өткен жұмыскерлер санының жыл сайын артуы байқалады. Мәселен, 2021 жылдың ұқсас кезеңімен салыстырғанда, жұмыскерлер саны 2041 адамға өсті. Бұл ретте, 2023 жылы 1 жұмыскерге келетін оқу сағаттарының орташа саны 271 сағатты құрады. Бұл Компанияның жұмыскерлерді кәсіптік оқыту және ЕҚ және ӨҚ бойынша біліктілігін арттыру бағыты бойынша жұмысын ұйымдастырудың жүйелілігін көрсетеді.

31-кесте. **Бір жұмыскерге шаққандағы оқу сағаттарының орташа саны GRI 403-5**

Көрсеткіш	**2021**	**2022**	**2023**	**Өзгеріс, %**
Компанияның оқытудан өткен жұмыскерлерінің саны	11 473	13 325	13 514	2 %
Компанияның бір жұмыскеріне шаққандағы оқу сағаттарының орташа саны	18 257	19 315	271	1 %
Оқудан өткен мердігерлік ұйымдар жұмыскерлерінің саны	1 442	1 373	2 492	2 %
Мердігерлік ұйымдардың бір жұмыскеріне оқу сағаттарының орташа саны	25 846	25 370	136	1 %

«Мердігерлік ұйымдардың оқудан өткен жұмыскерлерінің саны» көрсеткіші бойынша мәндердің 1,7 есеге артуы байқалады: 2021 жылы 1142 адамнан 2023 жылы 2492 адамға дейін. Бұл көрсеткіштің өсуі QazaqGaz жұмыскерлерімен қатар, сонымен қатар мердігерлік ұйымдардың жұмыскерлерінің Компанияның еңбекті қорғау және қауіпсіздік саласындағы қағидаттар мен стандарттарды сақтау бойынша бейілділігін сипаттайды.

GRI 403-5

Жыл сайын QazaqGaz қызметкерлердің біліктілігі мен хабардарлығын жақсарту үшін еңбекті қорғау және өнеркәсіптік қауіпсіздік мәселелері бойынша кәсіби оқыту және біліктілігін арттыру бағдарламаларын

ұйымдастырады. Есепті кезеңде компания қызметкерлері келесі тақырыптар бойынша оқудан өтті:

- Негізгі оқыту бағдарламалары
- Нұсқаулықтар: бастапқы, қайталама, жоспардан тыс және мақсатты
- Кешенді, міндетті оқыту бағдарламалары
- Алғашқы медициналық көмек көрсету дағдыларын дамыту бағдарламасы
- Қауіпті объектілердегі өнеркәсіптік қауіпсіздік мәселелері
- Аса қауіпті жұмыстарды жүргізу кезіндегі қауіпсіздік: газға қауіпті жұмыстар, жер жұмыстары, биіктіктегі жұмыстар, отпен жұмыстар
- Жеке қорғаныс құралдарын пайдалану, объектілердегі жазатайым оқиғаларды талдау
- Өрт-техникалық минимум
- HSE қызметінің басқармасына арналған «Төмен көміртекті даму» оқу бағдарламасы
- Орталық аппарат пен ЕТҰ қызметкерлері үшін NEBOSH IGC (Өндірістегі еңбекті қорғау және қауіпсіздік техникасы жөніндегі халықаралық сертификат)
- Орталық аппарат пен ЕТҰ қызметкерлері үшін IOSH Managing Safely (Жұмыстарды қауіпсіз ұйымдастырудың халықаралық сертификаты)
- CEO және CEO-1 үшін «Самұрық-Қазына» АҚ басшылығымен қауіпсіздік мәдениеті және қауіпсіздікті басқару жүйелері бойынша оқыту
- HSE қызметкерлері үшін Vision zero бағдарламасы

Есепті кезеңде QazaqGaz компаниясының 24 885 қызметкері еңбекті қорғау және өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы оқудан өтті.

Мердігерлермен жұмыс

QazaqGaz мердігерлермен HSE аспектілерін басқарудағы өзара құрмет пен ынтымақтастыққа негізделген өзара іс-қимылда жауапты тәсілді қамтамасыз етуге бағытталған.

Белгіленген еңбек қатынастарына сәйкес Қоғамның компаниялар тобының ЕТҰ объектілерінде жұмыстарды орындайтын мердігерлер Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарын, сондай-ақ Қоғамның HSE саласындағы стандарттары мен ішкі нормаларын сақтауы тиіс.

Мердігер ұйымдармен шарт шеңберінде орындалатын жұмысқа байланысты тәуекелдерді болдырмау және азайту мақсатында, жұмыс орнында қауіпсіз еңбек жағдайларын қамтамасыз ету жөніндегі жоспарды әзірлеу көзделген. Бұл ретте, еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау саласындағы талаптардың сақталуын бақылау мердігер ұйымдарға жүктелген.

Көліктегі қауіпсіздік

Қауіпсіз жүргізуді қамтамасыз ету үшін Компания Жол қауіпсіздігі саясатында көзделген мынадай қағидаттарды ұстанады:

- QazaqGaz жол қозғалысы және бизнес-процестер ережелерінің талаптарын сақтау
- жоспарлау, сапарларды басқаруды ұйымдастыру, қауіпті жол жағдайларында тәуекелдер мен сақтық шараларын анықтау жүйесін дамыту және үздіксіз жетілдіру;
- желіге техникалық байқаудан өткен КҚ шығару;
- әрбір КҚ жүргізушісінің рейс алдындағы медициналық тексеруден міндетті түрде өтуі:
- тиісті біліктілігі, денсаулық жағдайы және жұмыс тәжірибесі бар жүргізушілерді КҚ басқаруға тарту;
- басшылар мен жолаушылар тарапынан жүргізушілердің ЖҚЕ талаптарын бұзуға мәжбүрлейтін әрекеттеріне, нұсқаулар беруіне немесе жағдайлар жасауына жол бермеу.

2023 жылы Компанияда «QazaqGaz Onimderi» ЖШС-де жол-көлік оқиғалары тіркелді. Оқиға фактісі бойынша QazaqGaz Корпоративтік орталығы қызметтік тергеу жүргізді, оның нәтижелері бойынша кінә анықталып, ЕТҰ-ның қатысуымен өткен кеңейтілген кеңестерде ұсынылған түзету және алдын алу шаралары әзірленді.

Қоғамда жол қозғалысы саласында өндірістік объектілердің аумағында да, одан тыс жерлерде де ЖКО-ны барынша азайтуға және алдын алуға бағытталған белгілі бір ережелер қолданылады.

2023 жылы барлық автокөлік құралдарында автокөліктің борттық мониторинг жүйесі (IVMS) орнатылды:

- автомобильдерде қауіпсіздік жүйелерінің болуы;
- жүргізушілердің мінез-құлқы мен жай-күйін қадағалау, қызметтік автокөлікте пайдалану және болу ережелерін сақтау;
- жүргізуші мен бақылау механигінің жолға шыққанға дейін көлік құралдарына инспекциялар мен тексерулер жүргізуі;
- уақтылы техникалық қызмет көрсету, автомобильдерді жөндеу және автокөлікті, егер оның техникалық жағдайы көлік құралын пайдалануға мүмкіндік бермесе, пайдаланудан бас тарту;
- көлік құралын басқаруды көздейтін позицияға жұмыскерлерді мұқият іріктеу.

Авариялық жағдай көп жағдайда, Компанияға тәуелді емес себептерге байланысты болатын ЖКО статистикасын атап өткен жөн. QazaqGaz үшін ЖКО туындауының екі негізгі себебі тән:

- Қоғамның автомобиль паркінің саны;
- Қоғам қатысатын өңірлердің географиялық қашықтығы.

Жарақат көрсеткіштері

GRI 403-7

Компания Денсаулық сақтау, еңбек және өндірістік қауіпсіздік саласындағы саясатқа сәйкес барлық құрылымдық бөлімшелердегі жарақаттанудың негізгі көрсеткіштерін жүйелі негізде есепке алуды жүзеге асырады. Инциденттер болған жағдайда, Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес оқиғаларды тез арада тексеру және есепке алу жүргізіледі, сондай-ақ оларды болғызбау жөніндегі шаралар тізбесі әзірленеді.

Компания барлық оқиғаларды, соның ішінде ауыр зардаптары бар жазатайым оқиғаларды азайту үшін жұмыс істей отырып, «нөлдік жарақатқа» қол жеткізуге тырысады. Бұл стратегия шеңберінде «Vision Zero» жеті алтын қағидаларын және Өмірді қамтамасыз ететін тоғыз қағидаларды іске асыру жалғастырылуда.

QazaqGaz Басқарма төрағасы апта сайын ЕТҰ-ның бірінші басшыларымен жарақаттану мәселелерін қоса алғанда, еңбекті қорғау және жұмыскерлердің денсаулығы жөніндегі талаптарды сақтау мәселелері бойынша кеңестер өткізеді. Адам өмірінің маңыздылығын түсіне отырып, әрбір жұмыскерге QazaqGaz Басқарма Төрағасының №84 бұйрығымен оның қауіпсіздігіне қатер төнген жағдайда жұмысты тоқтату құқығы берілді.

Жұмыскерлерге ыңғайлы болу үшін, 2023 жылы бұзушылықтар туралы хабарлауға мүмкіндік беретін QR коды әзірленді.

2023 жылы уақытша еңбекке жарамсыздыққа әкелген жарақаттардың жиілік коэффициенті 0,12 құрады, ал өндірістік жарақаттар саны 2022 жылдың ұқсас кезеңімен салыстырғанда 59%-ға төмендеді.

Таблица 2. 32-кесте. **Компания жұмыскерлері арасындағы жарақат көрсеткіштері[6]**

[6] Аталған деректер жұмыскерлердің 100% қамтиды. Бұл статистикадан ешқандай жұмысшылар санаты алынып тасталған жоқ.

GRI 403-9

Көрсеткіш	2021	2022	2023	Өзгеріс, %
1.1. Компанияның өндірістік қызметіне байланысты өлім-жітім саны (бірлік)	1	0	1	100
1.2. Компанияның өндірістік қызметіне байланысты өлім-жітім коэффициенті (%)	4,5	0	4,05	100
2.1. Компанияның өндірістік қызметіне байланысты ауыр жарақаттар саны (бірлік)	3	5	2	-40
2.2. Компанияның өндірістік қызметіне байланысты ауыр жарақаттардың коэффициенті (LTIR)	0,18	0,21	0,08	-38
3.1. Өндірістік жарақаттар саны (бірлік)	4	7	3	-42,9
3.2. Өндірістік жарақаттар коэффициенті (LTIFR) [7]	0,18	0,29	0,12	-41,3
4. Жұмыс сағаттарының жалпы саны, адам-сағат	22 154 349	24 195 796	24 801 359	2,5

2023 жылы QazaqGaz Компаниялар тобындағы жұмыскерлер келесі жарақат алды:

– ауыр дәрежедегі жарақат– «Интергаз Орталық Азия» АҚ;

– ауыр дәрежедегі жарақат – «QazaqGaz Onimderi» ЖШС;

– өлімге әкелу – «QazaqGaz Onimderi» ЖШС.

Есепті жылы Компания жұмыскерлері болып табылмайтын адамдар арасында жарақат алу және жазатайым оқиғалар тіркелмеген.

Ұйымның басқа бөлімшелерінде персонал арасында жарақат алу жағдайлары тіркелмеген.

QazaqGaz ішкі ережелеріне сәйкес, оқиғалар болған жағдайда, тергеу рәсімі жүргізіледі. Тиісті бөлімшенің басшылығы ішкі тергеп-тексеру үшін комиссия құрады, оның төрағалығы тиісті деңгейдегі қызметкерге немесе басқарушы персоналға жүктеледі. Бұл комиссия инцидентке ішкі тергеу жүргізеді, оның түпкі себептерін анықтайды, оқиғаны тудырған факторларды

[7] Коэффициенттер жұмыс істелген 1 000 000 сағат негізінде есептелген.

талдайды және оқиға болған объектілер мен құрылымдық бөлімшелерде енгізілуі тиіс түзету шараларын әзірлейді.

2023 жылы жүргізілген түзету іс-шараларының негізінде, мынадай алдын алу іс-қимылдары іске асырылды:

- инциденттердің алдын алу үшін оқыту жүргізілді.
- орын алған инциденттердің тақырыбы бойынша түсіндірме әңгімелер мен нұсқамалар өткізілді.

GRI 403-10

2023 жылы «Жұмыс орнындағы денсаулықтың нашарлау саны» көрсеткіші бойынша ми-қан айналымының жіті бұзылуына байланысты 4 жағдай тіркелді. Реттелген жағдайлар бойынша жұмысшылардың тарихы қант диабетімен асқынған артериялық гипертензияның, сондай-ақ жүректің ишемиялық ауруының өткір түрлерімен ауырланған.

2023 жылы CEO-1 жетекшілерінің бірінің КНҚ карталарына Non Work-Related Fatalities (Денсаулығының жұмыс орнында нашарлауына байланысты, еңбек қызметіне байланысты емес өлім) көрсеткіші енгізілді. 2023 жылға дейін көрсеткіш байқалмаған.

QazaqGaz компаниялар тобы жыл сайын Жұмыскерлердің денсаулығын сақтау, еңбек гигиенасы, өндірістік санитария және сауықтыру жөніндегі іс-шаралар жоспарын әзірлейді, бекітеді және іске асырады. Бұл жоспар мінез-құлық факторларын анықтау және бағалау бағдарламасы шеңберінде әзірленеді.

4-сурет. Компаниядағы мінез-құлық факторларын анықтау және бағалау бағдарламасының мақсаттары



«HSE мінез-құлық аудитін жүргізу қағидалары» ұйымдағы мінез-құлық аспектілерін реттейтін маңызды құжат -қызметкерлердің мінез-құлқын тексеру және бағалау процедураларын айқындайтын құжат болып табылады. Бұл бағалау жұмыстарды орындау және жердегі көлік құралдарын басқару кезіндегі оқиғалардың алдын алуға, сондай-ақ қауіптілігі ықтимал жағдайлар мен жұмыскерлердің әрекеттерін анықтауға бағытталған.

QazaqGaz Қазақстан Республикасының заңнамасына және компанияның ішкі ережелеріне сәйкес жарақаттанудың алдын алу және деңгейін төмендету мақсатында, мердігер ұйымдардың қызметкерлері үшін еңбекті қорғау және өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы қатаң стандарттарды белгілейді. Ай сайын мердігерлік ұйымдар әр жұмыс орнында жарақат алу көрсеткіштері туралы есеп береді.

Төтенше жағдайлардың алдын алу

2023 жылы Компания объектілер мен газ құбырларындағы төтенше жағдайлардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету және алдын алу бойынша күш-жігерін жалғастырды. Бұл жұмыскерлерді еңбек қауіпсіздігі, өнеркәсіптік қауіпсіздік, өрт қауіпсіздігі және электр қауіпсіздігі бойынша тұрақты оқытуды қамтыды. Сондай-ақ, персонал арасында хабардарлықты арттыру үшін корпоративтік пошта және ақпараттық портал арқылы қауіпсіздік туралы жадынамалар мен брошюралар таратылды.

Сондай-ақ, компания өз қызметіне, оның ішінде мердігерлер арасында белгіленген талаптарға сәйкес басқарудың тиісті әдістерін енгізу үшін, еңбекті

қорғау, өнеркәсіптік қауіпсіздік және қоршаған ортаны қорғау саласындағы жүйелі оқыту жүргізді.

2023 жылы кестеге сәйкес оқу сабақтары, кешенді оқу-жаттығулар және төтенше жағдайларды жою бойынша жаттығулар өткізілді. Бұл төтенше жағдайлар туындаған кезде іс-қимылдардың жеделдігі мен үйлестірілуін арттыруға мүмкіндік берді. Сондай-ақ, ықтимал ТЖ-ның әртүрлі сценарийлері пысықталды, бұл негізгі бағыттар бойынша аварияларды жою кезіндегі жұмыстардың жеделдігі мен үйлесімділігін арттырды:

Бағыты	**Іс-шара**
Аварияға қарсы	- аварияға қарсы жаттығулар; - өрт-тактикалық жаттығулар; - Азаматтық қорғаныс бойынша оқыту.
Өртке қарсы	- объектілердің ағаш конструкцияларын өрттен қарсы қорғау мақсатында өңдеу; - өрт сөндіргіштерді жөндеу, куәландыру және қайта зарядтау; - өрт қауіпсіздігі шараларын оқыту және персоналға нұсқау беру; - автоматты өрт сөндіру және дабыл жүйелерін монтаждау; - өртке қарсы автоматика жүйелеріне техникалық қызмет көрсету; - өртке қарсы сумен жабдықтауды монтаждау және жөндеу; - объектілерді өрттен қорғауға арналған шарттар жасасу

«Интергаз Орталық Азия» АҚ компаниясында «Ақыртөбе» ЖГҚ №23 ұңғымасының сағасындағы ашық газ субұрқағын бекіткіш жабдықтар мен арқан жабдықтарын пайдалана отырып жоюға бағытталған командалық-штабтық оқу-жаттығулар өтті. Оқуларға «ИОА» АҚ «Ақыртөбе» ЖГҚ персоналы, авариялық-құтқару жұмыстарымен айналысатын мердігерлік ұйымдар, Жамбыл облысының АҚ және ТЖ өрт қауіпсіздігі қызметтері және басқа да шұғыл ден қою қызметтері қатысты.

2023 жылы QazaqGaz-да табиғи немесе техногендік сипаттағы бір де бір төтенше жағдай тіркелген жоқ.

QazaqGaz-да төтенше жағдайларға дайындық және ден қою процесі қолданыстағы заңнамаға және ішкі нормативтік құжаттарға сәйкес жүзеге асырылады. Компания персоналдың төтенше жағдайларда әрекет етуге үнемі дайындығын қамтамасыз етеді. QazaqGaz Директорлар кеңесі ТЖ-ға ден қоюды басқаруға жауаты.

QazaqGaz Компаниялар тобының төтенше жағдайларға ден қою саласындағы рәсімдерін реттейтін негізгі құжаттарға мыналар:

- Денсаулық сақтау, еңбек және өндірістік қауіпсіздік саласындағы саясат;

- «Қауіпті зиянды өндірістік факторларды сәйкестендіру, тәуекелдерді бағалау және басқару шараларын белгілеу»құжатталған рәсімі;

- «Аварияларды жоюға дайындықты қамтамасыз ету және оларға ден қою»құжатталған рәсімі;

- ДП-23 - 2022 «Еңбек қызметіне байланысты аварияларды, инциденттерді және жазатайым оқиғаларды тергеу»;

- Аварияларды жою жоспарлары жатады.

QazaqGaz компаниялар тобында QazaqGaz объектілерінде және еншілес кәсіпорындарда табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар, жазатайым оқиғалар, авариялар мен оқиғалар жөніндегі жедел комиссия құру туралы бұйрық қолданылады. ТЖ туындаған жағдайда, ақпарат қызмет ерекшелігіне сәйкес әрбір объект үшін әзірленген, аварияларды жоюдың бекітілген жоспарына сәйкес авариялық жағдайды оқшаулау және жою жөнінде шұғыл шаралар қабылдау үшін, тез арада комиссия төрағасына беріледі.

Аварияларды жою жоспарын объектінің басшысы бекітеді және кәсіби авариялық-құтқару қызметтерімен және/немесе ерікті құралымдармен келісіледі. Құжат адамдарды құтқару жөніндегі шараларды және жұмыскерлердің зиянды және қауіпті факторлардың әсерін тоқтату/болдырмау жөніндегі іс-қимылдарын көздейді. Газ саласындағы қызметтің ерекшелігін ескере отырып, авариялық жағдайларды жою қоршаған ортаға теріс әсерді барынша азайту үшін мүмкіндігінше қысқа мерзімде жүзеге асырылады.

ТЖ-ға ден қою саласындағы тәуекелдерді бағалау «Қауіпті зиянды өндірістік факторларды сәйкестендіру, тәуекелдерді бағалау және басқару шараларын белгілеу» құжатталған рәсіміне сәйкес жүргізіледі. Компания тәуекелдерді сәйкестендіруді және бағалауды үш тәсіл негізінде жүзеге асырады:

- осы оқиғалардың бұрын болған жиілігін анықтау мақсатында, Компания объектілерін пайдаланудың тиісті деректерін пайдалану және осыған сүйене отырып, олардың болашақта болатын жиілігін бағалау;

- жүйенің жұмыс істемеуінің немесе авариясының барлық ықтимал салдарларының диаграммасын («ақаулар ағашы») талдау және осы оқиғаның ықтимал салдарларының диаграммасын («оқиғалар ағашы») талдау сияқты техникалық әдістерді пайдалана отырып, оқиғалардың жиілігін болжау;

- сарапшылардың пікірін қолдану.

QazaqGaz-да апаттарды жою жоспарларына сәйкес төтенше жағдайларға (ТЖ) ден қоюдың үш деңгейлі жүйесі жұмыс істейді:

1-деңгей - жауапты Желілік басқарушы өз ресурстарын пайдалана отырып, орнында жоюы мүмкін оқиғалар/қоршаған ортаның ластануын қамтиды.

2-деңгей – оқиға/ластану объектімен шектелген. бірақ оның шекарасынан тыс таралуының елеулі қаупі бар жағдайларды қамтиды. Мұндай

жағдайларды жою компания жұмыскерлерінің күшімен немесе қосымша ресурстарды тарту арқылы жүзеге асырылады.

3-деңгей - жағдай компанияға қолжетімді емес үлкен ресурстарды қажет ететін және мемлекеттік және жеке авариялық қызметтерін тарту үшін төтенше жағдайларды басқару тобын белсендіру қажет болатын жағдай.

Персоналды басқару және әлеуметтік саясат

Басқару тәсілі

GRI 3-3

Білікті жұмыскерлерді тарту және ұстап қалу Компания жұмысының басым бағыттарының бірі болып табылады. QazaqGaz жұмыскерлерге жоғары стандарттарға сай келетін қолайлы және лайықты еңбек жағдайларын ұсынады. Бұдан басқа, барлық жұмыскерлерге қолжетімді медициналық қызметтер мен кәсіби даму мүмкіндіктері ұсынылады.

Персоналды басқару Басқарманың 2016 жылғы 25 қазандағы шешімімен бекітілген Кадр саясатына, № 37 хаттамаға және басқа да ішкі құжаттарға сәйкес жүзеге асырылады:

- Іскерлік әдеп кодексі (Директорлар кеңесінің 2021 жылғы 20 тамыздағы шешімімен бекітілген, № 7 хаттама);
- Жұмыскерлерді оқыту және дамыту қағидалары (Басқарманың 2023 жылғы 06 сәуірдегі шешімімен бекітілген, № 14 хаттама);
- Кадр резервін қалыптастыру және даярлау қағидалары (Басқарманың 2023 жылғы 12 маусымдағы шешімімен бекітілген);
- Басқарушы және әкімшілік персоналға еңбекақы төлеу қағидалары (Басқарманың 2022 жылғы 20 шілдедегі шешімімен бекітілген, № 25 хаттама);
- Ұжымдық шарт (2023 жылғы 23 ақпандағы қосымша келісім); QazaqGaz бос лауазымдарына кандидаттарды іздестіру және іріктеу қағидалары (Басқарманың 2023 жылғы 12 маусымдағы шешімімен бекітілген, № 14 хаттама).

Есепті кезеңде, тұрақты даму саласындағы басым мақсаттар бойынша іс-шараларды енгізу шеңберінде, QazaqGaz Басқармасының 2023 жылғы 28 тамызда шешімімен (№24 хаттама):

- QazaqGaz және оның еншілес және тәуелді ұйымдарындағы адам құқықтарын қорғау саясаты;
- QazaqGaz және оның еншілес және тәуелді ұйымдарының әртүрлілігі мен инклюзивтілігі жөніндегі саясат;
- QazaqGaz-да және оның еншілес және тәуелді ұйымдарындағы кемсітушілік пен харассментке қарсы саясат бекітілді.

Компаниядағы адам ресурстарын басқару жүйесі экономикалық ынталандырулар мен әлеуметтік кепілдіктерге негізделген және жұмыс берушінің де, қызметкердің де мүдделерінің үйлесімді үйлесуіне және

QazaqGaz игілігі үшін олардың қарым-қатынастарын дамытуға ықпал ететін, барынша пайда алуға және бәсекелестік ортада көшбасшылықты қамтамасыз етуге бағытталған.

Кадрлық басқару саласындағы саясатты іске асыру жөніндегі негізгі бағыттарға:

- QazaqGaz бизнес-бағыттарының қажеттілігін, оларды ұтымды орналастыру мен тиімді пайдалануды ескере отырып, кадр ресурстарын жоспарлаудың кешенді жүйесін дамыту;
- үздіксіз білім берудің корпоративтік жүйесін дамыту, корпоративтік оқыту жүйесін жетілдіру негізінде басқарудың барлық деңгейлеріндегі жұмыскерлердің кәсібилігін арттыру;
- еңбекақы төлеу жүйесін орындалатын жұмыстардың күрделілігі мен деңгейіне сәйкес келтіру;
- әлеуметтік қорғауды қамтамасыз ету және жұмыскерлердің еңбек жағдайларын арттыру жатады.

QazaqGaz жұмыскерлердің еңбек құқықтарын қамтамасыз ету мәселелерімен тікелей байланысты әлеуметтік аспектілерді қоса алғанда, тәуекелдерді басқаруға ерекше жауапкершілікпен қарайды. Тәуекелдік оқиғалардың ықтимал теріс салдарын болдырмау мақсатында, Компания есепті кезеңде негізгі әлеуметтік тәуекелдерді анықтап, оларды төмендету жөніндегі шараларды әзірледі.

33-кесте. **Компанияның 2023 жылғы әлеуметтік тәуекелдері**

Тәуекелдер	Тәуекелдерді төмендеті үшін қабылданатын шаралар
Персоналдың біліктілігінің төмен (жеткіліксіз) болуы	Қайта даярлау және біліктілікті арттыру бойынша талдау жүргізіледі. Жыл сайын оқытудың күнтізбелік жоспары жоспарланып, бекітіледі.
Персоналдың жеткіліксіз мотивациясы	Жұмыскерлердің материалдық және материалдық емес уәждемесі іске асырылады. Сондай-ақ, лауазымдардың құндылығын айқындау, еңбекақы төлеудің айқын жүйесін белгілеу және жұмыскерлердің уәждемесін арттыру мақсатында, Компанияда грейдерлеу (лауазымдарды бағалау) жүйесін енгізу жоспарлануда.
Санкцияланбаған ереуілдер	Еңбек ұжымымен түсіндіру жұмыстары жүргізілуде. «Нысана» Колл-орталығын бастамашыл ақпараттандырудың жедел желісі жұмыс істейді.
Жұмыскерлердің сыйақы беру саясатына қанағаттанбауы	Жұмыскерлерге еңбекақы төлеу мен сыйлықақы беру Ұжымдық шартпен және ішкі нормативтік құжаттармен реттеледі. Разрядты, біліктілікті арттыру тетіктері пысықталуда.

Басқару құрылымы мен құралдары

Адами ресурстарын басқару және еңбекақы төлеу департаменті кадр және әлеуметтік саясатты басқарумен, сондай-ақ QazaqGaz Компаниялар тобы бойынша еңбекақы төлеуге байланысты мәселелермен айналысады.

2-сурет. Әлеуметтік-еңбек қатынастары жөніндегі ұйымдық құрылым

Жұмыскерлер м

GRI 2-4, GRI 2-7

2023 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша QazaqGaz

сыртқы тәуелсіз кәсіпорындарының тізбесіне енгізілген жұмыскерлерін қамтиды: «QazaqGaz» ҰК» АҚ, «Интергаз Орталық Азия» АҚ, «ҚазТрансГаз Аймақ» АҚ, «QazaqGaz барлау және өндіру» ЖШС, «QazaqGaz

санының 0,70%-ға өсуі (2022 жылмен салыстырғанда) Компания құрылымын қайта құрумен байланысты. 2023 жылы жұмысшылардың басм бөлігі тұрақты келісім-шарт және толық жұмыспен қамту негізінде жұмысқа орналастырылды[9].

34-кесте. Жұмыскерлердің 2023 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша санының динамикасы, адам.

GRI 2-7

Көрсеткіш	**2021**	**2022**	**2023**
Жұмыскерлердің тізімдік саны	12 118	12 710	12 800

35-кесте. Жұмыскерлердің 2023 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойына саны кәсіпорындар мен жынысы бойынша бөліністегі саны, адам.

GRI 2-7

Көрсеткіш	**Гендерлік топтар бойынша**					
	2021		**2022**		**2023**	
	Ерлер	Әйелдер	Ерлер	Әйелдер	Ерлер	Әйелдер
QazaqGaz бас офисі	102	75	91	69	94	72
«Интергаз Орталық Азия» АҚ	7 034	1 082	7 438	1 098	7428	1087
«ҚазТрансГаз Аймак» АҚ	993	894	1 025	949	1036	969
«QazaqGaz барлау және өндіру» ЖШС	131	15	129	19	144	19
«QazaqGaz Onimderi» ЖШС	1 698	94	1 801	91	1817	104
«QazaqGaz ҒТО» ЖШС	-	-	-	-	8	9
«ҚазМұнайГаз - Сервис NS» АҚ	-	-	-	-	3	2
«Маңғышлақ-	-	-	-	-	4	2

Onimderi» ЖШС , «QazaqGaz ҒТО» ЖШС, «ҚазМұнайГаз - Сервис НС» АҚ, «Маңғышлақ-Мұнай» ЖШС, «Тегіс Мұнай» ЖШС.

[9] Сандық көрсеткіштер бойынша статистикалық деректер «QazaqGaz» ҰК» АҚ компаниялар тобы бойынша деректер нысанын жинақтау арқылы алынды.

Мұнай» ЖШС						
«Тегіс Мұнай» ЖШС	-	-	-	-	1	1
Барлығы	**9 958**	**2 160**	**10 484**	**2 226**	**10 535**	**2265**

2023 жылғы 31 желтоқсанның соңындаа жұмыскерлердің тізімдік саны 12 800 адамды құрады, олардың ішінде әйелдер – 2 265, бұл жұмыскерлердің жалпы санының 17,7%-ын құрайды. Әйелдердің төмен үлесі газ саласының негізінен ер адамдар қатысатын өндірістік процесінің ерекшеліктерімен байланысты.

***36-кесте.* Жұмыскерлердің 2023 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша санаттар мен жас мөлшерлік топтары бойынша бөліністегі саны**

GRI 405-1

Санаты	**Барлығы, адам**	**30 жасқа дейін**		**30–50 жас**		**50 жастан жоғары**	
		Адам	**Үлесі, %**	**Адам**	**Үлесі, %**	**Адам**	**Үлесі, %**
Жұмыскерлер саны, барлығы	12 800	1 856	14,5	8 069	63,0	2 875	22,5
Әкімшілік-басқару персоналы, оның ішінде басшылар	1 136	113	9,9	860	75,7	163	14,3
Өндірістік персонал	11 664	1 743	14,9	7 209	61,8	2 712	23,3

37-кесте. Жұмыскерлердің 2023 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша санаттар мен гендерлік топтар бөлінісіндегі саны

GRI 405-1

Санаты	**Барлығы, адам**	**Ерлер**		**Әйелдер**	
		Адам	**Үлесі, %**	**Адам**	**Үлесі, %**
Жұмыскерлер саны, барлығы	12 800	10 535	82,3	2 265	17,7
Әкімшілік-басқару персоналы, оның ішінде басшылар	1 136	473	41,6	663	58,4
Өндірістік персонал	11 664	10 062	86,3	1 602	13,7

2023 жылғы 31 желтоқсанның соңындағы жағдай бойынша жұмысшылардың басым бөлігі 30-дан 50 жасқа дейінгі аралықты құрады - 63%. 2022 жылмен салыстырғанда, айтарлықтай өзгерістер тіркелген жоқ. 50 жастан асқан жұмыскерлердің үлесі 22,5%, 30 жасқа дейінгі жұмыскерлердің үлесі 14,5% құрайды.

2023 жылғы 31 желтоқсанның соңындағы жағдай бойынша жұмыскерлердің басым бөлігі «өндірістік персонал» санатында ұсынылып, 11 664 адамды құрады.

38-кесте. Жұмыскерлердің 2023 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша, жас мөлшерінің топтары бойынша бөліністегі басшы басқару органдарындағы саны

GRI 405-1

Санаты	**Барлығы, адам**	**30 жасқа дейін**		**30–50 жас**		**50 жастан жоғары**	
		Адам	**Үлесі, %**	**Адам**	**Үлесі, %**	**Адам**	**Үлесі, %**
Директорлар кеңесі/Байқаушы кеңес	32	0	0	23	72	9	28
Басқарма	26	0	0	23	88	3	12

39-кесте. Жұмыскерлердің 2023 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша гендерлік топтар бойынша бөліністегі басқарушы органдарының басшылары саны

GRI 405-1

Санаты	**Барлығы, адам**	**Ерлер**		**Әйелдер**	
		Адам	**Үлесі, %**	**Чел.**	**Доля, %**
Директорлар кеңесі / Байқаушы кеңес	32	31	97	1	3
Басқарма	26	22	75	4	15

QazaqGaz компаниялар тобы бойынша Директорлар кеңесі/ Байқаушы кеңесі құрамындағы жұмыскерлердің жалпы саны 32 адамды, олардың ішінде ерлер 97%-ды құрайды. Осы санаттағы жұмыскерлердің басым бөлігі 30 жастан 50 жасқа дейінгі аралықты құрайды – 72 %.

QazaqGaz Компаниялар тобы бойынша Басқарма құрамындағы жұмыскерлердің жалпы саны 26 адамды құрайды, олардың ішінде 22 ер адам және 4 әйел. Осы санаттағы жұмыскерлердің басм бөлігі 30 жастан 50 жасқа дейінгі аралықты құрайды - 88%.

40-кесте. 2023 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша тұрақты

және уақытша жұмыскерлердің саны, адам.

GRI 2-7

Көрсеткіш	**Барлығы, адам**	**Гендерлік топтар бойынша**	
		Ерлер	**Әйелдер**
Жұмыскерлердің тізімдік саны, оның ішінде:	**12 800**	**10 535**	**2 265**
Тұрақты	12 564	10 434	2 130
Уақытша	236	101	135

41-кесте. **2023 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша өңірлер бойынша тұрақты және уақытша жұмыскерлердің саны, адам.**

GRI 2-7

Өңір	**Барлығы**	**оның ішінде жұмыскерлер тобы бойынша**	
		Тұрақты	**Уақытша**
Қызметкерлердің тізімдік саны, оның ішінде:	**12 800**	**12 554**	**236**
Абай облысы	0	0	0
Ақмола облысы	190	190	0
Ақтөбе облысы	1 717	1696	21
Алматы облысы	283	282	1
Атырау облысы	1 421	1399	22
Батыс Қазақстан облысы	1 499	1478	21
Жамбыл облысы	1 116	1104	12
Жетісу облысы	44	40	4
Қарағанды облысы	261	255	6
Қостанай облысы	641	634	7
Қызылорда облысы	672	662	10
Маңғыстау облысы	1 107	1084	23
Павлодар облысы	0	0	0
Солтүстік Қазақстан облысы	0	0	0
Түркістан облысы	1 358	1342	16
Ұлытау облысы	45	45	0
Шығыс Қазақстан облысы	31	31	0
Астана қаласы	711	678	33
Алматы қаласы	797	765	32
Шымкент қаласы	906	878	28
Қазақстан Республикасынан	1	1	0

тыс жерлерде			

42-кесте. Жұмыскерлердің 2023 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша жұмыспен қамту түрі бойынша саны, адам.

GRI 2-7

Көрсеткіш	**Всего,чел.**	**Гендерлік топтар бойынша**	
		Ерлер	**Әйелдер**
Жұмыскерлердің тізімдік саны, оның ішінде:	**12 800**	**10 535**	**2265**
Толық жұмыспен қамту	12 641	10 390	2251
Ішінара жұмыспен қамту	159	145	14

2023 жылы толық жұмыспен қамту жағдайында жұмыс істейтін QazaqGaz жұмыскерлерінің саны персоналдың жалпы санынан 12 641 адамды құрады, бұл ретте ер адам-жұмыскерлерінің саны 10 535 адамды, әйел жұмыскерлерінің саны 2 265 адамды құрады. Есепті кезеңде ішінара жұмыспен қамту жағдайында Компанияда 159 адам, оның ішінде 145 ер адам және 14 әйел адам еңбек етті.

43-кесте. 2023 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша өңірлер бойынша тұрақты және уақытша жұмыспен қамту талаптарымен жұмыс істеген жұмыскерлер саны, адам.

GRI 2-7

Өңір	**Барлығы**	**Жұмыспен қамту түрі бойынша**	
		Тұрақты	**Ішінара**
Жұмыскерлердің тізімдік саны, оның ішінде:	**12 800**	**12 641**	**159**
Абай облысы	0	0	0
Ақмола облысы	190	190	0
Ақтөбе облысы	1 717	1715	2
Алматы облысы	283	283	0
Атырау облысы	1 421	1419	2
Батыс Қазақстан облысы	1 499	1368	131
Жамбыл облысы	1 116	1116	0
Жетісу облысы	44	43	1
Қарағанды облысы	261	261	0
Қостанай облысы	641	626	15

Қызылорда облысы	672	672	0
Маңғыстау облысы	1 107	1105	2
Павлодар облысы	0	0	0
Солтүстік Қазақстан облысы	0	0	0
Түркістан облысы	1 358	1355	3
Ұлытау облысы	45	45	0
Шығыс Қазақстан облысы	31	31	0
Астана қаласы	711	711	0
Алматы қаласы	797	797	0
Шымкент қаласы	906	903	3
Қазақстан Республикасынан тыс жерлерде	1	1	0

44-кесте. **Жұмыскерлердің 2023 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша 2021-2023 жылдар кезеңіндегі өңірлер бөлінісіндегі саны, адам.**

GRI 2-7

Өңір	**2021**	**2022**	**2023**
Жұмыскерлердің тізімдік саны, оның ішінде:	**12 118**	**12 710**	**12 800**
Абай облысы	0	0	0
Ақмола облысы	98	104	190
Ақтөбе облысы	1 626	1 792	1 717
Алматы облысы	227	251	283
Атырау облысы	1 382	1 400	1 421
Батыс Қазақстан облысы	1 510	1 530	1 499
Жамбыл облысы	1 071	1 093	1 116
Жетісу облысы	66	0	0
Қарағанды облысы	233	321	261
Қостанай облысы	634	651	641
Қызылорда облысы	653	679	672
Маңғыстау облысы	1 093	1 125	1 107
Павлодар облысы	0	0	0
Солтүстік Қазақстан облысы	0	0	0
Түркістан облысы	442	1 362	1 358
Ұлытау облысы	0	0	45
Шығыс Қазақстан облысы	23	29	31
Оңтүстік Қазақстан облысы (анықтама, 2022 жылғы үлгі бойынша)	771	0	0

Астана қаласы	615	684	711
Алматы қаласы	820	805	797
Шымкент қаласы	854	884	906
Басқа облыстар (анықтама, 2022 жылғы үлгі бойынша)	0	0	0
Қазақстан Республикасынан тыс жерлерде	0	0	1

GRI 2-8

2023 жылы QazaqGaz «Samruk Business Academy» жеке мекемесі арқылы аутстаффинг және АҚС талаптарында Компания қызметкерлері болып табылмайтын 314 адамды тартты. QazaqGaz және осы жұмыскерлер арасындағы өзара қарым-қатынастар Азаматтық және Еңбек кодекстерін қоса алғанда, Қазақстан Республикасының заңнамасымен реттеледі. Қызмет көрсету туралы шартқа сәйкес, олар келесі жұмыс түрлерін орындайды:

- еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау жөніндегі іс-шараларды қамтамасыз ету (оқытуды, тұруды, тамақтануды, арнайы киім, ЖҚҚ сатып алуды ұйымдастыру жөнінде шарттар жасасу);
- Қоғам жұмыскерлерін тауарлық-материалдық құндылықтармен қамтамасыз ету (шаруашылық тауарлар, кеңсе керек-жарақтары және басқалар);
- электрондық құжат айналымы (ЭҚЖ) жүйесінде өңдеу, тіркеу, мемлекеттік құрылымдардан - министрліктерден, әкімдіктерден, басқармалардан, комитеттерден, есеп комитетінен, соттардан, ЕТҰ-дан келіп түсетін хат-хабарларды және өтініштерді бөлу; QazaqGaz бөлімшелерінде құжаттардың белгіленген мерзімде орындалуын бақылау және орындау тәртібінің мониторингі;
- Қоғамның құжаттарын орыс тілінен мемлекеттік тілге және мемлекеттік тілден орыс тіліне кәсіби аударуды және редакциялауды жүзеге асыру;
- бастапқы құжаттардың негізінде қаржылық және шаруашылық операцияларды бухгалтерлік есепте уақтылы көрсету, есеп беретін тұлғалар, өкілдік шығыстар бойынша есеп жүргізу; жұмыскерлердің корпоративтік карталарындағы ақшалай қаражатты есепке алу; көрсетілетін қызметтердің, орындалған жұмыстардың және басқа да ТМҚ түсімдерінің есебін жүргізу; негізгі құралдардың, материалдық емес активтердің, аяқталмаған құрылыстың және олардың амортизациясының есебін жүргізу;
- Қоғамның жұртшылықпен, баспасөзбен, сайланбалы органдармен және қоғамдық ұйымдармен байланысын қолдау, ҚР-да және одан тыс жерлерде БАҚ өкілдерімен байланыс орнату және дамыту, өзінің ақпараттық

саясатын әзірлеуге қатысу, баспаханалармен, компьютерлік графика студияларымен, түсірілім топтарымен және дыбыс жазу студияларымен іскерлік қатынастарды қолдау;

- Сатып алуды жүзеге асыру тәртібіне, Қоғамның ішкі нормативтік құжаттарына және уәкілетті ұйымдардың актілеріне сәйкес, сатып алу рәсімдерін, оның ішінде электрондық жүйелерді пайдалана отырып ұйымдастыру және Қоғамда енгізілген және пайдаланылатын сатып алу мониторингі жөніндегі бағдарламалық қамтамасыз етуге деректерді уақтылы енгізу;

- Диспетчерлендіру департаментінің SCADA-жүйелеріне, есеп беру құжаттамасы жүйелеріне техникалық қызмет көрсету және оларды сүйемелдеу. SCADA жүйесінің, ауыспалы диспетчердің есеп беру жүйесінің үздіксіз жұмыс істеуін, сондай-ақ газды есепке алу саласындағы сенімді деректердің қамтамасыз етілуін бақылау;

- электрондық құжат айналымы жүйесін сүйемелдеу. ИМЖ ішкі жүйелеріне қызмет көрсету;

- QazaqGaz-ды бәсекелестік ортаға беру жөніндегі Жол картасын орындау жұмысы.

GRI 401-2

Компанияда толық және толық емес жұмыспен қамтылған жұмыскерлерге арналған жеңілдіктер бар. Оларға мыналар жатады:

- өмірді сақтандыру;
- санаторий-курорттық емделу және демалыс;
- мүгедектік және еңбекке жарамсыздық бойынша төлемдер (Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген);
- бала күтімі бойынша демалыс (Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген);
- Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделгеннен артық жұмыстан босатылған кездегі төлемдер;
- материалдық көмек (Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген);
- медициналық көмек (барынша толық ақпарат алу үшін 128-парақтағы «Жұмыскерлердің денсаулығы» бөлімін қараңыз).

Кадрлардың тұрақсыздығы деңгейі

2023 жылы кадрлардың тұрақсыздығы деңгейінің көрсеткіші 5,6%-ды құрады, бұл өткен есепті кезеңнің ұқсас көрсеткішінен (6,7%) төмен.

2023 жылдың деректері бойынша 711 еңбек шарты бұзылды, олардың ең көп үлесі 30-50 жас тобына тиесілі.

Шарттарды бұзу Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасының нормаларына қатаң сәйкестікте жүзеге асырылды.

45-кесте. 2021-2023 жылдары жынысы мен жасы бойынша еңбек қатынастары бұзылған жұмыскерлердің жалпы саны, адам*

GRI 401-1

Көрсеткіш	**2021**	**2022**	**2023**
Компания бойынша барлығы:	**836**	**848**	**711**
Гендерлік топтар бойынша:			
Әйелдер	*123*	*142*	*129*
Ерлер	*713*	*706*	*582*
Жастық топтары бойынша:			
30 жасқа толм-дар	*160*	*149*	*165*
30–50 жас	*460*	*541*	*456*
50 жастан астам	*216*	*158*	*90*

46-кесте. **Есепті жылдың 31 желтоқсанына жынысы, жасы және өңірлер бойынша еңбек қатынастары бұзылған жұмыскерлердің жалпы саны, адам.**

GRI 401-1

Өңір*	**2023**					
	Еңбек қатынастары бұзылған жұмыскерлердің саны					
	30 жасқа толм-дар		**30–50 жас**		**50 жастан астам**	
	Ерлер	Әйелдер	Ерлер	Әйелдер	Ерлер	Әйелдер
Абай облысы	0	0	0	0	0	0
Ақмола облысы	11	1	15	3	2	0
Ақтөбе облысы	10	1	38	7	5	0
Алматы облысы	5	0	6	1	2	0
Атырау облысы	7	1	23	4	6	1
Батыс Қазақстан облысы	15	1	42	11	6	0
Жамбыл облысы	12	0	33	3	3	1
Жетісу облысы	0	0	1	0	0	0
Қарағанды облысы	6	0	25	3	2	0
Қостанай облысы	5	2	12	3	19	1

Қызылорда облысы	3	1	9	3	1	0
Маңғыстау облысы	12	2	22	6	1	0
Павлодар облысы	0	0	0	0	0	0
Солтүстік Қазақстан облысы	0	0	0	0	0	0
Түркістан облысы	27	2	41	10	7	1
Ұлытау облысы	0	0	0	0	0	0
Шығыс Қазақстан облысы	1	0	2	0	0	0
Астана қ.	4	3	49	24	12	5
Алматы қ.	9	6	15	6	4	1
Шымкент қ.	17	1	27	12	8	2
Қазақстан Республикасынан тыс жерлерде	0	0	0	0	0	0
Барлығы	**144**	**21**	**360**	**96**	**78**	**12**

** Өңір деп Компанияның Қазақстан Республикасының аумақтық бірліктерінде болатын өңірі түсіндіріледі.*

47-кесте. 2023 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша жұмыскерлердің тұрақсыздығы деңгейінің көрсеткіші*, %

GRI 401-1

Көрсеткіш	**2021**	**2022**	**2023**	**Өзгеріс,%**
Компания бойынша барлығы:	**6,1**	**6,7**	**5,6**	**-16 %**
Гендерлік топтар бойынша:				
Әйелдер	*6,9*	*5,5*	*5,7*	*4%*
Ерлер	*3,6*	*6,7*	*5,6*	*-17%*
Жастық топтары бойынша:				
30 жасқа толм-дар	*6,6*	*1,2*	*1,5*	*30%*
30–50 жас	*5,7*	*4,2*	*4,2*	*0%*
50 жастан астам	*6,6*	*1,2*	*0,8*	*-33%*

GRI 402-1

Қазақстан Республикасы Еңбек кодексінің талаптарына сәйкес, штат санының немесе штаттың қысқаруына байланысты, еңбек шарттары бұзылған кезде, жұмыскерлерді хабардар етудің ең аз мерзімі бір айды (күнтізбелік 30 күнді) құрайды.

Ұйымдастырушылық немесе технологиялық еңбек жағдайларының өзгеруінен туындаған және Ұжымдық шартта белгіленген еңбек шарты талаптарының өзгерістері де Қазақстан Республикасы Еңбек кодексінің нормаларына сәйкес келеді.

2023 жылғы жағдай бойынша компанияда жұмыскерлер тарапынан осы талапты сақтамау туралы талап қою жағдайлары болған жоқ.

48-кесте. 2021-2023 жылдары бала күтімі бойынша демалысқа шыққан жұмыскерлер, адам.

GRI 401-3

Көрсеткіш	**2021**	**2022**	**2023**
Жүктілік және босану немесе бала күтімі бойынша демалысқа шығуға құқығы бар жұмыскерлердің саны (ҚР ЕК сәйкес)	**11 532**	**12 630**	**12 800**
Әйелдер	*2 295*	*2 248*	*2265*
Ерлер	*9 237*	*10 382*	*10 535*
Жүктілік, босану және бала күтімі бойынша демалыс ресімдеген жұмыскерлердің саны	**322**	**195**	**165**
Әйелдер	*308*	*178*	*154*
Ерлер	*14*	*17*	*11*
Аналық/әкелік демалысы аяқталғаннан кейін жұмысқа оралған жұмыскерлердің саны	**88**	**104**	**72**
Әйелдер	*87*	*99*	*67*
Ерлер	*1*	*5*	*5*
Өткен жылы аналық/әкелік демалысы аяқталғаннан кейін жұмысқа оралған және 12 айдан кейін жұмысын жалғастырған жұмыскерлердің саны	**51**	**66**	**70**
Әйелдер	*51*	*66*	*67*
Ерлер	*0*	*0*	*3*
Есепті жылы аналық/әкелік демалысы аяқталғаннан кейін жұмысқа қайта оралуы тиіс жұмыскерлердің саны	**32**	**47**	**61**

Әйелдер	*32*	*47*	*57*
Ерлер	*0*	*0*	*4*
Жұмыскерлерді қайтару коэффициенті, %			
Әйелдер	-	*100%*	*118%*
Ерлер	-	*100%*	*125%*
Жұмыскерлерді ұстап қалу коэффициенті, %			
Әйелдер	-	*71%*	*68%*
Ерлер	-	*0*	*60%*

Сыйақы және ынталандыру

Сыйақы

QazaqGaz материалдық және материалдық емес сыйақының бекітілген тәсілдерін ескере отырып, ішкі әділеттілік пен сыртқы бәсекеге қабілеттілікті ескере отырып, өз жұмыскерлерінің еңбегіне ақы төлеуді қамтамасыз етеді.

Компания жұмыскерлерінің еңбегіне ақы төлеу Қазақстан Республикасының заңнамасына, Ұжымдық шарттарға, еңбек шарттарына, еңбекақы төлеу және сыйлықақы беру жөніндегі ішкі нормативтік құжаттарға сәйкес жүргізіледі.

Адами ресурстарды басқару және еңбекақы төлеу департаменті еңбекақы төлеу шығындарын жоспарлайды, мониторинг жүргізеді және бақылайды, KPI мотивациялық карталарының нәтижелілігінің қорытындысы бойынша сыйақы мөлшерін есептейді. Әкімшілік жұмыскерлері бойынша тоқсан сайынғы негізде қойылған мақсаттарды орындау жөніндегі қызметті бағалау жүргізіледі, басқарушы және басшы жұмыскерлер жыл қорытындысы бойынша KPI орындалуын бағалаудан өтеді.

Жеке даму жоспарларын құру үшін QazaqGaz-да жұмыскерлерді жыл сайын бағалау жүзеге асырылады, жұмыскерлердің атқаратын лауазымына сәйкестігіне аттестаттау үш жылда бір рет жүргізіледі.

QazaqGaz-да Ұжымдық шарттарға және жұмыскерлерге еңбекақы төлеу мен сыйақы беру мәселелерін реттейтін ішкі нормативтік құжаттарға сәйкес бірыңғай лауазымдық жалақылар, айлық тарифтік мөлшерлемелер мен қосымша ақылар белгіленген. Қосымша төлемдер жұмыс орнына (Арал өңіріндегі экологиялық коэффициент 20%-дан 50%-ға дейін) және оқыту, аттестаттау және тестілеу нәтижелеріне – 20%-ға дейін байланысты.

Ынталандыру

Материалдық және материалдық емес жүйелерді көздейтін персоналды ынталандыру еңбекке ақы төлеудің лайықты бәсекелестік деңгейін, еңбек

қатынастарындағы жұмыскерлердің ашықтығы мен құқықтарын сақтауды қамтамасыз ету қағидаттарына негізделген.

Ынталандыру жүйесінің негізгі құрамдас бөлігі мен персоналды материалдық ынталандыру, персоналдың қызмет тиімділігінің көрсеткіштеріне қол жеткізгені үшін сыйлықақы беру, сондай-ақ жұмыс тиімділігін арттыруға және Компания шығындарын азайтуға бағытталған ұсыныстар бойынша бастама көтергені үшін көтермелеу болып табылады.

Кепілдендірілген материалдық ынталандырудан басқа, QazaqGaz мерекелік күндерге: Наурыз мейрамына, Мұнай-газ кешені қызметкерлерінің күніне, Қазақстан Республикасының Тәуелсіздік күніне сыйлықақы төлейді. Сонымен қатар, оған медициналық сақтандыру, өтемақы және материалдық көмек пакеті кіреді.

2023 жыл бойы жұмыскерлерге Әлеуметтік қолдау көрсету қағидаларына және ұжымдық шарттарға сәйкес төлемдер жүргізілді. Жылдан жылға негізгі түрлері болып мыналар қалуда:

- сауықтыру демалысына арналған материалдық көмек;
- жүктілік және босану, жаңа туған нәрестелерді асырап алу бойынша әлеуметтік жәрдемақылар;
- бала туу/асырап алу кезіндегі материалдық көмек;
- жұмыскердің/жұмыскердің отбасы мүшелерінің қайтыс болуына байланысты материалдық көмек;
- басқа да төлемдер (некеге тұрған кезде, зейнеткерлікке шыққан кезде, мерейтойлық күндерге және т.б.).

Материалдық емес ынталандыру Қазақстанның үздік клиникаларында ерікті медициналық сақтандыруға қаражат көздейді. Сондай-ақ, Компанияда жұмыскерлерде аурулардың алдын алу, оларды емдеу және демалыс кезінде оңалту шаралары бойынша жұмыстар жүргізіледі.

Кадрлық резерв

QazaqGaz-дың кадрлық резервін қалыптастыру Компанияны басқарудағы үздіксіздікті қамтамасыз ету үшін кәсіби дағдыларды арттыруға және мансаптық өсуге ұмтылатын менеджерлерді, басшыларды және жоғары білікті мамандарды даярлау үшін қызметтің негізгі бағыттарының бірі болып табылады.

Кадрлық резервті қалыптастыру қағидаларына сәйкес, Адам ресурстарын басқару және еңбекақы төлеу департаменті кадрлық резервті кезең-кезеңімен қалыптастырады. Қажеттілікті талдау, алдын ала іріктеу нәтижелері бойынша кадрлық резервке алынған жұмыскерлермен Мансапты дамыту жеке жоспарына қол қойылады.

2023 жылы кадрлық резервті қалыптастыру процесінің ашықтығы мен объективтілігі мақсатында персоналға тәуелсіз бағалау жүргізу (Қабілеттілік

тесттері (HR Tools) және тұлғалық сауалнаманы әзірлеу (SHL, бейін)) үшін «Samruk Business Academy» ЖМ-мен шарт жасалды.

Үміткерлердің қабілеттерін тестілеуді Корпоративтік университеттің консультанттары online режимінде жүргізеді, бұл адамның әлеуетін өлшеуге және оның компанияда дамуының сәттілігін болжауға мүмкіндік береді.

Тұлғалық сауалнама - бұл кәсіби қызметтегі жеке тұлғаны бағалаудың кешенді әдістемесі, ол кейінгі қызметтегі табысты болжау үшін үлкен мәнге ие. Қызметкердің жеке қасиеттері тұрғысынан күшті және әлсіз жақтарын анықтауға мүмкіндік береді, бұл оның бос лауазымдарға құзыреттерінің сәйкестігін дәл анықтауға мүмкіндік береді.

49-кесте. Мансаптың нәтижелілігі мен дамуын тұрақты бағалаумен қамтылған жұмыскерлердің үлесі, %

GRI 404-3

Көрсеткіш	**2021**	**2022**	**2023**
Компания бойынша барлығы:	**32,6**	**34**	**34,5**
Гендерлік топтар бойынша:			
Әйелдер	*46,8*	*50,1*	*50,6*
Ерлер	*29,5*	*28*	*31,1*
Санаттар бойынша:			
Әкімшілік-басқарушылық персонал	*0,59*	*0,64*	*0,63*
Өндірістік персонал	*0,3*	*0,31*	*0,32*

Персоналды оқыту және дамыту

GRI 404-3

QazaqGaz персоналды оқыту жүйесін (әкімшілік-басқарушылық және өндірістік) жетілдіру мәселесіне көп көңіл бөледі, қойылған міндеттерді неғұрлым тиімді орындауға ықпал ететін қажетті білім мен дағдыларды игеру немесе дамыту үшін біліктілікті арттыру курстарынан ұдайы өту арқылы әрбір жұмыскердің кәсіби дамуына тең мүмкіндіктер береді.

Корпоративтік оқыту жүйесі шеңберінде бейіндік даярлауды, қайта даярлауды және біліктілікті арттыруды ұйымдастырумен айналысатын «Samruk Business Academy» ЖМ арқылы отандық және халықаралық қызмет көрсетушілер тартылады.

Корпоративтік оқыту маңызды кәсіби және жеке қасиеттерді, ішкі жаттықтырушы, тәлімгерлік, менторлық және коучингтік жүйесін (жаңа жұмыскерді оқыту, жұмысқа арнау, жұмыскердің әлеуетін дамытуға ықпал ететін тәжірибені, білім мен дағдыларды беру) дамытуды көздейді. Мысалы,

2023 жылы QazaqGaz жұмыскерлері үшін «Ресурстарды барлауды бағалау және көмірсутектердің тікелей индикаторы (DHI) технологиясы курсы» оқыту курсы өткізілді. Оқу процесінде DHI консорциумының және Сейсмикалық амплитуданы талдау модулінің (SAAM) тиісті қуатты бағдарламалық қамтамасыз етуінің артықшылықтары суреттелген.

2023 жылы HR мәселелері бойынша келесі жоспарлар (жобалар) іске асырылды:

- Satbayev University Қ. Тұрысов атындағы Геология және мұнай және газ институтының 3-4 курсының, сондай-ақ Қазақстан-Британ техникалық университетінің энергетика және мұнай-газ саласы факультетінің 12 студентіне QazaqGaz-дың атаулы стипендиялары берілді.

Келесі Білім беру бағдарламалары ұйымдастырылды:

- «Ғибрат» бағдарламасы шеңберінде дуальды оқыту (QG БӨ кен орындарында Жамбыл облысының жоғары оқу орындарының студенттеріне дуальды оқыту шеңберінде өндірістік оқыту және кәсіптік практика);

- білім беру гранттарын беру бойынша «Ізбасар» бағдарламасы іске қосылды (бағдарлама Жамбыл облысында мектепті бітірген және Жамбыл облысының оқу орындарында оқитын талапкерлер/студенттер үшін (көпбалалы отбасылар, толық емес отбасы), сондай-ақ QG БӨ жұмыскерлері үшін қарастырылған.

***50-кесте.* 2023 жылғы 31 желтоқсандағы жұмыскерлерді оқыту сағаттарының саны, адам.**

GRI 404-1

Көрсеткіш	**Гендерлік топтпр бойынша**		**Жұмыскерлер санаттары бойынша**	
	Әйелдер	**Ерлер**	**АПБ**	**ӨП**
Бір жұмыскерге жылына оқу сағаттарының орташа жылдық саны, сағ.	8,6	17,3	12,9	16,1

2022 жылғы 31 желтоқсанға жұмыскерлерді оқыту сағаттарының саны, адам

Көрсеткіш	**Гендерлік топтпр бойынша**		**Жұмыскерлер санаттары бойынша**	
	Әйелдер	**Ерлер**	**АПБ**	**ӨП**

Бір жұмыскерге жылына оқу сағаттарының орташа жылдық саны, сағ.	7,4	25,8	19,2	23

51-кесте. **Оқыту кезеңіндегі талаптар**

GRI 404-2

Бағдарлама/ көмек түрі	**Бағдарлама атауы**	**Бағдарлама туралы қысқаша ақпарат**
Сыртқы оқытуды немесе білім беруді қаржылық қолдау	«Жұмысчкерлерді оқыту мен дамытудың күнтізбелік жоспары»	Жыл сайын QazaqGaz компаниялар тобының талаптары мен даму перспективаларын ескере отырып, жұмыскерлердің біліктілігінің қажетті деңгейін қалыптастыру және қолдау мақсатында қысқа мерзімді оқыту бағдарламалары (тренингтер, семинарлар және т.б.) жоспарланатын оқыту жоспары қалыптастырылады және бекітіледі. Оқыту іс-шаралары Компанияның бюджет қаражаты есебінен жүргізіледі.

GRI 404-2

Ұжымдық шартқа сәйкес Компания өтпелі кезеңде қолдау бағдарламаларын ұсынады.

Жастар саясаты

Жастар саясатының мақсаты QazaqGaz компаниялар тобының жұмыскерлері арасынан жас мамандарды дамыту және жетілдіру үшін қолайлы жағдайлар жасау, сондай-ақ оны әлеуметтік және экономикалық өзін-өзі жүзеге асырудың тиімді жолдарын қамтамасыз ету болып табылады.

Жастармен жұмыс, жас кадрлардың әлеуетін дамыту, жастарды қолдау және олардың стратегиялық мақсаттарға қол жеткізудегі рөлін арттыру бойынша негізгі ұсынымдарды қамтитын жастар саясатын іске асыруға бағытталған жастар саясаты құрылған қағидаттар мен құндылықтарды айқындайды.

2023 жылы компаниялар тобы бойынша жас мамандардың саны 5 126 адамды құрады (немесе жалпы штат санының 34,8%).

Жас жұмыскерлер түрлі бағыттар бойынша түрлі акциялар мен іс-шаралар өткізеді:

- Компаниялар тобының жұмыскерлері үшін Көрісу (14-сәуір) және Наурыз мейрамын (20-наурыз) өткізу;
- ҰОС ардагерлерін құттықтау (6-мамыр);
- «QazaqGaz аллеясында» ағаш отырғызу (12-мамыр);
- Астанада (26-мамыр) және Алматыда (13-маусым) «Донор күні» акциясын өткізу;
- «Самұрық-Қазына» АҚ-ның (28-мамыр) 15 жылдығына арналған марафонға және Алматы-марафонына (23-сәуір) қатысу;
- Рамазан мейрамына орай аз қамтылған отбасыларға қаражат жинау бойынша қайырымдылық акциясы;
- «Жасыл қала - Жасыл ауыл» сенбілігі. Елді мекендерді көгалдандыру, ағаш отырғызу, өзендерді тазарту жөніндегі іс-шараларға қатысу;
- Домбыра күніне арналған флешмоб өткізу;
- Логотип байқауы
- QazaqGaz Jastary;
- қарым-қатынасты жолға қою және «Самұрық-Қазына» АҚ жастарын біріктіру үшін Даму марафонына қатысу;
– Дүниежүзілік триатлон корпорациясы – IRONMAN өткізген ұзақ қашықтыққа триатлоннан жарысқа қатысу;
- Жаңадан қабылданған жұмыскерлер үшін Welcome book әзірленген;
- «Гендерлік зорлық-зомбылыққа қарсы 16 күн» акциясы аясында ІІД өкілдерімен дөңгелек үстел өткізілді;
- «Тілектер шыршасы» қайырымдылық акциясы;
- Қоғамның компаниялар тобының жас мамандары үшін ПЖКР-дің қазіргі мүшелерімен ПЖКР-ге іріктеуге дайындық шеңберінде тұсаукесерімен онлайн-конференция ұйымдастыру;
- Қайырымдылық акциялары

Есепті кезеңде Жастар ісі жөніндегі кеңес 15-тен астам қайырымдылық акциясын ұйымдастырды, оның аясында 830 мұқтаж адамға (Рамазан қорғаны; ҰОС ардагерлерін қолдау; атаулы көмек (балалар үйінің тәрбиеленушілері, өрт кезінде зардап шеккендер және т.б.) көмек көрсетілді.

.

Халықтың әлеуметтік осал топтарындағы балаларға 15 000 рюкзак жинау, жөнелту және жеткізу бойынша «Самұрық-Қазына» АҚ-ның 15 жылдығына орай ұйымдастырылған «Мектепке жол» акциясына қатысу.

Әлеуметтік саясат

QazaqGaz-дың тұрақтылығы мен орнықты дамуының ажырамас элементі, қолайлы моральдық-психологиялық ахуал қалыптастыратын, өз жұмыскерлерін әлеуметтік қорғаудың жоғары деңгейін қамтамасыз ету үшін

қосымша жеңілдіктерге кепілдік беретін әлеуметтік пакетті ұсынатын компанияның әлеуметтік саясатын іске асыру болып табылады.

Әлеуметтік саясат шеңберінде әлеуметтік тұрақтылықты қамтамасыз етуге, қолайлы моральдық-психологиялық ахуал орнатуға, әлеуметтік-еңбек жағдайларын жақсартуға және қауіпсіздік деңгейін арттыруға бағытталған түрлі іс-шаралар іске асырылуда.

QazaqGaz әлеуметтік саясаттың негізгі қағидаттары деп мыналарды анықтады:

- Жұмыскерлердің жиналыстар мен бірлестіктер бостандығына, сондай-ақ пікір білдіру бостандығына құқықтарын тану.
- Жасына, жынысына, этникалық тегіне, дініне, мүгедектігіне, ұлтына, әлеуметтік мәртебесіне, жыныстық бағдарына немесе жеке еңбек нәтижелерімен байланысты емес басқа да сипаттамаларына негізделген кемсітушіліктің кез келген түріне жол бермеу.
- Ұйымның барлық деңгейлеріндегі жұмыскерлер арасында әлеуметтік-мәдени әртүрлілікке ұмтылу.
- Әйелдер мен ерлер үшін мүмкіндіктердің теңдігін, соның ішінде тең жұмыс үшін бірдей ақы төлеуді мойындау.
- Балалардың мәжбүрлі түрде және күштеп еңбек етуіне жол бермеу.
- Кез келген нысанда жұмыс орнындағы зорлық-зомбылыққа жол бермеу.
- Барлық жұмыскерлер үшін қауіпсіз және салауатты жұмыс ортасын қамтамасыз ету.
- Компания жұмыс істейтін аймақтардағы жергілікті қоғамдастықтардың құқықтарын құрметтеу.

2023 жыл бойы Компания әлеуметтік әл-ауқатты қолдау мақсатында Спартакиада, марафондар, қайырымдылық акциялары, әлеуметтік жобалар, корпоративтік іс-шаралар (тимбилдингтер, конкурстар) және т. б. іс-шаралар кешенін іске асырды.

GRI 2-30

Компаниядағы әлеуметтік қолдау ережелерін реттейтін негізгі құжат QazaqGaz-дың Ұжымдық шарты болып табылады.

2023 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Ұжымдық шартта келесі ұйымдардағы жұмыскерлердің 98% қамтылды:

- «ҚазТрансГаз Аймақ» АҚ;
- «Интергаз Орталық Азия» АҚ;
- «QazaqGaz Onimderi» ЖШС;
- «Азиялық Газ құбыры» ЖШС;
- «Бейнеу–Шымкент Газ құбыры» ЖШС;
- «ҚазРосГаз» ЖШС.

Персоналды іріктеу

QazaqGaz Қазақстан Республикасы Еңбек заңнамасының барлық нормаларын, Компанияның ұжымдық шартының талаптарын және жұмыскерлерді жалдау рәсімдеріне қатысты ішкі регламенттерді ұстанады. Компания өзінің әлеуеті мен дағдыларын барынша пайдалана отырып, жоғары білікті мамандар тобын құруға ұмтылады.

«Самұрық-Қазына» АҚ-ның Адам ресурстарын басқару және еңбекақы төлеу жөніндегі корпоративтік стандартына сәйкес, бос лауазымдарға кандидаттарды іздеу және іріктеу Samruk Qyzmet бірыңғай рекрутингтік платформасында бос жұмыс орындарын орналастыру жолымен жүзеге асырылады (www.qsamruk.kz). Жұмыскерлерді жалдау кезінде QazaqGaz меритократия қағидаттарын, адам құқықтары мен Қазақстан Республикасы Еңбек заңнамасының нормаларын сақтайды.

2023 жылы Компанияның бос лауазымдарына кандидаттарды іздеу және іріктеу қағидаларына әлеуетті кандидаттар тарапынан теріс пайдалану мүмкіндігін болдырмау мақсатында, бейнежазба және байқау (прокторинг жүйесі) процесін енгізу бөлігінде өзгерістер енгізілді. Бұл шара персоналды іріктеу процесіне барынша ашықтықты енгізуге мүмкіндік берді.

5-сурет. Персоналды іріктеу және жалдау жүйесі тиімділігінің негізгі көрсеткіштері

2023 жылы QazaqGaz-ға 1 207 адам жұмысқа жалданған болатын, оның ішінде 1000 ер адам және 207 әйел адам. Жалданған жұмысшылардың көпшілігі 30-50 жас аралығын құрайды.

52-кесте. **2021-2023 жылдары жынысы мен жасы бойынша жалданған жұмыскерлердің саны, адам***

GRI 401-1

Көрсеткіш	**2021**	**2022**	**2023**
Компания бойынша барлығы:	**2 081**	**1 718**	**1207**
Гендерлік топ бойынша:			
Әйелдер	*559*	*277*	*207*
Ерлер	*1 522*	*1 441*	*1000*
Жастық топтары бойынша:			
30 жасқа толм-дар	*675*	*572*	*381*
30–50 жас	*1 057*	*991*	*687*
50 жастан астам	*349*	*155*	*139*

** Көрсеткіштің гендерлік және жастық топтары бойынша бөліністегі сандық деректер 2021 жыл ішінде тәуелсіз растау рәсімінен өтпеген.*

53-кесте. **2023 жылғы 31 желтоқсанға жынысы, жасы және өңірлері бойынша жалданған жұмыскерлердің саны, адам**

GRI 401-1

Өңір*	**2023**					
	Жалданған жұмыскерлер саны					
	30 жасқа толм-дар		**30–50 жас**		**50 жастан астам**	
	Ерлер	**Әйелдер**	**Ерлер**	**Әйелдер**	**Ерлер**	**Әйелдер**
Абай облысы	0	0	0	0	0	0
Ақмола облысы	11	3	17	6	3	0
Ақтөбе облысы	28	4	53	3	8	1
Алматы облысы	13	2	10	2	2	0
Атырау облысы	53	1	47	5	8	1
Батыс Қазақстан облысы	28	3	66	8	12	0
Жамбыл облысы	39	0	56	6	12	2

Жетісу облысы			3	1		
Қарағанды облысы	10	3	34	7	9	1
Қостанай облысы	3	2	20	7	25	2
Қызылорда облысы	5	2	19	5	5	0
Маңғыстау облысы	17	2	30	5	1	0
Павлодар облысы	0					
Солтүстік Қазақстан облысы	0	0	0	0	0	0
Түркістан облысы	52	7	42	15	6	0
Ұлытау облысы	0	0	0	0	0	0
Шығыс Қазақстан облысы	1	0	3	0	0	0
Астана қ.	11	11	87	35	8	8
Алматы қ.	22	6	32	9	13	3
Шымкент қ.	34	8	38	16	4	5
Қазақстан Республикасынан тыс жерлерде						
Барлығы	**327**	**54**	**557**	**130**	**116**	**23**

** Өңір деп Компанияның Қазақстан Республикасының аумақтық бірліктерінде болатын өңір түсіндіріледі.*

Әлеуметтік тұрақтылық

GRI 2-26

Компаниядағы әлеуметтік тұрақтылық кері байланыс арналары арқылы ішкі коммуникациялардың тиімді құрылған жүйесі есебінен қамтамасыз етіледі.

Сыртқы стейкхолдерлермен байланыстың негізгі құралы QazaqGaz-дың ресми сайты болып табылады https://qazaqgaz.kz/.

Ішкі байланыстың негізгі арналарына мыналар жатады:

- Комплаенс қызметінің жедел желісі;
- «Самұрық-Қазына» АҚ жедел желісі («Нысана» кол-орталығы);
- «Ашық терезе» интерактивті ресурсы;
- eOtinish.

Ішкі байланыс арналары арқылы өтініштерге мониторинг жүргізу мен бақылауды уәкілетті құрылымдық бөлімшелер жүзеге асырады. Бұл ретте өтініштердің 100% тіркелуіне және өңделуіне, сондай-ақ өтініш білдірген адамдардың құпиялылығы мен жасырын болуына кепілдік беріледі.

6-сурет. Басшылықтың жұмыскерлермен өзара іс-қимылы

Басшылықтың жұмыскерлермен өзара іс-қимылы "ашық терезе" тікелей желісі, жұмыскерлердің жыл сайынғы сауалнамасы, операциялық жиналыстар, тәлімгерлік және т. б. сияқты әртүрлі кері байланыс құралдарымен жүзеге асырылады.

Әлеуметтік тұрақтылық индексіндегі өзгерістер

Жыл сайын компаниялар тобы шеңберінде өндірістік персонал арасында әлеуметтік тұрақтылық деңгейін анықтау бойынша зерттеулер жүргізіледі.

Бұл зерттеулердің мақсаты - әдістеменің негізгі компоненттерін қабылдау деңгейімен байланысты жұмыскерлердің бағалауы негізінде есептелетін еңбек қатынастарындағы проблемалық аймақтарды диагностикалау:

- Қатысу индексі (компанияның еңбек және коммуникация қауіпсіздігі);
- Әлеуметтік әл-ауқат индексі (сыртқы факторлардың әсері);
- Әлеуметтік тыныштық индексі (ұжымның әлеуметтік шиеленісі).

54-кесте. **2021-2023 жылдардағы әлеуметтік тұрақтылық индексінің 2023 жылғы 31 желтоқсандағы мәні, %**

Көрсеткіш	**2021**	**2022**	**2023**
SRS әлеуметтік тұрақтылық индексі	83	76	68

«Әлеуметтік өзара іс-қимыл және коммуникациялар орталығы» ЖМ жүргізген сауалнамаға сәйкес, QazaqGaz компаниялар тобы бойынша Samruk Research Services (SRS) әлеуметтік тұрақтылық индексі 2023 жылы 68%-ды құрап, 8 пайыздық тармаққа төмендеді.

Төмендеу «Интергаз Орталық Азия» АҚ-дан «ҚазТрансГаз Аймақ» АҚ-на тарату газ құбырларына техникалық қызмет көрсету және пайдалану функцияларын беру мерзімін ауыстырумен, сондай-ақ «Интергаз Орталық Азия» АҚ-ның «Ғылыми-техникалық орталығы» филиалын «QazaqGaz ғылыми-техникалық орталығы» ЖШС-на берумен байланысты.

55-кесте. **2023 жылдың қорытындысы бойынша SRS бойынша іс-шаралар жоспары**

Бағыты	Сипаты
Жұмыскерлердің қаржылық әл-ауқаты	Қазақстан Республикасының макроэкономикалық көрсеткіштеріне сәйкес өндірістік филиалдардың персоналы үшін тарифтік ставкаларды және лауазымдық айлықақыларды қайта қарау
Қатысу	Кәсіби шеберлік конкурстарын өткізу және жұмыскерлердің спорт-сауықтыру кешендеріне, тренажер залдарына, бассейндерге, спорт секцияларына баруын ұйымдастыру, спорттық іс-шараларды өткізу.
Еңбек қатынастары - IR	Қоғам жұмыскерлерін арнайы киіммен, арнайы аяқ киіммен және жеке қорғану құралдарымен уақтылы қамтамасыз ету және әлеуметтік-тұрмыстық жағдайларды жақсарту үшін IR-скринингтер жүргізу
Жалдау талаптары және ашық кадр саясаты	Кәсіптік әлеуетін неғұрлым тиімді пайдалануды қамтамасыз ету мақсатында кәсіпорындардың басшы құрамын ротациялау практикасын енгізу және өндірістік персоналдың басшы позицияларына сабақтастық жоспарын (кадр резервін) қалыптастыру
Кәсіби даму	Оқыту және біліктілікті арттыру қажеттілігі негізінде оқытудың күнтізбелік жоспарын орындау.
Ішкі коммуникацияларды дамыту	Басшылықтың жұмыскерлермен кездесулерін ұйымдастыру; әлеуметтік желілерде парақтар құру және белсенді жүргізу, Қоғамның қызметі туралы посттар жариялау; сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл, алаяқтық, корпоративтік этика нормаларын бұзу, сатып алу рәсімдері мақсатында ЕТҰ-да ақпараттық-түсіндіру жұмыстарын жүргізу

Кәсіподақ қызметі

QazaqGaz-дағы Кәсіподақтарының қызметі Корпоративтік басқару туралы кодекстің нормаларымен, Компания Жарғысымен, Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасымен және Компанияның ішкі құжаттарымен реттеледі.

Компания ішіндегі байланыстарды нығайту және әлеуметтік саясатты іске асыру мақсатында QazaqGaz компаниялар тобының кәсіподақтары жыл сайын Компания жұмыскерлері үшін түрлі іс-шаралар ұйымдастырады.

Есепті кезеңде мынадай іс-шара ұйымдастырылды және өткізілді:

- жазғы Спартакиада;
- Бурабай демалыс аймағындағы корпоративтік тимбилдинг;

- мұнай-газ кешені қызметкерлері күніне арналған концерт;
- «Мектепке жол» акциясы;
- Қазақстан Республикасының кәсіподақтар күні;
- мемлекеттік тілді білу бойынша конкурстарды қоса алғанда, қазақ тілі күніне арналған іс-шаралар;
- жұмыскерлердің корпоративтік рухы мен қарым-қатынасын нығайтуға арналған басқа да көптеген іс-шаралар.

Сонымен қатар, QazaqGaz ҰК компаниялар тобының кәсіподақтары мен жұмыскерлері аз қамтылған отбасылардан шыққан балаларды және мүмкіндігі шектеулі балаларды қолдауға бағытталған қайырымдылық акцияларын ұйымдастырды.

2024 жылға және және орта мерзімді перспективаға арналған жоспарлар

- Грейдирлеу бағдарламасын бекіту;
- QazaqGaz-дың Кадрлық саясатын жаңарту
- «Самұрық-Қазына» АҚ-ның корпоративтік стандарттарына сәйкес келтіру бөлігінде еңбекақы төлеу саясатын жаңарту;
- CEO, CEO-1 позицияларында персоналды іріктеу практикасын өзгерту;
- QazaqGaz компаниялар тобында 360 әдістеме бойынша анкета-сауалнама қалыптастыру.

Кемсітушілікке қарсы тұру және тең мүмкіндіктер

Басқару тәсілі

GRI 3-3

QazaqGaz жынысына, нәсіліне, этникалық тегіне немесе басқа да сипаттамаларына қарамастан, өзінің барлық жұмыскерлері үшін жұмысқа орналасу мен мансаптық өсудің әділ жағдайларын қамтамасыз ете отырып, тең мүмкіндіктер саясатын ұстанатындығын жариялайды.

Тең мүмкіндіктер

QazaqGaz-дың корпоративтік мәдениеті теңдік пен инклюзия және оның кез келген көрінісінде кемсітушілікке жол бермеуді көрсетеді. Әр жұмыскердің білім алуға, лайықты еңбек жағдайларына, мансаптық өсуіне тең құқықтары бар.

GRI 405-1

QazaqGaz мүмкіндігі шектеулі жандарға жұмыс орындарын ұсынады. 2023 жылы мүмкіндігі шектеулі жұмысшылар саны 139 адамды құрады. 2023

жылы мүмкіндігі шектеулі жұмыскерлердің үлесі жұмыскерлердің тізімдік санының 1,0%-ын құрады.

***56-кесте.* 2021-2023 жылдары мүмкіндігі шектеулі жұмыскерлердің тізімдік саны, адам**

Көрсеткіш	**2021**	**2022**	**2023**
Барлығы	153	183	139

Гендерлік құрам

Гендерлік теңдік бойынша ТДМ 5 сақтауды ұстана отырып, QazaqGaz әйелдерді әкімшілік және сервистік позицияларға тартуды ынталандырады. Бүгінгі таңда QazaqGaz компаниялар тобы жұмыскерлерінің арасында әйелдердің үлесі 18%-дан аз. Бұл мән көбінесе Компанияның өндірістік қызметінің ерекшелігіне байланысты.

Алайда, гендерлік теңдік принципі жұмыскерлердің әртүрлі санаттары бойынша жалақының арақатынасын қоса алғанда, жалақыны белгілеу кезінде сақталады.

GRI 405-2

QazaqGaz жұмыс орнындағы адам құқықтарын сақтау саласындағы озық халықаралық тәжірибелерді ұстанады және тұрақты дамуды қамтамасыз ету үшін осы құқықтарды құрметтеуді өзінің міндеті деп санайды.

Компанияда кемсітушіліктің кез-келген түріне, соның ішінде нәсіліне, жынысына, дініне, мүгедектігіне немесе саяси сеніміне байланысты қатаң тыйым салынады.

Бос жұмыс орындарын жариялау және үміткерлерді іріктеу кезінде кадрларды іріктеу процесінде кез-келген жағымсыздықты болдырмау үшін тәжірибе мен біліктілікке қойылатын талаптар нақты анықталған. Сыйақы мөлшері тек үміткердің кәсіби қасиеттеріне байланысты төленеді.

Жеткізушілердің әлеуметтік стандарттарды сақтауы

Іскерлік этика кодексіне сәйкес, QazaqGaz жеткізушілермен денсаулық, жұмыскерлердің қауіпсіздігі, Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасының нормаларын сақтау және т.б. салаларды қамтитын әлеуметтік стандарттарды сақтау мәселелерінде табандылық танытады.

Адам құқығын сақтау

GRI 2-23

Компания жұмыскерлері мен басшылығы арасындағы қарым-қатынастардың негізінде ҚР Конституциясында және адам құқықтарының

жалпыға бірдей декларациясы, БҰҰ Жаһандық шартының қағидаттары, Халықаралық еңбек ұйымының конвенциясы және т.б. сияқты халықаралық құжаттарда көзделген адамның негізгі құқықтарын сақтау жатыр.

Адамның конституциялық құқықтарының сақталуын бақылау Адам ресурстарын басқару департаментіне, Комплаенс қызметіне және кәсіподақтарға жүктелген.

Құқықтарды сақтаудың кепілі QazaqGaz-дың 2022 жылы бекітілген Адам құқықтары жөніндегі саясаты болып табылады. Ол компанияның ресми сайтында жарияланған және мүдделі тараптар үшін қол жетімді.

2024 жылға арналған жоспарларда Омбудсменнің қызметін құру бөлігінде Компанияның ұйымдық құрылымына өзгерістер енгізу көзделген, ол адам құқықтарының сақталуын бақылауды және осы бағытта консультациялық сүйемелдеуді жүзеге асыратын болады.

Кемсітушілікке қарсы тұру

GRI 406-1

2023 жылдың нәтижелері бойынша Компанияда адамның конституциялық құқықтарына байланысты кемсітушіліктің немесе басқа да бұзушылықтардың бірде-бір жағдайы тіркелген жоқ.

Жұмыс орнындағы кемсітушіліктің алдын алуға жауапты негізгі құрылымдық бөлімше QazaqGaz Комплаенс қызметі болып табылады. Кемсітушілік фактілері анықталған жағдайда, қызметтік тергеу басталады, оның нәтижелері бойынша комплаенс ұсынымдар береді және түзету шараларын әзірлейді.

Жергілікті қауымдастықтар

Басқару тәсілі

GRI 3-3

QazaqGaz өзі қатысатын өңірлердің дамуына зор мән береді. Жергілікті қауымдастықтармен өзара іс-әрекет жасауды реттейтін негізгі құжат «Қоғаммен байланыс» құжатталған рәсімі» болып табылады.

Есепті кезеңдегі негізгі мақсаттар мен міндеттер:

- компанияның қызметі туралы хабардар ету;
- қоғаммен оң имиджді және байланысты қалыптастыру;
- QazaqGaz брендін қолдау және ілгерілету
- дағдарысты басқару және беделді қорғау;
- жұртшылықтан кері байланыс алу.

GRI 203-1

Қазақстандағы өмір сүру жағдайларын жақсарту үшін QazaqGaz өзінің қатысатын өңірлерінде бірқатар әлеуметтік маңызы бар жобаларды енгізуде.

Бұл бастамалар сенімді газбен қамтамасыз етуге, өнеркәсіптік нысандарды табиғи газды пайдалануға ауыстыруға және шағын және орта

бизнесті дамыту және жаңа жұмыс орындарын құру сияқты экономикалық мүмкіндіктер жасауға бағытталған.

Мысалы, 2023 жылдың сәуір айында Компания он жыл бойы күткен оңтүстік өңірдің тұрғындарын газбен жабдықтау мәселесін шешті. Алайда, осы өңірлердегі әлеуметтік инфрақұрылымды инвестициялау мен қаржыландыруды QazaqGaz компаниялар тобы жүзеге асырмайтынын, бірақ «Самұрық-Қазына» АҚ қайырымдылық саясатына сәйкес Samruk-Kazyna Trust әлеуметтік жобаларды дамыту қоры арқылы іске асырылатынын атап өткен жөн.

GRI 203-2

Компания баламалы энергия көздері мен жасыл технологияларға инвестицияларды қамтитын "жасыл инвестицияларды" қоса алғанда, өзінің инвестициялық қызметін белсенді түрде бақылап және талдау жүргізіп отырады. Бұл қызметтің негізгі бағыттарының бірі "QazaqGaz Onimderi" ЖШС болып табылады, ол Алматы қаласында АГТКС, Рудный қаласында және Тараз қаласында СТГ зауытын салуды, сондай-ақ Қазақстан Республикасы бойынша автомобиль газын толтыратын компрессорлық станциялар желісін дамытуды қоса алғанда, бірқатар жобаларды іске асыруға жауапты.

Есепті жылы Компания 2022 жылдан 2030 жылға дейінгі кезеңге Қазақстан Республикасын газдандырудың Бас схемасына сәйкес, елді газдандыру жөніндегі инфрақұрылымдық жобаларды іске асыруды жалғастырды.

QazaqGaz-дың ірі инфрақұрылымдық жобалары

1. Сарша жерін және "Жылы жағажай" курорттық аймағын газдандыру	
Жобаның іске асырылу мерзімі:	2021–2023 жылдар.
Жалпы құны:	29 679 млн теңге
Жоба мақсаты:	Сарша жерін газдандыру, Маңғыстау облысында жаңадан құрылған кәсіпкерлік субъектілерін тауарлық газбен қамтамасыз ету.
2023 жылғы жоба мәртебесі:	Жоба аяқталды. Пайдалануға беру актісіне 2023ж. 15.02. қол қойылды
Маңғыстау облысының газ тасымалдау жүйесін қайта жаңарту	
Жобаның іске асырылу мерзімі:	2021–2024 жылдар.

Жалпы құны:	203 861,7 млн теңге
Жоба мақсаты:	Өңірдің энергетикалық қауіпсіздігін арттыру, Маңғыстау облысының елді мекендерін, ірі кәсіпорындарын, сондай-ақ облыстың негізгі кәсіпорны - "МАЭК-Қазатомөнеркәсіп" ЖШС-ны тұрақты газбен жабдықтауды қамтамасыз ету.
2023 жылғы жоба мәртебесі:	"Бейнеу-Жаңаөзен" МГҚ-ның 2-ші желісінің құрылысы аяқталды және 2023 ж. 25.12. пайдалануға берілді. "Жаңаөзен-Ақтау" МГҚ-ның 3 желісін күрделі жөндеу жобасы іске асырылу жалғасуда.
2. "Мақат-Солтүстік Кавказ" магистральдық газ құбырында лупинг салу	
Жобаның іске асырылу мерзімі:	2021–2023 жылдар.
Жоба мақсаты:	87 695 млн теңге
Жоба мақсаты:	Атырау қаласы мен Атырау облысының халқын және ірі өнеркәсіптік кәсіпорындарын газбен жабдықтау сенімділігін қамтамасыз ету, ҚІД нәтижелері бойынша "Мақат-Солтүстік Кавказ" МГҚ-ның қанағаттанарлықсыз техникалық жай-күйін, сондай-ақ электр энергиясын өндіру және өндірістік объектіні қамтамасыз ету үшін Атырау облысындағы "Ұлттық индустриялық мұнай-химия технопаркі" арнайы экономикалық аймағы үшін газды үздіксіз жеткізуді ескере отырып, бір тізбекті газ құбырын тоқтатумен байланысты ТЖ-ның алдын алу.
2023 жылғы жоба мәртебесі:	Жоба аяқталды. Пайдалануға беру актісіне 2023 ж. 03.08. қол қойылды

3. Алматы қ. АГТС-тен ЖЭО-2 және ЖЭО-3-ке дейін жоғары қысымды газ құбырларын салу	
Жобаның іске асырылу мерзімі:	2021–2024 жылдар.
Жалпы құны:	9 786,7 млн. теңге
Жоба мақсаты:	Алматы облысы бойынша, оның ішінде ЖЭО-2 және ЖЭО-3-ті газдандыруды ескере отырып, Алматы энергокешені бойынша газды сенімді және үздіксіз тасымалдауды қамтамасыз ету.
2023 жылғы жоба мәртебесі:	Мынадай келесі Жобалар аяқталды: - «ЖСҚ-ны түзете отырып» «Қазақстан-Қытай» МГҚ мен «Алматы-Байсерке-Талғар» МГҚ арасындағы «Қайрат» ТІР-04 жалғастырғышын салу»; - «ЖСҚ әзірлей отырып, «Алматы» ЖЭО-2 үшін АГТС салу»; - «ЖСҚ әзірлей отырып, «Алматы» ЖЭО-3 үшін АГТС салу». «Алматы-Байсерке-Талғардың 2 желісін салу» жобасын іске асыру жалғасуда. Оны аяқтау 2024 жылы жоспарланған.
4. Қостанай облысының екі елді мекенін (Жітіқара қ., Тобыл к.) газдандыру	
Жобаның іске асырылу мерзімі:	2021–2023 жылдар.
Жалпы құны:	2 872,3 млн теңге
Жоба мақсаты:	Қостанай облысы Жітіқара қаласының Шығыс бөлігінің шағын ауданын, Қостанай облысы Бейімбет Майлин ауданының Тобыл кентін газдандыру. Елді мекендердегі экологиялық жағдайды жақсарту, орташа жылдық тұтынуы 12,7 млн м3 газды құрайтын 3 275 жаңа абонентті қосу.
2023 жылғы жоба мәртебесі:	Жітіқара қаласында 52,42 км салынды, 3 БГРП және 1 ШГРП орнатылған. Тобыл қ. 49 км салынды, 2 БГРП орнатылды. Жоба аяқталған.

5. Бейнеу – Бозой – Шымкент газ құбырын салу	
Жобаның іске асырылу мерзімі:	2011–2023 жылдар.
Жалпы құны:	882 560 млн теңге
Жоба мақсаты:	Қазақстан Республикасының оңтүстік өңірлерінің газға деген қажеттілігін тұрақты қамтамасыз ету, импорттық газға тәуелділікті азайту және Қазақстан

	Республикасының энергетикалық қауіпсіздігін қамтамасыз ету.
2023 жылғы жоба мәртебесі:	«Бозой» КС-1Е компрессорлық станциясын кеңейту жұмыстары аяқталды. Пайдалануға беру актісіне 2023 жылғы 11 қазанда қол қойылды. ГӨС кеңейту ("Бейнеу") мемлекеттік сараптаманың оң қорытындысын алды. Қазіргі уақытта құрылыс-монтаждау жұмыстары (ҚМЖ) және техникалық қадағалау үшін тендерлік сатып алу жүргізілуде.

GRI 413-1

QazaqGaz Қазақстан Республикасының халқын газбен қамтамасыз ету арқылы өз қызметінің өңірлерінде өмір сүру сапасын жақсартуға күш салады. Компания әртүрлі бұқаралық ақпарат құралдары мен әлеуметтік желілер арқылы медиа-жарнаманы белсенді жүзеге асырады. Бұдан басқа, жергілікті тұрғындар арасында тұрмыстық газды қауіпсіз пайдалану бойынша консультациялар мен оқыту іс-шаралары өткізіледі.

2023 жылы QazaqGaz газды қосуға және техникалық шарттарды алуға байланысты мәселелерге қатысты жергілікті тұрғындардың шағымдары мен ұсыныстарын мұқият қарады. Барлық өтініштер жедел бағытталып, жергілікті халықтың әлеуметтік әл-ауқатын қамтамасыз ету мақсатында компанияның құзыретті мамандарымен шешілген. 2023 жылы QazaqGaz-дың үш еншілес кәсіпорнында газбен жабдықтау жұмыстары жүргізілді. Газдандыру бойынша жобалар іске асырылған еншілес кәсіпорындар 21%-ды құрайды.

GRI 413-2

2023 жыл бойы тауарлық газға баға белгілеу жүйесін әлеуметтік-әділ реформалау жұмысы жалғастырылды, ол газ саласын дамытуды әртараптандыруды қамтамасыз етеді. Қаржылық есептілікте ол ішкі нарыққа газ сатудан 175,4 млрд теңге мөлшерінде шығын ретінде көрсетілген.

Сонымен қатар, жүргізіліп жатқан реформа аясында бірқатар стратегиялық бастамалар іске асырылды:

- жыл сайынғы түзету мүмкіндігімен 5 жылдық ұзақ мерзімді кезеңге арналған тауарлық газдың көтерме бағасы бекітілді;
- газ тұтынушыларының екі жаңа санаты енгізілді: ірі коммерциялық тұтынушылар және майнерлер;
- жер қойнауын пайдаланушылардан газдың жаңа көлемін сатып алу бағасының ынталандырушы формуласы бекітілді;
- баға бекітудің 10 жылдық мерзімінен 5 жылдық мерзіміне электр станцияларының тізбесіне енгізілген тұтынушылар үшін тауарлық газға баға белгілеу тетігі өзгертілді;

- мүлікті балансқа немесе сенімгерлік басқаруға қабылдау кезінде тауарлық газды тасымалдауға арналған тарифтерді бекітуге рұқсат етіледі.

Халықтың әлеуметтік осал топтарына әсер етпестен баға белгілеу жүйесін реформалау Компанияның бизнесті жауапты жүргізу қағидаттарына сүйенетінін көрсетеді.

GRI 203-1

Әлеуметтік инфрақұрылымды дамытуға және өңірлердің тіршілікті қамтамасыз етудің негізгі салаларын қолдауға бағытталған жобалар «Самұрық-Қазына» АҚ компаниялар тобының бірыңғай қайырымдылық операторы – «Samruk-Kazyna Trust» әлеуметтік жобаларды дамыту қоры арқылы іске асырылады.

Мұндай жобаларды іске асыру жергілікті халықтың қажеттіліктерін ескере отырып, Даму қоры арқылы бастамашылық етіледі және жергілікті қоғамдастықтарды дамыту жөніндегі ЕТҰ бағдарламаларында көзделген. Мәселен, 2023 жылы Жамбыл облысындағы Ойық, Бөлтірік шешен, Сейілбек және Ұланбел ауылдарында балалар ойнайтын жер, воркаут, баскетбол және футбол алаңдары сияқты әлеуметтік мақсаттағы объектілер пайдалануға берілді. Бұл бастамалар өскелең ұрпақ арасында салауатты өмір салтын насихаттауға, сондай-ақ эмоционалды интеллектті дамытуға бағытталған.

Жобаларды іске асыруға 100 млн теңгеден астам қаражат жұмсалды.

GRI 203-2

56-кесте. **Елеулі жанама экономикалық әсер**

Өлшемдер	**2021**	**2022**	**2023**
Оң және теріс әсерлерді қоса алғанда, ұйымның анықталған елеулі жанама экономикалық әсерлерінің мысалдары	-	-	-
Ұлттық және халықаралық стандарттар, хаттамалар және саяси бағдарламалар сияқты мүдделі Тараптардың сыртқы бағдарлары мен басымдықтары контекстіндегі жанама экономикалық әсердің маңыздылығы.	-	-	-
Барлығы	-	-	-

8-бөлім

КОРПОРАТИВТІК АСПЕКТІНІ ИНТЕГРАЦИЯЛАУ (G)

2023 жылдың негізгі көрсеткіштері	Маңызды тақырыптар
- Жергілікті жеткізушілердің үлесі - 89%; - Жергілікті жеткізушілерден сатып алу сомасы - 98%; - Контрагенттерге Компанияның сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саласындағы құжаттары туралы ақпарат берілді; - монополияға қарсы заңнаманы сақтамаудың жағдайы 0.	- Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл; - Сатып алуды басқару; - Монополияға қарсы заңнаманы сақтау; - Экономикалық тиімділік.
БҰҰ-ның релевантты ТДМ	**GRI көрсеткіштері**
- № 8 ТДМ: лайықты жұмыс және экономикалық өсу.	GRI 3-3, GRI 201-1, GRI 204-1, GRI 206-1, GRI 205-1, GRI 205-2, GRI 205-3

Басқару тәсілі

GRI 3-3

QazaqGaz бизнесті жүргізу кезінде этикалық нормаларды сақтайды, бұл өз кезегінде ұзақ мерзімді табыстың негізгі аспектісі болып табылады. Қоғам корпоративтік мәдениеттің бөлігі болып табылатын күнделікті іс-әрекетінде этикалық мінез-құлықтың жоғары стандарттарын ұстанады. Қоғамның осы саладағы әрекеттеріне мыналар жатады:

- шешім қабылдау рәсімдерінің есептілігін, бақылауын және ашықтығын қамтамасыз ететін ұйымдық-құқықтық тетіктерді белгілеу;
- адал бәсекелестік қағидаттарын сақтау;
- мүдделер қақтығысының алдын алу;
- іскерлік этика нормаларын қабылдау және сақтау;
- сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру бойынша шаралар қабылдау;
- сыбайлас жемқорлықтың алдын алу мәселелері бойынша мемлекеттік органдармен және өзге де ұйымдармен өзара іс-қимыл жасау.

-

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл

Қоғам қазақстандық заңнамада, сондай-ақ сыбайлас жемқорлық пен парақорлыққа қарсы күрес жөніндегі әлемдік қоғамдастықта көзделген шараларды қолдайды және сақтайды. Сыбайлас жемқорлық мемлекет пен қоғамның экономикалық қауіпсіздігіне үлкен зиян келтіреді, бұл ел экономикасы үшін жойқын зардаптарға әкеледі, азаматтардың және жалпы қоғамның қоғамдық өмірі мен сенімін тұрақсыздандырады. Комплаенс қызметі Қоғамның және оның жұмыскерлерінің сыбайлас жемқорлыққа және парақорлыққа қарсы іс-қимыл мәселелері бойынша заңнамалық және корпоративішілік талаптарды сақтауына ықпал етеді, сондай-ақ Қоғамдағы және Қоғам компаниялары тобындағы сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін талдауды қоса алғанда, сыбайлас жемқорлықтың алдын алу жөніндегі іс-шаралардың орындалуына, оның ішінде комплаенс қатысуымен Қоғамның еншілес және бірлесіп бақыланатын ұйымдарының функцияларын бақылауды жүзеге асырады. Сонымен қатар, Комплаенс қызметі Қазақстан Республикасының Сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнамасына, халықаралық стандарттарға және ішкі корпоративтік құжаттарға сәйкес сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін болдырмау жөніндегі тетіктерді енгізуге жауапты.

Заңнама талаптарына және үздік халықаралық тәжірибелерге сәйкес Комплаенс қызметі Қоғамның Директорлар кеңесіне ұйымдық және функционалдық жағынан бағынатын тәуелсіз бөлімше болып табылады.

GRI 2-23

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-рәсімдерді реттейтін негізгі құжаттар:

- Директорлар кеңесінің 2023 ж. 13.07. шешімімен бекітілген Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саясаты;
- Басқарманың 2021 ж. 22.12. шешімімен бекітілген Бастамашыл ақпараттандыру ережесі;
- Директорлар кеңесінің 2023 ж. 13.07. шешімімен бекітілген мүдделер қақтығысын реттеу саясаты;
- Басқарманың 2023 ж. 06.04. шешімімен бекітілген контрагенттердің сенімділігін тексеру ережесі;
- Директорлар кеңесінің 2021 ж. 20.08. шешімімен бекітілген іскерлік этика кодексі;
- Басқарма Төрағасының 2023 ж. 14.06. бұйрығымен бекітілген сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарт;
- Басқарманың 2023 ж. 03.07. шешімімен бекітілген Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мониторинг және сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу қағидалары;

- Директорлар кеңесінің 2022 жылғы шешімімен бекітілген өзгерістермен және толықтырулармен Комплаенс қызметі туралы ереже;

- Директорлар кеңесінің 2023 ж. 13.07. шешімімен бекітілген инсайдерлік ақпаратқа қол жеткізу құқықтарының аражігін ажырату және инсайдерлердің мұндай ақпаратты заңсыз пайдалану мүмкіндігіне жол бермеу үшін QazaqGaz-дың ішкі бақылау қағидалары.

Жұмыскерлер мен мүдделі тараптар арасында сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру үшін Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саясатында Қоғамның сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саласындағы негізгі қағидаттары бекітілген, оларға мыналар жатады:

- сыбайлас жемқорлықтың кез келген көріністеріне нөлдік төзімділік
- жоғары басшылыққа бейілділік және "жоғарыдан үлгі болуды" орнату
- лауазымды тұлғалар мен жұмыскерлердің ынталануы
- жазаның бұлтартпастығы
- саясаттың заңдылығы және қолданыстағы заңнамаға сәйкестігі
- алдын алу және қарсы іс-қимыл жөніндегі рәсімдердің сәйкестігі
- сыбайлас жемқорлыққа қарсы рәсімдердің тиімділігі
- мониторинг және бақылау
- мүдделер қақтығысын болдырмау
- тиісті тексеру
- көшбасшылық және үйлестіру

Есепті жылы сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылға бағытталып іске асырылған іс-шаралар

GRI 2-15

Қоғамда мүдделер қақтығысы туралы мәліметтерді жария ету рәсімі қолданылады. Мұндай ақпаратты ашу тәртібі мен әдістері мүдделер қақтығысын реттеу саясатында анықталған. Жүйе арқылы электрондық құжат айналымы мүдделер қақтығысы туралы мәліметтерді онлайн-форматта, қағаз тасығышты толтырудың қажеттілігінсіз ашу мүмкіндігі енгізілді.

GRI 205-3

Есепті кезеңде Қоғамда және ЕТҰ/ББҰ-да сыбайлас жемқорлықтың расталған жағдайлары тіркелген жоқ. Жұмыскерлерді еңбек шарттарын бұзуды және қылмыстық істер қозғауды қоса алғанда, сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасағаны үшін жазалау шаралары жүргізілген жоқ.

Сыбайлас жемқорлыққа байланысты іскер әріптестермен шарттарды бұзудың расталған жағдайлары бұзушылықтарға қатысты есепті кезеңде тіркелмеген.

Есепті кезең ішінде Қоғамға немесе оның жұмыскерлеріне қарсы қозғалған сыбайлас жемқорлық туралы жария сот істері болған жоқ.

Контрагенттермен өзара іс-қимыл жасау

Контрагенттермен өзара іс-қимыл жасасу процесінде Қоғам контрагенттердің өздерінің іскерлік қатынастарында шынайылылық пен адалдық қағидаттарын сақтауын, олардың беделіне қамқорлық жасауды, сондай-ақ олардың жоғары этикалық стандарттарға және контрагенттер іске асыратын сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл шараларына бейілділігін қамтамасыз ету мәселелеріне ерекше назар аударады.

Қоғам контрагенттердің сенімділігін тексеру сияқты сыбайлас жемқорлықтың алдын алуға бағытталған пәрменді құралдарды қолданады. Әлеуетті контрагенттер тексеруді жүзеге асыру үшін қажетті контрагенттің сауалнамасын жауапты құрылымдық бөлімшелердің (Комплаенс қызметі, Корпоративтік қауіпсіздік департаменті) күштерімен толтыруды жүзеге асырады.

2023 жылы барлық 2121 контрагент сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатпен танысты.

Қоғамның Директорлар кеңесінің 2023 жылғы 13 шілдедегі шешімімен бекітілген Қоғамның Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі саясатына сәйкес сыбайлас жемқорлық қызметіне тартылуы мүмкін контрагенттермен іскерлік қатынастардың тәуекелін азайту мақсатында контрагенттердің сыбайлас жемқорлыққа қарсы шарттарға, сондай-ақ өнім берушінің кодексіне енгізу жолымен саясат талаптарын сақтауға дайындығына тексеру жүргізіледі. Бекітілген саясатқа дейін Қоғамда "ҚазТрансГаз" АҚ Директорлар кеңесінің 2021 жылғы 20 тамыздағы шешімімен бекітілген Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саясаты жұмыс істеді. Сатып алу және жергілікті қамту департаменті ұсынған тауарларды, жұмыстарды және көрсетілетін қызметтерді сатып алу шарттары бойынша ақпарат көрсетілген.

57-кесте. **Сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясат және рәсімдер мәселелері жөнінде басқарма мүшелерін хабардар ету**

GRI 205-2 (a)

Жыл	2021			2022			2023		
Өңір*	**Басқару органдары мүшелерінің жалпы саны**	**Ұйымның сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясаты мен рәсімдеріменхабардар болған басқару органдары мүшелерінің жалпы саны**	**Ұйымның сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясаты мен рәсімдеріменхабардар болған басқару органдары мүшелерінің пайызы**	**Басқару органдары мүшелерінің жалпы саны**	**Ұйымның сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясаты мен рәсімдеріменхабардар болған басқару органдары мүшелерінің жалпы саны**	**Ұйымның сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясаты мен рәсімдеріменхабардар болған басқару органдары мүшелерінің пайызы**	**Басқару органдары мүшелерінің жалпы саны**	**Ұйымның сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясаты мен рәсімдерімен хабардар болған басқару органдары мүшелерінің жалпы саны**	**Ұйымның сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясаты мен рәсімдеріменхабардар болған басқару органдары мүшелерінің пайызы**
Астана қ.	7	7	100%	8	8	100%	27	27	100%
Алматы қ.	6	6	100%	6	6	100%	13	13	100 %
Шымкент қ.	0	0	0	0	0	0	0	0	0
Павлодар облысы	0	0	0	0	0	0	0	0	0
Алматы облысы	0	0	0	0	0	0	0	0	0
Қызылорда облысы	0	0	0	0	0	0	0	0	0
Ақтөбе облысы	0	0	0	0	0	0	0	0	0

Атырау облысы	0	0	0	0	0	0	0	0	0
Маңғыстау облысы	0	0	0	0	0	0	0	0	0
Ақмола облысы	0	0	0	0	0	0	0	0	0
Батыс Қазақстан облысы	0	0	0	0	0	0	0	0	0
Жамбыл облысы	0	0	0	0	0	0	0	0	0
Батыс Қазақстан облысы	0	0	0	0	0	0	0	0	0
Қарағанды облысы	0	0	0	0	0	0	0	0	0
Қостанай облысы	0	0	0	0	0	0	0	0	0
Солтүстік Қазақстан облысы	0	0	0	0	0	0	0	0	0
Түркістан облысы	0	0	0	0	0	0	0	0	0
Қазақстан Республикасынан тыс жерлерде	0	0	0	0	0	0	4	4	100%
БАРЛЫҒЫ	13	13	100%	14	14	100%	44	44	100%

58-кесте. **GRI 205-2 (b) Сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясат және рәсімдер мәселелері бойынша жұмыскерлер санатына бөле отырып жұмыскерлерді хабардар ету**

Жыл	2021			2022			2023		
Өңір*	Жұмыскерлердің жалпы саны	Ұйымның сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясаты мен рәсімдеріне хабардар болған жұыскерлердің жалпы саны	Ұйымның сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясаты мен рәсімдеріне хабардар болған жұмыскерлердің пайызы	Жұмыскерлердің жалпы саны	Ұйымның сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясаты мен рәсімдеріне хабардар болған жұыскерлердің жалпы саны	Ұйымның сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясаты мен рәсімдеріне хабардар болған жұмыскерлердің пайызы	Жұмыскерлердің жалпы саны	Ұйымның сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясаты мен рәсімдеріне хабардар болған жұыскерлердің жалпы саны	Ұйымның сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясаты мен рәсімдеріне хабардар болған жұмыскерлердің пайызы
Астана қ.	103	103	100%	107	107	100%	711	711	100%
Алматы қ.	1380	1380	100%	1381	1381	100%	797	797	100%
Шымкент қ.	352	352	100%	371	371	100%	906	906	100%
Павлодар облысы	0	0	0	0	0	0	0	0	0
Алматы облысы	31	31	100%	35	35	100%	283	283	100%
Қызылорда облысы	62	62	100%	62	62	100%	672	672	100%
Ақтөбе облысы	120	120	100%	121	121	100%	1717	1717	100%
Атырау облысы	99	99	100%	96	96	100%	1421	1421	100%

Маңғыстау облысы	93	93	100%	91	91	100%	1107	1107	100%
Ақмола облысы	44	44	100%	58	58	100%	190	190	100%
Шығыс Қазақстан облысы	13	13	100%	13	13	100%	31	31	100%
Жамбыл облысы	90	90	100%	89	89	100%	1116	1116	100%
Батыс Қазақстан облысы	114	114	100%	112	112	100%	1499	1499	100%
Қарағанды облысы	28	28	100%	47	47	100%	261	261	100%
Қостанай облысы	95	95	100%	97	97	100%	641	641	100%
Солтүстік Қазақстан облысы	0	0	0	0	0	0	0	0	0
Түркістан облысы	437	437	100%	468	468	100%	1358	1358	100%
Ұлытау облысы	0	0	0	0	0	0	45	45	100%
Жетісу облысы	0	0	0	0	0	0	44	44	100%
Абай облысы	0	0	0	0	0	0	0	0	0
Қазақстан Республикасынан тыс жерлерде	0	0	0	0	0	0	1	1	100%

БАРЛЫҒЫ	3061	3061	100%	3148	3148	100%	12800	12800	100%

Жыл	**2021**			**2022**			**2023**		
Өлшем	**Жұмыскерлердің жалпы саы**	**Ұйымның сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясаты мен рәсімдеріне н хабардар болған жұыскерлердің жалпы саны**	**Ұйымның сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясаты мен рәсімдерінен хабардар болған жұмыскерлердің пайызы**	**Жұмыскерлердің жалпы саы**	**Ұйымның сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясаты мен рәсімдеріне н хабардар болған жұыскерлердің жалпы саны**	**Ұйымның сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясаты мен рәсімдерінен хабардар болған жұмыскерлердің пайызы**	**Жұмыскерлердің жалпы саы**	**Ұйымның сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясаты мен рәсімдеріне н хабардар болған жұыскерлердің жалпы саны**	**Ұйымның сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясаты мен рәсімдерінен хабардар болған жұмыскерлердің пайызы**
Топ менеджмент	10	10	100%	12	12	100%	44	44	100%
АПБ	398	398	100%	398	398	100%	1136	1136	100%
Өндірістік персонал	2691	2691	100%	2774	1992	71,8%	11664	11664	100%
Қызмет көрсететін персонал	0	0	0	0	0	0	0	0	0
БАРЛЫҒЫ	3099	3099	100%	3184	2402	75,4%	12844	12844	100%

59-кесте. **GRI 205-2 (c) Сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясат және рәсімдер мәселелері бойынша контрагенттерді жұмыскерлер санатына бөле отырып хабардар ету**

Жыл	**2021**			**2022**			**2023**		
Санат*	**Іскери әріптестердің жалпы саны**	**Ұйымның сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясаты мен рәсімдерінен хабардар болған іскер әріптестердің жалпы саны**	**Ұйымның сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясаты мен рәсімдерінен хабардар болған іскер әріптестердің пайызы**	**Іскери әріптестердің жалпы саны**	**Ұйымның сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясаты мен рәсімдерінен хабардар болған іскер әріптестердің жалпы саны**	**Ұйымның сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясаты мен рәсімдерінен хабардар болған іскер әріптестердің пайызы**	**Іскери әріптестердің жалпы саны**	**Ұйымның сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясаты мен рәсімдерінен хабардар болған іскер әріптестердің жалпы саны**	**Ұйымның сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясаты мен рәсімдерінен хабардар болған іскер әріптестердің пайызы**
ТЖҚ сатып алу бойынша өнім берушілер	1556	1481	95,2%	1638	1541	94%	2121	2121	100%
0	0	0	0	0	0	0	0	0	0
0	0	0	0	0	0	0	0	0	0
0	0	0	0	0	0	0	0	0	0

БАРЛЫҒЫ	1556	1481	95,2%	1638	1541	94%	2121	2121	100%

60-кесте. **GRI 205-2 (d) Басқарма мүшелерін сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясат және рәсімдер мәселелері бойынша оқыту**

Жыл	**2021**			**2022**			**2023**		
Өңір*	**Басқару органдары мүшелерінің жалпы саны**	**Ұйымның сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясаты мен рәсімдері бойынша оқудан өткен басқару органдары мүшелерінің жалпы саны**	**Ұйымның сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясаты мен рәсімдері бойынша оқудан өткен басқару органдары мүшелерінің пайызы**	**Басқару органдары мүшелерінің жалпы саны**	**Ұйымның сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясаты мен рәсімдері бойынша оқудан өткен басқару органдары мүшелерінің жалпы саны**	**Ұйымның сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясаты мен рәсімдері бойынша оқудан өткен басқару органдары мүшелерінің пайызы**	**Басқару органдары мүшелерінің жалпы саны**	**Ұйымның сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясаты мен рәсімдері бойынша оқудан өткен басқару органдары мүшелерінің жалпы саны**	**Ұйымны сыбайла жемқорлы қарсы саясаты м рәсімдер бойынш оқудан өтк басқару органдар мүшелерін пайызы**
Астана қ.	7	7	100%	8	8	100%	27	12	44,4%
Алматы қ.	0	0	0	0	0	0	13	12	92,3%
Шымкент қ.	0	0	0	0	0	0	0	0	0
Павлодар облысы	0	0	0	0	0	0	0	0	0
Алматы облысы	0	0	0	0	0	0	0	0	0

Қызылорда облысы	0	0	0	0	0	0	0	0	0
Ақтөбе облысы	0	0	0	0	0	0	0	0	0
Атырау облысы	0	0	0	0	0	0	0	0	0
Маңғыстау облысы	0	0	0	0	0	0	0	0	0
Қостанай облысы	0	0	0	0	0	0	0	0	0
Шығыс Қазақстан облысы	0	0	0	0	0	0	0	0	0
Жамбыл облысы	0	0	0	0	0	0	0	0	0
Батыс Қазақстан облысы	0	0	0	0	0	0	0	0	0
Қарағанды облысы	0	0	0	0	0	0	0	0	0
Солтүстік Қазақстан облысы	0	0	0	0	0	0	0	0	0
Түркістан облысы	0	0	0	0	0	0	0	0	0
Ұлытау облысы	0	0	0	0	0	0	0	0	0
Жетісу облысы	0	0	0	0	0	0	0	0	0
Абай облысы	0	0	0	0	0	0	0	0	0
Қазақстан Республикасынан тыс жерлерде	0	0	0	0	0	0	4	4	100%
БАРЛЫҒЫ	7	7	100%	8	8	100%	44	28	63,6%

2024 жылы Қоғамның Комплаенс қызметі Қоғамның Директорлар кеңесінің мүшелері үшін сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясат және рәсімдер мәселелері бойынша оқыту өткізуді жоспарлайды.

61-кесте. **GRI 205-2 (e) Жұмыскерлерді сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясат және рәсімдер мәселелері бойынша оқыту**

Жыл	2021			2022			2023	
Өңір*	**Жұмыскерлердің жалпы саны**	**Ұйымның сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясаты мен рәсімдері бойынша оқудан өткен жұыскерлердің жалпы саны**		**Жұмыскерлердің жалпы саны**	**Ұйымның сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясаты мен рәсімдері бойынша оқудан өткен жұыскерлердің жалпы саны**	**Ұйымның сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясаты мен рәсімдері бойынша оқудан өткен жұмыскерлердің пайызы**	**Жұмыскерлердің жалпы саны**	**Ұйымның сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясаты мен рәсімдері бойынша оқудан өткен жұыскерлердің жалпы саны**
Астана қ.	103	103	100%	107	107	100%	711	711
Алматы қ.	331	331	100%	332	332	100%	797	797
Шымкент қ.	352	352	100%	371	371	100%	906	906
Павлодар облысы	0	0	0	0	0	0	0	0
Алматы облысы	344	46	13,4%	348	50	14,4%	283	283
Қызылорда облысы	62	62	100%	62	62	100%	672	672
Ақтөбе облысы	120	120	100%	121	121	100%	1717	1717
Атырау облысы	99	99	100%	96	96	100%	1421	1421
Маңғыстау облысы	93	93	100%	91	91	100%	1107	1107
Ақмола облысы	44	44	100%	58	58	100%	190	190

Шығыс Қазақстан облысы	13	13	100%	13	13	100%	31	31
Жамбыл облысы	365	104	28,5%	364	103	28,3%	1116	1116
Батыс Қазақстан облысы	114	114	100%	112	112	100%	1499	1499
Қарағанды облысы	28	28	100%	47	47	100%	261	261
Қостанай облысы	95	95	100%	97	97	100%	641	641
Солтүстік Қазақстан облысы	0	0	0	0	0	0	0	0
Түркістан облысы	742	452	60,9%	773	483	62,5%	1358	1358
Ұлытау облысы							45	45
Жетісу облысы							44	44
Абай облысы							0	0
Қазақстан Республикасынан тыс жерлерде	0	0	0	0	0	0	1	1
БАРЛЫҒЫ	2905	2056	71%	2992	2143	73,7	12800	12800

Қоғамның Комплаенс қызметі өз қызметін 2022 жылдың 4 тоқсанынан бастап жүзеге асырады, осыған байланысты 2021-2022 жылдары басқару органдары мүшелерінің жалпы саны және ұйымның сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясаты мен рәсімдері туралы хабардар етілген басқару органдары мүшелерінің жалпы саны туралы мәліметтер жоқ.

Жыл	**2021**	**2022**	**2023**

Өлшем	Қызметкерлердің жалпы саны	Ұйымның сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясаты мен рәсімдері бойынша оқудан өткен қызметкерлердің жалпы саны	Ұйымның сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясаты мен рәсімдері бойынша оқудан өткен қызметкерлердің пайызы	Қызметкерлердің жалпы саны	Ұйымның сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясаты мен рәсімдері бойынша оқудан өткен қызметкерлердің жалпы саны	Ұйымның сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясаты мен рәсімдері бойынша оқудан өткен қызметкерлердің пайызы	Қызметкерлердің жалпы саны	Ұйымның сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясаты мен рәсімдері бойынша оқудан өткен қызметкерлердің жалпы саны	Ұйымның сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясаты мен рәсімдері бойынша оқудан өткен қызметкерлердің пайызы
Топ менеджмент	10	10	100%	12	12	100%	44	28	63,6%
АПБ	398	318	80%	398	318	80%	1136	1136	100%
Өндірістік персонал	2691	1686	62,7%	2774	1769	63,8%	11664	11664	100%
Қызмет көрсететін персонал	0	0	0	0	0	0	0	0	0
БАРЛЫҒЫ	3099	2014	65%	3184	2099	66%	12844	12828	99,8%

Жедел желі

GRI 2-16, GRI 2-25, GRI 2-26

Қоғамда тәуелсіз оператор қызмет көрсететін Қоғамға және оның ЕТҰ/ББҰ-ға таралатын бастамашыл ақпараттандыру желісі ("жедел желі") жұмыс істейді.

Заңнаманы және/немесе этиканы болжамды бұзу, сыбайлас жемқорлық, алаяқтық жағдайлары және т.б. туралы хабарлауға қатысты келіп түскен өтініштерді тіркеу, сондай-ақ өтініш берушіге жауап беру - толық автоматтандырылған және Қоғамның комплаенс қызметіне нақты уақыт режимінде қарауға түседі.

Қоғамның Комплаенс қызметі келіп түскен өтініштерді қарау, тексеру жүргізу және қажет болған жағдайда тергеу жүргізу үшін Қоғамның компаниялар тобының комплаенс офицерлеріне жібереді. Жүйе сонымен қатар өтініштерді өз бетінше жасауға, мәртебесі мен түсініктемелерді көрсетуге, файлдарды қосуға және аналитиканы жүктеуге мүмкіндік береді. Комплаенс қызметінің ЕТҰ/ББҰ комплаенс – қызметтерінің өтініштерді қарау сапасын талдауға мүмкіндігі бар.

Өтініштердің құпиялылығы мен анонимділігіне, сондай-ақ өтініш білдірген адамға және уәкілетті тұлғаларға кейіннен ақпарат бере отырып, өтініштердің 100%-ын тіркеуге және өңдеуге кепілдік беріледі.

Бұзушылықтар туралы хабарлау және Қоғамның атына мүдделі тараптардан түсетін өтініштер "жедел желі" байланыс арналары арқылы жүзеге асырылады:

- 8-800-080-47-47 телефон нөмірі бойынша;
- mail@sk-hotline.kz электрондық поштаға;
- www.sk-hotline.kz интернет-портал арқылы.

2023 жылы Қоғамның компаниялар тобы бойынша "жедел желі" арқылы 30 хабарлама алынды. Тақырып бойынша 2023 жылдың басынан бері келіп түскен өтініштердің ең көп саны сатып алу, сыбайлас жемқорлық және еңбек жанжалдары мәселелерімен байланысты. Қоғам тексеру нәтижелері бойынша тәртіптік шаралар қабылдайды және сыбайлас жемқорлық әрекеттерін жасаудың алғышарттарын жояды.

7-сурет. 2023 жылы "жедел желіге" келіп түскен өтініштердің тақырыбы



2024 жылға және орта мерзімді перспективаға арналған жоспарлар

Қоғам сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саласында мынадай іс-шараларды жүзеге асыруды жоспарлап отыр:

- тәуекелдерді талдау нәтижелеріне, комплаенс функциясы бойынша корпоративтік стандарт талаптарына және заңнаманың өзекті талаптарына сәйкес комплаенс саласындағы ішкі нормативтік құжаттарды өзектендіру;
- компания процестерін бақылау жүйелеріне жаңартылған комплаенс талаптарын енгізу;
- жедел желіге сенімділікті арттыру және оны насихаттау (көрнекі материалдарды (бейнелер, баннерлер) тарату, оқыту, көпшілікке қолжетімді жерлерде орналастыру);
- Қоғамның жоғары басшылығын кез келген нысандағы бұзушылықтардан бас тарту идеяларын тарту жөніндегі іс-шараларды ұйымдастыру;
- комплаенс және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мәселелері бойынша басқару органы мен атқарушы органның мүшелері үшін мерзімді негізде, оның ішінде қажетті құзыреттерге ие сыртқы сарапшыларды тарта отырып, тақырыптық оқыту сессияларын өткізуді ұйымдастыру;
- сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру бойынша сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызметпен өзара іс-қимылды қамтамасыз ету;
- одан әрі қолдану үшін сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін басқару үшін қаржылық және қаржылық емес бақылау шараларын енгізу жоспарын әзірлеуді ұйымдастыру (ақшалай сыйақы, алғыс хаттар және басқалар);

- этика, мәдениет және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мәселелері бойынша жұмыскерлерге тақырыптық сауалнама жүргізу;

- үшінші тараптарға кешенді тексеру жүргізу кезінде үлестестігі мен мүдделер қақтығысына тексеру және мониторинг жүргізу мақсатында Қоғамның лауазымды тұлғаларының автоматтандырылған деректер базасын құруға қатысу және т.б.

2024 жыл ішінде Директорлар кеңесінің мүшелері, Басқарма мүшелері және Қоғам жұмыскерлері үшін сыбайлас жемқорлыққа қарсы форумдар мен оқытулар өткізу жоспарлануда.

Сыбайлас жемқорлыққа байланысты тәуекелдер бойынша операцияларды бағалау

GRI 205-1

62-кесте. - Сыбайлас жемқорлыққа байланысты тәуекелдер бойынша операцияларды бағалау

Қызмет сыбайлас жемқорлыққа байланысты тәуекелдер тұрғысынан бағаланады			
Көрсеткіш	**2021**	**2022**	**2023***
Сыбайлас жемқорлыққа байланысты тәуекелдер тұрғысынан бағаланған операциялардың жалпы саны	**23**	**22**	**22**
Сыбайлас жемқорлыққа байланысты тәуекелдер бойынша бағаланған операциялардың пайызы	100%	100%	100%

Есепті кезеңде Қоғам қызметіндегі сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне жүргізілген ішкі талдауға сәйкес сыбайлас жемқорлыққа байланысты елеулі тәуекелдер анықталған жоқ.

QazaqGaz (бұдан әрі – Қоғам) Жарғысына сәйкес Директорлар кеңесі басқару органы болып табылады. Қоғамның орналасқан жері: Қазақстан Республикасы, Астана қаласы, Есіл ауданы, Әлихан Бөкейхан көшесі, 12.

Қоғамның Комплаенс қызметі өз қызметін 2022 жылдың 4 тоқсанынан бастап жүзеге асырады, осыған байланысты 2021-2022 жылдары басқару органдары мүшелерінің жалпы саны және ұйымның сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясаты мен рәсімдері туралы хабардар етілген басқару органдары мүшелерінің жалпы саны туралы мәліметтер жоқ.

"Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы" ҚР Заңын орындау үшін Қоғамның сыбайлас жемқорлыққа қарсы Комплаенс қызметі Директорлар кеңесінің/Байқаушы кеңесінің құзыретіне ауыстырылды.

2024 жылы Қоғамның Комплаенс қызметі Қоғамның Директорлар кеңесінің мүшелері, Басқарма және жұмыскерлері үшін сыбайлас жемқорлыққа қарсы форум мен оқыту іс-шараларын өткізуді жоспарлап отыр.

Сатып алуды басқару

Басқару тәсілі

GRI 3-3

Компания сатып алу рәсімдерінің ашықтығы, айқындығын және бәсекеге қабілетті сипаты қағидаттарын ұстанады. Осы қағидаттарды сақтау сыбайлас жемқорлық көріністерінің ықтималдығын азайтуға ықпал етеді, әділ бәсекелестікті және баға, сапа және жеткізу мерзімдері аспектілерінде жоғары нәтижелерге қол жеткізуді қамтамасыз етеді.

GRI 2-23

Сатып алу рәсімдері барысында компания келесі құжаттарға бағдарланады:

"Самұрық-Қазына" АҚ Директорлар кеңесінің 2022 жылғы 3 наурыздағы № 193 шешімімен бекітілген Сатып алуды жүзеге асыру тәртібін (бұдан әрі – "Тәртіп") "Самұрық-Қазына" ұлттық әл-ауқат қоры " акционерлік қоғамы және қатысу үлесі елу және одан да көп пайызды құрайтын және тікелей немесе жанама "Самұрық-Қазына" АҚ иелігіндегі немесе сенімгерлік басқаруындағы заңды тұлғалар қолданады;

QazaqGaz Басқармасының 2022 жылғы 29 қазандағы №34 шешімімен бекітілген QazaqGaz сатып алу қызметін басқару қағидалары;

QazaqGaz Басқармасының 2017 жылғы 26 сәуірдегі №15 шешімімен бекітілген "ҚазТрансГаз" АҚ-да шарттарды дайындау, келісу, жасасу, орындау және мониторингілеу қағидалары.

QazaqGaz компаниялар тобында ЕТҰ мен QazaqGaz арасында келісім жұмыс істейді, ол компаниялардың бүкіл тобы бойынша осы саладағы тәсілдерді стандарттау және біріздендіру мақсатында бірлесіп сатып алу мәселелерін реттейді. Сатып алу процестеріне өзгерістер енгізу кезінде компанияның жауапты құрылымдық бөлімшелері барлық ЕТҰ өкілдерін уақтылы хабардар етуді қамтамасыз етеді.

2023 жылы сатып алу процесі бойынша жауапкершілік келесідей бөлінді:

Сатып алу процесін басқару құрылымы



QazaqGaz-да Сатып алу және жергілікті қамту департаменті, сатып алу процесін басқаруға жауапты компанияның негізгі құрылымдық бөлімшесі жұмыс істейді. Сатып алу және жергілікті қамту департаментінің негізгі міндеттеріне мыналар жатады:

- сатып алу жоспарларын қалыптастыру;
- QazaqGaz және ЕТҰ сатып алу рәсімдерін ұйымдастыру және өткізу;
- QazaqGaz және ЕТҰ сатып алу рәсімдері бойынша есептілікті ұсыну және бақылау;
- QazaqGaz ішкі регламенттеуші құжаттарын әзірлеу, жетілдіру және енгізу.

Сатып алу процестерін жүзеге асыру үшін Компания жергілікті өнім берушілердің мониторингі туралы деректерді қамтитын және сатып алудың барлық кезеңдерінің ашық көрсетілуін қамтамасыз ететін "Самұрық-Қазына" АҚ электрондық сатып алу порталын пайдаланады.

ТЖҚ жалпы сомасы және елішілік құндылық үлесі, ҚҚС есебінсіз млрд теңгеге

GRI 204-1

Көрсеткіш	2021	2022	2023
Сатып алу сомасы, млрд теңге	668,34	657,69	527,64
Жергілікті жеткізушілерден сатып алу үлесі, %	88	88	99,7

2023 жылы Компания Ерекше тәртіп бойынша сатып алуды қоса алғанда, белгіленген Келісімге сәйкес жалпы сомасы 527,25 млрд теңгеге сатып алу рәсімдерін жүзеге асырды. Бұдан басқа, "Самұрық-Қазына" АҚ электрондық сатып алу веб-порталы арқылы сатып алу процесіне бақылау жүргізілді. Өнім берушімен келісімшарт жасалғаннан кейін шарттық міндеттемелердің орындалуына үздіксіз мониторинг жүзеге асырылады және өнім беруші тарапынан орындалмаған жағдайда, QazaqGaz сот рәсімдеріне бастамашылық жасайды.

Сатып алу рәсімдері шеңберінде "Самұрық-Қазына" АҚ портфельдік компаниялары үшін әлеуетті сенімсіз өнім берушілердің тізімі қалыптастырылады. Жеткізуші осы тізімге енген кезде жүйе оны сатып алу рәсімдеріне қатысудан автоматты түрде алып тастайды.

Компания үшін жеткізушілерді таңдағанда, қабылданған тәртіпке сәйкес сатып алудың белгіленген процедураларын сақтау маңызды. Бұл аспект QazaqGaz және оның еншілес кәсіпорындарының басшы жұмыскерлері қызметінің негізгі көрсеткіштерінің картасына енгізілген.

Елішілік құндылықты дамыту

Жергілікті жеткізушілерді қолдау үшін Компания отандық жеткізушілерден сатып алу көлемін үнемі арттырып отырады.

QazaqGaz компаниялар тобының сатып алуларының жалпы көлеміндегі елішілік құндылық үлесі 2023 жылы 89% -ды құрады, бұл ретте сатып алынған тауарлардың үлесінде бұл көрсеткіш 91%-ды, ал орындалған жұмыстар мен көрсетілген қызметтер үлесінде 88%-ды құрады.

Тауарларды, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерді сатып алу кезінде елішілік құндылық үлесін есептеу үшін Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің 2018 жылғы 20 сәуірдегі № 260 бұйрығымен бекітілген бірыңғай әдістеме қолданылады.

GRI 203-2

Шағын бизнесті қолдау үшін белгіленген Тәртіп шеңберінде компанияда 31.12.2023 жылға дейін қолданыста болған "Қарапайым заттар экономикасы" тізбесіне сәйкес сатып алулар жүзеге асырылды. QazaqGaz тұрғындардың қажеттіліктерін қамтамасыз ету үшін осы Тізбеге енгізілген қатысушылар өндірген тауарлар сатып алынады. Сатып алудың негізгі көлемі жеңіл, жиһаз, тамақ, химия, целлюлоза-қағаз өнеркәсібі тауарларына, сондай-ақ құрылыс материалдарына тиесілі.

"Самұрық-Қазына" АҚ-ның 2021-2023 жылдарға арналған қолданыстағы өндірістерді жаңғырту және жаңа өндірістер құру жөніндегі бағдарламасы шеңберінде QazaqGaz компаниялар тобында есепті кезеңде кәсіпкерлермен 29 офтейк-шарт жасалды. Кепілдендірілген тікелей сатып алу тетігі осы бағдарлама шеңберінде қолдаудың негізгі құралы болып табылады.

Отандық өндірісті дамытуды қолдау үшін QazaqGaz компаниялар тобында олардың өндірістік жабдықтарын, QazaqGaz үшін қызықты болуы мүмкін өнімдерді өндіру үшін жарамдылығы мен тиімділігін алдын ала бағалау үшін зауыттар мен кәсіпорындарға үнемі жұмыс сапарларын жүргізетін жұмыс топтары құрылды. Компания өкілдері сондай-ақ Қор, "Атамекен" Қазақстан Ұлттық Кәсіпкерлер палатасы және "Қазақстан машина жасаушылар одағы" ЗТБ ұйымдастырған кеңестерге, дөңгелек үстелдерге белсенді қатысып отырады,

онда елішілік құндылықты дамыту және импортты алмастыру мәселелері талқыланады.

Өнім берушілермен жасалған шарттарда елішілік құндылық үлесі туралы есептілікті ұсыну жөніндегі міндеттемелерді орындау үшін осы үлеске қатысты дұрыс ақпарат ұсынбағаны үшін жауапкершілік көзделген.

Компания еншілес ұйымдардың сатып алу жоспарларын келісу бойынша өкілеттіктерге ие. Бұған тек отандық өндірушілерден сатып алу кезінде басымдықтарды анықтау мақсатында тауарлар нарығының мониторингі кіреді. Ол үшін Қордың тауар өндірушілерінің тізілімі сияқты "Самұрық-Қазына" АҚ Ақпараттық дерекқорлары, сондай-ақ отандық өндірушілер мен олардың тауарлары туралы ақпаратты қамтитын уәкілетті мемлекеттік органның тиісті дерекқорлары пайдаланылады.

Ашықтық деңгейін арттыру жөніндегі бастама шеңберінде әлеуетті өнім берушілерге қойылатын біліктілік талаптарына қатысты тендерлік құжаттарды жасау тәсілі қайта қаралды. Тәртіпке № 5 қосымшаның 4-тармағына сәйкес Тапсырыс беруші сатып алынатын біртекті жұмыстар, көрсетілетін қызметтер нарығында немесе жиынтық көлемі әр жылы кемінде 75 миллион теңге болатын бір шарт бойынша жасалуы тиіс белгілі бір салада соңғы 5 жыл ішінде әлеуетті өнім берушіде жұмыс тәжірибесінің болуын болжайтын талаптарды белгілеуге құқылы. Мұндай талаптар 75 миллион теңгеден астам сатып алу кезінде ғана белгіленуі мүмкін, бұл ретте 5 жылдан асатын жұмыс тәжірибесіне жол берілмейді.

2024 жылға және орта мерзімді перспективаға арналған жоспарлар

Сатып алу процедуралары аясында жергілікті өндірушілерді қолдау.

QazaqGaz және ЕТҰ арасындағы сатып алу рәсімдеріне қатысты ынтымақтастық туралы келісімді жаңарту;

Монополияға қарсы заңнаманы сақтау

GRI 3-3, GRI 2-27, GRI 206-1

Монополияға қарсы нормаларды қатаң сақтау үшін QazaqGaz-да құқықтық, этикалық және стратегиялық басқару шараларын қамтитын тұтас тәсіл қолданылады.

Есепті кезеңде компанияда монополияға қарсы нормаларды бұзудың расталған жағдайлары анықталған жоқ. Компанияға бәсекелестікті шектеу туралы заңда талап қойылмаған.

Экономикалық нәтижелілік

Басқару тәсілі
GRI 3-3

Компания осы өңірлердің экономикалық және әлеуметтік дамуын қамтамасыз ету үшін өзінің тәсілдерін үнемі жетілдіріп отырады, сондай-ақ ел экономикасын жаңғыртуға және әртараптандыруға және жергілікті қамтуды дамытуға бағытталған.

QazaqGaz маңызды әлеуметтік және стратегиялық маңызы бар жобаларды іске асыру арқылы Қазақстанда өмір сүру сапасын жақсартуға ұмтылады. Бұл жобалар QazaqGaz үшін басым болып табылады, өйткені Компания елдің дамуы мен азаматтардың өмір сүру деңгейін арттыру үшін қолайлы жағдайлар жасауға белсенді қатысады.

Жергілікті қоғамдастықтармен белсенді өзара іс-қимыл жасау үшін компанияда баспасөзбен және басқа да бұқаралық ақпарат құралдарымен ынтымақтасатын QazaqGaz баспасөз қызметі жұмыс істейді. Әрбір еншілес кәсіпорында бақ бойынша жауапты тұлға тағайындалады.

Жергілікті қоғамдастықтармен өзара іс-қимыл жасау саясаты QazaqGaz компаниялар тобының өңірлік органдармен, қоғамдық ұйымдармен және қатысатын өңірлердегі жергілікті тұрғындармен өзара іс-қимылды басқару үшін бірыңғай қағидаттарын белгілейді. Бұл Саясат олармен сындарлы және қолайлы қарым-қатынасты сақтауға бағытталған және Топтың барлық қызметкерлеріне қолданылады. QazaqGaz жергілікті қоғамдастықтармен өзара іс қимыл жөніндегі өз қызметінде мынадай негізгі қағидаттарды ұстанады:

- Әлеуметтік тәуекелдерді және олардың, әсіресе топ объектілерінің жанында тұратын халыққа әсерін оларды барынша азайту мақсатында іске асыру;
- Жергілікті қоғамдастықтармен оң және сындарлы қарым-қатынас орнату және қолдау;
- Жаңа жұмыс орындарын құру және қатысу өңірлерінде аралас салаларды дамытуға жәрдемдесу;
-Нақты қажеттіліктері мен басымдықтарын ескере отырып, халықтың өмір сүру сапасын жақсарту және өңірлердің әлеуметтік-экономикалық дамуы;
- шаруашылық қызметті іске асыру кезінде жергілікті тұрғындарды көшіру қажеттілігін барынша азайту;
- адам құқықтарын сақтау.

63-кесте. **Құрылған және бөлінген тікелей экономикалық құн**

GRI 2-6, GRI 201-1

Көрсеткіш	Өлшем бірліктері	2023
1. Құрылған тікелей экономикалық құн	**млн теңге**	**1 464 086**
Сатып алушылармен жасалған шарттар бойынша түсім	млн теңге	1 081 209
Қаржылық инвестициялардан түскен кіріс (қаржылық кіріс)	млн теңге	37 974
Бірлескен кәсіпорындардың пайдадағы үлесі	млн теңге	321 933
Оң бағамдық айырмашылық, нетто	млн теңге	19 996
Өзге де түсімдер (Өзге операциялық кірістер)	млн теңге	2 975
2. Бөлінген экономикалық құн	**млн теңге**	**1 165 298**
Операциялық шығыстар	**млн теңге**	**974 337**
Сату құны (жалақыдан, салықтардан басқа)	млн теңге	926 774
ОАР (жалақыдан, салықтардан басқа)	млн теңге	43 879
Күтілетін кредиттік залалдар үшін резервті есептеу, нетто	млн теңге	
Өзге де операциялық шығыстар	млн теңге	3 684
Теріс бағамдық айырмашылық (таза)	млн теңге	
Жұмыскерлердің жалақысы, өзге де төлемдері мен жеңілдіктер	**млн теңге**	**95 545**
оның ішінде жалақы	млн теңге	90 693
оның ішінде жұмыскерлерге төленетін басқа да төлемдер мен жеңілдіктер	млн теңге	4 852
Капитал жеткізушілеріне төлемдер	**млн теңге**	**88 941**
оның ішінде төленген дивидендтер	млн теңге	27 065
оның ішінде қаржылық шығындар	млн теңге	61 876
Мемлекетке төленетін төлемдер	**млн теңге**	**6 475**
табыс салығынан басқа өзге де салықтар	млн теңге	21 069
оның ішінде пайдаға салынатын салық (КПН бойынша шығыстар)	млн теңге	-14 594
Жергілікті қауымдастықтарға инвестициялар	млн теңге	

3. Бөлінбеген экономикалық құн	**млн теңге**	**298 788**

GRI 203-2 Елеулі жанама экономикалық әсерлер

	2021	**2022**	**2023**
Оң және теріс әсерлерді қоса алғанда, ұйымның анықталған елеулі жанама экономикалық әсерлерінің мысалдары.	*0*	*0*	*0*
Ұлттық және халықаралық стандарттар, хаттамалар және саяси бағдарламалар сияқты мүдделі тараптардың сыртқы бағдарлары мен басымдықтары контекстіндегі жанама экономикалық әсердің маңыздылығы	*0*	*0*	*0*

Компания қызметінде елеулі жанама экономикалық әсерлер анықталған жоқ.

Ақпараттық қауіпсіздік

Компания Қазақстан Республикасы заңнамасының және ISO/IEC 27001 халықаралық стандартының талаптарына сәйкес ақпараттық қауіпсіздік талаптарының сақталуына тұрақты бақылау жүргізеді.

2023 жылы ақпараттық қауіпсіздікті күшейту мақсатында Компания жұмыскерлерді оқытуды және тестілеуді жүргізді, басып шығаруды бақылау жүйесі енгізілді, деректердің жылыстауын техникалық бақылау жүйесі (DLP) енгізілді, сондай-ақ шабуылдаушының шабуылын модельдеу үшін Pentest өткізілді. Нәтижесінде Компанияның ақпараттық жүйелерінің қорғалу дәрежесі "жоғары" деңгейге көтерілді.

Компанияның 2024 жылға арналған жоспарында ақпараттық технологиялар мен ақпараттық қауіпсіздіктің сертификаттық аудитін жүргізу бар, оның нәтижелері бойынша Халықаралық стандарттау ұйымының (ISO) ISO/IEC 27001 халықаралық стандартын сатып алу қажет.

9-бөлім

ТИІМДІ БАСҚАРУДЫ ЖҮЗЕГЕ АСЫРУ

Тиімді корпоративтік басқару стратегиялық, операциялық, қаржы-экономикалық процестер кешенін, сондай-ақ тәуекелдерді басқару жүйесін және негізгі стейкхолдерлермен қарым-қатынасты қамтиды. Оның негізгі мақсаты - басқаруды ұйымдастыру және тұрақты дамуды қамтамасыз етуді бақылау.

Негізгі принциптерге тиімділік, жеделділік және ашықтық жатады.

GRI 2-9

Корпоративтік басқару жүйесі келесі ішкі құжаттармен реттеледі:

- Жарғы;
- Корпоративтік басқару кодексі;
- Іскерлік этика кодексі;
- Корпоративтік әлеуметтік жауапкершілік кодексі;
- Тәуекелдерді басқарудың корпоративтік жүйесі бойынша саясат;
- Ішкі бақылау жүйесінің саясаты;
- Мүдделер қақтығысын басқару саясаты;
- Тұрақты даму саласындағы саясат;
- Сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясат;
- Дивидендтік саясат;
- Кадр саясаты;
- Сапа саласындағы саясат;
- Ақпараттық қауіпсіздік саясаты;
- Сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясат;
- Ақпаратты ашу саясаты;
- Тәуекелдерді басқарудың корпоративтік жүйесі бойынша саясат;
- Директорлар кеңесі туралы ереже;
- Басқарма туралы ереже;
- Корпоративтік хатшы және оның қызметі туралы ереже;
- Ішкі аудит қызметі туралы ереже;
- Директорлар кеңесінің Аудит жөніндегі комитеті туралы ереже;
- Директорлар кеңесін тағайындау және сыйақы комитеті туралы ереже;
- Директорлар кеңесінің Стратегия және тұрақты даму комитеті туралы ереже.

2023 жылы жылдық аудиторлық жоспарға сәйкес ішкі аудит қызметі корпоративтік басқару диагностикасын жүргізді. Осы жұмыс аясында Компанияның корпоративтік басқару жүйесін жақсарту үшін негізгі кемшіліктер мен бағыттарды көрсететін материалдар дайындалды. Есепті Корпоративтік хатшы және Басқарма Төрағасының Стратегия және инвестициялар жөніндегі орынбасары бекітеді, содан кейін корпоративтік басқаруды одан әрі жетілдіру жөніндегі іс-шаралар жоспарын қабылдау туралы ұсыныспен аудит жөніндегі комитет пен Директорлар кеңесінің отырысына шығарылады. Жүргізілген диагностика негізінде Компанияда корпоративтік басқару жүйесін жетілдіру бойынша жоспар әзірленді.

Есепті жылы корпоративтік басқару кодексінің қағидаттары мен ережелерін сақтауды талдау нәтижелері бойынша елеулі бұзушылықтар анықталған жоқ.

Корпоративтік басқару құрылымы

Қызметтің ашықтығы мен жауапкершілігі - компания жұмысының негізгі басымдықтары.

Бірыңғай стратегиялық көзқарасты қалыптастыру, сондай-ақ мүдделер қақтығысы қаупін азайту мақсатында Компанияның Жарғысында корпоративтік басқару жүйесіндегі барлық мүдделі тараптардың құзыреті, құқықтары, міндеттері мен жауапкершілігі нақты регламенттелген.

QazaqGaz басқару құрылымының жоғары органы "Самұрық-Қазына" ұлттық әл-ауқат қоры" АҚ атынан ұсынылған Жалғыз акционер болып табылады. Оның функционалдығы мен құзыреті компанияның Жарғысымен анықталады.

Директорлар кеңесі негізгі стратегиялық шешімдер қабылдай отырып, оның дамуының басым бағыттарын айқындай отырып, Компания қызметіне жалпы басшылықты жүзеге асырады.

Алға қойылған міндеттерге қол жеткізу және даму стратегиясын іске асыру мақсатында Компанияның ағымдағы қызметін басқару мәселелеріне жауап беретін QazaqGaz Басқармасы алқалы атқарушы орган болып табылады.

Операциялық деңгейде корпоративтік басқару мәселелерін Корпоративтік хатшы қызметі және Стратегия және тұрақты даму департаменті қадағалайды. Олардың функционалына жақсарту үшін салаларды уақтылы өзектендіру және анықтау үшін корпоративтік басқарудың жаңа тәсілдері мен қағидаттарын енгізу, сондай-ақ ішкі нормативтік құжаттар мен тәжірибелерді жүйелі талдау мәселелері енгізілген.

Жиынтығында корпоративтік басқару құрылымының жұмыс істеу тиімділігі QazaqGaz қызметінің даму тұрақтылығы мен транспаренттілігін қамтамасыз етеді.

8-сурет. Корпоративтік басқару құрылымы



Директорлар кеңесі

Директорлар кеңесі Компанияның стратегиялық басшылығын және Басқарма қызметіне бақылауды қамтамасыз ететін басқару органы болып табылады. Ол жалғыз акционер алдында өз қызметінің толық ашықтығын қамтамасыз етеді.

ДК қызметі тиімділік пен жауапкершілік, Жалғыз акционер мен Компанияның мүдделерін барынша сақтау және іске асыру, сондай-ақ Жалғыз акционердің құқықтарын қорғау, Компания қызметі үшін жауапкершілік қағидаттарына негізделеді.

ДК мен оның комитеттерінің құрамын қалыптастыру кезінде Компанияның мүддесі үшін тәуелсіз, объективті және тиімді шешімдер қабылдауды қамтамасыз ететін дағдылар, тәжірибе мен білім тепе-теңдігі сақталды.

ДК құзыретіне QazaqGaz стратегиялық басшылығын қамтамасыз ету, қызметтің басым бағыттарын айқындау, ірі мәмілелер жасау және т.б. жатады.

Құрамы Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына сәйкес қалыптастырылады және Компанияда немесе оның үлестес ұйымдарында акциялары жоқ және QazaqGaz өнім берушілерінің немесе бәсекелестерінің акцияларының иелері болып табылмайтын Жалғыз акционердің, Компания Басқарма төрағасының және тәуелсіз директорлардың өкілдерін қамтиды.

QazaqGaz Директорлар кеңесі туралы Ережеге сәйкес Директорлар кеңесі мүшелерінің кемінде үштен бірі тәуелсіз директорлар болуға тиіс, бұл Компанияны объективті және сенімді басқаруға ықпал етеді, барлық мүдделі

тараптардың мүдделерінің тепе-теңдігін қамтамасыз етеді және шешім қабылдау процесінде ашықтықты арттырады.

2023 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша ДК-нің сандық құрамына сегіз адам кірді, олардың 50%-ы тәуелсіз директорлар болды. Бұл арақатынас корпоративтік басқарудың жоғары стандарттарын сақтауға ықпал ете отырып, Компанияны басқаруда бақылау мен объективтіліктің жоғары деңгейін қамтамасыз етеді.

9-сурет. 2023 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Директорлар кеңесінің тәуелсіздігі, %



***64-кесте.* 2023 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Директорлар кеңесінің құрамы**

GRI 2-9, GRI 2-11

Отыншиев Елжас Мұратұлы	
Лауазымы	«QazaqGaz» ҰК» АҚ Директорлар кеңесінің төрағасы, «Самұрық-Қазына» АҚ өкілі
Тағайындалған күні	2023 жылғы 20 шілде
Мамандығы	Қолданбалы математика және физика
Туылған күні	1987 жылғы 1 сәуір
Азаматтығы	Қазақстан Республикасы
Білімі	2004–2008 - Мәскеу физика-техникалық институты, Жалпы және қолданбалы физика факультеті Мамандығы: қолданбалы математика және физика (бакалавр).

	2008–2010 - Мәскеу физика-техникалық институты, Жалпы және қолданбалы физика факультеті Мамандығы: қолданбалы математика және физика (магистр).
Еңбек өтілі	2023–қазіргі уақытқа дейін, «Самұрық-Қазына» АҚ, Стратегия және активтерді басқару жөніндегі қоса басқарушы директор 2021–2023, Kazakhstan Investment Development Fund (KIDF) Management Company Ltd., Басқарма Төрағасының орынбасары 2019–2021, ТОО «PlanetCare Management», Бас директордың инвестициялар және даму жөніндегі орынбасары 2019–2019, Kazakhstan Investment Development Fund (KIDF) Management Company Ltd., A,a талдаушы/VP, Тікелей инвестициялар департаменті 2018–2019, «Самрук-Қазына» АҚ, Активтерді дамыту департаментінің Тау-кен активтерін дамыту секторының басшысы 2016–2018, «Самрук-Қазына» АҚ, Жаңа жобаларды дамыту жөніндегі жоба департаментінің директоры (өсіп келе жатқан портфельдік компанияларды басқару) 2014–2016, «Самұрық-Қазына Инвест» ЖШС, Қордың Инвестициялық қызметін жобалық талдау департаментінің директоры 2012–2014, «Самрук-Қазына» АҚ, Инвестициялық жобалар департаменті, бас менеджер 2009–2012, АО «Национальная горнорудная компания «Тау-Кен Самұрық» ұлттық тау-кен компаниясы» АҚ, Инвестициялық жобалар департаменті, Қаржы институттарымен жұмыс жөніндегі департамент, менеджерден Департамент директорына дейін 2008–2009, Ernst & Young (Мәскеу), Бағалау және бизнес модельдеу бөлімі, талдамашы 2007–2008, Ernst & Young (Мәскеу), Аудиторлық және консультациялық қызметтер бөлімі, технологиялар және қауіпсіздік саласындағы қызметтер, талдаушыдан аға талдаушыға дейін
Компания акцияларына иелік ету:	Компанияның өнім берушілері мен бәсекелестерінің акциялары жоқ.

Бердіғұлов Ернат Құдайбергенұлы	
Лауазымы	"QazaqGaz" ҰК" АҚ Директорлар кеңесінің мүшесі, "Самұрық-Қазына" АҚ өкілі

Тағайындалған күні	2022 жылғы 18 ақпан
Мамандануы	Халықаралық экономика, бизнес-әкімшілендіру
Туылған күні	1987 жылғы 3 қыркүйек
Азаматтығы	Қазақстан Республикасы
Білімі	2007–2010 –Торонто Университеті, «Мемлекеттік саясат және халықаралық қатынастар» мамандығы бойынша бакалавр 2011–2012 –CIMA дипломы: Операциялардың тиімділігін басқару және бизнестің тиімділігін басқару 2015–2018 – Уорикский Университеті, «Бизнес әкімшілендіру» мамандығы бойынша магистр, MBA 2022–2023 – Гарвард Бизнес мектебі, Көшбасшылықты дамыту бағдарламасы (Басқару құрамына арналған бағдарлама)
Еңбек өтілі	2022–қазіргі уақытқа дейін, «Самұрық-Қазына» АҚ, Стратегия және активтерді басқару жөніндегі басқарушы директор 2021–2022, «Самұрық-Қазына» АҚ, Со-управляющий директор по стратегии, устойчивому развитию и цифровизации 2019–2021, Whiteshield Partners, г. Астана, Руководитель проектов 2018–2019, «Самұрық-Қазына» АҚ, Талдамашы, Активтерді басқару жөніндегі дирекция 2016–2018, «Самұрық-Энерго» АҚ, Басқарма Төрағасының кеңесшісі (қаржы-экономикалық мәселелер бойынша) 2016–2016, «Самұрық-Энерго» АҚ, Директор, Талдамалық қолдау департаменті 2014–2016, «Самұрық-Энерго» АҚ, Басқарма Төрағасының кеңесшісі 2013–2014, «Самұрық-Энерго» АҚ, Директор, Стратегиялық даму департаменті 2013–2013, «Самұрық-Энерго» АҚ, Директор, Жобаларды басқару департаменті 2011–2012, «Самұрық-Қазына» АҚ, Жоба менеджері, Жүйені енгізу бойынша жобалық кеңсе Басқарушылық есептілігі (БЕЖ)
Компания акцияларына иелік ету:	Компанияның өнім берушілері мен бәсекелестерінің акциялары жоқ.

Тегісбаев Анатолы Орынғалиұлы	
Лауазымы	«QazaqGaz» ҰК» АҚ Директорлар кеңесінің мүшесі, «Самұрық-Қазына» АҚ өкілі
Тағайындалған күні	2022 жылғы 2 желтоқсан

Мамандануы	Инженерия
Туылған күні	1953 жылғы 5 қыркүйек
Азаматтығы	Қазақстан Республикасы
Білімі	1971-1975 – В.И. Ленин атындағы Қазақ политехникалық институты, Тау-кен инженериясы
Еңбек өтілі	2022–қазіргі уақытқа дейін, «Мұнай-газ кешенінің ардагерлері» РБҚ, Бас директор 2022–2022, «Мұнай-газ кешенінің ардагерлері» РБҚ, Бас директорының орынбасары 2018–2021, «ҚазМұнайГаз» ҰК» АҚ, Омбудсмен 2012–2017, «ҚазМұнайГаз Қарашығанақ» ЖШС, Бас директор 2004–2012, «ҚазТрансГаз» АҚ, Бас директордың орынбасары 2003–2004, «ДМД – Сервис» ЖШС, Бас директоры 2002–2002, «ҚазТрансГаз» ЖАҚ, Бас директордың орынбасары 2002–2002, «Корпорация АБЕ» АҚ, Вице-президенті 2001–2002, «ҚазБурГаз» ААҚ, Президент 1998–2002, «АқсайГазСервис» ААҚ, Президент 1992–1998, «Қарашығанақгазөнеркәсібі» АҚ, бас инженерден Президентке дейін 1975–1992, «Маңғышылақмұнай» өндірістік бірлестігі, газ өндіру және тасымалдау учаскесінің мастерінен Бас инженердің орынбасарына дейін
Компания акцияларына иелік ету:	Компанияның өнім берушілері мен бәсекелестерінің акциялары жоқ.

Өксікбаев Омархан Нұртайұлы	
Лауазымы	«QazaqGaz» ҰК» АҚ Директорлар кеңесінің мүшесі, тәуелсіз директор
Тағайындалған күні	2023 жылғы 26 қаңтар
Мамандануы	Экономист, аудитор
Туылған күні	1954 жылғы 22 желтоқсан
Азаматтығы	Қазақстан Республикасы
Білімі	1972-1975 Алма-Аты ауыл шаруашылығы институты

	1991 - "Нарықтық экономикадағы аудиторлық қызмет" мамандығы бойынша оқыды (Франция, Париж қ.) 1998 - Қазақ Мемлекеттік басқару академиясының аспирантурасы, Алматы, экономика ғылымдарының кандидаты 1999 - Мәскеу мемлекеттік технологиялық академиясының докторантурасы, экономика ғылымдарының докторы, диссертация тақырыбы: "Қазақстан Республикасының өнеркәсібін қалыптастыру мәселелері және оларды шешу жолдары (теория және практика)"
Еңбек өтілі	2023 - қазіргі уақытқа дейін, "QazaqGaz" ҰК" АҚ, Тәуелсіз директор, Директорлар кеңесінің мүшесі. Аудит комитетінің төрағасы, Стратегия және тұрақты даму комитетінің мүшесі 2012-2021, Қазақстан Республикасы Парламентінің Мәжілісі, Депутат 2003-2012, Қазақстан Республикасы Республикалық бюджетінің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитеті, Төраға 2002-2003, Қазақстан Республикасының қауіпсіздік кеңесі, хатшы 2002-2002, Қазақстан Республикасы Президенті Әкімшілігінің Бас бақылау инспекциясының басшысы 2000-2002, Қазақстан Республикасы Қауіпсіздік кеңесі хатшысының орынбасары 1998-2000, Қазақстан Республикасының Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес жөніндегі мемлекеттік комиссиясының мүшесі 1996-1998, Қазақстан Республикасы республикалық бюджетінің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитетінің мүшесі 1996-1996, Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі, мемлекетаралық қатынастар басқармасының бастығы 1994-1996, Қазақстан Республикасының Мемлекеттік қаржылық бақылау комитеті, Ауыл шаруашылығы кәсіпорындары мен ұйымдарын тексеру басқармасының бастығы 1992-1994, Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қаржылық бақылау комитеті, Басқарма бастығы 1984-1992, Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі, аға, бас бақылаушы-ревизор, Ұйымдастыру-инспекторлық бөлімінің бастығы, МКҚК бастығының орынбасары

	1977-1984, Алматы суармалы жерлерді игеру басқармасы, совхоздың бас экономисі, ПЭО бастығы 1975-1976, 1977-1979, Алматы облыстық қаржы басқармасы, аға экономист
Компания акцияларына иелік ету:	Компанияның өнім берушілері мен бәсекелестерінің акциялары жоқ.

Аханзарипов Нұрлан Заманбекұлы	
Лауазымы	«QazaqGaz» ҰК» АҚ Директорлар кеңесінің мүшесі, Сертификатталған Тәуелсіз директор (Cert IoD) Institute of Directors, UK.
Тағайындалған күні	2022 жылғы 27 мамыр
Мамандануы	Кәсіпорындардың жаңа стратегияларын әзірлеу және енгізу, компанияның ескірген бизнес-модельдерін трансформациялау, ERP жүйесін және компанияларды корпоративтік басқару жүйелерін дамыту
Туылған күні	1965 жылғы 17 желтоқсан
Азаматтығы	Қазақстан Республикасы
Білімі	MBA, Іскерлік Әкімшілендіру Шебері 2014-2015 жылдары - Қ.И. Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық университеті, Геофизика Бухгалтер экономист, есеп және аудит 1993-1995 жылдары - Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Қазақстан менеджмент, экономика және болжам институты, 1987-1991 жылдары - Семей технологиялық институты, Шәкәрім атындағы Семей университеті, Семей қ.
Жұмыс өтілі	2022 - қазіргі уақытқа дейін "QazaqGaz" ҰК" АҚ, Тәуелсіз директор, Директорлар кеңесінің мүшесі. Тағайындау және сыйақы комитетінің төрағасы, Аудит комитетінің және Стратегия және қаржы комитетінің мүшесі 2021-2023, "Қазақстан Темір Жолы" ҰК" АҚ, Тәуелсіз директор, Директорлар кеңесінің мүшесі, Аудит жөніндегі комитеттің төрағасы, Тағайындаулар мен сыйақылар жөніндегі комитеттің, сондай-ақ Стратегия және қаржы комитетінің мүшесі 2020 - қазіргі уақытта, "KEGOC" АҚ, Тәуелсіз директор, Директорлар кеңесінің мүшесі. Тағайындаулар мен сыйақылар жөніндегі комитеттің төрағасы, Аудит жөніндегі комитеттің,

	сондай-ақ Стратегия және инвестициялар жөніндегі комитеттің мүшесі 2019-2022, "АстанаГаз ҚМГ" АҚ, Тәуелсіз директор, Директорлар кеңесінің мүшесі 2019-2021, "Planetsare Management" ЖШС, Бас директордың өндіріс жөніндегі орынбасары 2019-2020, "Инжиниринг және технологиялар трансферті орталығы" АҚ, "Әрекет" жоғары технологиялар қоры" АҚ, Тәуелсіз директор, Директорлар кеңесінің мүшесі 2017-2018, "Қазақстан Инжиниринг" ҰК АҚ, Тәуелсіз директор, Директорлар кеңесінің мүшесі, Стратегия және инвестициялар комитетінің төрағасы, Аудит комитетінің және Сыйақылар комитетінің мүшесі 2017-2019, "iQ Solutions" ЖШС / "IQs Engineering" ЖШС, Қаржы кеңесшісі 2010-2016, АльфаБанк ЕБ, Тәуелсіз директор, Банктің Директорлар кеңесінің мүшесі. Аудит жөніндегі комитеттің және Банктің сыйақылар жөніндегі комитетінің төрағасы 2014-2016, "Бейнеу-Шымкент Газ құбыры" ЖШС, Бас директордың экономика және қаржы жөніндегі орынбасары. (ЖШС-ның Байқаушы кеңесінің мүшесі) 2014-2015, "Самұрық-Қазына" АҚ, Қаржы директорының кеңесшісі - Басқарма мүшесі 2006-2014, "Интергаз Орталық Азия" АҚ, Бас директордың экономика және қаржы жөніндегі орынбасары (АҚ Басқарма мүшесі) 2003-2005, Petroleum Development of Oman, EOR Директоратының қаржы басқарушы м.а., EOR жобалары бойынша басқарушы бухгалтер 2002-2006, "ҚазМұнайГаз" ҰК" АҚ, Департамент директорының орынбасары - Солтүстік Каспий жобасы департаменті 2001-2002, "Интергаз Орталық Азия" АҚ, Қаржы директоры - Корпоративтік қаржыландыру департаментінің директоры 2000-2002, "ҚазТрансГаз" АҚ, Бас бухгалтер 2000-2001, "Интергаз Орталық Азия" АҚ, Қаржы директоры – Қазынашылық департаментінің директоры 1997-2000, "Қазақойл-Коммерция" ЖШС, Қаржы директоры, Бас бухгалтер 1995-1997, "ЮТЭК" оңтүстік отын-энергетикалық компаниясы" АҚ, Бас директордың орынбасары-Бас бухгалтер 1994-1995, "Бюро Жанат" аудиторлық компаниясы, Аудитор - салық консультанты 1993-1995 жылдары - Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Қазақстан менеджмент, экономика және болжам институты, MBA, іскерлік әкімшілендіру шебері

	1993-1994, "СОНАР" Қазақ халықаралық ақпарат және коммуникация агенттігі, кеңесші-референт 1987-1991 жылдары - Семей технологиялық институты, Шәкәрім атындағы Семей университеті, Семей қ., бухгалтер экономист, есеп және аудит
Компания акцияларына иелік ету:	Компанияның өнім берушілері мен бәсекелестерінің акциялары жоқ.

Мыншарипова Сая Найманбайқызы	
Лауазымы	«QazaqGaz» ҰК» АҚ Директорлар кеңесінің мүшесі, Тәуелсіз директор
Тағайындалған күні	2023 жылғы 26 сәуір
Мамандануы	Бухгалтерлік есеп және шаруашылық қызметті талдау
Туылған күні	1970 жылғы 19 қазан
Азаматтығы	Қазақстан Республикасы
Білімі	1987 – 1992 жж. - Қазақ мемлекеттік экономикалық университеті, Алматы қ., Бухгалтерлік есеп және шаруашылық қызметті талдау 2008 – 2010 жж. – Ломоносов атындағы ММУ Жоғары бизнес мектебі, Мәскеу қ., Executive MBA
Жұмыс өтілі	2023 - қазіргі уақытқа дейін, "ҚазМұнайГаз" ҰК" АҚ, Тәуелсіз директор, Директорлар кеңесінің мүшесі 2023 - қазіргі уақытқа дейін, "Samruk-Kazyna Construction" АҚ, Тәуелсіз директор, Директорлар кеңесінің мүшесі 2023 - қазіргі уақытқа дейін "QazaqGaz" ҰК" АҚ, Директорлар кеңесінің мүшесі, Тағайындаулар және сыйақылар жөніндегі комитеттің төрағасы, Аудит жөніндегі комитеттің мүшесі 2018 – 2023, АХҚО әкімшілігі, Салық саясаты департаментінің директоры 2015 – 2018, "Қазақстан инжиниринг" ҰК АҚ, Басқарма төрағасының орынбасары 2008 – 2015, "Самұрық-Қазына" АҚ, Аудит және бақылау департаментінің директоры 2007 – 2008, "Даму" ФРМҚК АҚ, Бас бухгалтер 2003 – 2007, "Ұлттық инновациялық қор" АҚ, Бас бухгалтер 1994 – 2003, Бас бухгалтер, коммерциялық ұйымдардағы аудитор
Компания акцияларына иелік ету:	Компанияның өнім берушілері мен бәсекелестерінің акциялары жоқ.

Майлибаев Искендер Едігеұлыч	
Лауазымы	«QazaqGaz» ҰК» АҚ Директорлар кеңесінің мүшесі, Тәуелсіз директор
Тағайындалған күні	2023 жылғы 20 шілде
Мамандануы	Қаржы
Туылған күні	1979 жылғы 25 мамыр
Азаматтығы	Қазақстан Республикасы
Білімі	1994–1998 - Bilkent University, Анкара, Турция, Менеджмент (B.Sc. in Management), 1998–2000 - Bilkent University, Анкара, Турция, Іскери Әкімшілендіру Магистрі (MBA) 2003–2004 - London Business School (LBS), Лондон, Ұлыбритания, Қаржы жөніндегі ғылымдар магистрі (M.Sc. in Finance)
Жұмыс өтілі	2023 – қазіргі уақытқа дейін - Директорлар кеңесінің мүшесі - "Қазпошта"АҚ тәуелсіз директоры 2018 - қазіргі уақытта, ҚР және шетелде бірқатар fintech жобаларының ұйымдастырушысы және кеңесшісі 2014 – 2018, "Астана Банкі" АҚ, Қаржы директоры (CFO), Басқарма Төрағасының орынбасары, Басқарма Төрағасы 2010 – 2013, "Альянс Банк" АҚ, Қ аржы директоры (CFO), Басқарма мүшесі 2007-2010, "Банк Позитив Қазақстан" АҚ, Hapoalim Bank (Израиль) еншілес банкі, Қаржы директоры (CFO), Басқарма мүшесі 2005 – 2007, "АТФ Банк" АҚ, Кастодиалдық қызмет көрсету және капиталмен операциялар басқармасының бастығы 2002-2005, "Наурыз Банк" АҚ, Қазынашылық департаментінің бақылау және байланыстар жөніндегі менеджері, Жобалық қаржыландыру департаменті директорының орынбасары 2000-2002, "Демир Қазақстан Банкі" АҚ, ішкі бақылау маманы
Мемлекеттік наградалары	"Қазақстан Республикасының Тәуелсіздігіне 20 жыл" медалі
Компания акцияларына иелік ету:	Компанияның өнім берушілері мен бәсекелестерінің акциялары жоқ.

Жаркешов Санжар Серікбайұлы	
Лауазымы	«QazaqGaz» ҰК» АҚ Директорлар кеңесінің мүшесі, Басмқарма Төрағасы

Тағайындалған күні	2022 жылғы 27 мамыр
Мамандануы	Қаржы және мұнай-газ инжинирингі
Туылған күні	1986 жылғы 24 қазан
Азаматтығы	Қазақстан Республикасы
Білімі	2009 – Қазақ экономика, қаржы және халықаралық сауда университеті, "Қаржы" мамандығы; 2010 – Техас университеті, Мұнай-газ инжинирингі мамандығы.
Жұмыс өтілі	2022 - қазіргі уақытқа дейін, "QazaqGaz" ҰК" АҚ, Басқарма Төрағасы 2020-2022, Украинаның Нафтогаз ҰАК, кен орындарын барлау және игеру блогының басшысы 2019-2020, Қазақстан Республикасы Экология және табиғи ресурстар министрлігі, Вице-министр 2018-2019, McKinsey and Company (Лондон қ., Ұлыбритания), Басқарушы кеңесші, мұнай өнеркәсібінің жаһандық сарапшысы 2016-2018, Merlin ERD (Перт қ., Шотландия), Кәсіпшілік супервайзерлерінің жетекшісі және бұрғылау бойынша жетекші инженер 2015-2016, ExxonMobil Kazakhstan, Атырау қ. (NCOC консорциумына іссапарға жіберілді), Аға жобалау инженері, ұңғымаларды жайластыру жөніндегі инженер, "Болашақ" мұнай өңдеу зауыты 2013-2015, ExxonMobil корпорациясы, Бұрғылау жөніндегі бас инженер, Сахалин-1 жобасы, Сахалин а., Ресей Федерациясы 2013-2013, ExxonMobil корпорациясы, Аға бұрғылау инженері, Эрбил және Мосул қк., Ирак 2012-2013, ExxonMobil Kazakhstan корпорациясы, Бұрғылау жөніндегі инженер, Қашаған кен орны, Атырау қ. 2010-2012, ExxonMobil корпорациясы, Колорадо, Калифорния және Техас штаттарындағы бұрғылау инженері, АҚШ 2010-2010, ExxonMobil Kazakhstan корпорациясы, Бұрғылау жөніндегі кәсіпшілік инженері, Қашаған кен орны, Атырау қ. **Өзге де лауазымдары:** 2016 ж. бастап – Инженерлер-Механиктер Британ Институты Кеңесінің Мүшесі 2020 ж. бастап – Қазақстанның мұнай-сервистік компаниялар одағы төралқасының мүшесі 2022 ж. бастап – «QazaqGaz» ҰК» АҚ Директорлар кеңесінің мүшесі

Компания акцияларына иелік ету:	Компанияның өнім берушілері мен бәсекелестерінің акциялары жоқ.

2023 жылы Директорлар кеңесінің құрамын өзгерту:

1. «Самұрық-Қазына» АҚ Басқармасының 2023 жылғы 26 қаңтардағы №05/23 шешімімен Р.Б. Бекетаевтың өкілеттігі тоқтатылды, QazaqGaz Директорлар кеңесінің мүшесі болып О.Н. Өксікбаев сайланды.
2. «Самұрық-Қазына» АҚ Басқармасының 2023 жылғы 26 сәуірдегі №21/23 шешімімен А.А. Битановтың өкілеттігі тоқтатылды, С.Н. Мыңшарипова QazaqGaz Директорлар кеңесінің мүшесі болып сайланды.
3. «Самұрық-Қазына» АҚ Басқармасының 2023 жылғы 20 шілдедегі №36/23 шешімімен QazaqGaz Директорлар кеңесінің төрағасы болып «Самұрық-Қазына» АҚ мүдделерін білдіретін өкіл - Отыншиев Елжас Мұратұлы, QazaqGaz Директорлар кеңесінің мүшесі болып Майлибаев И.Е. сайланды.

QazaqGaz Қоғамның Директорлар кеңесі құрамының өзгеруіне қатысты Қазақстан Республикасының қаржы есептілігі депозитарийінде және Қазақстан қор биржасында (KASE) ақпаратты ашу процестерін жүзеге асырды. Тәуелсіз директорлармен шарттар жасасу бойынша жұмыс жүргізілді.

GRI 2-12

Директорлар кеңесі ESG күн тәртібіндегі мәселелерге, соның ішінде экология, әлеуметтік жауапкершілік және корпоративтік басқару аспектілеріне ерекше назар аударады. QazaqGaz компанияның беделін нығайтуға және акционерлер үшін ұзақ мерзімді құндылық құруға ықпал ететін барлық мүдделі тараптар алдында орнықты даму және жауапкершілік қағидаттарын ұстанады.

2023 жылғы 31 желтоқсанға Директорлар кеңесінің құрамы:

Қоғамның Директорлар кеңесінің төрағасы – Отыншиев Елжас Мұратұлы;

Қоғамның Директорлар кеңесінің мүшелері:

- Бердіғұлов Ернат Құдайбергенұлы;
- Тегісбаев Анатолы Орынғалиұлы;
- Өксікбаев Омархан Нұртайұлы – тәуелсіз директор;
- Аханзарипов Нұрлан Заманбекұлы – тәуелсіз директор;
- Мыншарипова Сая Найманбайқызы – тәуелсіз директор;
- Майлибаев Искендер Едігеұлы – тәуелсіз директор;

- Жаркешов Санжар Серікбайұлы.

Іріктеу және тағайындау

GRI 2-10

Директорлар кеңесінің мүшелерін және Директорлар кеңесінің Төрағасын сайлау процесі "Акционерлік қоғамдар туралы" ҚР Заңында және QazaqGaz Жарғысында айқындалған тәртіппен жүзеге асырылады.

Адамдарды ДК құрамына іріктеу және тағайындау ДК өз функцияларын орындау және Компанияның ұзақ мерзімді құны мен тұрақты дамуының өсуін қамтамасыз ету үшін қажетті, сондай-ақ мінсіз беделі бар білім деңгейін, дағдылар мен тәжірибені ескере отырып жүзеге асырылады.

Заңда белгіленген тәртіппен өтелмеген немесе алынбаған соттылығы бар адамдар Директорлар кеңесінің мүшелігіне сайлана алмайды; оны мәжбүрлеп тарату, акцияларды сатып алу немесе банкрот деп тану туралы шешім қабылданғанға дейін бір жылға дейінгі кезеңде басқа заңды тұлғаның Директорлар кеңесінің төрағасы, бірінші басшысы (Басқарма төрағасы), басшысының орынбасары, бас бухгалтері лауазымдарының бұрын атқарған лауазымдары бөлігінде мүдделер қақтығысы болады.

Жалғыз акционер ДК-нің жаңа құрамын тағайындау туралы шешім қабылдаған кезде, осы әрекет етушінің өкілеттіктері, осы сәтте аяқталады.

ДК құрамына тәуелсіз директорларды іріктеу және тағайындау «Акционерлік қоғамдар туралы» ҚР Заңының талаптарына сәйкес жүзеге асырылады.

Корпоративтік басқару кодексіне сәйкес тәуелсіз директор – жеке акционерлердің, атқарушы органның және басқа да мүдделі тараптардың ықпалынан бос тәуелсіз және объективті шешімдер қабылдау үшін жеткілікті кәсібилігі мен дербестігі бар Директорлар кеңесінің мүшесі.

Тәуелсіз директорларға қойылатын талаптар "Акционерлік қоғамдар туралы" Заңға сәйкес белгіленген және жарғыда бекітілген.

Мүдделер қақтығысын басқару

Директорлар кеңесі лауазымды тұлғалар мен акционерлер арасындағы ықтимал мүдделер қақтығысын, соның ішінде QazaqGaz меншігін заңсыз пайдалануды және мүдделі мәмілелер жасасу кезінде теріс пайдалануды бақылайды және алдын алады.

Компанияда немесе оның үлестес ұйымдарында акциялары бар және QazaqGaz жеткізушілерінің немесе бәсекелестерінің акцияларының иелері болып табылатын тұлғалар ДК құрамына сайлана алмайды.

2023 жылы Директорлар кеңесінің жұмысында мүдделер қақтығысы анықталған жоқ.

Компания Директорлар кеңесінің отырыстары

2023 жылдың кезеңінде QazaqGaz Директорлар кеңесі 15 күндізгі және 1 көшпелі отырыс өткізді. Даму стратегиясы, корпоративтік басқару, қаржылық есептілік мәселелерін қоса алғанда, мәселелердің жалпы саны 156 құрады.

65-кесте. **Директорлар кеңесі мүшелерінің отырыстарға қатысуы**

Т.А.Ә.	**Лауазымы**	**Келу саны**	**Келу пайызы**
Бердіғұлов Е.К.	Директорлар кеңесінің Төрағасы (01/01/2023ж. бастап 20/07/2023ж. бойынша)	10-нан 8-і	80%
Отыншиев Е.М.	Директорлар кеңесінің Төрағасы (20/07/2023ж. бастап)	6-дан 6	100%
Бердіғұлов Е.К.	Директорлар кеңесінің мүшесі (20/07/2023ж. бастап)	6-дан 6	100%
Отыншиев Е.М.	Директорлар кеңесінің мүшесі (9/05/2023ж. бастап 20/07/2023 ж. бойынша)	5-тен 4	80%
Тегісбаев А.О.	Директорлар кеңесінің мүшесі	16-дан 16	100%
Жаркешов С.С.	Директорлар кеңесінің мүшесі	16-дан 16	100%
Битанов А.А.	Тәуелсіз директор (01/01/2023ж. бастап 26/04/2023 ж. бойынша)	2-ден 2	100%
Аханзарипов Н.З.	Тәуелсіз директор	16-дан 16	100%
Өксікбаев О.Н.	Тәуелсіз директор (26/01/2023 ж. бастап)	16-дан 16	100%
Мыншарипова С.Н.	Тәуелсіз директор (26/04/2023 ж. бастап)	12-ден 12	100%
Майлибаев И.Е.	Тәуелсіз директор (20/07/2023ж. бастап)	6-дан 6	100%

Компания қызметіне қатысты отырыстарда қаралған негізгі мәселелер:

- Директорлар кеңесі комитеттерінің құрамын айқындау және шешімдердің орындалу мәртебесін қарау;

- Компанияның Жарғысы мен ішкі нормативтік құжаттарына өзгерістер мен толықтыруларды бекіту;

- Қазақстандық және/немесе шетелдік қор нарығында IPO-ға шығуға дайындық шеңберінде QazaqGaz-дың 2032 жылға дейінгі даму стратегиясын бекіту;

-Бизнес-жоспарды және оған түзетулерді талқылау және бекіту;

- Кадр саясаты және негізгі қызметкерлерді тағайындау мәселелері;

- Ішкі аудит қызметінің, Корпоративтік хатшы қызметінің және Комплаенс қызметінің тиімділігін қарау және бағалау;

- Қызметтің негізгі көрсеткіштерін және басшы құрам үшін нысаналы мәндерді бекіту;

- Стратегиялық бастамалар мен инвестициялық жобаларды талқылау және қабылдау;

- Қаржылық мәселелерді және мүдделі мәмілелерді қарау;

- Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл, тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау бойынша шаралар қабылдау.

Қоғамның басқару органы қараған 156 мәселенің 99-ы *Қоғамның қызметіне қатысты, оның ішінде:*

№	Директорлар кеңесі қараған мәселелердің тақырыбы	Қабылданған шешімдер саны
1	Жылдық қаржылық есептілікті және басқа есептерді алдын ала бекіту	11
2	Кадрлық мәселелер	17
3	Бизнес-жоспарды және оған түзетулерді бекіту	3
4	Қоғамның стратегиялық картасының ҚНК және басшы және басқарушы жұмыскерлердің мотивациялық корпоративтік және жеке ҚНК бекіту	6
5	QG ішкі қызметін реттейтін құжаттарды бекіту және оларға өзгерістер енгізу	3
6	Қаржылық мәселелер	3
7	Жасалуында мүдделілік бар мәмілелерді бекіту	18
8	Инвестициялық жобаларды бекіту және оған түзетулер енгізу мәселелері	5
9	Директорлар кеңесіне есеп беретін қызметтердің мәселелері	22
10	Өзге де мәселелер	11

Барлық шешімдер толық көлемде және белгіленген мерзімде орындалды.

2023 жылы Қоғамның директорлар Кеңесі 156 мәселені қарады, оның ішінде 319 шешім қабылданды, тапсырма берілгені - 164.

Компанияның Директорлар кеңесінің комитеттері

GRI 2-9

Директорлар кеңесі өкілеттіктері мынадай ережелермен айқындалатын Комитеттер құру туралы шешім қабылдайды:

- "QazaqGaz" ҰК" АҚ Директорлар кеңесінің Стратегия және тұрақты даму комитеті туралы ереже;
- "QazaqGaz" ҰК" АҚ Директорлар кеңесінің Аудит жөніндегі комитеті туралы ереже;
- "QazaqGaz" ҰК" АҚ Директорлар кеңесінің Тағайындау және сыйақы комитеті туралы ереже.

Директорлар кеңесі комитеттердің, төрағалардың дербес және сандық құрамын, өкілеттік мерзімін, сондай-ақ функциялары мен жұмыс тәртібін айқындайды.

Комитеттер өз құзыреті шеңберінде Директорлар кеңесіне неғұрлым маңызды мәселелер бойынша ұсынымдар дайындауды жүзеге асырады, осылайша қабылданатын шешімдердің тиімділігін арттырады.

2023 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Қоғамның Директорлар кеңесі комитеттерінің құрамына Қоғамның Директорлар кеңесінің келесі мүшелері кірді:

Комитеттің атауы	Комитет құрамы	Мақсаты
Аудит жөніндегі комитет	- Өксікбаев Өмірхан Нұртайұлы - Төараға; - Аханзарипов Нұрлан Заманбекұлы – мүше; - Мыншарипова Сая Найманбайқызы – мүше; - Майлибаев Искендер Едігеұлы – мүше; - Пирмаханов Сәкен Булегенұлы – дауыс беру құқығы жоқ сарапшы.	Аудит жөніндегі комитеттің мақсаты Директорлар кеңесінің қаржылық бақылау, ішкі бақылау жүйелерінің тиімділігі, тәуекелдерді басқару, сондай-ақ ішкі аудит қызметі мәселелері жөніндегі шешімдерінің сапасын арттыру болып табылады. Комитет сонымен қатар тұрақты даму тәуекелдерін және қаржылық

		емес есептіліктің сапасын бақылайды. Есепті жылы 11 отырыс өткізіліп, онда 42 мәселе қаралды.
Стратегия және тұрақты даму комитеті	- Аханзарипов Нұрлан Заманбекұлы – Төраға; - Мыншарипова Сая Найманбайқызы – Төраға; - Оксикбаев Омархан Нуртаевич – мүше; - Тегісбаев Анатолы Орынгалиұлы – мүше; - Майлибаев Искендер Едыгеевич – мүше; - Пирмаханов Сакен Булегенович – дауыс беру құқығы жоқ сарапшы.	Комитеттің мақсаты Директорлар кеңесіне Стратегия және оның іске асырылуын мониторингтеу, бизнес-жоспардың орындалуы, инновациялық және инвестициялық қызмет, активтерді басқару, сондай-ақ Компанияны жекешелендіру және орнықты даму мәселелері бойынша ұсыныстар беру болып табылады. Есепті жылы 5 отырыс өткізіліп, онда 29 мәселе қаралды.
Тағайындаулар және сыйақылар жөніндегі комитеті	- Мыншарипова Сая Найманбайқызы – Төраға; - Аханзарипов Нұрлан Заманбекұлы – мүше; - Тегісбаев Анатолы Орынғалиұлы – мүше; - Есенжанов Айбек Амангелдіұлы – дауыс беру құқығы жоқ сарапшы.	Комитеттің мақсаты Директорлар кеңесіне Директорлар кеңесі мүшелерін, Басқарма мен корпоративтік хатшыны сайлау, қызметін бағалау және сабақтастығын жоспарлау мәселелері бойынша ұсыныстар беру болып табылады. Комитет сонымен қатар Директорлар кеңесіне корпоративтік және функционалдық тиімділікті белгілеу, ішкі құжаттарға сәйкес сыйақылар, сондай-ақ ұйымдық құрылымды өзгерту

		мәселелері бойынша ұсыныстар береді. Есепті жылы 11 отырыс өткізіліп, онда 51 мәселе қаралды.

Басқарма

Басқарма Компанияның алқалы атқарушы органы болып табылады және оның ағымдағы қызметіне басшылықты жүзеге асырады, Компания мен оның Жалғыз акционерінің мүддесі үшін әрекет етеді және Компанияның соңғысы мен Директорлар кеңесіне есеп береді.

QazaqGaz Басқармасы өз қызметінде Жарғыда, Корпоративтік басқару кодексінде, ішкі құжаттарда және Басқарма туралы ережеде бекітілген қағидаттар мен нормаларды басшылыққа алады.

Басқарма қойылған міндеттерді табысты орындауды және Директорлар кеңесімен және Жалғыз акционердің мүдделерімен келісілген мақсаттарға қол жеткізуді қамтамасыз ету мақсатында ағымдағы операцияларды бақылауды және реттеуді жүзеге асырады, сондай-ақ ДК шешімдерін іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспарын әзірлейді. Тұрақты негізде ол қаржы-шаруашылық және өндірістік қызметтің нәтижелері (Компанияның Бизнес-жоспарын орындау, басым инвестициялық жобаларды іске асырудағы прогресс) туралы ДК-нің есепті ақпаратын ұсынады.

Өз өкілеттіктерін, міндеттері мен жауапкершіліктерін нақты түсіну, сондай-ақ оларды Компания Жарғысында бекіту мүдделер қақтығысы қаупін азайтуға ықпал етеді және корпоративтік басқару принциптері мен құрылымына бірыңғай көзқарас қалыптастырады.

***66-кесте.* 2023 жылғы 31 желтоқсандағы Басқарма құрамы**

№	ТАӘ
1	Жаркешов Санжар Серікбайұлы
2	Ихсанов Мейірбек Уақасұлы
3	Ақан Айдын Мұхитұлы
4	Битанов Ануар Асқарұлы
5	Қасенов Арман Ғинаятұлы
6	Тулегенов Акбар Маликович
7	Қаспақов Марат Қадырбергенұлы
8	Мақсұт Хакім Қайргелдіұлы

QazaqGaz Басқармасының отырыстары мен қабылданған корпоративтік шешімдері туралы жалпы мәліметтер

2023 жылдың 12 айында Басқарма:	
Отырыстар (бетпе-бет) өткізілді	37
Мынадай мәселелер қаралды, оның ішінде:	261
1. QazaqGaz қызметіне қатысты мәселелер	165
2. ЕТҰ қызметіне қатысты мәселелер	96

Жасалуына қатысты ерекше талаптар белгіленген мәмілелер туралы мәліметтер

QazaqGaz Басқармасы қараған, жасалуында мүдделілік бар мәмілелердің жалпы саны, оның ішінде:	37
1. QazaqGaz Директорлар кеңесіне алдын ала мақұлданған және шығарылған мәмілелер	15
2. Оларды жасауға қатысты "Акционерлік қоғамдар туралы" Заңмен ерекше жағдайлар белгіленген "Самұрық-Қазына" АҚ тобына кіретін ұйымдар арасында мәмілелер жасасу қағидалары шеңберінде бекітілген	22

2023 жылы Басқарма мүшелерінің отырыстарға қатысуы 100% құрады.

Сыйақы

GRI 2-19, GRI 2-20, GRI 2-21

Директорлар кеңесі мүшелерінің сыйақысы

Директорлар кеңесінің мүшелеріне сыйақылар мен өтемақылар төлеу талаптары мен тәртібі Жалғыз Акционердің шешімімен айқындалады.

Тәуелсіз директорларға сыйақы төленеді және олардың функциялары шеңберінде атқаратын міндеттеріне байланысты шығындар өтеледі.

2023 жылдың қорытындысы бойынша Директорлар кеңесі мүшелерінің жиынтық сыйақысы 69 827 мың теңгені құрады.

Басқарма мүшелерінің сыйақылары

Басқарма Төрағасының, Басқарма мүшелерінің және Директорлар кеңесіне есеп беретін жұмыскерлердің еңбегіне ақы төлеу талаптары мен тәртібі "QazaqGaz" ҰК" АҚ Директорлар кеңесінің 2022 жылғы 10.11. № 21 шешімімен бекітілген басшы жұмыскерлерге, Корпоративтік хатшыға, Ішкі аудит қызметі және Комплаенс қызметі жұмыскерлеріне еңбекақы төлеу және сыйлықақы беру қағидаларымен реттеледі.

Осы Қағидаларға сәйкес басшы жұмыскерлерге жылдық сыйақылар, мереке күндеріне біржолғы сыйлықақылар, сондай-ақ еңбек шарты мерзімінен бұрын бұзылған кезде өтемақы төлемдері көзделген.

Стратегиялық және басым мақсаттарға қол жеткізу мақсатында Басқарма мүшелеріне жыл сайынғы негізде корпоративтік және функционалдық көрсеткіштерден тұратын мотивациялық ҚНК карталары бекітіледі.

Қызметтің тиімділігі ҚНК-ға қол жеткізудің қорытынды нәтижелілігін негізге ала отырып айқындалады, оның негізінде Басқарма мүшелеріне есепті кезеңдегі жұмыс қорытындылары бойынша сыйақы төленеді.

2023 жылы Басқарма мүшелеріне есептелген жиынтық сыйақы 505 657 мың теңгені құрады.

Тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау

Басқару тәсілі

Компания ішінде кешенді болып табылатын Тәуекелдерді басқарудың корпоративтік жүйесі (ТБКЖ) жұмыс істейді

тәуекелдерді анықтау, бағалау, басқару және бақылау тәсілі. Бұл жүйенің негізгі мақсаты барлық маңызды тәуекелдерді бақылау және оларды басқару бойынша уақтылы және барабар шаралар қабылдау болып табылады.

Тәуекелдерді басқару қағидаттары Компанияның бизнес-процестеріне енгізіледі және тәуекелдерді анықтауға, сәйкестендіруге және митигациялауға бағытталған іс-шараларды іске асыру жөніндегі жүйелі жұмысқа негізделеді.

Директорлар кеңесі QazaqGaz-дың Тәуекелдерді басқару саясатымен бекітілген ТБКЖ ұйымдастырудың негізгі қағидаттары мен әдістерін айқындайды. Негізгі принциптерге мыналар жатады:


Совет директоров
үздіксіздік;
Правление
есеп беру;
Комитет по рискам
Ответственное подразделение
Владельцы целей
Владельцы рисков
Владельцы риск-факторов
бейімделу;
нақты регламентация;
басшылықтың белсенді қатысуы

3-сурет. «QazaqGaz» ҰК» АҚ Корпоративтік тәуекелдерді басқару жүйесінің ұйымдық құрылымы



Директорлар кеңесі тәуекелдерді басқарудың тиімді корпоративтік жүйесінің (ТБКЖ) болуын қамтамасыз етуге жауапты, ал Басқарма осы жүйенің ұйымдастырылуы мен тиімді жұмыс істеуіне, сондай-ақ тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау жөніндегі саясаттар мен рәсімдердің сақталуына жауап береді. Бұл саясаттар мен процедуралар бизнестің ішкі және сыртқы жағдайларының өзгеруіне байланысты жүйелі түрде жетілдіріліп отырады.

QazaqGaz компаниялар тобының қызметі өндірістік және өндірістік емес тәуекелдерге ұшырайды. Осы себепті Тәуекелдерді басқару департаменті жыл сайын QazaqGaz Директорлар кеңесінің қарауына тәуекелдердің шоғырландырылған тіркелімін, сондай-ақ Компанияның тәуекел-тәбеті бойынша ұсыныстарды, тәуекелдер картасын және тәуекелдерді басқару жөніндегі іс-шаралар жоспарын ұсынады.

2023 жылы Компанияның ағымдағы қызметіне және болашақта да өзекті болып қалуы мүмкін ұзақ мерзімді стратегиялық мақсаттарға байланысты тәуекелдерді талдау және бағалау жүргізілді. Осы процестің нәтижесінде 24

анықталған тәуекелді қамтитын тізілім мен тәуекел картасы жасалды, оның 10-ы сыни деп танылды. Қалыптасқан тәуекел картасы тәуекелдердің өзін ғана емес, олардың ықтималдығы мен ықтимал әсерін бағалауды да қамтиды.

Бағалау ұпайлары келесі пайыздық бөлініске сәйкес келеді:

1 - 25% әсер ету, оқиғаның ықтималдығы 7 жылда бір рет немесе одан да көп;

2 - 50% әсер ету, 5 жылда бір рет болатын оқиғаның ықтималдығы;

3 - 75% әсер ету, 3 жылда бір рет болатын оқиғаның ықтималдығы;

4 - 100% әсер ету, оқиғаның жылына бір рет пайда болу ықтималдығы;

5 - әсер тәуекел - тәбет деңгейінен жоғары деп бағаланады және оқиғаның жиілігі жарты жылда бір рет болады.

Компанияның өзекті тәуекелдер тізілімін шартты түрде стратегиялық, ESG (Environmental, Social, Governance) тәуекелдерді, сондай-ақ қаржылық және операциялық тәуекелдерді қоса алғанда, бірнеше санатқа жіктеуге болады.

Тізілімде ұсынылған тәуекелдерді мұқият талдау негізінде QazaqGaz әрбір тәуекелді тиісті факторлармен бірге егжей-тегжейлі зерттеді және қаржылық залалды бағалауды ескере отырып, алдын алу және түзету сипатындағы егжей-тегжейлі іс-шараларды әзірлеумен белсенді айналысады.

Компания заманауи энергетикалық индустрия жағдайында тұрақты және табысты дамуды қамтамасыз ету үшін тиісті стратегиялар мен іс-шараларды әзірлей отырып, тәуекелдерді жүйелі талдау мен басқаруды белсенді жүргізеді.

10-сурет. Компанияның 2023 жылғы тәуекелдер картасы

Компанияның өзекті тәуекелдер тізілімі шартты түрде мынадай топтарға бөлінеді: стратегиялық тәуекелдер, ESG тәуекелдер, қаржылық және операциялық тәуекелдер.

QazaqGaz регистрде ұсынылған тәуекелдерді мұқият талдау негізінде әрбір тәуекелді тиісті факторлармен бірге егжей-тегжейлі зерттеді және қаржылық залалды бағалауды ескере отырып, алдын алу және түзету сипатындағы іс-шараларды мұқият пысықтаумен белсенді айналысады.

***67-кесте.* 2023 жылғы тәуекелдер жөніндегі іс-шаралар тізбесі**

Тәуекелдер тобы	**Тәуекелдер атауы**	**Тәуекел митигациясы бойынша іс-шаралар**
Стратегиялық тәуекелдер	Тауарлық газ тапшылығы	-Газдың ресурстық базасын ұлғайтуға және ішкі нарықта баға белгілеудің әлеуметтік-әділ реформасын жүргізуге бағытталған бірқатар шараларды іске асыру үшін Жол картасын бекіту; - Газдың Стратегиялық резервтерін құру бойынша жұмыстар жүргізу; - Тапсырмалар мен іс-шаралардың орындалуы бойынша мониторинг тұрақты негізде жүзеге асырылатын түзету іс-қимылдарының жоспарын бекіту.
	Бағалық / тарифтік тәуекелдер	
	Инвестициялық тәуекелдер	
	Мемлекет басшысының, Қазақстан Республикасы Үкіметінің және басқа да мемлекеттік органдардың тапсырмаларын бұзу тәуекелдері	
ESG тәуекелдер	Экологиялық тәуекелдер	- Экологиялық саясатты бекіту; - ESG рейтингін алу үшін Жол картасын әзірлеу; - ISO 14001 стандартын аккредиттеуді растау; - Өндірістік жарақаттану деңгейіне және еңбекті қорғау саласында қабылданатын шараларға мониторинг жүргізу; - Өндірістік қауіпсіздік (ӨБ), еңбекті қорғау (ЕҚ) және қоршаған ортаны қорғау (ҚОҚ)жүйесін дамыту жөніндегі саясатты бекіту; - Еңбекті қорғау саласындағы қауіптер тізілімін жасау; - HSE тәуекел матрицасын құру;
	Өндірістік травматизм	
	Әлеуметтік тұрақтылық тәуекелдері	

	HR тәуекелдер	- Орталық аппаратта және ЕТҰ-да ұйымдық құрылымдарды өзектендіру; - Әкімшілік және басқарушылық лауазымдарға кандидаттарды іздеу және іріктеу қағидаларын бекіту.
Қаржылық тәуекелдер	Кредиттік тәуекелдер	- Ақшалай қаражатты орналастыру үшін банктерге кредиттік тәуекелді бағалауды жүргізу; - Контрагент-банктерге кредиттік тәуекелді басқару жөніндегі қағидаларды әзірлеу; - Кредиторлардың қаржылық және қаржылық емес ковенанттарын белгілеу және мониторингтеу; - Тәуекелді нивелирлеу және пайыздық шығыстарды азайту мақсатында Халық банкі арқылы қайта қаржыландыруды жүзеге асыру
	Өтімділік тәуекелдері	
	Валюталық тәуекелдер	
	Проценттік тәуекелдер	
	Бухгалтерлік есеп/есепке алу саясаты тәуекелдері	
Операциялық тәуекелдер	Газ тасымалдаудың бұзылу тәуекелдері (ЖАО-дан Топқа беру кезінде)	- Жобалау және құрылыс кезеңінде ЖАО-дан Топқа газ тасымалдау объектілері мен тарату желілерін салу бойынша бюджет пен функцияларды беру жөніндегі жұмыстарды жүргізу; - Пайдалану кезеңінде бекітілген тарифті өзгерту үшін негіздерді кеңейту бойынша жұмыстар жүргізу; - Ақаулы құбырларды ауыстыруды орындау үшін газ тасымалдау жүйесін жаңғырту жоспарын әзірлеу; - Жабдыққа техникалық қызмет көрсету және жөндеу жүргізу; - Қайта өңдеу қызметтеріне тарифті төмендету, сондай-ақ индекстеусіз тарифті белгілеу мақсатында шарт талаптарын қайта қарау; - Белгілі бір объектілердің терроризмге қарсы қорғалуын террористік тұрғыдан осал объектілерді терроризмге қарсы қорғауды ұйымдастыруға қойылатын талаптарға сәйкес келтіру жөнінде шаралар қабылдау.
	Газ тасымалдау жүйесінің тозуы, авариялар тәуекелдер	
	IT тәуекелдер	
	Келісімшарттық тәуекелдер	
	Сыбайлас жемқорлық тәуекелдері	
	Санкциялық тәуекелдер	
	Репутациялық тәуекелдер	
	Сот талқылаулары	
	Сатып алу процесі тәуекелдері	

	Объектілердің, оның ішінде террористік тұрғыдан осал объектілердің қорғалмау тәуекелдері	
	Активтердің сақталу тәуекелдері	

Ішкі бақылау жүйесі

QazaqGaz ішкі бақылау жүйесі Компанияда қолданылатын және өзекті заңнаманы сақтауға, меншікті активтер мен ақпаратты қорғауға, дұрыс бухгалтерлік және қаржылық есептілікті дайындауға, бухгалтерлік есепте де, тұтастай алғанда Компанияның ішкі процестерінде де қателерді анықтауға және жоюға бағытталған рәсімдер мен әдістер кешенімен ұсынылған.

Ішкі бақылаудың тиімді жүйесі қаржылық және операциялық ақпараттың сенімділігіне ақылға қонымды сенімділікті қамтамасыз ете отырып, қателерді, алаяқтық фактілерін және заңсыз әрекеттерді болдырмай, Компанияның қызметін жетілдіруге көмектеседі, бұл тәуелсіздікті барынша азайтуға, процестерді оңтайландыруға және нормалар мен ережелерді сақтауды қамтамасыз етуге мүмкіндік береді. Компанияда жоспарлы және жоспардан тыс тексерулерді жүзеге асыратын, оның ішінде қаражат пен мүліктің мақсатсыз, негізсіз және тиімсіз пайдаланылуын анықтауға бағытталған функция бар.

Ішкі бақылау мақсаттарына жету үшін COSO моделі қолданылады, ол келесі бес өзара байланысты компоненттерді қамтиды: бақылау ортасы, тәуекелдерді бағалау, ілеспе процедуралар, ақпарат және коммуникациялар, мониторинг.

Корпоративтік басқару жүйелерін жақсарту, тәуекелдерді басқару және Қызметтің үздіксіздігі, денсаулықты қорғау және еңбек қауіпсіздігін қамтамасыз ету, менеджменттің интеграцияланған жүйесінің процестері, сондай-ақ (реттеушілік) есептілік нысандарын әзірлеу және оларды автоматтандыру және цифрландыру бойынша ұсыныстар енгізу арқылы компанияда ішкі бақылауды жетілдіруді қамтамасыз ету. Мәселен, газ құбырларын, олардың желілерін пайдалану кезінде бақылау процестерін автоматтандыру және өндірістік процестерді қысқарту бойынша 2 жоба әзірленіп, ұсынылды.

Сондай-ақ, Компанияның ІБК Мемлекет басшысының, Жалғыз акционердің, Директорлар кеңесінің, уәкілетті мемлекеттік органдардың және Компания басшылығының газ саласындағы активтерді қайтару және экономиканы монополиядан шығару мәселелері жөніндегі нұсқамаларының,

ұсынымдары мен тапсырмаларының орындалуын бақылауды және мониторингтеуді қамтамасыз ететінін атап өткен жөн.

Ішкі аудит қызметі

Компанияда QazaqGaz қаржы-шаруашылық қызметін бақылайтын, ішкі бақылауды, тәуекелдерді басқаруды және корпоративтік басқару саласындағы құжаттардың орындалуын бағалайтын тәуелсіз Ішкі аудит қызметі жұмыс істейді.

Оның қызметінің негізгі мақсаты – кешенді қолдау, Компанияның Директорлар кеңесі мен атқарушы органына басқарудың тиімділігін арттыруға және қаржы-шаруашылық қызметті жақсартуға жәрдемдесу. Бұған тәуекелдерді басқару, ішкі бақылау және корпоративтік басқару жүйелерін талдау мен бағалауға жүйелі және дәйекті көзқарас арқылы қол жеткізіледі.

ІАҚ-ның қызметі ішкі аудиттің кәсіби практикасының халықаралық негіздерін (МЖӘ, IPPF) сақтай отырып жүзеге асырылады және мынадай ішкі құжаттармен реттеледі:

- Ішкі аудит қызметі туралы ереже;
- Ішкі аудитті ұйымдастыру ережелері.

ІАҚ Директорлар кеңесіне есепті және оның жұмысы туралы есеп береді. ІАҚ қызметіне жетекшілік етуді ішкі құжаттарға сәйкес Аудит жөніндегі комитет жүзеге асырады.

Аудиторлық тексерулер тәуекелге бағдарланған жылдық аудиторлық жоспар негізінде жүзеге асырылады. Ішкі аудиттің үздік тәжірибесіне сәйкес, Компанияның стратегиялық мақсаттарына сәйкестігі мен өзектілігін сақтау мақсатында аудиторлық жоспар мерзімді түрде қайта қаралады.

Есепті кезеңде ІАҚ-ның 2023 жылға арналған Жылдық аудиторлық жоспары Компанияның Директорлар кеңесінің 2023 жылғы 01 наурыздағы шешімімен бекітілді. Есепті жыл ішінде Директорлар кеңесінің отырыстарында ІАҚ-ның 15 мәселесі қаралды. Жүргізілген ІАҚ аудиттерінің нәтижелері бойынша 90 ұсыным берілді.

Корпоративтік басқару жүйесін жетілдіру мақсатында Компанияның еншілес ұйымы – «Интергаз Орталық Азия» АҚ-да ІАҚ бөлімшесі құрылды.

Сыртқы аудит

Аудиторлық ұйымды таңдау жөніндегі бірыңғай комиссия Компания мен оның ЕТҰ үшін қаржылық есептілік аудиті бойынша қызметтер көрсету үшін аудиторлық ұйымды таңдауды жүзеге асырады.

2021 – 2022 жылдар кезеңінде «Эрнст энд Янг» ЖШС тәуелсіз аудиторлық ұйымы компанияның қаржылық есептілігіне аудит жүргізді. 2023 жылы Компанияның 2023 – 2025 жылдарға арналған қаржылық есептілік аудиті бойынша "ПрайсуотерхаусКуперс" ЖШС жаңа тәуелсіз аудиторлық компаниясы анықталды.

Сыртқы аудитордың сыйақы мөлшері туралы деректер ҚҚС есебінсіз төменде келтірілген:

«Эрнст энд Янг» ЖШС:

2021 жылы	43 732 500 теңге
2022 жылы	41 392 500 теңге
2023 жылы	22 650 000 теңге (2022 жылғы аудит үшін)

Аудиторлық қызметтерден басқа, "Эрнст энд Янг" ЖШС ұйымы басқа қызметтерді көрсеткен жоқ.

«ПрайсуотерхаусКуперс» ЖШС:

2023 жыл	27 313 000 теңге

"ПрайсуотерхаусКуперс" ЖШС-мен шарт жасасқанға дейін 2023 жылы Pricewaterhousecoopers тобы жалпы сомасы 81 700 000 теңгеге аудиторлық емес қызметтер көрсетті.

Аудиттің тәуелсіздігін қамтамасыз ету мақсатында, бір ұйымда әр жеті жыл сайын сыртқы аудитор ротацияланады.

Корпоративтік этика

- Компанияның корпоративтік этика саласындағы негізгі құжаттары Іскерлік этика кодексі, Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саясаты, Комплаенс қызметі туралы ереже болып табылады.

Компанияның Іскерлік этика кодексі бизнесті жүргізу мен іскерлік этиканың жоғары стандарттарына сәйкес келеді. Ол Қазақстан Республикасының заңнамасына, Компанияның Жарғысына және өзге де ішкі құжаттарына сәйкес әзірленген және нарықтағы ашық және адал компания ретінде QazaqGaz корпоративтік мәдениетін дамытуға және беделін нығайтуға бағытталған.

Корпоративтік этика мынадай қағидаттарға сәйкес жүзеге асырылады: жауапкершілік, ашықтық, айқындық, этикалық мінез-құлық, заңдылық, кәсібилік, әділдік, сыбайлас жемқорлыққа төзбеушілік, мүдделер қақтығысына жол бермеу, экологиялық жауапкершілік және қауіпсіздік.

Комплаенс қызметі

Компанияда Комплаенс қызметі жұмыс істейді, ол QazaqGaz Директорлар кеңесіне есеп береді.

Комплаенс қызметі сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін тәуелсіз бағалауды жүзеге асырады, Компаниялардың бүкіл тобы бойынша сыбайлас жемқорлыққа қарсы жұмысты үйлестіреді, контрагенттерге комплаенс-тексеру (due diligence) жүргізеді және "жедел желі" бойынша келіп түсетін хабарламаларды қарайды.

2023 жыл ішінде Комплаенс қызметі Топ жұмыскерлеріне сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылды қоса алғанда, түрлі аспектілер бойынша сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл бойынша бірқатар оқыту іс-шараларын өткізді.

Сонымен қатар, Қызметтің функционал аясында келесі іс-шараларды өткізді:

* сыртқы реттеу талаптарын анықтау;
* комплаенс-тәуекелдерді бағалауды жүргізу;
* комплаенс саласындағы ішкі саясаттарды, регламенттер мен рәсімдерді әзірлеу;
* байланыс және сәйкестік саясатын енгізу;
* комплаенс-бағыттардың сақталуын бақылау және бақылау;
* комплаенс шеңберіндегі ықтимал бұзушылықтарды тергеу, сондай-ақ түзету шараларын әзірлеу және қабылдауды қамтамасыз ету.

ҚОСЫМШАЛАР

1-қосымша. Есеп туралы

Жалпы ақпарат

GRI 2-3

Осы QazaqGaz-дың 2023 жылғы Интеграцияланған жылдық есебі газ өндіру және тасымалдау саласындағы қаржы-шаруашылық, операциялық қызмет туралы ақпаратты, сондай-ақ Компанияның орнықты дамуды басқару саласындағы нәтижелері туралы деректерді ашады.

Кешенділікті қамтамасыз ету мақсатында, қаржылық және қаржылық емес көрсеткіштерді көрсетуде есепте мынадай аспектілер көрсетілген:

1. QazaqGaz-дың 2032 жылға дейінгі даму стратегиясын іске асыру;
2. Компанияны басқару тәсілдері мен әдістері;

3. Негізгі қаржы-экономикалық және өндірістік көрсеткіштер, сондай-ақ өндірістік қауіпсіздік пен қоршаған ортаны қорғауды қоса алғанда, бизнес-бағыттар бойынша нәтижелілік;

4. Бизнесті жауапты жүргізу жөніндегі міндеттемелерді іске асыру арқылы Компанияның қатысу аумақтарындағы жергілікті қоғамдастықтарды дамытуға қосқан үлесін қоса алғанда, орнықты дамуды басқару саласындағы жетістіктер.

Құжат Global Reporting Initiative (GRI) и International Integrated Reporting Framework есеп беру стандарттарына, сондай-ақ GRI 11: Oil and Gas Sector Disclosures салалық стандарттарына сәйкес әзірленді.

Есепті қалыптастыру сапасы оның ішінде QazaqGaz-дың интеграцияланған жылдық есебін қалыптастыру қағидаларында[1011] көрсетілген оның мазмұнын айқындау қағидаттарын сақтау есебінен қамтамасыз етілді:

1. Салыстыру – GRI-дің мүдделі тараптардың QazaqGaz қызметін басқа компаниялармен салыстыру мүмкіндігі үшін стандарттарға сәйкестігі;

2. Тепе-теңдік – Компания қызметінің нәтижелілігінің оң және теріс тақырыптарын ашу:

3. Дәлме-дәлдік - мүдделі тұлғалар тарапынан Компанияның қызметін бағалау үшін толық ақпарат;

4. Сенімділік – ақпаратты жинау, тіркеу, талдау, шоғырландыру оны тексеруге болатындай етіп жүзеге асырылады;

5. Уақтылығы – Есептіліктің жоспарлы сипаты және оны ағымдағы жылдың 3 тоқсанынан кешіктірмей жариялау;

6. Айқындық – мүдделі тұлғалардың кең ауқымына түсінікті және қолжетімді болу.

Оның мүдделі тараптардың кең ауқымына жолданғанын ескере отырып, есеп 3 тілде жарияланады: қазақ, орыс, ағылшын.

Есепті кезең

Есептің шекаралары Компанияның жылдық есеп беру циклімен анықталады. Ол 2023 жылғы 1 қаңтар мен 31 желтоқсан аралығындағы QazaqGaz қызметін көрсетеді.

Қызметтің ашықтығын қамтамасыз ету мақсатында, Компания жыл сайын ресми сайтта қолжетімді жылдық есептерді жариялап отырады.

Ақпарат аясы мен периметрі

101 Құжат Компанияның ресми сайтында "тұрақты даму" бөлімінде ұсынылған

GRI 2-2

Есептілікті қамту Компанияның ішкі нарықта да, халықаралық аренада да іске асырылатын жобалар бойынша қызметін көрсететін қаржылық және қаржылық емес көрсеткіштер бойынша ақпаратты ашуды көздейді.

Қаржылық көрсеткіштер ХҚЕС стандарттары бойынша қалыптастырылған аудиттелген қаржылық есептілікке сәйкес келеді. Оның толық нұсқасы осы есептің 3-қосымшасында берілген.

Қаржылық емес көрсеткіштер Компанияның есепті кезеңнен тыс жұмысын көрсететін, бірақ онымен тікелей байланысы бар маңызды фактілерді көрсетеді.

Ақпараттың қамту аясы мен периметрі QazaqGaz-ға тиесілі активтер тізбесімен айқындалған (егер Есептің негізгі бөлігінде өзгеше көрсетілмесе).

68-кесте. **Есепте көзделген "QazaqGaz" ҰК" АҚ активтері**

Заңды атауы	Өңір	Қызметі
«QazaqGaz» ҰК» АҚ	Қазақстан Республикасы, Астана қ.	Магистральдық газ құбырлары және газ тарату желілері арқылы тауарлық газды тасымалдау жөніндегі орталықтандырылған инфрақұрылымды басқару, халықаралық транзитті және газды ішкі және сыртқы нарықтарда сатуды қамтамасыз ету, құбыр жолдарын, газ қоймаларын, газ және газ конденсатты кен орындарын әзірлеу, қаржыландыру, салу және пайдалану.
«ҚазТрансГаз Аймақ» АҚ	Қазақстан Республикасы, Астана қ.	Газды магистральдық және таратушы газ құбырлары арқылы тасымалдау жөнінде көрсетілетін қызметтер, маркетинг, тұтынушыларға газды сатып алу және өткізу.
«Интергаз Орталық Азия» АҚ	Қазақстан Республикасы, Астана қ.	Үш жерасты газ қоймасын және магистральдық газ құбырларының екі негізгі жүйесін пайдалануды жүзеге асырады.
«QazaqGaz Onimderi» ЖШС	Қазақстан Республикасы, Астана қ.	Көлік қызметтерін, құрылыс-монтаждау жұмыстарын ұсыну, сығымдалған табиғи газды өткізу.
«QazaqGaz» барлау және өндіру» ЖШС	Қазақстан Республикасы, Астана қ.	Табиғи газ және газ конденсатын өндіру, геологиялық барлау және іздестіру жөнінде көрсететін қызмет, Серіктестіктің өндірістік объектілерінде барлау бұрғылау және табиғи газдың көтерме саудасы.

«Азиялық газ құбыры» ЖШС	Қазақстан Республикасы, Алматы қ.	Қытай Халық Республикасы бағытында түрікмен және өзбек газдарының транзитін қамтамасыз етуге бағытталған жоба. Қытай Халық Республикасына қазақстандық газ экспортын жүзеге асыру, сондай-ақ Қазақстанның оңтүстік өңірлерін үздіксіз газбен қамтамасыз ету.
«Бейнеу–Шымкент Газ құбыры» ЖШС	Қазақстан Республикасы, Алматы қ.	Қазақстан Республикасының оңтүстік өңірлерін табиғи газбен қамтамасыз ететін жоба қазақстандық газдың экспорттық жеткізілімдерін әртараптандыруға мүмкіндік береді, Қазақстан Республикасының энергетикалық қауіпсіздігін қамтамасыз етеді, бірыңғай газ тасымалдау жүйесін құрады.
«ҚазРосГаз» ЖШС	Қазақстан Республикасы, Алматы қ.	Қазақстандық табиғи газ бен өнімдердің маркетингі, оларды өңдеумен, тасымалдаумен және өткізумен, оны ішкі және сыртқы нарықтарда өңдеумен айналысатын Қоғам.
«ҚазМұнайГаз» – Сервис NS АҚ	Қазақстан Республикасы, Астана қ.	"Самұрық-Қазына" ҰӘҚ" АҚ-ның, "ҚазМұнайГаз" ҰК" АҚ-ның және оның еншілес кәсіпорындары мен бөгде ұйымдарының әкімшілік және тұрғын үйлеріне, сауықтыру кешендеріне, көлік және басқа да қызметтерге қызмет көрсету бойынша сервистік қызметтер кешенін ұсынатын Компания.
«Тегіс Мұнай» ЖШС	Қазақстан Республикасы, Астана қ.	Келісімшартқа (2008 ж. 29.08. тіркеу №2775) сәйкес кейіннен өндіруге арналған келісімшартқа қол қоя отырып, Оңтүстік Қазақстан облысындағы Придорожное кен орнында газ барлауды жүргізуге жер қойнауын пайдалану құқығының иегері.
«GPC Investment» ЖШС	Қазақстан Республикасы, Астана қ.	Әлемдік деңгейдегі газ өңдеу өндірісін құру және бәсекеге қабілетті өнім шығару.
«QazaqGaz ғылыми-техникалық орталығы» ЖШС	Қазақстан Республикасы, Астана қ.	Материалдар мен бұйымдардың физикалық және пайдалану сипаттамаларын сынау; Инженерлік-техникалық жобалау Геофизикалық, геологиялық және сейсмикалық зерттеулер; қоғамдық және гуманитарлық ғылымдар саласындағы қолданбалы зерттеулер; Газ саласының бейінді мамандарының біліктілігін арттыру; бейінді мамандардың біліктілігін растау; қолданбалы бағдарламалық қамтамасыз етуді сүйемелдеу; компьютерлік кодтардың құрылымы мен мазмұнын әзірлеу және (немесе) компьютерлік кодтарды жазу; Ақпараттық жүйелерді жоспарлау, әзірлеу және дамыту; серверде ақпараттық

		ресурстарды орналастыру және деректерге қол жеткізу үшін инфрақұрылыммен қамтамасыз ету, компьютерлік және периферияльық жабдықтарды жалға алу.

Есепті тәуелсіз куәландыру шеңберінде, орнықты даму саласында 29 көрсеткіш іріктелді, олардың ашылу шегі Компанияның мынадай активтерін қамтиды:

69-кесте. **Тәуелсіз куәландыру шегіне енгізілген ақпарат периметрі**

GRI	Компаниялар тізбесі
GRI 2-7	«QazaqGaz» ҰК» АҚ, «Интергаз Орталық Азия» АҚ, «ҚазТрансГаз Аймақ» АҚ, «QazaqGaz» барлау және өндіру» ЖШС, «QazaqGaz Onimderi» ЖШС, «QazaqGaz ҒТО» ЖШС, «ҚазМұнайГаз-Сервис NS» АҚ, «Маңғышылақ-Мұнай» ЖШС, «Тегіс Мұнай» ЖШС
GRI 2-8	«QazaqGaz» ҰК» АҚ, «Интергаз Орталық Азия» АҚ, «ҚазТрансГаз Аймақ» АҚ, «QazaqGaz» барлау және өндіру» ЖШС, «QazaqGaz Onimderi» ЖШС, «QazaqGaz ҒТО» ЖШС, «ҚазМұнайГаз-Сервис NS» АҚ, «Маңғышылақ-Мұнай» ЖШС, «Тегіс Мұнай» ЖШС
GRI 2-30	«QazaqGaz» ҰК» АҚ, «Интергаз Орталық Азия» АҚ, «ҚазТрансГаз Аймақ» АҚ, «QazaqGaz» барлау және өндіру» ЖШС, «QazaqGaz Onimderi» ЖШС, «QazaqGaz ҒТО» ЖШС, «ҚазМұнайГаз-Сервис NS» АҚ, «Маңғышылақ-Мұнай» ЖШС, «Тегіс Мұнай» ЖШС
GRI 204-1	«QazaqGaz» ҰК» АҚ, «Интергаз Орталық Азия» АҚ, «ҚазТрансГаз Аймақ» АҚ, «QazaqGaz» барлау және өндіру» ЖШС, «QazaqGaz Onimderi» ЖШС, «QazaqGaz ҒТО» ЖШС, «ҚазМұнайГаз-Сервис NS» АҚ, «Маңғышылақ-Мұнай» ЖШС, «Тегіс Мұнай» ЖШС, «Азиялық газ құбыры» ЖШС, GPCI
GRI 205-1	«QazaqGaz» ҰК» АҚ, «Интергаз Орталық Азия» АҚ, «ҚазТрансГаз Аймақ» АҚ, «Бейнеу-Шымкент Газ құбыры» ЖШС, «Азиялық газ құбыры» ЖШС, «QazaqGaz Onimderi» ЖШС, «QazaqGaz» барлау және өндіру» ЖШС, «QazaqGaz ҒТО» ЖШС, GPCI, «ҚазМұнайГаз-Сервис NS» АҚ
GRI 205-2	«QazaqGaz» ҰК» АҚ, «Интергаз Орталық Азия» АҚ, «ҚазРосГаз» АҚ, «ҚазТрансГаз Аймақ» АҚ, «Бейнеу-Шымкент Газ құбыры» ЖШС, «Азиялық газ құбыры» ЖШС, «QazaqGaz Onimderi» ЖШС, «QazaqGaz» барлау және өндіру» ЖШС,

	«QazaqGaz ҒТО» ЖШС, GPCI, «ҚазМұнайГаз-Сервис NS» АҚ
GRI 205-3	«QazaqGaz» ҰК» АҚ, «Интергаз Орталық Азия» АҚ, «ҚазРосГаз» АҚ, «ҚазТрансГаз Аймақ» АҚ, «Бейнеу-Шымкент Газ құбыры» ЖШС, «Азиялық газ құбыры» ЖШС, «QazaqGaz Onimderi» ЖШС, «QazaqGaz» барлау және өндіру» ЖШС, «QazaqGaz ҒТО» ЖШС, GPCI, «ҚазМұнайГаз-Сервис NS» АҚ
GRI 302-1	«Интергаз Орталық Азия» АҚ, «ҚазТрансГаз Аймақ» АҚ, «Бейнеу-Шымкент Газ құбыры» ЖШС, «Азиялық газ құбыры» ЖШС, «QazaqGaz» барлау және өндіру» ЖШС
GRI 302-3	«Интергаз Орталық Азия» АҚ, «ҚазТрансГаз Аймақ» АҚ, «Бейнеу-Шымкент Газ құбыры» ЖШС, «Азиялық газ құбыры» ЖШС, «QazaqGaz» барлау және өндіру» ЖШС
GRI 302-4	«Интергаз Орталық Азия» АҚ, «ҚазТрансГаз Аймақ» АҚ, «Бейнеу-Шымкент Газ құбыры» ЖШС, «Азиялық газ құбыры» ЖШС, «QazaqGaz» барлау және өндіру» ЖШС
GRI 304-1	«Интергаз Орталық Азия» АҚ

Тәуелсіз растау

GRI 2-5

«QazaqGaz» ҰК» АҚ-ның 29 негізгі қаржылық емес көрсеткіштерінің сыртқы аудит рәсімін «KPMG Tax and Advisory» ЖШС орындады. Аудиторлық қорытынды осы Есепке қосымшада ұсынылған.

2022 жылғы Интеграцияланған жылдық есеппен салыстырғанда верификацияланатын көрсеткіштер саны 2,5 есеге 11-ден 29-ға дейін ұлғайды. Бұл Компанияның өз қызметінің транспаренттілігін қамтамасыз ету жөніндегі халықаралық стандарттарға сәйкестігін көрсетеді.

1	GRI 204-1	Сатып алу
2	GRI 205-1	Сыбайлас жемқорлыққа байланысты тәуекелдер бойынша операцияларды бағалау
3	GRI 205-2	Сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясат және рәсімдер бойынша коммуникация және оқыту
4	GRI 205-3	Сыбайлас жемқорлықтың расталған жағдайлары және қабылданған шаралар
5	GRI 2-7	Персоналдың тізімдік саны
6	GRI 2-8	Штаттан тыс жұмыскерлер, тізімдік саны
7	GRI 2-30	Ұжымдық шарттармен қамтылған жұмыскерлер
8	GRI 302-1	Ұйым ішіндегі энергияны тұтыну
9	GRI 302-3	Энергия сыйымдылығы
10	GRI 302-4	Энергия тұтынуды азайту
11	GRI 304-1	Биоәртүрлілікті сақтау
12	GRI 304-2	Қызметтің, өнімдер мен көрсетілетін қызметтердің биоалуантүрлілікке елеулі әсері
13	GRI 304-4	МСОП Қызыл кітабына енгізілген түрлер және ұлттық табиғатты қорғау тізіміне енгізілген түрлер, операциялар жүргізілген аудандардағы жерлер
14	GRI 305-1	Парниктік газдардың тікелей шығарындылары (1-қамту саласы)
15	GRI 305-2	Парниктік газдар шығарындылары: 2-қамту саласы (сатып алынған электр энергиясы мен жылудан)
16	GRI 305-4	Парниктік газдар шығарындыларының қарқындылығы
17	GRI 305-5	Парниктік газдар шығарындыларын азайту
18	GRI 305-7	Ластаушы заттардың айтарлықтай шығарындылары
19	GRI 401-1	Жаңа қызметкерлерді жалдау және олардың жұмыстан шығуы
20	GRI 401-2	Толық жұмыспен қамтылған қызметкерлерге берілетін жеңілдіктер
21	GRI 401-3	Бала күту демалысы

22	GRI 403-8	Жұмыс орнындағы еңбекті қорғау және қауіпсіздік мәселелерін басқару жүйесімен қамтылған жұмыскерлер
23	GRI 403-9	Өндірістік жарақаттар
24	GRI 404-1	Бір қызметкерге жылына орташа оқу сағаты бойынша Қызыл кітапқа енгізілген түрлер
25	GRI 404-3	Тұрақты өнімділік пен мансаптық дамуды бағалайтын жұмысшылардың пайызы
26	GRI 405-1	Мүмкіндігі шектеулі жұмыскерлердің саны
27	GRI 406-1	Кемсітушілік жағдайлары және қабылданған түзету әрекеттері
28	GRI 413-1	ЕТҰ жергілікті қоғамдастықтарды тарта отырып, әсерді бағалау және даму бағдарламалары
29	GRI 418-1	Клиенттің құпиялылығының бұзылуына және клиенттің деректерінің жоғалуына негізделген шағымдар

Маңызды тақырыптар

GRI 3-1

«QazaqGaz» ҰК» АҚ-ның тыныс-тіршіліктің әртүрлі салаларына әлеуетті және нақты әсерін көрсететін тақырыптардың маңыздылығын бағалау нәтижелері бойынша GRI 11: Oil and Gas Sector Disclosures мұнай-газ компаниялары үшін салалық стандартты қоса алғанда, GRI стандарттарына сәйкес келетін 19 тақырыптан тұратын тізбе айқындалды.

Маңыздылығын бағалау мұнай-газ саласындағы компаниялардың жылдық есептерін компаративті талдау негізінде, сондай-ақ стейкхолдерлердің анкета-сауалнаманы толтыруы негізінде айқындалды. Онда Компанияның қоршаған ортаға, адами капиталға, сондай-ақ адам құқықтары мен экономикаға әсеріне қатысты мәселелер ашылды.

69-кесте. **Есепте ашу үшін маңызды тақырыптар Басқарманың шешімімен бекітілген (2023 жылғы 28 желтоқсандағы № 37 хаттама).**

GRI 3-2

GRI 11.1	*Парниктік газдар шығарындылары*
GRI 11.2	*Климаттық стратегия*
GRI 11.3	*Атмосфераға шығарындылар*
GRI 11.4	*Биоалуантүрлілік*
GRI 11.5	*Қалдықтарды басқару*
GRI 11.6	*Су ресурстары мен ағынды суларды басқару*
GRI 11.8	*Активтерді сақтау және басқару*
GRI 11.9	*Еңбекті қорғау және өнеркәсіптік қауіпсіздік*
GRI 11.10	*Жұмысқа орналасу тәжірибесі*
GRI 11.11	*Кемсітушілікке қарсы тұру және тең мүмкіндіктер*
GRI 11.12	*Мәжбүрлі еңбек*
GRI 11.13	*Қауымдастық бостандығы*
GRI 11.14	*Экономикалық тиімділік*
GRI 11.15	*Жергілікті қауымдастықтар*
GRI 11.18	*Қақтығыстар және қауіпсіздік*
GRI 11.19	*Бәсекелестікке кедергі*
GRI 11.20	*Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл*
-	*Адами капиталды дамыту*
-	*Корпоративтік этика*
-	*Заңнамалық талаптарға сәйкестігі*
-	*Төтенше жағдайларды басқару*

GRI 3-2

2022 жылдың Интеграцияланған жылдық есебімен салыстырғанда маңызды тақырыптар тізіміне мыналар қосылды:

1. Мәжбүрлі еңбек
2. Қауымдастық бостандығы
3. Экономикалық тиімділік
4.Жжергілікті қауымдастықтар
5. Қақтығыстар және қауіпсіздік
6. Бәсекелестікке кедергі
7. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл

Есепті жылы маңызды тақырыптар тізімін өзгерту 2023 жылғы 1 қаңтардан бастап GRI 2021 қаржылық емес есептіліктің жаңартылған стандарттарының, атап айтқанда GRI 11: Oil and Gas Sector Disclosures салалық стандартының күшіне енуіне байланысты, ол мұнай-газ секторы компаниялары үшін белгілі бір маңызды тақырыптардың тізімін қамтиды, сондай-ақ маңызды тақырыптарды анықтауға жаңартылған тәсілді реттейді.

2-қосымша. Есептегі GRI стандарттарын ашу сілтемесі

GRI индексі	Көрсеткіш атауы	Есептегі бөлім және парақ / түсініктеме
Пайдалану туралы өтініш: "QazaqGaz" ҰК" АҚ GRI 11: Oil and Gas Sector Disclosures салалық стандартына сәйкес 2023 жылғы 1 қаңтардан бастап 2023 жылғы 31 желтоқсанға дейінгі кезеңде GRI стандарттарын ашудың осы көрсеткішінде келтірілген ақпаратты ұсынды.		
"QazaqGaz" ҰК" АҚ үшін қолданылатын салалық стандарт: *GRI 11: Oil and Gas Sector Disclosures.*		
GRI 1: 2021 негіз		
GRI 2: 2021 есптілігінің жалпы элементтері		
2-1	Ұйым туралы мәліметтер	Компания туралы, 18 п., Компания активтерінің құрылымы, 18-19 п.,
2-2	Ұйымның тұрақты даму саласындағы есептілігіне енгізілген кәсіпорындар	Есеп туралы, 211-214 п.,
2-3	Есеп беру кезеңі, кезеңділігі және байланыс тұлғасы	Есеп туралы, 210-211 а.,
2-4	Ақпаратты қайта қарау	Персоналды басқару және әлеуметтік саясат, 121 п.,
2-5	Тәуелсіз сенімділік	Есеп туралы, 214-216 п.,
2-6	Қызмет, құн тізбегі және басқа да іскерлік қатынастар	Компания қызметінің географиясы мен бағыттары, экономикалық тиімділік, 179-181 п.,
2-7	Қызметкерлер	Персоналды басқару және әлеуметтік саясат, 121-122, 124-127 п.,

2-8	Жұмыскер емес қызметкерлер	Персоналды басқару және әлеуметтік саясат, 127-129 п.,
2-9	Басшылықтың құрылымы мен құрамы	Тұрақты дамуды басқару тәсілі, Корпоративтік басқару, 182-183 п., Директорлар кеңесі, 183-199 п.,
2-10	Жоғары басқару органын сайлау және бекіту тәртібі	Директорлар кеңесі, 195 п.,
2-11	Жоғары басқару органының төрағасы	Директорлар кеңесі, 185-186 п.,
2-12	Әсерді басқаруды қадағалаудағы жоғары басқару органының рөлі	Тұрақты дамуды басқару тәсілі, 194 п., Директорлар кеңесі, 194 п.,
2-13	Әсерді басқару жауапкершілігін беру	Тұрақты дамуды басқару тәсілі, 53-54 п.,
2-14	Жоғары басқарушы органның орнықты даму саласындағы есептіліктегі рөлі	Тұрақты дамуды басқару тәсілі, 53-54 п.,
2-15	Мүдделер қақтығысы	Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл, 156-157 п.,
2-16	Маңызды мәселелер туралы ақпаратты жоғары басшы органның назарына жеткізу	Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл, 172 п.,
2-17	Жоғары басқарушы органның ұжымдық білімі	Тұрақты дамуды басқару тәсілі, 54-57 п.,
2-18	Жоғары басшы орган жұмысының тиімділігін бағалау	Есепті жылы Жалғыз акционер Компанияның Директорлар кеңесінің қызметін бағалауға қатысты шешім қабылдаған жоқ. 2023 жылы "QazaqGaz" ҰК" АҚ Ішкі аудит қызметі Директорлар кеңесі мен атқарушы органның тиімділігін бағалауды қоса алғанда, Компанияның корпоративтік басқаруына диагностика жүргізуді жоспарлап отыр.
2-19	Сыйақы саясаты	Сыйақы, 201 п.,
2-20	Сыйақы мөлшерін анықтау процесі	Сыйақы, 201 п.,
2-22	Тұрақты даму стратегиясы туралы мәлімдеме	Директорлар кеңесі Төрағасының үндеуі, 7-8 п.,
2-23	Бекітілген міндеттемелер	Тұрақты дамуды басқару тәсілі, 52 п., Кемсітушілікке қарсы тұру және тең мүмкіндіктер 148 п., Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл, 155-156 п.,

		Сатып алуды басқару, 175 п.,
2-24	Ұйымның ішкі құжаттарында	Тұрақты дамуды басқару тәсілі, 51-52 п.,
2-25	Бекітілген міндеттемелерді орындау	Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл, 172-173 п.,
2-26	Ұйымның ішкі құжаттарында	Персоналды басқару және әлеуметтік саясат, 142-143 п., Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл, 172-173 п.,
2-27	Теріс әсерлерді жою процестері	Монополияға қарсы заңнаманы сақтау, 178 п.,
2-28	Кеңес алу және алаңдаушылық білдіру тетіктері	Қауымдастықтарға қатысу және халықаралық принциптерді ұстану, 67-68 п.,
2-29	Заңдар мен нормативтік актілерді сақтау	Мүдделі тараптармен өзара іс-қимыл, 63-67 п.,
2-30	Қауымдастықтарға мүшелік	Персоналды басқару және әлеуметтік саясат, 139-140 п.,
GRI 3: Маңызды тақырыптар 2021		
GRI 3-1	Маңызды тақырыптарды анықтау тәртібі	Есеп туралы, 216 п.,
GRI 3-2	Маңызды тақырыптар тізбесі	Есеп туралы, 217-218 п.,
GRI 11: Маңызды тақырыптар		
11.1. Парниктік газдар шығарындылары		
GRI 3-3	Маңызды тақырыптарды басқару	Энергоменеджмент, 69-74 п.,
GRI 302-1	Ұйым ішіндегі энергияны тұтыну	Энергоменеджмент, стр. 95 п., Компания және оның еншілес ұйымдары энергия ресурстарын тұтынбайды және үшінші тараптарға сатпайды. Компания тұтынбайды
GRI 302-3	Энергия сыйымдылық	2023 жылы компанияда энергия сыйымдылығы көрсеткішін есептеу бойынша статистика жүргізілмеген
GRI 305-1	Парниктік газдардың тікелей шығарындылары (1-қамту саласы)	Климаттың өзгеруі, 86 п.,
GRI 305-2	Парниктік газдардың жанама энергетикалық шығарындылары (2-қамту саласы)	Климаттың өзгеруі, 85 п.,
GRI 305-3	Парниктік газдардың жанама өзге де шығарындылары (3-қамту саласы)	Есепті жылы Компанияда ПГ шығарындыларын сәйкестендіру және бағалау тәжірибесі болмады

		(3-қамту саласы)
GRI 305-4	Парниктік газдар шығарындыларының қарқындылығы	Климаттың өзгеруі, 86 п.,
GRI 305-5	Парниктік газдар шығарындыларын азайту	Климаттың өзгеруі, 86-87 п.,
11.3. Атмосфераға шағарылатын шығарындылар		
GRI 3-3	Маңызды тақырыптарды басқару	Ластаушы заттардың шығарындылары, 76-77 п.,
GRI 305-7	NOx, SOx және атмосфераға басқа да маңызды шығарындылар	Ластаушы заттардың шығарындылары, 77-78 п., Компания тұрақты органикалық ластаушы заттардың шығарындыларын шығармайды (ТОЛ).
11.4. Биоалуантүрлілік		
GRI 3-3	Маңызды тақырыптарды басқару	Биоалуантүрлілік, 80-81 п.,
GRI 304-1	Меншіктегі, жалға алынған немесе ұйымның басқаруындағы және қорғалатын табиғи аумақтардың шекарасынан тыс немесе осындай аумақтарға іргелес орналасқан қорғалатын табиғи аумақтар мен биоәртүрлілік құндылығы жоғары аумақтарда орналасқан өндірістік алаңдар	Биоалуантүрлілік, 80-81 п.,
GRI 304-2	Қызметтің, өнімдер мен көрсетілетін қызметтердің биоәртүрлілікке елеулі әсерін сипаттау	Биоалуантүрлілік, 81 п.,
GRI 304-4	МСОП Қызыл тізіміне және қорғалатын түрлердің ұлттық тізіміне енгізілген түрлердің жалпы саны, олардың тіршілік ету ортасы ұйымның қызметі әсер ететін аумақта орналасқан	Биоалуантүрлілік, 82 п.,
11.5. Қалдықтарды басқару		
GRI 3-3	Маңызды тақырыптарды басқару	Қалдықтарды өңдеу, 78-79 п.,
GRI 306-1	Қалдықтардың пайда болуы және маңызды қалдықтармен байланысты салдарлар	Қалдықтарды өңдеу, 79-80 п.,
GRI 306-2	Қалдықтармен байланысты елеулі әсерлерді басқару	Қалдықтарды өңдеу, 79-80 п.,
GRI 306-3	Өндірістік қалдықтар	Қалдықтарды өңдеу, 79 п.,

11.6. Су ресурстарын басқару		
GRI 3-3	Маңызды тақырыптарды басқару	Су ресурстары, 73-74 п.,
GRI 303-1	Суды ортақ ресурс ретінде пайдалану	Су ресурстары, 74 п.,
GRI 303-2	Суды ағызуға байланысты әсерлерді басқару	Су ресурстары, 74 п.,
GRI 303-3	Алынатын судың жалпы көлемі	Су ресурстары, 75 п.,
GRI 303-4	Суды ағызу	Су ресурстары, 75-76 п.,
GRI 303-5	Су тұтыну	Су ресурстары, 76 п.,
11.9. Еңбекті қорғау және өнеркәсіптік қауіпсіздік		
GRI 3-3	Маңызды тақырыптарды басқару	Еңбекті қорғау, өнеркәсіптік қауіпсіздік және ТЖ-ға дайындық, 99-101 п.,
GRI 403-1	Жұмыс орнындағы еңбекті қорғау және қауіпсіздік мәселелерін басқару жүйесі	Еңбекті қорғау, өнеркәсіптік қауіпсіздік және ТЖ-ға дайындық, 104-105 п.,
GRI 403-2	Қауіпті анықтау, тәуекелдерді бағалау, жазатайым оқиғаларды тергеу	Еңбекті қорғау, өнеркәсіптік қауіпсіздік және ТЖ-ға дайындық, 105-107 п.,
GRI 403-3	Денсаулық сақтау қызметі	Еңбекті қорғау, өнеркәсіптік қауіпсіздік және ТЖ-ға дайындық, 105-107 п.,
GRI 403-4	Жұмыс орнындағы еңбекті қорғау және қауіпсіздік мәселелері бойынша жұмыскерлердің қатысуы, консультациялар мен коммуникациялар	Еңбекті қорғау, өнеркәсіптік қауіпсіздік және ТЖ-ға дайындық, 102-104 п.,
GRI 403-5	Жұмыс орнындағы еңбекті қорғау және қауіпсіздік мәселелері бойынша кәсіптік даярлау	Еңбекті қорғау, өнеркәсіптік қауіпсіздік және ТЖ-ға дайындық, 109 п.,
GRI 403-6	Жұмыскерлердің денсаулығын жақсарту	Еңбекті қорғау, өнеркәсіптік қауіпсіздік және ТЖ-ға дайындық, 109-112 п.,
GRI 403-7	Іскерлік қатынастармен тікелей байланысты денсаулық пен еңбек қауіпсіздігінің салдарын болдырмау және азайту	Еңбекті қорғау, өнеркәсіптік қауіпсіздік және ТЖ-ға дайындық, 107 п.,
GRI 403-8	Жұмыс орнындағы еңбекті қорғау және қауіпсіздік мәселелерін басқару жүйесімен қамтылған жұмыскерлер	Еңбекті қорғау, өнеркәсіптік қауіпсіздік және ТЖ-ға дайындық, 112 п.,
GRI 403-9	Өндірістік жарақаттар	Еңбекті қорғау, өнеркәсіптік қауіпсіздік және ТЖ-ға дайындық, 113 п.,

GRI 403-10	Кәсіби аурулар	Еңбекті қорғау, өнеркәсіптік қауіпсіздік және ТЖ-ға дайындық, 114 п.,
11.10. Жұмысқа орналасу тәжірибесі		
GRI 3-3	Маңызды тақырыптарды басқару	Персоналды басқару және әлеуметтік саясат, 118-119 п.,
GRI 401-1	Жаңадан жалданған жұмыскерлер және кадрлардың ауысуы	Персоналды басқару және әлеуметтік саясат, 129-131, 140-142 п.,
GRI 401-2	Уақытша немесе толық емес жұмыс жағдайында жұмыс істейтін жұмыскерлерге берілмейтін, толық жұмыспен қамту жағдайында жұмыс істейтін жұмыскерлерге берілетін жеңілдіктер	Персоналды басқару және әлеуметтік саясат, 128-129 п.,
GRI 401-3	Бала күтімі бойынша демалыс	Персоналды басқару және әлеуметтік саясат, 131-132 п.,
GRI 402-1	Ұйым қызметіндегі елеулі өзгерістерге қатысты хабарламаның ең аз кезеңі	Персоналды басқару және әлеуметтік саясат, 131 п.,
GRI 404-1	Бір жұмыскерге жылына оқу сағаттарының орташа жылдық саны	Персоналды басқару және әлеуметтік саясат, 136 п.,
GRI 404-2	Жұмыскерлердің жұмыспен қамту қабілетін қолдауға арналған біліктілікті арттыру бағдарламалары	Персоналды басқару және әлеуметтік саясат, 136-137 п.,
GRI 404-3	Тұрақты өнімділік пен мансаптық дамуды бағалайтын жұмыскерлердің пайызы	Персоналды басқару және әлеуметтік саясат, 135-136 п.,
11.11. Кемсітушілікке қарсы тұру және тең мүмкіндіктер		
GRI 3-3	Маңызды тақырыптарды басқару	Кемсітушілікке қарсы тұру және тең мүмкіндіктер, 146 п.,
GRI 405-1	Басқарушы органдар мен жұмыскерлердің әртүрлілігі	Персоналды басқару және әлеуметтік саясат, 122-123 п., Кемсітушілікке қарсы тұру және тең мүмкіндіктер, 146-147 п.,
GRI 405-2	Ерлер мен әйелдердің негізгі жалақысы мен сыйақысының арақатынасы	Кемсітушілікке қарсы тұру және тең мүмкіндіктер, 147 п.,
GRI 406-1	Кемсітушіліктің анықталған жағдайлары және қабылданған түзету әрекеттері	Кемсітушілікке қарсы тұру және тең мүмкіндіктер, 148 п.,
11.14. Экономикалық әсер		
GRI 3-3	Маңызды тақырыптарды басқару	Экономикалық тиімділік, 178-179 п.,

GRI 201-1	Құрылған және бөлінген тікелей экономикалық құн	Экономикалық тиімділік, 179-178 п.,
GRI 203-1	Инфрақұрылымға инвестициялар және өтеусіз көрсетілетін қызметтер	Жергілікті қауымдастықтар, 148-149 п.,
GRI 203-2	Елеулі жанама экономикалық әсер	Жергілікті қауымдастықтар, 149, 153 п., Сатып алуды басқару, 177-178, 180 п.,
GRI 204-1	Жергілікті жеткізушілерге арналған шығыстардың үлесі	Сатып алуды басқару, 176 п.,
11.15. Жергілікті қауымдастықтар		
GRI 3-3	Маңызды тақырыптарды басқару	Жергілікті қауымдастықтар, 148 п.,
GRI 413-1	Жергілікті қауымдастықпен өзара әрекеттесу, жергілікті қауымдастыққа әсер етуді бағалау және жергілікті қауымдастықты дамыту бағдарламаларын жүзеге асыратын бөлімшелер	Жергілікті қауымдастықтар, 152 п.,
GRI 413-2	Жергілікті қауымдастықтарға елеулі нақты немесе ықтимал теріс әсері бар бөлімшелер	Жергілікті қауымдастықтар, 152 п.,
11.19. Бәсекелестікке кедергі		
GRI 3-3	Маңызды тақырыптарды басқару	Монополияға қарсы заңнаманы сақтау, 178 п.,
GRI 206-1	Маңызды тақырыптарды басқару	Монополияға қарсы заңнаманы сақтау, 178 п.,
11.20. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл		
GRI 3-3	Маңызды тақырыптарды басқару	Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл, 175 п.,
GRI 205-1	Сыбайлас жемқорлыққа байланысты тәуекелдерді бағалау жүргізілген бөлімшелер	Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл, 174 п.,
GRI 205-2	Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саясаты мен әдістері туралы хабардар ету және оларға оқыту	Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл, 159-171 п.,
GRI 205-3	Сыбайлас жемқорлықтың расталған жағдайлары және қабылданған әрекеттер	Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл, 157 п.,

3-қосымша. Шоғырландырылған қаржылық есептілік

pwc

Тәуелсіз аудитордың аудиторлық есебі

«QazaqGaz «ҰК» АҚ акционеріне, Директорлар кеңесіне және басшылығына:

Біздің пікіріміз

Біздің ойымызша, шоғырландырылған қаржылық есептілік 2023 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша «QazaqGaz «ҰК» АҚ (бұдан әрі – «Компания») мен оның еншілес кәсіпорындарының (бұдан әрі бірлесіп «Топ» деп аталатын) шоғырландырылған қаржылық жағдайын, сондай-ақ көрсетілген күні аяқталған шоғырландырылған қаржылық нәтижелерді және ақша қаражатының шоғырландырылған қозғалысын барлық маңызды қатынастарда ХҚЕС бухгалтерлік есеп стандарттарына сәйкес.

Аудит пәні

Біз Топтың шоғырландырылған қаржылық есептілігіне аудит жүргіздік, оған мыналар кіреді:

- 2023 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша қаржылық жағдай туралы шоғырландырылған есеп;
- көрсетілген күні аяқталған жыл үшін жиынтық табыс туралы шоғырландырылған есеп;
- көрсетілген күні аяқталған жыл үшін капиталдағы өзгерістер туралы шоғырландырылған есеп;
- көрсетілген күні аяқталған жыл үшін ақша қаражаттарының қозғалысы туралы шоғырландырылған есеп;
- есеп саясаты туралы елеулі ақпаратты және өзге де түсіндірме ақпаратты қоса алғанда, шоғырландырылған қаржылық есептілікке ескертпелер.

Пікір білдіру үшін негіз

Біз халықаралық аудит стандарттарына (ХАС) сәйкес аудит жүргіздік. Көрсетілген стандарттарға сәйкес біздің жауапкершілігіміз бұдан әрі есептің «Шоғырландырылған қаржылық есептіліктің аудиті үшін аудитордың жауапкершілігі" бөлімінде сипатталған.

Біз алған аудиторлық дәлелдер біздің пікірімізді білдіруге негіз бола алатындай жеткілікті және тиісті деп санаймыз.

Тәуелсіздік

Біз бухгалтерлер үшін халықаралық этика стандарттары жөніндегі кеңес (БХЭСК кодексі) шығарған кәсіби бухгалтерлер этикасының халықаралық кодексіне (Халықаралық тәуелсіздіктің стандарттарын қамтитын) және Қазақстан Республикасындағы шоғырландырылған қаржылық есептілік аудитіне қолданылатын этикалық талаптарға сәйкес Топқа қатысты тәуелсізбіз. Біз БХЭСК Кодексіне және жеке қаржылық есептілік аудитіне қолданылатын Қазақстан Республикасының Этикалық талаптарына сәйкес өзге де этикалық міндеттерді орындадық.

Біздің аудит әдістемесі

Қысқаша шолу

- Жалпы Топтың шоғырландырылған қаржылық есептілігі деңгейіндегі маңыздылығы: 15,560,000 мың қазақстандық теңге («теңге»), бұл салық салуға дейінгі пайданың 5% құрайды

- Топтың аудит көлеміне Компания, үш еншілес кәсіпорын және екі бірлескен кәсіпорын кірді.
- Аудит көлемі топ кірісінің 98% - және салық салуға дейінгі топтың абсолютті пайдасының 100% қамтиды.

- Ұзақ мерзімді активтердің құнсыздануы
- Газ құбырларын жою және учаскелерді қалпына келтіру бойынша резерв
- Газ сатып алу бойынша кредиторлық берешекті бағалау

Аудитті жоспарлау кезінде біз шоғырландырылған қаржылық есептіліктің елеулі бұрмалану тәуекелдерінің маңыздылығын анықтадық және бағаладық. Атап айтқанда, біз басшылықтың субъективті пайымдаулар жасаған салаларын талдадық, мысалы, маңызды бағалау мәндеріне қатысты, бұл болжамдарды қолдануды және олардың сипатына байланысты белгісіздікпен байланысты болашақ оқиғаларды қарастыруды қамтиды. Біздің барлық аудиттеріміздегідей, біз де басшылықтың ішкі бақылау жүйесін айналып өту қаупін, соның ішінде, бірақ олармен шектелмей, жосықсыз әрекеттердің салдарынан елеулі бұрмалану қаупін тудыратын басшылықтың біржақтылық белгілерінің болуын бағалауды қарастырдық.

Маңыздылық

Біздің аудит көлемін анықтауға біздің маңыздылықты қолдануымыз әсер етті. Аудит шоғырландырылған қаржылық есептілікте айтарлықтай бұрмаланулар жоқ екеніне ақылға қонымды сенімділік алуға арналған. Бұрмаланулар жосықсыз әрекеттерден немесе қателіктерден туындауы мүмкін. Егер олар жеке немесе жиынтықта осы шоғырландырылған қаржылық есептілік негізінде қабылданған пайдаланушылардың экономикалық шешімдеріне әсер етуі мүмкін деп болжауға болатын болса, олар маңызды болып саналады.

Тәуелсіз аудитордың аудиторлық есебі (жалғасы)

3-бет

Кәсіби пайымдауымызға сүйене отырып, біз төмендегі кестеде көрсетілгендей, маңыздылық үшін, оның ішінде Топтың шоғырландырылған қаржылық есептілігі деңгейінде маңыздылық үшін белгілі бір сандық шектерді белгіледік. Осы мәндердің көмегімен және сапалық факторларды ескере отырып, біз аудиттің көлемін, сондай-ақ аудиторлық рәсімдердің сипатын, мерзімдерін және көлемін анықтадық және бұрмаланулардың (жеке және жиынтықта алынған), егер бар болса, тұтастай шоғырландырылған қаржылық есептілікке әсерін бағаладық.

Тұтастай алғанда Топтың шоғырландырылған қаржылық есептілігі деңгейіндегі маңыздылығы	15,560,000 мың теңге
Біз оны қалай анықтадық	Салық салуға дейінгі пайданың шамамен 5%
Маңыздылық деңгейін анықтау үшін қолданылған базалық көрсеткіштің негіздемесі	Біз маңыздылық деңгейін анықтау үшін базалық көрсеткіш ретінде салық салғанға дейінгі пайдадны қолдандық, өйткені біздің ойымызша, Топтың қызмет нәтижелерін бағалау үшін шоғырландырылған қаржылық есептілікті пайдаланушылар жиі қарастыратын осы базалық көрсеткіш және ол жалпыға бірдей танылған базалық көрсеткіш болып табылады. Біз маңыздылықты 5% деңгейінде белгіледік, бұл осы сектордағы пайдаға бағытталған кәсіпорындар үшін қолданылатын қолайлы сандық маңыздылық шектерінің диапазонына кіреді.

Аудиттің негізгі мәселелері

Аудиттің негізгі мәселелері - бұл біздің кәсіби пайымдауымызша, ағымдағы кезеңдегі шоғырландырылған қаржылық есептілік аудиті үшін ең маңызды болып табылатын мәселелер. Бұл мәселелер тұтастай алғанда шоғырландырылған қаржылық есептілік аудиті аясында және осы есептілік туралы пікірімізді қалыптастыру кезінде қарастырылды және біз бұл мәселелер бойынша жеке пікір білдірмейміз.

Негізгі аудит мәселесі	Негізгі аудит мәселесіне қатысты қандай аудиторлық рәсімдер орындалды
Ұзақ мерзімді активтердің құнсыздануы	
Шоғырландырылған қаржылық есептіліктегі 3 және 6 ескертпелер 2023 жылы Топтың табыстылығына қарыз алу пайыздық мөлшерлемелерінің жоғарылауы, газ транзитінің төмендеуі және топ өз қызметін жүзеге асыратын экономикалық ортадағы өзгерістер әсер етті. Бұл 2023 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша топтың баланстық құны 1,506,401,491 мың теңге болатын айналымнан тыс активтері құнсыздануы мүмкін екенін көрсетеді. Активтердің өтелетін сомасы оларды пайдалану құндылығын ескере отырып айқындалды. Өтелетін соманы анықтау болашақтағы болжамды ақша ағындарына, дисконттау мөлшерлемелеріне және негізгі өндірістік шығындар деңгейіне қатысты айтарлықтай пайымдаулар мен басшылықтың болжамдарын талап етеді. Бұл болжамдар нарықтық жағдайлардың белгісіздігіне байланысты айтарлықтай құбылмалылыққа ұшырайды. Біз активтердің баланстық құнының маңыздылығына және өтелетін соманы анықтау кезінде айтарлықтай пайымдау қажет екендігіне байланысты осы салаға назар аудардық.	Біздің рәсімдер мыналарды қамтыды: • Біз ішкі процестер мен бақылаулар туралы түсінік алдық және ХҚЕС (IAS) 36 сәйкестігі үшін ұзақ мерзімді активтердің құнсыздануын бағалау кезінде басшылық қолданатын әдістемені талдадық. • Біз басшылық дайындаған құнсыздану моделдерін алдық, таныстық және бағаладық. Біз ішкі нарықтағы тарифтер, экспорттық сату бағалары, тасымалдау және өндіру көлемі, дисконттау мөлшерлемелері, инфляция деңгейлері, елге тән тәуекелдер және шетел валюталарының бағамдары сияқты модельдерде қолданылатын әдіснамалар мен болжамдарды талдау үшін бағалау бойынша сарапшыларымызды пайдаландық. • Біз болашақ операциялық және күрделі шығындарды, сондай-ақ кіріс болжамдарын соңғы бекітілген бизнес-жоспарлар мен бюджеттермен салыстырдық. • Біз құнсыздану модельдерінде қолданылатын негізгі болжамдарды тиісті ААТБ тарихи көрсеткіштерімен салыстырдық. • Біз олардың құнсыздану нәтижелеріне ықтимал әсерін және өтелетін соманың ықтимал нәтижелерінің ауқымын бағалау үшін негізгі болжамдардың сезімталдығын талдадық. • Біз шоғырландырылған қаржылық есептілікте ХҚЕС бухгалтерлік есеп стандарттарының талаптарына сәйкестігіне тиісті ескертпелердің бағалауын жүргіздік.

Негізгі аудит мәселесі	Негізгі аудит мәселесіне қатысты қандай аудиторлық рәсімдер орындалды
Газ құбырларын жою және учаскелерді қалпына келтіру женіндегі резерв	
Шоғырландырылған қаржылық есептіліктегі 3 және 6 және 21-ескертпелер 2023 жылы Топ газ құбырларын жоюға және учаскелерді қалпына келтіруге арналған резервті есептеу әдістемесін нақтылады. Топ жою жұмыстарының нақты саны мен қолданылатын құнын анықтау үшін ішкі сарапшыларды пайдаланды. Әдістемедегі нақтылау айтарлықтай қосымша резервтерге әкелмеді. Біз 2023 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша 78,090,261 мың теңгені құрайтын резерв балансының маңыздылығына және газ құбырларын жою және учаскелерді қалпына келтіру бойынша резервті есептеу болашақ номиналды шығындарды бағалау кезінде тән субъективтіліклен және пайдаланудан шығару женіндегі міндеттемелерді нақты орындау мерзімдеріне байланысты белгісіздікке орай осы салаға назар аудардық.	Біздің рәсімдерге мыналар кірді: • Біз ішкі процестер мен бақылаулар туралы түсінік алдық және 37 ХҚЕС-ке (IAS) сәйкес резерв анықтау үшін нұсқаулық қолданатын әдістемені талдадық. • Біз әртүрлі тарату жұмыстарының нақты саны мен тиісті құнын анықтау үшін басшылықтың пайдаланған сарапшыларының құзыреттілігін, біліктілігін, тәжірибесін және объективтілігін бағаладық. • Біз топтың есептеулерін қарастырдық, негізгі болжамдарды сыртқы ақпарат көздерімен салыстырдық және нақты жұмыс көлемін, бірлік құнын және құрылыс-сметалық нормаларды қоса алғанда, номиналды құнын есептеуде қолданылатын бастапқы деректерді іріктеп тексердік. • Біз пайдаланудан шығарылатын негізгі құралдар тізіліміндегі активтерді толықтығын тексеру үшін резерв есебіне енгізілген активтер тізімімен салыстырдық. • Біз газ құбырларын жою және учаскелерді қалпына келтіру бойынша резервті есептеу кезінде топ пайдаланатын дисконттау ставкалары мен инфляцияның дұрыстығын растау үшін бағалау бойынша сарапшыларымызды қатыстырдық. • Біз шоғырландырылған қаржылық есептілікте ХҚЕС бухгалтерлік есеп стандарттарының талаптарына сәйкестігіне тиісті ескертпелердің бағалауын жүргіздік.

Негізгі аудит мәселесі	Негізгі аудит мәселесіне қатысты қандай аудиторлық рәсімдер орындалды
Газ сатып алу бойынша бағалау кредиторлық берешегі	
Шоғырландырылған қаржылық есептіліктегі 3 және 24-ескертпелер 2023 жылы топ өзінің негізгі жеткізушілерінің бірінен тауарлық газды баға келісімінсіз сатып алды. Шоғырландырылған қаржылық есептілік шығарылған күні жеткізушімен келіссөздер жалғасуда және соңғы шешім әлі қабылданған жоқ. Топ 2023 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша 109,818,524 мың теңге сомасындағы бағалау кредиторлық берешегін, Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігі деңгейінде жеткізушімен тарихи сатып алу бағаларын, хат алмасуды және келіссөздерді, сондай-ақ Қазақстан Республикасының Үкіметі мен жеткізуші арасындағы өзара түсіністік туралы Меморандумда көзделген газ сатып алу бағасын айқындау механизмін назарға ала отырып, басшылықтың ең үздік бағасын негізге ала отырып мойындады. Біз бағалау кредиторлық берешегінің маңыздылығына және оны анықтау кезінде айтарлықтай пайымдауды қажет ететіндігіне байланысты осы салаға назар аудардық.	Біздің рәсімдерімізге мыналар кірді: • Біз топ басшылығымен талқыладық және топ пен жеткізуші арасындағы келіссөздердің дамуы мен мәртебесі туралы түсінік алдық. • Біз Қазақстан Республикасының Үкіметі мен газ сатып алу бағасын айқындау механизмін белгілейтін өнім беруші арасындағы өзара түсіністік туралы меморандуммен және өнім берушімен хаттарымен таныстық. • Біз жеткізушіден оның ұстанымын түсіндіретін хат алдық. • Біз есептелген кредиторлық берешекті бағалау үшін пайдаланылған негізгі болжамдардың дұрыстығын бағаладық және оларды 2022 жылы нақты төленген жеткізушінің тарихи бағаларымен және 2023 жылы басқа газ жеткізушілерінің бағаларымен салыстырдық. • Біз кредиторлық берешекті есептеудің математикалық дұрыстығын тексердік. • Біз газ бағасының ықтимал өзгеруінің әсерін бағалау үшін сезімталдық талдауын жасадық. • Біз шоғырландырылған қаржылық есептілікте ХҚЕС бухгалтерлік есеп стандарттарының талаптарына сәйкестігіне тиісті ескертпелердің бағалауын жүргіздік.

Топ аудитінің көлемін анықтау

Аудит көлемін біз есеп процестері мен бақылаулар тобы пайдаланатын топтың құрылымын ескере отырып, сондай-ақ топ өз қызметін жүзеге асыратын саланың ерекшелігін ескере отырып, тұтастай шоғырландырылған қаржылық есептілік туралы пікірімізді білдіру үшін жұмыстарды жеткілікті көлемде орындай алатындай етіп анықтадық.

Топтық аудитке жалпы көзқарасты анықтау кезінде біз топтық аудитор немесе компоненттік аудитор ретінде орындауымыз керек жұмыс түрін анықтадық.

Топтың газ тасымалдау және газ ендіру қуаттары Қазақстан Республикасында орналасқан. Топтың активтері мен қызметі бірлесіп бақыланатын төрт ұйымды қоса алғанда, он бес субъектіге (құрамдас бөліктерге) бөлінеді. Олардың ішінде біз алты компонентті маңызды деп анықтадық, оның ішінде Компания, оның үш еншілес компаниясы және екі бірлескен кәсіпорын.

Алты маңызды компонент бойынша біз қаржылық ақпаратына толық аудит жүргіздік, оны топ шоғырландырылған қаржылық есептілікті дайындау үшін пайдаланады.

Жалпы, біздің аудит көлемі 99% активтерді, 98% кірісті және салық салуға дейінгі абсолютті пайданың 100% қамтиды. Орындалған рәсімдер бізге Топтың шоғырландырылған қаржылық есептілігіне қатысты жеткілікті тиісті аудиторлық дәлелдер алуға мүмкіндік берді, бұл біздің пікірімізге негіз болады.

Өзге ақпарат

Басшылық өзге ақпарат үшін жауап береді. Өзге ақпарат жылдық есепті қамтиды, бірақ шоғырландырылған қаржылық есептілікті және осы есептілік туралы біздің аудиторлық есепті қамтымайды. Жылдық есеп бізге аудиторлық есептің күнінен кейін беріледі деп болжануда.

Шоғырландырылған қаржылық есептілік туралы біздің пікіріміз басқа ақпаратқа қолданылмайды және біз осы ақпаратқа қатысты қандай да бір нысанда сенімділік білдіретін қорытынды бермейміз.

Шоғырландырылған қаржылық есептілікке аудит жүргізуге байланысты біздің міндетіміз жоғарыда көрсетілген басқа ақпаратпен танысу және басқа ақпарат пен шоғырландырылған қаржылық есептілік арасында елеулі сәйкессіздіктер бар ма, әлде аудит барысында алынған біліміміздегі ме және басқа ақпаратта басқа да елеулі бұрмаланулар жоқ па деген мәселені қарау болып табылады.

Егер жоғарыда көрсетілген басқа ақпаратпен танысқан кезде, ол әлі алынбаған болса, онда ол айтарлықтай бұрмалануды қамтиды деген қорытындыға келеміз, біз оны корпоративтік басқаруға жауапты тұлғалардың назарына жеткізуіміз керек.

Шоғырландырылған қаржылық есептілікті дайындаудағы басшылығының, және корпоративтік басқаруға жауапты тұлғалардың жауапкершілігі

Басшылық ХҚЕС бухгалтерлік есеп стандарттарына сәйкес дайындалуы мен нақты тапсырылуына және алаяқтық іс-әрекеттің немесе қателіктердің кесірінен болатын елеулі бұрмалаушылықтар орын алмауы тиіс шоғырландырылған қаржылық есептілікті дайындау үшін қажет деп санайтын ішкі бақылау жүйесі үшін жауапкершілікті Топ басшылығы көтереді

Шоғырландырылған қаржылық есептілікті дайындау кезінде басшылық Топтың өз қызметін үздіксіз жалғастыру қабілетін бағалауға, тиісті жағдайларда қызметтің үздіксіздігіне қатысты мәліметтерді ашуға және басшылық Топты таратуға, оның қызметін тоқтатуға ниеттенген немесе оның қызметін таратудан немесе тоқтатудан басқа қандай да бір нақты баламасы болмаған жағдайларды қоспағанда, қызметтің үздіксіздігі туралы жол беру негізінде есептілік жасауға жауапты болады.

Корпоративтік басқаруға жауапты тұлғалар Топтың шоғырландырылған қаржылық есептілігінің дайындалуын қадағалауға жауапты болады.

Шоғырландырылған қаржылық есептілік аудиті үшін аудитордың жауапкершілігі

Біздің мақсатымыз-шоғырландырылған қаржылық есептілікте жосықсыз әрекеттер немесе қателіктер салдарынан елеулі бұрмаланулар болмайтынына ақылға қонымды сенімділік алу және біздің пікірімізді қамтитын аудиторлық есепті шығару. Ақылға қонымды сенімділік-бұл сенімділіктің жоғары деңгейі, бірақ ХАС-қа сәйкес жүргізілген аудит әрқашан болған кезде елеулі бұрмалануларды анықтайтынына кепілдік емес. Бұрмаланулар жосықсыз әрекеттердің немесе қателіктердің нәтижесі болуы мүмкін және егер олар жеке немесе жиынтықта осы шоғырландырылған қаржылық есептілік негізінде қабылданған пайдаланушылардың экономикалық шешімдеріне әсер етуі мүмкін деп болжауға болатын болса, маңызды болып саналады.

ХАС-қа сәйкес жүргізілетін аудит шеңберінде біз кәсіби пайымдауды қолданамыз және аудит барысында кәсіби скептицизмді сақтаймыз. Сонымен қатар, біз мыналарды орындаймыз:

- жосықсыз әрекеттер немесе қателіктер салдарынан шоғырландырылған қаржылық есептіліктің елеулі бұрмалану тәуекелдерін анықтаймыз және бағалаймыз; осы тәуекелдерге жауап ретінде аудиторлық рәсімдерді әзірлейміз және жүргіземіз; біздің пікірімізді білдіруге негіз болатын жеткілікті және тиісті аудиторлық дәлелдемелер аламыз. Жосықсыз әрекеттер нәтижесінде елеулі бұрмалануды анықтамау қаупі қателік нәтижесінде елеулі бұрмалануды анықтамау қаупінен жоғары, өйткені жосықсыз әрекеттер сез байласу, жалғандық, қасақана өткізіп жіберу, ақпаратты бұрмаланған түрде ұсыну немесе ішкі бақылау жүйесін айналып өту әрекеттерін қамтуы мүмкін;

- жағдайларға сәйкес аудиторлық рәсімдерді әзірлеу мақсатында, бірақ топтың ішкі бақылау жүйесінің тиімділігі туралы пікір білдіру мақсатында емес, аудит үшін маңызы бар ішкі бақылау жүйесін түсінеміз;
- қолданылатын есеп саясатының тиісті сипатын және басшылық есептеген бағалау мәндерінің негізділігін және тиісті ақпаратты ашуды бағалаймыз;
- біз басшылықтың Қызметтің үздіксіздігі туралы болжамдарды қолданудың заңдылығы туралы қорытынды жасаймыз, ал алынған аудиторлық дәлелдер негізінде – топтың өз қызметін үздіксіз жалғастыру қабілетіне елеулі күмән туындауы мүмкін оқиғаларға немесе жағдайларға байланысты елеулі белгісіздік бар-жоғы туралы қорытынды жасаймыз. Егер біз елеулі белгісіздіктің болуы туралы қорытындыға келсек, біз аудиторлық есепте шоғырландырылған қаржылық есептіліктегі ақпаратты тиісті түрде ашуға назар аударуымыз керек немесе егер мұндай ақпаратты ашу орынсыз болса, біздің пікірімізді өзгертуіміз керек. Біздің қорытындыларымыз аудиторлық есеп беру күніне дейін алынған аудиторлық дәлелдерге негізделген. Алайда, болашақ оқиғалар немесе жағдайлар топтың өз қызметін үздіксіз жалғастыру қабілетін жоғалтуына әкелуі мүмкін;
- тұтастай алғанда шоғырландырылған қаржылық есептіліктің ұсынылуын, оның құрылымы мен мазмұнын, оның ішінде ақпаратты ашуды, сондай-ақ шоғырландырылған қаржылық есептіліктің оның негізінде жатқан операциялар мен оқиғаларды олардың дұрыс ұсынылуы қамтамасыз етілетіндей етіп ұсынатындығын бағалауды жүргіземіз;
- шоғырландырылған қаржылық есептілік туралы пікір білдіру үшін ұйымдардың немесе топ ішіндегі қызметтің қаржылық ақпаратына қатысты жеткілікті тиісті аудиторлық дәлелдер аламыз. Біз топты басқаруға, бақылауға және аудит жүргізуге жауаптымыз. Біз аудиторлық пікірімізге толықтай жауап береміз

Біз корпоративтік басқаруға жауапты тұлғалармен ақпараттық өзара іс-қимылды жүзеге асырамыз, олардың назарына аудиттің жоспарланған көлемі мен мерзімдері туралы, сондай-ақ аудит нәтижелері бойынша елеулі ескертулер, оның ішінде аудит процесінде анықтайтын ішкі бақылау жүйесінің елеулі кемшіліктері туралы ақпаратты жеткіземіз.

Біз сондай-ақ корпоративтік басқаруға жауапты тұлғаларға тәуелсіздікке қатысты барлық тиісті этикалық талаптарды сақтағанымыз туралы мәлімдеме береміз және бұл адамдарға аудитордың тәуелсіздігіне негізді түрде әсер ететін деп санауға болатын барлық қарым – қатынастар мен басқа да мәселелер туралы, ал қажет болған жағдайларда қауіптерді жою үшін қабылданған немесе қабылданған әрекеттер туралы хабарлаймыз сақтық шаралары.

Корпоративтік басқаруға жауапты тұлғалардың назарына жеткізген мәселелердің ішінен біз ағымдағы кезеңдегі шоғырландырылған қаржылық есептілік аудиті үшін ең маңызды мәселелерді анықтаймыз, сондықтан аудиттің негізгі мәселелері болып табылады. Біз бұл сұрақтарды аудиторлық есепте сипаттаймыз, егер бұл мәселелер туралы көпшілікке жария етуге заңмен немесе нормативтік актімен тыйым салынған жағдайларды қоспағанда немесе өте сирек жағдайларда кез-келген мәселе туралы ақпарат біздің есепте хабарланбауы керек деген қорытындыға келсек, теріс деп болжауға болады мұндай ақпаратты хабарлаудың салдары оның хабарламасының әлеуметтік маңызды пайдасынан асып түседі.

Аудиттің жауапты жетекшісі, оның нәтижелері бойынша тәуелсіз аудитордың осы аудиторлық есебін шығарған – Алмаз Садыков.

«ПрайсуотерхаусКуперс» ЖШС атынан

PricewaterhouseCoopers LLP

Бекітілді:

Азамат Конратбаев
Басқарушы директор
"ПрайсуотерхаусКуперс"ЖШС
(Қазақстан Республикасы Қаржы Министрлігінің
1999 жылғы 21 қазандағы № 0000005
Бас мемлекеттік лицензиясы)

Қол қойылды:

Алмаз Садыков
Аудитор-орындаушы
(2019 жыл 8 ақпандағы Біліктілік куәлігі
№ 0000745)

2024 жылғы 28 ақпан

Астана, Қазақстан

Мың теңгемен	Ескерт.	2023 ж. 31 желтоқсан	2022 ж. 31 желтоқсан (қайта есептелген)*
АКТИВТЕР			
Айналымнан тыс активтер			
Негізгі құралдар	6	1.430.331.997	1.115.584.339
Барлау және бағалау бойынша активтер	7	4.510.107	16.474.772
Пайдалану құқығы нысанындағы активтер	8	66.806.648	90.661.610
Материалдық емес активтер		4.752.739	5.166.868
Бірлескен кәсіпорындарға инвестициялар	9	1.241.253.329	930.644.064
Айналымнан тыс активтер үшін берілген аванстар		1.890.448	2.480.806
Өтелуге жататын ҚҚС	12	60.877.222	78.509.782
Кейінге қалдырылған салық активтері	31	6.450.522	1.216.148
Басқа да айналымнан тыс активтер		114.565	118.725
Банк салымдары	13	2.955.454	2.755.818
		2.819.943.031	**2.243.612.932**
Айналымдағы активтер			
Қорлар	15	63.191.048	37.464.754
Сауда және басқа да дебиторлық берешек	16	287.464.653	170.562.796
Берілген аванстар		1.659.507	3.701.240
Байланысты тарапқа берілген қарыздар	10	39.977.505	3.524.877
Табыс салығынан басқа салықтар бойынша алдын ала төлем	12	116.234.429	44.836.145
Корпоративтік табыс салығы бойынша алдын ала төлем	31	43.406.962	45.200.131
Басқа да айналымдағы активтер		634.182	511.714
Басқа да айналымдағы қаржы активтері	11	103.244.373	33.600.948
Банк салымдары	13	482.975	11.351.931
Ақша қаражаты мен оның баламалары	14	66.770.948	577.128.222
		723.066.582	**927.882.758**
АКТИВТЕРДІҢ ЖИЫНЫ		**3.543.009.613**	**3.171.495.690**

Мың теңгемен	Ескерт.	2023 ж. 31 желтоқсан	2022 ж. 31 желтоқсан
КАПИТАЛ ЖӘНЕ МІНДЕТТЕМЕЛЕР			
КАПИТАЛ			
Жарғылық капитал	17	447.874.886	430.959.489
Қосымша төленген капитал		25.946.130	25.946.130
Есептілік валютасын қайта есептеу резерві		2.158.137	2.562.805
Бөлінбеген пайда		2.026.909.132	1.728.093.477
КАПИТАЛ ЖИЫНЫ		**2.502.888.285**	**2.187.561.901**
Ұзақ мерзімді міндеттемелер			
Шығарылған борыштық бағалы қағаздар	18	325.433.246	330.925.389
Банктік несиелер	19	29.965.552	46.751.519
Алынған несиелер	20	-	8.109.740
Жалдау бойынша міндеттемелер	22	54.969.380	77.780.710
Қызметкерлерге сыйақыларды төлеу бойынша міндеттемелер		447.939	577.165
Резервтер	21	78.093.857	65.373.257
Басқа да ұзақ мерзімді қаржылық міндеттемелер	25	4.192.701	3.510.235
Шарт бойынша міндеттемелердің ұзақ мерзімді белігі	23	10.820.812	11.127.184
Кейінге қалдырылған салық міндеттемелері	31	62.741.275	91.943.198
		566.664.762	**636.098.397**
Қысқа мерзімді міндеттемелер			
Шығарылған борыштық бағалы қағаздар	18	3.800.488	3.772.898
Банктік несиелер	19	17.947.310	111.907.583
Алынған несиелер	20	7.968.020	7.737.372
Резервтер	21	34.665.401	33.971.438
Сауда және басқа да кредиторлық берешек	24	353.711.924	121.516.559
Төленуге жататын корпоративтік табыс салығы		7.123	899.847
Табыс салығынан басқа, төленуге жататын салықтар		4.365.154	3.998.804
Жалдау бойынша міндеттемелер	22	21.717.317	19.124.431
Шарт бойынша міндеттемелер	23	4.941.775	8.075.408
Басқа да қысқа мерзімді қаржылық міндеттемелер	25	21.852.939	33.544.794
Басқа да қысқа мерзімді міндеттемелер		2.479.115	3.286.258
		473.456.566	**347.835.392**
МІНДЕТТЕМЕЛЕР ЖИЫНЫ		**1.040.121.328**	**983.933.789**
КАПИТАЛ МЕН МІНДЕТТЕМЕЛЕР ЖИЫНЫ		**3.543.009.613**	**3.171.495.690**

Мың теңгемен	Ескерт.	2023 ж.	2022 ж. (қайта есептелген)*
Сатып алушылармен жасалған шарттар бойынша түсім	26	1.081.208.939	952.283.209
Сатудың өзіндік құны	27	(1.023.092.705)	(806.657.029)
Жалпы пайда		**58.116.234**	**145.626.180**
Жалпы және әкімшілік шығыстар	28	(63.155.929)	(33.474.242)
Күтілетін несиелік зиян резервін есептеу		(2.296.278)	(3.313.755)
Басқа да операциялық кірістер		2.869.912	3.800.128
Басқа да операциялық шығыстар		(3.579.486)	(8.699.188)
Операциялық (шығын) / пайда		**(8.045.547)**	**103.939.123**
Тиімді пайыздық мөлшерлеме әдісімен есептелген пайыздық кіріс	29	37.651.233	29.812.716
Қаржылық кіріс		308.737	6.291.707
Қаржылық шығындар	30	(60.583ф.175)	(62.708.722)
Бірлескен кәсіпорындардың пайдасындағы үлесі	9	321.932.666	327.581.223
Оң бағамдық айырма, нетто		19.995.722	8.727.755
Салық салынғанға дейінгі пайда		**311.259.636**	**413.643.802**
Табыс салығы бойынша экономия/(шығыстар)	31	14.594.047	(27.095.095)
БІР ЖЫЛҒЫ ТАЗА ПАЙДА		**325.853.683**	**386.548.707**
Басқа да жиынтық кіріс			
Келесі кезеңдерде пайданың немесе зиянның құрамына қайта жіктелуге жататын басқа да жиынтық кіріс сомалары			
Шетелдік операцияларды қайта есептеу кезінде болған бағамдық айырмалар		(404.668)	151.944
Келесі кезеңдерде пайда немесе зиян құрамында қайта жіктелуге жататын таза жиынтық (зиян)/кіріс		**(404.668)**	**151.944**
Келесі кезеңдерде пайданың немесе зиянның құрамына қайта жіктелмейтін басқа да жиынтық кіріс сомалары			
Белгіленген төлемдермен жоспарлар бойынша актуарлық кіріс/(зиян)		34.170	(4.867)
Табыс салығы бойынша шығыстардың әсері	31	(6.834)	973
Келесі кезеңдерде пайда немесе зиян құрамында қайта жіктелуге жатпайтын таза жиынтық кіріс/(зиян)		**27.336**	**(3.894)**
Табыс салығын шегере отырып, бір жылғы басқа да жиынтық (зиян)/кіріс		**(377.332)**	**148.050**
Табыс салығы шегерілген бір жылғы өзге жиынтық кіріс		**325.476.351**	**386.696.757**
Акцияға пайда			
Бас ұйымға келетін бір жылғы акцияға арналған базалық және белінген пайда	17	0,87	1,04

«QazaqGaz» ҰК» АҚ
Ақша қаражатының қозғалысы туралы шоғырландырылған есеп
2023 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл үшін

Мың теңгемен	Ескерт.	2023 ж.	2022 ж.
Операциялық қызметтен болған ақша ағындары			
Сатып алушылардан түсімдер		1.021.509.278	1.042.922.641
Алынған пайыздар		28.009.395	27.147.942
Салық органдарынан салықтардың қайтарылуы		9.151	20.723.150
QG сот шешімі бойынша түсімдер	33	–	14.565.318
Басқа да түсімдер		6.528.297	5.168.972
Өнім берушілерге төлемдер		(829.045.089)	(812.351.477)
Төленген табыс салығы		(17.680.149)	(50.677.991)
Басқа да салықтар және бюджетке төлемдер		(52.090.223)	(55.743.753)
Төленген пайыздар	34	(30.976.493)	(38.145.357)
Қаржылық жалдау бойынша төленген пайыздар	22, 34	(14.988.904)	(17.785.672)
Жұмыскерлерге төлемдер		(74.733.572)	(68.086.293)
Басқа да төлемдер		(13.436.207)	(14.521.975)
Операциялық қызметтен болған таза ақша ағындары		**23.105.484**	**53.215.505**
Инвестициялық қызметтен болған ақша ағындары			
Банк салымдарын қайтару		47.174.360	64.733.830
Негізгі құралдар мен материалдық емес активтерді сатудан түскен түсімдер		7.585.737	40.798.197
Бірлескен кәсіпорындардан алынған дивидендтер	9	10.954.351	80.976.116
Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің ноттарын өтеуден түскен түсімдер	11	228.797.391	79.754.770
Байланысты тараптарға берілген қарыздарды өтеу		221	200.021.215
Бірлескен кәсіпорынды сатудан түскен түсімдер	2	–	80
Ұзақ мерзімді қаржы активтерін сатып алу		(63.260.261)	(673.261)
Банк салымдарын орналастыру		(36.968.493)	(58.434.564)
Негізгі құралдарды, материалдық емес активтерді және барлау мен бағалау бойынша активтерді сатып алу		(305.051.235)	(105.423.378)
Байланысты тараптарға қарыздар беру		(42.730.371)	(13.213.819)
Еншілес ұйымды сатып алу	2, 5	–	(13.178.650)
Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің ноттарын сатып алу	11	(233.623.073)	(109.754.770)
Инвестициялық қызметте (пайдаланылған) / алынған таза ақша ағындары		**(387.121.373)**	**165.605.766**
Қаржылық қызметтен болған ақша ағындары			
Акционерден жарналар	17	–	13.178.650
Пайыздық қарыздар бойынша түсімдер	19, 34	–	29.700.000
Байланысты тараптың жарналары		–	21.112
Пайыздық қарыздарды өтеу	19, 34	(92.009.799)	(53.142.868)
Байланысты тараптан алынған қарыздарды өтеу	20, 34	(8.504.752)	(8.933.200)
Жалдау бойынша міндеттемелерді өтеу	22, 34	(18.788.145)	(20.364.876)
Қарызды ұйымдастыру үшін комиссия		–	(296.000)
Жалғыз акционерге төленетін дивидендтер	17	(27.065.364)	–
Қаржылық қызметте пайдаланылған таза ақша ағындары		**(146.368.060)**	**(39.839.182)**
Ақша қаражаты мен оның баламаларындағы таза өзгеріс		**(510.383.949)**	**178.982.089**
Ақша қаражаты мен оның баламалары бойынша таза бағамдық айырма		26.675	15.426.517
Жыл басындағы ақша қаражаты мен оның баламалары	14	577.128.222	382.719.616
Жыл соңындағы ақша қаражаты мен оның баламалары	**14**	**66.770.948**	**577.128.222**

«QazaqGaz» ҰК» АҚ
Капиталдағы өзгерістер туралы шоғырландырылған есеп 2023 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл үшін

Мың теңгемен	Ескерт.	Жарғылық капитал	Қосымша төленген капитал	Есептілік валютасын қайта есептеу резерві	Бөлінбеген пайда	Жиыны
2021 ж. 31 желтоқсанға (қайта есептелген)*		417.780.839	25.946.130	2.410.861	1.341.548.664	1.787.686.494
Бір жылғы таза пайда (қайта есептелген)*		–	–	–	386.548.707	386.548.707
Бір жылғы басқа да жиынтық кіріс		–	–	151.944	(3.894)	148.050
Бір жылғы жиынтық кіріс жиыны(қайта есептелген)*		**–**	**–**	**151.944**	**386.544.813**	**386.696.757**
Акциялар шығарылымы	17	13.178.650	–	–	–	13.178.650
2022 ж. 31 желтоқсанға (қайта есептелген)*		**430.959.489**	**25.946.130**	**2.562.805**	**1.728.093.477**	**2.187.561.901**
Бір жылғы таза пайда		–	–	–	325.853.683	325.853.683
Бір жылғы басқа да жиынтық кіріс		–	–	(404.668)	27.336	(377.332)
Бір жылғы жиынтық кіріс жиыны		**–**	**–**	**(404.668)**	**325.881.019**	**325.476.351**
Акциялар шығарылымы	17	16.915.397	–	–	–	16.915.397
Дивидендтер	17	–	–	–	(27.065.364)	(27.065.364)
2023 ж. 31 желтоқсанға		**447.874.886**	**25.946.130**	**2.158.137**	**2.026.909.132**	**2.502.888.285**

4-қосымша. Байланыс ақпараты

GRI 2-1

Қазақстан Республикасы, Астана қ., Есіл ауданы, Әлихан Бөкейхан к-сі, 12
Тел.: +7 (7172) 55-23-08, 55-23-06
E-mail: info@qg.kz
Сайт: www.qazaqgaz.kz

Бағыты	Лауазымы	Т.А.Ә	Телефон нөмірі мен электронды пошта
ESG бағыты бойынша жауапты	Стратегия және тұрақты даму департаментінің директоры	Самекина Сауле Серикпаевна	+7 (7172) 55-29-41 s.samekina@qg.kz
Инвесторлармен жұмыс бойынша жауапты	Инвестициялық жобалар және халықаралық ынтымақтастық жөніндегі департаменттің директоры	Кульмаханов Қанат Бахытұлы	+7 (7172) 55-29-16 k.kulmakhanov@qg.kz

5-қосымша. 2023 жылғы «QazaqGaz» ҰК» АҚ Корпоративтік басқару кодексінің қағидаттары мен ережелерін сақтау/сақтамау туралы есеп

«QazaqGaz» ҰК» АҚ (бұдан әрі – Компания) Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 5 қарашадағы №1403 қаулысымен бекітілген Корпоративтік басқару кодексінің (бұдан әрі - Кодекс) ережелерін сақтауға тиіс. 2017 жылғы 1 қаңтардан бастап Қор мен Компаниялар жылдық есептерде Кодекстің сақталуы туралы ақпаратты ашуға, сәйкес келмеген жағдайда – Кодекстің әрбір ережесін сақтамау себептері туралы ақпаратты ашуға тиіс (Кодексті Кіріспесінің 6-тармағы).

Компанияның Корпоративтік хатшысы Компанияның жылдық есебінде Кодекс ережелерін сақтамау фактілері мен себептері туралы ақпаратты міндетті түрде ашу туралы талаптарды сақтау үшін 2023 жылғы Кодекстің қағидаттары мен ережелерін сақтау/сақтамау туралы есеп дайындады. Бұл есеп Компанияның 2023 жылғы интеграцияланған жылдық есебінің құрамына енгізілетін болады.

I. Өкілеттіктерді ажырату қағидаты – *сақталады*

Компанияның корпоративтік басқару жүйесі корпоративтік басқару процестерінің жүйелілігі мен дәйектілігін қамтамасыз ететін Компания органдары арасындағы өкілеттіктер мен жауапкершілікті нақты ажыратуды көздейді. Компанияның корпоративтік басқару жүйесі мәселелерді қарау және оның органдарының шешім қабылдау тәртібінің иерархиясын сақтауды қамтамасыз етеді.

Жалғыз акционердің, Директорлар кеңесінің және Басқарманың құқықтары, міндеттері мен құзыреттері АҚ туралы Заңмен, Компанияның Жарғысымен және Директорлар кеңесінің шешімімен бекітілген Директорлар кеңесі туралы ережемен[12] және Компанияның Басқармасы[13] туралы ережемен айқындалады.

Жалғыз акционер мен Компания арасындағы өзара қарым-қатынас (өзара іс-қимыл) тиісті корпоративтік басқару қағидаттарына сәйкес Компанияның Директорлар кеңесі арқылы жүзеге асырылады. Директорлар Кеңесі Төрағасының және Компания Басқармасы Төрағасының рөлі мен функциялары нақты бөлінген және Компания Жарғысында бекітілген.

II. Жалғыз акционердің құқықтары мен мүдделерін қорғау қағидаты - *сақталады*

[12] «QazaqGaz» ҰК» АҚ Жалғыз акционерінің 2023 жылғы 28 қыркүйектегі №46/23 шешімімен бекітілген
[13] «QazaqGaz» ҰК» АҚ ДК 2024 жылғы 29 ақпандағы №01/24 шешімімен бекітілген

Директорлар кеңесінің қызметі тиімділік пен жауапкершілік, Жалғыз акционер мен Компанияның мүдделерін барынша сақтау және іске асыру, сондай-ақ Жалғыз акционердің құқықтарын қорғау, Компания қызметі үшін жауапкершілік қағидаттарына негізделеді.

Басқарма Компанияның алқалы атқарушы органы болып табылады және оның ағымдағы қызметіне басшылықты жүзеге асырады, Компания мен оның Жалғыз акционерінің мүддесі үшін әрекет етеді және Компанияның соңғысына және Директорлар кеңесіне есеп береді.

Компания Жарғыда және ішкі құжаттарда көзделген тәртіппен Жалғыз акционердің мүдделерін қозғайтын өз қызметі туралы ақпаратты уақтылы және толық көлемде Жалғыз акционердің назарына жеткізеді.

III. «QazaqGaz» ҰК» АҚ Директорлар кеңесі мен Басқарманы тиімді басқару қағидаты – *сақталады*

Директорлар кеңесі Компанияның стратегиялық басшылығын және Басқарма қызметіне бақылауды қамтамасыз ететін басқару органы болып табылады. Директорлар кеңесі Жалғыз акционер алдында өз қызметінің толық ашықтығын қамтамасыз етеді.

Директорлар кеңесінің құрамы Жалғыз акционердің, Компания Басқарма Төрағасының, Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына сәйкес тәуелсіз директорлар өкілдері қатарынан қалыптастырылды.

Компанияның Директорлар кеңесі мүшелерінің саны сегіз адамды құрайды, олардың төртеуі (Директорлар кеңесі құрамының кемінде елу пайызы) тәуелсіз директорлар болып табылады.

Директорлар кеңесі құрамының жартысын "Акционерлік қоғамдар туралы" ҚР Заңының талаптарына сәйкес тәуелсіз директорлар құрайды.

Корпоративтік басқару кодексіне сәйкес тәуелсіз директор – жеке акционерлердің, атқарушы органның және басқа да мүдделі тараптардың ықпалынан бос тәуелсіз және объективті шешімдер қабылдау үшін жеткілікті кәсібилігі мен дербестігі бар Директорлар кеңесінің мүшесі. Тәуелсіз директорларға қойылатын талаптар "Акционерлік қоғамдар туралы" Заңға сәйкес белгіленген және Жарғыда бекітілген.

Жалғыз акционердің Директорлар кеңесін сайлау (тағайындау) туралы шешімінде Директорлар кеңесінің сайланған (тағайындалған) мүшелерінің ішінен тәуелсіз директорлар болып О.Н. Өксікбаев, Н.З. Аханзарипов, С.Н. Мыңшарипова және И.Е. Майлибаев табылатындығы көрсетілген

Директорлар кеңесі мен оның Комитеттері Компанияның мүддесі үшін тәуелсіз, объективті және тиімді шешімдер қабылдауды қамтамасыз ететін дағдылардың, тәжірибе мен білімнің тепе-теңдігін сақтайды.

Тәуелсіз директорлар О.Н. Өксікбаев, Н.З. Аханзарипов, С.Н. Мыңшарипова және И.Е. Майлибаев өз міндеттерін орындау және Жалғыз акционер мен Қоғамның мүддесі үшін Директорлар кеңесінің тиімді жұмысын ұйымдастыру үшін қажетті жұмыс тәжірибесіне, біліміне, біліктілігіне, іскерлік және салалық ортадағы оң жетістіктері мен мінсіз беделге ие.

Есепті жылы Директорлар кеңесінің қызметін бағалауды жүргізуге қатысты Жалғыз акционер шешім қабылдаған жоқ.

Мәселелерді неғұрлым терең және сапалы пысықтау үшін Директорлар кеңесі жанынан аудит, стратегия және орнықты даму; тағайындаулар мен сыйақылар жөніндегі комитеттер құрылды.

Директорлар кеңесі Комитеттер құру туралы шешім қабылдайды, олардың дербес және сандық құрамын, төрағаларын, өкілеттік мерзімін, сондай-ақ функциялары мен жұмыс тәртібін айқындайды. Комитеттер өз құзыреті шеңберінде Директорлар кеңесіне неғұрлым маңызды мәселелер бойынша ұсынымдар дайындауды жүзеге асырады, осылайша қабылданатын шешімдердің тиімділігін арттырады.

Тәуелсіз директорлар Директорлар кеңесі жанындағы барлық қолданыстағы Комитеттердің төрағалары болып сайланды.

Директорлар кеңесінің Аудит жөніндегі комитетінің құрамына Компанияның тәуелсіз директорлары ғана кіреді.

Директорлар кеңесі "QazaqGaz" ҰК" АҚ стратегиялық басшылығын және Басқарма қызметіне бақылауды қамтамасыз ететін басқару органы болып табылады. Директорлар кеңесі Жалғыз акционер алдында өз қызметінің толық ашықтығын қамтамасыз етеді.

Басқарма Төрағасынан басқа Қоғамның Басқарма мүшелері Қоғамның Директорлар кеңесіне сайланбайды (тағайындалмайды). Қоғамның Басқарма төрағасы Қоғамның Директорлар кеңесінің төрағасы болып сайланбаған (тағайындалмаған).

Директорлар кеңесінің қызметін тиімді ұйымдастыру және Басқарманың Жалғыз акционермен және Директорлар кеңесімен өзара іс-қимыл жасау мақсатында Директорлар кеңесінің шешімімен Корпоративтік хатшы тағайындалды.

Компанияда жұмысты жетілдіруге бағытталған тәуелсіз және объективті кепілдіктер мен консультациялар беру жөніндегі қызмет ретінде ішкі аудитті жүзеге асыру үшін Ішкі аудит қызметі жұмыс істейді.

IV. Тұрақты даму қағидаты – *сақталады*

Компания және оның еншілес ұйымдары мүдделі тараптардың мүдделерінің тепе-теңдігін сақтай отырып, ұзақ мерзімді перспективада тұрақты дамуды қамтамасыз ету үшін экономикаға, экологияға және қоғамға әсер етудің маңыздылығын түсінеді.

Корпоративтік басқару кодексін орындау шеңберінде Компанияда тұрақты даму саясаты әзірленді, сондай-ақ өзіне 2022-2025 жылдарға арналған "QazaqGaz" ҰК" АҚ, оның ішінде экономикалық, экологиялық және әлеуметтік аспектілерге бөле отырып, тұрақты даму қағидатын енгізу жөніндегі бөлімді қамтитын ESG жетілдіру жөніндегі кешенді жоспар бекітілді:

- экологиялық компонент шеңберінде Компанияның экологиялық саясаты[14] бекітілді;
- әлеуметтік құрам шеңберінде кадр саясаты[15] әзірленді.

Компания мүдделі тараптардың тізімін, олардың әсер ету дәрежесін және олармен өзара әрекеттесу стратегиясын анықтайтын стейкхолдерлер картасын бекітті.

V. Тәуекелдерді басқару, ішкі бақылау және ішкі аудит қағидаты – *сақталады*

Компанияда тәуекелдерді басқару саясаты жұмыс істейді, оның негізгі мақсаттары тиімді кешенді жүйені құру және Компания мен еншілес ұйымдардың элементі ретінде тәуекелдерді басқарудың интеграцияланған процесін құру, сондай-ақ тәуекелдерді басқару әдістері мен рәсімдеріне бірыңғай стандартталған тәсіл негізінде қызметті үнемі жетілдіру болып табылады.

Компанияның Директорлар кеңесі өндірістік және өндірістік емес тәуекелдерді жыл сайынғы сәйкестендіру және бағалау нәтижелерін, оның ішінде өндірістік/өндірістік емес тәуекелдер саласының тіркелімін, өндірістік/өндірістік емес тәуекелдерді басқару жөніндегі іс-шаралар жоспарын, тәуекелдер картасын, тәуекел-тәбетін (тәуекел-тәбет туралы өтініштерді), тоқсан сайынғы негізде тәуекелдер жөніндегі есепті, Компанияның негізгі көрсеткіштерінің тіркелімін қарайды.

Тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау жүйесінің сенімділігі мен тиімділігіне, сондай-ақ корпоративтік басқару практикасына жүйелі тәуелсіз

[14] «QazaqGaz» ҰК» АҚ ДК 2022 жылғы 25 қыркүйектегі №27 шешімімен бекітілген
[15] «QazaqGaz» ҰК» АҚ Басқармасының 2024 жылғы 15 наурыздағы №8 шешімімен бекітілген

бағалау жүргізу үшін Компанияда Ішкі аудит қызметі (бұдан әрі - ІАҚ) жұмыс істейді.

ІАҚ өз қызметін тәуекелге бағдарланған жылдық аудиторлық жоспарға сәйкес жүзеге асырады, оны әзірлеу кезінде Компанияның тәуекелдер картасына енгізілген тәуекелдер салалары ескеріледі.

ІАҚ ішкі бақылау жүйесінің және тәуекелдерді басқару жүйесінің тиімділігін бағалауды, ішкі аудит саласындағы қызметтің жалпы қабылданған стандарттарын және корпоративтік басқаруды бағалау, ішкі бақылау және тәуекелдерді басқару жүйесінің тиімділігін бағалау саласындағы Қордың корпоративтік стандарттары мен ұсынымдарын қолдана отырып, корпоративтік басқаруды бағалауды жүргізуге тиіс.

Тәуекелдерді басқару жүйесінің тиімділігін бағалау мыналарды қамтиды:

1) тәуекелдерді тиімді басқару үшін тәуекелдерді басқару жүйесі элементтерінің жеткіліктілігі мен жетілуін тексеру (мақсаттар мен міндеттер, инфрақұрылым, процестерді ұйымдастыру, нормативтік-әдіснамалық қамтамасыз ету, тәуекелдерді басқару жүйесі шеңберінде құрылымдық бөлімшелердің өзара іс-қимылы, есептілік);

2) атқарушы органның оны басқарудың барлық деңгейлерінде тәуекелдерді анықтаудың толықтығын және бағалаудың дұрыстығын тексеруді;

3) осы мақсаттарға бөлінген ресурстарды пайдалану тиімділігін қоса алғанда, бақылау рәсімдерінің және тәуекелдерді басқару жөніндегі өзге де іс-шаралардың тиімділігін тексеруді;

4) іске асырылған тәуекелдер туралы ақпаратқа талдау жүргізу (ішкі аудиторлық тексерулердің нәтижелері бойынша анықталған бұзушылықтар, қойылған мақсаттарға қол жеткізбеу фактілері, сот талқылауларының фактілері).

Ішкі бақылау жүйесінің тиімділігін бағалау, тәуекелдерді басқаруды және корпоративтік басқару жүйесін (тұтастай алғанда бизнес-процесс ретінде) ІАҚ, әдетте, тиісті салалардағы Директорлар кеңесіне кепілдіктер беру үшін жыл сайын жүзеге асыруы тиіс.

Ішкі аудит қызметі тоқсан сайын Компанияның аудит жөніндегі комитеті мен Директорлар кеңесінің қарауына есепті кезеңде жүргізілген ішкі аудиттің қорытындылары бойынша есептер шығарады. Анықталған бұзушылықтардың қорытындылары бойынша түзету іс-қимылдарының жоспарлары бекітіледі.

VI. Корпоративтік қақтығыстар мен мүдделер қақтығысын реттеу қағидаты – *сақталады*

Мүдделер қақтығысын болдырмау Жалғыз акционердің, Компанияның лауазымды тұлғалары мен жұмыскерлерінің мүдделерін қорғауды қамтамасыз етудің маңызды шарты болып табылады.

Компаниядағы корпоративтік қақтығыстар мен мүдделер қақтығысының алдын алу және реттеу, сондай-ақ барлық органдар мен лауазымды тұлғалардың іс-қимылдарын үйлестіру мақсатында, Директорлар кеңесі Компания жұмыскерлері мен лауазымды тұлғаларындағы мүдделер қақтығысын реттеу жөніндегі саясатты бекітті. Саясат жанжалдарды сотқа дейінгі реттеу тәртібі мен рәсімдерін, сондай-ақ осы процестер шеңберінде Компания органдарының, лауазымды адамдары мен жұмыскерлерінің іс-әрекеттерін реттейді.

Корпоративтік қақтығыстар туындаған жағдайда, қатысушылар Жалғыз акционердің де, Компанияның іскерлік беделінің де құқықтарын тиімді қорғауды қамтамасыз ету мақсатында келіссөздер арқылы оларды шешу жолдарын іздейді.

2023 жылы Компанияда корпоративтік қақтығыстар мен мүдделер қақтығысы жағдайлары тіркелген жоқ.

Мүдделер қақтығысын болдырмаудың негізгі қағидаттары, оларды анықтау, бағалау және шешу тәсілдері іскерлік этика кодексінде бекітіледі.

Компания мен оның жұмыскерлерінің Қазақстан Республикасының Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы заңнамасын сақтауын қамтамасыз ету, сондай-ақ сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-шаралардың іске асырылуына мониторинг жүргізу үшін Компанияда Комплаенс қызметі жұмыс істейді.

Бұдан басқа, Комплаенс қызметі Компанияның еншілес тәуелді ұйымдарының комплаенс функциялары арасындағы өзара іс-қимылды, сыбайлас жемқорлыққа қарсы және өзге де қолданылатын заңнама талаптарына сәйкестікті қамтамасыз ету процестерін құру бойынша үйлестіруді және ұсынымдар беруді қамтамасыз етеді. Комплаенс функциясының корпоративтік стандартына сәйкес барлық ақпарат Компанияның Комплаенс қызметінің есебінде шоғырландырылады және оны тоқсан сайын және жыл сайын Компанияның Директорлар кеңесі қарайды.

Комплаенс қызметінің ақпараты бойынша 2023 жылы жедел желіге келіп түскен өтініштердің 30% расталды:

Бұзушылықтың түрі/кіші түрі	**Түскен өтінімдер**	**Расталған өтінімдер**
Еңбек жанжалдары	9	3
Сыбайлас жемқорлық	7	1

Денсаулық пен қауіпсіздікке және қоршаған ортаға қауіп	1	0
Сатып алулар	7	5
Белгіленген рәсімдер мен заңнаманы бұзу	6	2
Өзге де бұзулар	0	0
Барлығы	**30**	**11**

VII. «QazaqGaz» ҰК» АҚ қызметі туралы ақпаратты ашудың ашықтығы мен объективтілігі қағидаты - *сақталады*

Компания өз қызметінде ашықтықтың жоғары стандарттарын ұстанады және Компания туралы ақпараттың қолжетімділігін, сапасын және жеделдігін жақсарту үшін үнемі жұмыс істейді.

Мүдделі тараптарға ақпаратты уақтылы ұсыну мақсатында Компанияда ақпаратты ашу қағидаттары мен тәсілдерін, сондай-ақ ақпаратты ашу мерзімдерін, тәртібі мен нысанын айқындайтын Ақпаратты ашу саясаты[16] әзірленді.

Қызметтің ақпараттық қауіпсіздігін қамтамасыз ету Компанияның Ақпараттық қауіпсіздік саясатымен реттеледі.

Компания жыл сайынғы негізде интеграцияланған жылдық есеп дайындайды, ол Директорлар кеңесінің қарауына және бекітуіне шығарылады. Компанияның интеграцияланған жылдық есебі 2023 жылы "QazaqGaz" ҰК" АҚ Директорлар кеңесінің шешімімен (2024 жылғы _____№ __/24 хаттама) бекітілді.

Компания туралы ақпарат Компанияның интернет-ресурсында ашылады, ол жақсы құрылымдалған, ыңғайлы навигацияға ие және мүдделі тараптарға қажет ақпаратты қамтиды. Бұл ретте ақпарат интернет-ресурстың жекелеген тақырыптық бөлімдерінде орналастырылады және үнемі өзектендіріліп отырады.

Қазақстан Республикасы заңнамасының және Компанияның ішкі құжаттарының талаптарына сәйкес, Компания туралы ақпарат қаржылық есептілік депозитарийі мен қор биржасының интернет-ресурстарында уақтылы және толық көлемде ашылады.

[16] «QazaqGaz» ҰК» АҚ ДК 2023 жылғы 31 мамырдағы №7/23 шешімімен бекітілген

6-қосымша. Шектеулі сенімділікті қамтамасыз ететін тәуелсіз тексеру нәтижелері туралы есеп.

KPMG

«КПМГ Такс энд Эдвайзори» жауапкершілігі шектеулі серіктестік
Қазақстан, A25D6T5, Алматы, Достық д-лы, 180,
+7 (727) 298-08-98

Товарищество с ограниченной ответственностью «КПМГ Такс энд Эдвайзори»
Казахстан, A25D6T5, Алматы, пр. Достык, 180

«QazaqGaz» ҰК» АҚ компаниясының 2023 жылғы Біріктірілген жылдық есебінің Таңдамалы Ақпаратына қатысты шектеулі сенімді қамтамасыз ететін тапсырма бойынша тәуелсіз машықтанушы маманның қорытындысы

«QazaqGaz» ҰК» АҚ Акционерлеріне

Кіріспе

Бізді «Қазақтелеком» АҚ (бұдан әрі – «Компания») Басшылығы 2023 жылдың 31 желтоқсанында аяқталған жылдағы Компанияның Біріктірілген жылдық есебінде (бұдан әрі - «Есеп») ашылған, төменде анықталған Таңдамалы Ақпаратқа қатысты шектеулі сенімді қамтамасыз ететін тапсырманы орындауға жұмылдырды.

Рәсімдердің мәні

Біз Есепте ұсынылған, және осы Қорытындыға А-қосымшасында келтірілген таңдамалы сапалы және сандық ақпаратқа («Таңдамалы Ақпарат») бағалау жүргіздік.

Қолданылатын өлшемшарттар

Біз Таңдамалы Ақпараттың бағалауын Жаһандық есептілік бастамасы (GRI) («Қолданылатын өлшемшарттар») жариялаған тұрақты даму саласындағы есептілік стандарттарында қамтылған ақпаратты ашуға қойылатын талаптарды пайдалана отырып, жүргіздік.

Басшылықтың жауапкершілігі

Басшылық Таңдамалы Ақпараттың Қолданылатын өлшемшарттарға сәйкес дайындалуына және ұсынылуына, сондай-ақ Есепті дайындауды қамтамасыз ететін тиісті ішкі бақылау жүйелерінің құрылуына және қолданылуына жауапты болады.

Басшылық жосықсыз әрекеттер фактілерінің алдын алуға және анықтауға, сондай-ақ Компания қызметіне қолданылатын нормативтік құқықтық актілерді анықтауға және сақтауға жауапты.

Басшылық Есепті дайындауға қатысатын қызметкерлерді дұрыс оқытуды қамтамасыз етуге, ақпараттық жүйелерді дұрыс жаңартуға және есеп беру жүйесіндегі кез келген өзгерістер барлық негізгі бөлімшелерді қамтитынын қамтамасыз етуге жауапты.

© 2024 «КПМГ Такс энд Эдвайзори» ЖШС, Қазақстан Республикасы заңнамасына сәйкес тіркелген компания, жауапкершілігі өз қатысушыларының кепілдіктерімен шектелген KPMG International Limited жеке ағылшын компаниясының құрамына кіретін KPMG тәуелсіз фирмалары жаһандық ұйымының қатысушысы. Барлық құқықтар қорғалған.

© 2024 ТОО «КПМГ Такс энд Эдвайзори», компания, зарегистрированная в соответствии с законодательством Республики Казахстан, участник глобальной организации независимых фирм KPMG, входящих в KPMG International Limited, частную английскую компанию с ответственностью, ограниченной гарантиями своих участников. Все права защищены.

Біздің жауапкершілігіміз

Біздің жауапкершілігіміз болып Таңдамалы Ақпаратты Қолданылатын өлшемшарттарға сәйкес дайындауға қатысты шектеулі жауапкершілікті қамтамасыз ететін тапсырманы орындау және орындалған жұмыс негізінде қорытындыны беру табылады.

Біз тапсырмамызды Халықаралық аудит стандарттары мен сенімділікті қамтамасыз ететін тапсырмалар жөніндегі кеңес шығарған «Өткен кезеңдердің қаржылық ақпаратын аудиттен және шолып тексеруден өзгеше сенімділікті қамтамасыз ететін тапсырмалар» 3000 (қайта қаралған) сенімділікті қамтамасыз ететін тапсырмалардың халықаралық стандартына (бұдан әрі – СҚТХС 3000) сәйкес, сондай-ақ жылыжайлық газдар шығарындыларына қатысты «Жылыжайлық газдар шығарындылары туралы есептілікке қатысты сенімділікті қамтамасыз ететін тапсырмалар» СҚТХС 3410 сенімділікті қамтамасыз ететін тапсырмалардың халықаралық стандартына (бұдан әрі – СҚТХС 3410) сәйкес орындадық. СҚТХС 3000 (қайта қаралған) және СҚТХС 3410 Таңдамалы Ақпаратта елеулі бұрмалаулардың жоқтығына семіділіктің шектеулі деңгейіне қол жеткізетіндей етіп біздің рәсімдеріміздің жоспарлануын және жүргізілуін талап етеді.

Біздің ұйым «Қаржылық есептілікке аудит және шолу тексерулерін жүргізетін, сондай-ақ сенімділікті қамтамасыз ететін басқа да тапсырмаларды немесе ілеспе қызмет көрсету бойынша тапсырмаларын орындайтын аудиторлық ұйымдардағы сапаны басқару» 1 Сапаны басқарудың халықаралық стандартын қолданады, ол этикалық талаптарды, кәсіптік стандарттарды және қолданылатын заңнамалық және нормативтік талаптарды сақтауға қатысты саясат пен процедуралармен расталған сапаны басқару жүйесін әзірлеуді, енгізуді және пайдалануды талап етеді.

Біз тәуелсіздікті және адалдық, объективтілік, кәсіби құзыреттілік, лайықты абайлаушылық, құпиялылық және кәсіби мінез-құлық негіз қалаушы қағидаттарына негізделген Бухгалтерлердің халықаралық этика стандарттары жөніндегі Кеңесінің Кәсіби бухгалтерлердің халықаралық этика кодексінің (халықаралық тәуелсіздік стандарттарын қоса алғанда) басқа да этикалық талаптарын ұстанамыз.

Рәсімдер

Шектеулі жауапкершілікті қамтамасыз ететін тапсырмалар, ең алдымен, Таңдамалы Ақпаратты дайындауға жауапты тұлғаларға сауалдарды жолдауды және, мән-жайларға қарай, аналитикалық және басқа рәсімдердің қолданылуын қамтиды. Бұл рәсімдерге мыналар кірді:

— Компанияның мүдделі тараптардың негізгі топтары үшін маңызды тақырыптар мен мәселелерді анықтау процестерін түсіну мақсатында Басшылыққа сауалнама жүргізу;

— Компания үшін маңызды салалардағы негізгі мәселелерді реттейтін тұрақты даму және саясат саласындағы стратегияға, сондай-ақ осы саясаттарды тәжірибе жүзінде іске асыруға қатысты Компанияның Басшылығы мен жауапты қызметкерлеріне сауалнама жүргізу;

— Есепте көрсету үшін ақпаратты дайындауға және ұсынуға жауапты Компанияның қызметкерлеріне сауалнама жүргізу;

— ақпараттың дәлдігін және осындай бастапқы құжаттарда қамтылған барлық маңызды ақпараттың Есепке енгізілгенін-енгізілмегенін анықтау үшін Таңдамалы Ақпаратты бастапқы құжаттардағы тиісті ақпаратпен салыстыру;

— Есепте ұсынылған ақпаратты оның біздің жалпы білімімізге және Компанияның тұрақты даму саласындағы нәтижелер түсінігіне сәйкес келетінін-келмейтінін анықтау үшін оқу;

Шектеулі сенімділікті қамтамасыз ететін тапсырма шеңберіндегі процедуралар сипаты мен орындалу мерзімі бойынша ерекшеленеді, сонымен қатар орынды сенімділікті қамтамасыз ететін тапсырма шеңберіндегі процедуралармен салыстырғанда шектеулі. Нәтижесінде шектеулі сенімділікті қамтамасыз ететін тапсырманы орындау нәтижесінде қол жеткізілетін сенімділік деңгейі орынды сенімділікті қамтамасыз ететін тапсырманы орындау нәтижесінде қол жеткізілетін сенімділік деңгейінен едәуір төмен.

Біз алған дәлелдер біздің тұжырымымыздың негізін қамтамасыз ету үшін жеткілікті және дұрыс деп санаймыз.

Тән шектеулер

Ішкі бақылаудың кез-келген құрылымына тән шектеулерге байланысты Есепте берілген ақпаратта қателіктер немесе сәйкессіздіктер туындауы және анықталмауы мүмкін. Біздің тапсырма Есепті дайындауға және ұсынуға қолданылатын ішкі бақылау жүйесіндегі барлық кемшіліктерді анықтауға арналмаған, өйткені тапсырма есепті кезең ішінде үздіксіз орындалмады, бірақ процедуралар таңдамалы негізде жүргізілді.

Қорытынды

Біздің қорытындымыз осы қорытындыда сипатталған аспектілер негізінде және ескере отырып қалыптастырылды.

Осы қорытындыда сипатталған біз жүргізген рәсімдердің және шектеулі сенімділікті қамтамасыз ететін тапсырма шеңберінде алынған дәлелдемелердің нәтижелері бойынша жоғарыда анықталған Таңдамалы Ақпарат Қолданылатын өлшемшарттарға сәйкес барлық маңызды аспектілер бойынша дайындалмаған деп есептеуге негіз беретін ешбір зат біздің назарымызды аударған жоқ.

Пайдалану және тарату шектеулері

Біздің қорытындымыз кез келген мақсатта немесе кез келген басқа мәнмәтінде Компанияның Акционерлерінен басқа бізге қарсы қандай да бір құқықтарды сатып алғысы келетін кез келген тарап пайдалануы мүмкін немесе сенім артуы мүмкін есеп ретінде қарастырылмауы керек. Біздің қорытындыға немесе оның көшірмесіне қол жеткізген және біздің қорытындыға (немесе оның кез келген бөлігіне) сенім артуға шешім қабылдаған Компанияның Акционерлерінен басқа кез келген тұлға өз тәуекелдерін көтереді. Қолданыстағы заңнама шеңберінде Компанияның Акционерлерінен басқа адамдар алдында орындалған жұмыс пен осы қорытынды үшін жауапкершілікті өзімізге қабылдамаймыз.

Біздің қорытындымыз Компанияның Акционерлеріне оның дәйексөзі келтірілмейтіндігіне және жазбаша түрде біздің алдын ала келісімімізсіз толық немесе ішінара сілтеме жасалмайтындығына негізделіп беріледі.

«КПМГ Такс энд Эдвайзори» ЖШС
Алматы, Қазақстан Республикасы

24 мамыр 2024 жылы

А-қосымша

№	GRI	Көрсеткіштің атауы	Есептегі беттер
1	2-7	2023 жылы жынысы, өңірі, қызметкерлер түрі (тұрақты/уақытша), жұмыс уақыты (толық/толық емес жұмыс күні) бойынша штаттық қызметкерлердің жалпы саны	Персоналды басқару және әлеуметтік саясат, б. 13, 121-128
2	2-8	2023 жылы штаттан тыс қызметкерлердің жалпы саны	Персоналды басқару және әлеуметтік саясат, б.128-129
3	2-30	2023 жылы ұжымдық шарттармен қамтылған қызметкерлердің үлесі	Персоналды басқару және әлеуметтік саясат, б.139
4	204-1	2023 жылы жергілікті жеткізушілерге тиесілі сатып алу бюджетінің пайыздық үлесі	Сатып алуды басқару, б.173
5	205-1	2023 жылы сыбайлас жемқорлыққа байланысты тәуекелдерді бағалау жүргізілген құрылымдық бөлімшелердің жалпы саны	Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл, б.171
6	205-2	Өңірлер бойынша ӘБП, ӨП, басқару органдары және бизнес серіктестер санаттары бойынша сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясаттармен танысқан қызметкерлердің жалпы саны; 2023 жылы ӘБП, ӨП және басқарма мүшелері санаттары бойынша сыбайлас жемқорлыққа қарсы тренингтен өткен қызметкерлердің жалпы саны	Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл, б.157-168
7	205-3	2023 жылы расталған сыбайлас жемқорлық фактілерінің жалпы саны, сыбайлас жемқорлық әрекеттері үшін жұмыстан босату немесе жазаға тарту жағдайларының жалпы саны, сыбайлас жемқорлыққа байланысты бұзушылықтар үшін іскер серіктестермен келісімшарттарды ұзартпау немесе бұзудың расталған жағдайларының жалпы саны, ұйымға немесе оның қызметкерлеріне қатысты сыбайлас жемқорлыққа қатысты қоғамдық сот істері және мұндай істердің нәтижелері	Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл, б. 156-157
8	302-1	2023 жылы жаңартылмайтын көздерден отын тұтыну, электр және жылу энергиясын тұтыну	Энергия менеджменті, б.97-99, 220

9	302-3	2023 жылы энергия сыйымдылығы	Энергия менеджменті, б.99
10	302-4	2023 жылы энергия тұтынуды азайту	Энергия менеджменті, б.100
11	304-1	2023 жылы меншіктегі, жалға алынған немесе ұйымның басқаруындағы және қорғалатын табиғи аумақтардың шекарасынан тыс немесе осындай аумақтарға іргелес орналасқан қорғалатын табиғи аумақтар мен биоәртүрлілік құндылығы жоғары аумақтарда орналасқан өндірістік алаңдар	Биоалуантүрлілік, б.81
12	304-2	2023 жылы қызметтің, өнімдер мен көрсетілетін қызметтердің биоәртүрлілікке елеулі әсерін сипаттау	Биоалуантүрлілік, б.81-82
13	304-4	2023 жылы МСОП Қызыл тізіміне және қорғалатын түрлердің ұлттық тізіміне енгізілген түрлердің жалпы саны, олардың тіршілік ету ортасы ұйымның қызметі әсер ететін аумақта орналасқан	Биоалуантүрлілік, б.83
14	305-1	2023 жылы парниктік газдардың тікелей шығарындылары (1-қамту саласы)	Климаттың өзгеруі, б.13, 86-87, 92
15	305-2	2023 жылы парниктік газдар шығарындылары (2-қамту саласы)	Климаттың өзгеруі, б.13, 86
16	305-4	2023 жылы парниктік газдардың үлестік шығарындылары	Климаттың өзгеруі, б.87
17	305-5	2023 жылы іс-шаралар нәтижесінде парниктік газдар шығарындыларын азайту	Климаттың өзгеруі, б.91
18	305-7	2023 жылы атмосфераға ластаушы заттар шығарындыларының көлемі	Ластаушы заттардың шығарындылары, б.78
19	401-1	2023 жылы жынысы, жасы және өңірі бойынша жалданған жұмыскерлердің жалпы саны және кадрлардың ауысуы	Персоналды басқару және әлеуметтік саясат, б.13, 130-131, 141-142
20	401-2	2023 жылы толық жұмыспен қамтылған жұмыскерлерге берілетін жеңілдіктер тізімі	Персоналды басқару және әлеуметтік саясат, б.129
21	401-3	2023 жылы жүктілік және босану немесе бала күтімі бойынша демалысқа шығуға құқығы бар жұмыскерлердің саны; жүктілік, босану және бала күтімі бойынша демалыс ресімдеген жұмыскерлердің саны;	Персоналды басқару және әлеуметтік саясат, б.132-133

		аналық/әкелік демалысы аяқталғаннан кейін жұмысқа оралған жұмыскерлердің саны; өткен жылы аналық/әкелік демалысы аяқталғаннан кейін жұмысқа оралған және 12 айдан кейін жұмысын жалғастырған жұмыскерлердің саны; есепті жылы аналық/әкелік демалысы аяқталғаннан кейін жұмысқа қайта оралуы тиіс жұмыскерлердің саны; жұмыскерлерді қайтару коэффициенті; жұмыскерлерді ұстап қалу коэффициенті	
22	403-8	2023 жылы еңбекті қорғау және өнеркәсіптік қауіпсіздікті басқару жүйесімен қамтылған адамдардың саны және жалпы қызметкерлер санынан пайызы; ішкі аудит процедурасынан өткен еңбекті қорғау және өнеркәсіптік қауіпсіздікті басқару жүйесімен қамтылған адамдардың саны және жалпы қызметкерлер санынан пайызы	Еңбекті қорғау және өнеркәсіптік қауіпсіздік, б.108
23	403-9	2023 жылы өндірістік қызметіне байланысты өлім-жітім саны, өндірістік қызметіне байланысты ауыр жарақаттар саны, өндірістік жарақаттар саны, өндірістік қызметіне байланысты ауыр жарақаттардың коэффициенті, жұмыс сағаттарының жалпы саны	Еңбекті қорғау және өнеркәсіптік қауіпсіздік, б.113-115
24	404-1	Бір жұмыскерге 2023 жылы жынысы мен қызметкерлер санаттары бойынша оқу сағаттарының орташа жылдық саны	Персоналды басқару және әлеуметтік саясат, б.136
25	404-3	2023 жылы мансаптың нәтижелілігі мен дамуын тұрақты бағалаумен қамтылған жұмыскерлердің үлесі	Персоналды басқару және әлеуметтік саясат, б.135
26	405-1	Жалпы саны және басқарма мүшелері мен жұмыскерлердің үлесі жасы, жынысы бойынша; 2023 жылы мүмкіндігі шектеулі жұмыскерлердің жалпы саны мен үлесі	Персоналды басқару және әлеуметтік саясат, б.123-124, Кемсітушілікке қарсы іс-қимыл және тең мүмкіндіктер, б.146-147
27	406-1	2023 жылы кемсітушіліктің анықталған жағдайлары және қабылданған түзету әрекеттері	Кемсітушілікке қарсы іс-қимыл және тең мүмкіндіктер, б.148
28	413-1	2023 жылы ЕТҰ жергілікті қоғамдастықтарды тарта	Жергілікті қауымдастықтар, б.152

		отырып, әсерді бағалау және даму бағдарламалары	
29	418-1	2023 жылы құпиялылықтың бұзылуына және деректердің жоғалуына негізделген шағымдар	Трансформация, б.40